ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

N E W S

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ

♦

СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

♦

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

3 (301)

МАМЫР – МАУСЫМ 2015 ж.
МАЙ – ИЮНЬ 2015 г.
MAY – JUNE 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА
PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА
АЛМАТЫ, НАН РК
ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі
Пралиев С. Ж.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ.докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы,, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.;** эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрибаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ.докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сабикенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сулейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С**.; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусеитова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК **Қалижанов У.К.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қамзабекұлы Д**.; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі **Дербісәлі А.**

Р е д а к ц и я к е ң е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Мурадов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устименко В.А.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК
С. Ж. Пралиев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нарибаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусеитова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиолол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. филол. н., проф., Почетный член НАН РК **А. Дербисали**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан)**,** член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф**. В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан **№ 10894-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год
Тираж: 3000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,
www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

S.Zh. Praliyev,
academician of NAS RK

Editorial board:

U.B. Baymuratov, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **G.Ye. Esim**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Kirabayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **A.K. Koshanov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.N. Naribayev** , dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor-in-chief); **A.N. Nysanbayev**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.N. Sabikenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **M.K. Suleimenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Kh. Abusseitov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baitanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Zhakyp**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **U.K. Kalizhanov**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D. Kamzabekuly**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.P. Kozhamzharova**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Koigeldiev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Sh. Kurmanbaiuly**, dr. phil. sc., prof., corr.member of NAS RK; **Zh.K. Taymaganbetov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.K. Shaukenova**, dr. soc. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Derbisali**, dr. phil. sc., prof., honorary member of NAS RK

Editorial staff:

G. Belostechnik, NAS Moldova academician (Moldova); **N. Velichanly**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **T.N. Nazarov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A. Roshka**, NAS Moldova academician (Moldova); **G. Rusnak**, NAS Moldova academician (Moldova); **Sh. Muradov**, NAS Azerbaijan corr.member (Azerbaijan); **Z. Safarova**, NAS Azerbaijan corr.member (Azerbaijan); **V.N. Vasilenko**, dr. econ. sc., prof. (Ukraine); **V.A. Ustimenko**, dr. jurid. sc., prof. (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294
Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)
The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan **N 10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year
Circulation: 3000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Actual problems of social policy: theoretical analysis

R.B. Absattarov
absat41@mail.ru
The Kazakh national pedagogical university of Abay, Almaty, Kazakhstan

Key words: social policy, state policy, interest, requirement, personality, social group, society, people, population, social state, social safety, poverty, social protection, social unity, social cooperation, human rights, freedom.

Abstract. The article considers the topical issues of social policy which are still insufficiently researched. First of all attention is given to the contents and change of social policy. Thus describes the essence and definition of social policy. In article It is specially noted the emphasis on new approaches and estimates of concept of social policy. On this basis it is developed the corresponding principles and mechanisms of realization of social policy.

It is necessary to tell that the concept "social policy" of article is considered in broad and narrow sense. Thus the main task of social policy is a protection of the person, ensuring its safety, the social interests and needs of the personality, social groups directed on satisfaction and societies in general.

In article features and problems of social policy in the context of political progress are in detail considered. Thus criterion of development and a maturity of social policy is the social state. At the same time in article is spoken in detail the attention and to debatable questions.

УДК 316.334.3

Әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелері: теориялық талдау

Р.Б.Әбсаттаров
absat41@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: әлеуметтік саясат, мемлекеттік саясат, мүдде, қажеттілік, тұлға, әлеуметтік топ, қоғам, халық, тұрғындар, әлеуметтік мемлекет, әлеуметтік қауіпсіздік, кедейлік, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік топтасу, әлеуметтік ынтымақтасу, адам құқықтары, еркіндік.

Аннотация. Мақалада саяси ғылымда әлі де жете зерттелмеген әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелері қарастырылады. Ең алдымен әлеуметтік саясаттың мазмұны мен өзгеруіне назар аударылған. Сонымен бірге, әлеуметтік саясаттың мәні мен анықтамасы айқындалған. Мақалада әлеуметтік саясат ұғымын қарастырудың жаңа бағыттары мен бағалауларына ерекше көңіл бөлінген. Осы негізде әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың сәйкес ұстанымдары мен тетіктері қорытылады.

«Әлеуметтік саясат» ұғымы мақалада кең және тар мағынада қарастырылатынын айта кету керек. Осы тұрғыда әлеуметтік саясаттың негізгі міндеті – тұлғаның, әлеуметтік топтардың және тұтас қоғамның әлеуметтік мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған адамды қорғау, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мақалада қоғамдық-саяси прогрестің мәні тұрғысынан әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері мен проблемалары тереңірек қарастырылады. Осы орайда әлеуметтік мемлекет әлеуметтік саясаттың даму мен кемелденуінің көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, пікірталас тудыратын сұрақтарға да көңіл бөлінген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында басты мәселесі – әлеуметтік саясаттың проблемаларына ерекше мән беруі [1]. Осыған орай, бұл мақалада саяси ғылымда әлі де жете зерттелмеген әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелеріне теориялық талдау жасалады.

Әлеуметтік саясат – көп қырлы, көп жақты үдеріс. Оның нысандары мен тақырыптары көп деңгейлі және жүйелі болып табылады. Әлеуметтік саясат жүзеге асырылғанда қамтитын барлық ауқымдары ескерілуі тиіс. Мәселен, егер жекелеген салалары - мәдениет, ғылым саласы ғана қамтылып, өзге салалары, нақты айтқанда зейнеткерлерге, жастарға, отбасыларға қамқорлық айтарлықтай ескерілмесе, әлеуметтік саясатты толыққанды деп бағалауға болмайды.

Жалпы әлеуметтік саясат деген термин кейінгі кездері ғана пайда болған. Алайда адамзат тарихында алуан түрлі қоғамда оның түрлері мен нұсқалары түрліше ойластырылып, жасалып, мемлекет қызметінде жүзеге асырылатын болған. Әділеттілік, адамгершілік ұғымдары жөнінде түсініктердің қалыптасуы халықтың ұстанған діні мен дәстүрлері оның арқауы болып табылады. Әлеуметтік саясат термині мемлекет құрылысын жасау тәжірибесінде кеңінен қолданылып, ресми құжаттарда көрініс табуы арқылы айқындалған. Сонымен қатар әлеуметтік саясат барынша кең ауқымда айтарлықтай ғылыми пікірталас тудырып зерттеушілердің оның мәні мен мазмұны жөніндегі ұғымдары әрқилы болғандықтан алуан түрлі тұжырымдар жасалып келеді. Әлеуметтік саясат қазіргі замандағы қоғамда барынша көңіл аудартатын мәселе болып, мемлекет қызметінің маңызды бөлігіне айналған. Ол қоғам дамуының барлық қырларымен және халықтың көзқарасымен тығыз байланысып, соған орай қоғам әлеуметтік даму барысында алдына қойған мақсатын орындау міндетін белгілеп отырады. Демек әлеуметтік саясатты ғылыми тұрғыдан дұрыс ұғыну үшін әуелі оның мәні мен мағынасын, анықтамасын айқындап алу қажет.

Әлеуметтік саясат қоғамдық өмірдің маңызды ауданы, сонымен қатар мемлекеттік саясаттың негізгі бағыт-бағдарының бір саласы болып табылады. Қазіргі замандағы мемлекеттерде оның қызметінің ауқымы айтарлықтай молайған. Ол білім беруді дамыту үшін жағдайлар жасап, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, экономиканың қоғамдық саласын дамытады. Мұнда қоғам мүшелерінің бәрі бірлесіп өздері тұтынатын «қоғамдық игіліктер» жасайды: нақты айтқанда көлік қатынасы, байланыс саласы, көшелерді абаттандыру, өрт сөндіру қызметі, құтқару қызметі және т.с.с.барша адамдарға ортақ қажеттіліктер. Ал, мемлекет болса қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық тәртіпті қорғау органдарын құрып, оның жұмысын реттеп, адамдардың құқығы мен мүддесін заң жүзінде қорғау үшін мүмкіндіктер туғызады. Бұл қызметтің бәрі «әлеуметтік» деп аталады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның әлеуметтік дамуын оңтайландыруы бойынша жүргізілетін белгілі бір шарасы, әлуметтік топтармен арақатынасы, олардың өкілдерінің өмір сүру қажеттерін қанағаттандыру үшін белгілі бір жағдайлар жасау.

Сонымен қатар, әлеуметтік саясатты мемлекеттің немесе қоғамның (қоғамдық институттардың) қызметі ретінде түрлі әлеуметтік топтар мен әлеуметтік-аумақтық ортақ өндіріс саласында, олардың бөлу мен тұтыну мәселесінде келісім табуы бойынша айқындайды.

Алайда, ғалымдар мен жұмысты іс жүзінде атқарып жүргендер әлеуметтік саясатқа қандай анықтама берсе де, оның басты нысаны қоғамның әлеуметтік саласы болып табылады.

Қоғамның әлеуметтік өрісіне қоғам мен тұлға арасындағы қатынас, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік топтар арасындағы қатынас қамтылады: әлеуметтік-таптық топтар, этникалық, кәсіби, діни, демографиялық мәселелер және т.с.с. Әлеуметтік салада әрбір субъекттің өзіндік ерекше мүддесі болады [2]. Оның жағдайы өзге көптеген мәселелерден айырмашылықтары болады. Әлеуметтік өрістегі қарым-қатынастар дегеніміз суьбъектілердің қоғамдағы маңызды орнынының сақталынуы мен өзгеруі бойынша болатын қарым-қатынастар. Сондықтан, көптеген ғалымдар мемлекеттік саясатта оның негізгі өзегі деп азаматтық үміт-сенім – әлеуметтік үміт-сенім деп есептейді. Бұның бәрінің жиынтығы жұртшылық болып әлеуметтік өрістің негізін құрайды.

Осыған байланысты «әлеуметтік саясат» ұғымы кең және тар мағынада да қолданылады. Кең мағынада әлеуметтік саясаттың мәні қоғамның әлеуметтік саласын дамыту бойынша мемлекеттік қызмет болып табылады. Осылай қарастырғанда әлеуметтік саясаттың басты міндеті барлық қоғамдық топтардың дамуы үшін, олардың өзара қарым-қатынасы үйлесімді болуы үшін қоғамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі заманғы мемлекеттің мұндай қызметі оның тұрақтандырушы рөлі ретінде көрініс

табады. Әлеуметтік саладағы мемлекеттің қызметі қоғам жағдайының тұрақты болуына ықпал етеді. Әлеуметтік саясаттың мақсаты қоғамдағы «әлеуметтену үдерісінің» өсуі болады. Бұның өзі барлық жекелеген адамдардың, олардың шығу тегіне, әлеуметтік дәрежесі мен жағдайының ерекшелігіне немесе интеллектуалды қабілетіне қарамастан әлеуметтік қызмет мүмкіндігінің артуын білдіреді. Мұндай жағдайда әлеуметтік саясат «әлеуметтенудің» көрсеткішін қалыптастырады, мұның өзі жеке адамдардың еркіндік дәрежесінің өсуіне, олардың таңдау жасау мүмкіндіктерінің кеңеюіне, өзідігінен даму әлеуетін жүзеге асыруына бағытталынуы тиіс.

«Әлеуметтік саясат» ұғымының тар мағынада айтылғанда бұл сөздің мәні адамдардың өмірінің барынша ауыр жағдайға душар болған кезде (ауруы, мүгедек болу, жұмысыз қалу, қартаю, асыраушысынан айрылу, табиғат апатына ұшырау) адамды қорғауға бағытталған мемлекет қызметі ретінде қолданылады. Бұл терминнің тар мағынадағы мәні «әлеуметтік саясат» ұғымы «әлеуметтік қорғау» және «әлеуметтік қауіпсіздік» түсінігімен тығыз байланысты.

Әлеуметтік қорғау заң шығару, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жөніндегі тұрғындарға кепілдік ретінде қарастырылып, түрлі деңгейде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді. Мемлекеттің «әлеуметтігі» «әлеуметтік кепілдік беру» мәселесінде көрініс табады. Мұндай жағдайда қоғам мемлекеттік жауапкершілікті өз мойнына алады. Бұл міндеттер мемлекет жүзеге асыратын белгілі бір шаралар мен әрекеттерде көрініс табылады. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттік емес институттар мен ұйымдар адамдардың өмірдің белгілі бір саласында қоғамның мүмкіндіктері мен күш-қуатына сүйенетін болады.

Мұндай ұстанымда әлеуметтік саясаттың басты міндеті адамдарды қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай бағыттағы мемлекеттің қызметі әлеуметтік саясаттың «қорғаныс» қызметі болып көрінеді.

Сонымен, әлеуметтік саясаттың ауқымы жекелеген адамдар мен қоғамның тұрмыс-тіршілігінің барынша кең көлемдегі мәселелерін қамтиды. Әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты оның өзіндік ерекшелігінен көрінеді:

- тұрғындардың табыс саясаты (өмір сүру деңгейі, тұтыну мөлшері, тұрмыс-тірлігі);
- еңбек және еңбек қатынастары саласындағы саясат (еңбекақы төлеу, еңбекті қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру, адамдарды жұмыспен қамту және т.б.);
- әлеуметтік саланың дамуының негізгі бағыттары (денсаулық қорғау, білім беру, ғылым, мәдениет, дене шынықтыру және спорт);
- әлеуметтік экологиялық саясат;
- қазіргі заманғы инфрақұрылым саласындағы саясат (тұрғын үй, көлік, жол, байланыс, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету);
- тұрғындардың жекелеген топтарына қатысты саясат (отбасылық, жастар саясаты, қарттар мен мүгедектерге байланысты саясат, сондай-ақ көш-қон саясаты).

Әлеуметтік саясаттың ауқымы өте кең, қоғамның ең әлсіз мүшелерінің өмір сүруін және өмір сүру қабілетін қолдауды қамтамасыз етуден бастап, нақты айтқанда мүгедектер мен қарттар, қорғансыз, жалғыз басты қалғандар, әсіресе жалғыз басты көп балалы аналар, босқындар, елді мекендеген өзге ұлт өкілдері секілді топтарға қамқорлық жасаудан бастап, бүкіл қоғамның қызметі мен дамуын қамтамасыз етуге дейін. Қоғамның әлеуметтік жағдайын айнадағыдай нақты көрсетіп отыратын арнайы есеп жүйесі (әлеуметтік статистика) жасалады. Мұнда тіпті адамдардың орташа өмір сүру көрсеткішінен бастап, балалардың өліміне дейін, қоғамдағы табысы ең төмен адамдар тобы мен табысы ең жоғары адамдардың арасындағы алшақтыққа дейін, еңбек ақының орташа мөлшері, ең төменгі еңбекақы мен бюджеттің ең аз жұмсалатын тұтыну мөлшері, жалпы тұтыну қажеттілігінің деңгейі, жан басына шаққандағы азық-түлік мөлшері, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз ету, телефон мен ұзақ уақыт пайдаланылатын заттарға дейін – бәріне де есеп жүргізеді. Осы есеп көрсеткішіне орай мемлекет әлеуметтік саланың дамуын қадағалауды, әлеуметтік саясаттың бағыттарының білгілі бір саласына орай өзгертулерді енгізу қажеттігі жөнінде шешімдер шығаруды жүзеге асырады.

Мұндай жұмыстар тек жекелеген елдерде ғана емес, жалпы әлемнің барша мемлекеттерінде жүргізіліп, мұның өзі БҰҰ –да қорытындыланып отырады. БҰҰ-да мынандай әлеуметтік статистиканың көрсеткіштері болады: ел тұрғындары, қоғамның әлеуметтік құрылымы, отбасы және тұрмыс-тірлік, отбасының табысы және оның үнемделуі мен жұмсалуы, өмір сүру деңгейі, денсаулық сақтау, азық-түлікті пайдалану, тұрғын үй жағдайы, білім беру мен мәдениет, еңбек ету жағдайы және жұмыспен қамту, ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайы, әлеуметтік қамсыздандыру, балаларды асырау және тәрбиелеу, мүгедектер, қарттар мен зейнеткерлердің қажетіліктерін қанағаттандыру, адамгершілік тұрғысындағы жасалған қамқорлық түрлері мен мөлшері, қоғамдық қорлар.

Сонымен қатар, әлеуметтік саясаттың мынандай салада түрлі өлшемдері болады: экономикада, ұйымдастырушылықта, заң жүйесінде, нақты әлеуметтік салада, мәдениетте, экологияда, жеке тұлғаларда. Мұндай өлшемдерге объективті көрсеткіштер, қоғамда жүзеге асырылатын әлеуметтік саясаттың сапалық және сандық сипаттамалары сәйкеседі. Олардың арасынан басым мән-маңызға ие болатын көрсеткіштер мынандай: адамдардың түрлі топтарының әлеуметтік мүддесі және олардың рационалды қажеттіліктерін қанағаттандыру, адамдардың әлеуметтік қорғалуы, әсіресе,тұрмысы төмен топтар, балалар, зейнеткерлер, жұмыссыздар, ауыр науқасқа ұшырағандар және т.с.с.

Сондай-ақ, әлеуметтік саясат қала мен ауыл арасындағы қарым-қатынасты, адамдардың ой еңбегімен және қол еңбегімен шұғылданатындар арасындағы ерекшеліктерді, түрлі ұлт өкілдері, түрлі таптар, тіпті мемлекет пен жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуді қамтиды. Сөйтіп мұның өзі адамдардың өмір сүруінің барлық салаларын (еңбек, тұрмыс-тірлік, мәдениет), соның өзінде олардың ішіндегі жекелеген салалардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес (мәселен, өндірістегі) қарым-қатынастарды қамтиды. Сөйтіп тікелей реттеушілік қызмет атқарады. Сонымен қатар, кейбір салаларда (мәселен, демографиялық қатынас саласында) мұндай ықпал ету жанама түрде жағдай туғызу жолымен жүзеге асады. Тіпті кей жағдайларда адамдардың немесе қоғамның әлеуметтік қалауы үшін мүмкіндігінше олардың талап-тілегін туындатуға әсер етеді.

Әлеуметтік саясаттың мұндай ықпал етуі тіпті қоғам мен тұлға арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуын реттеуге де септігі болады. Мұндай жайт қоғамдар арасындағы және олардың ішіндегі әлеуметтік топтар мен тұлғалардың әлеуметтік қажетін білдіреді. Сөйтіп әлеуметтік саясаттың ең басты міндеті адамдар мен қоғамның игілікке бөленуі болып табылады. Мұндай жағдайда тұлғалардың дамуын қамтамасыз етуге қолайлы жағдайлар туғызу мәселелері де қозғалып отырады.

Осындай жағдайларды ой елегінен өткізсек, қазіргі замандағы әлеуметтік саясаттың негізгі мақсатары мынандай деп жіктейміз:

- елдегі еңбек етуге тиістілердің, интеллектуалдардың, рухани этикалық әлеуетінің барынша сақталуы;

- заң шеңберіндегі талаптарға сәйкес елдегі нарықтың талаптарын елдегі «адам капиталын» қалыптастыру бағытын ұстанған еңбек етудің берік дағдылар мен жаңа талаптарын қалыптастырады, мұнсыз экономика жақсаруға бағыт алмайды, тиімді экономика болмайды, толыққанды нарық қалыптаспайды;

- азаматтардың, қоғамдағы түрлі топтардың және халықтың белсенділігін оятып, азаматтардың өздерін тұлға ретінде танытатындай құлшынысқа түсіру арқылы қажеттіліктері мен мүдделерін жүзеге асыруының институтционалдық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын қалыптастырады. Мұнсыз азаматтық қоғамның, адамдар еркіндігінің, нақты демократияның алғышарттары жасалмайды[3].

Сонымен әлеуметтік саясат дегеніміз әлеуметтік саланы және әлеуметтік қарым-қатынасты реттейтін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметі болып табылады. Мұның өзі тұлғалар мен әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның әлеуметтік мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

Соңғы жылдары әлеуметтік саясат ұғымы әлеуметтік мемлекет туралы тұжырымдар тұрғысында зерттелді. Өйткені мұндай мемлекет түрлерінің идеологиялық негізінің өзара айырмашылығы болады. Өйткені әлеуметтік саясат қоғамдық ойдың әртүрлі мектептер өкілдерінің түсінігінде және әлеуметтік-саясат тәжірибесінде түрліше болады.

Соның өзінде әлеуметтік мемлекет термині Еуропадағы Швеция, Германия, Дания секілді мемлекеттерге қатысты жиі қолданылса да, көптеген қазіргі заманғы демократиялық сипаттағы мемлекеттерде де «әлеуметтіктің» қандай да бір белгілері бар. Оларда да мақсатты мемлекеттік әлеуметтік саясат жүргізіліп, әлеуметтік үдерістерді саналы түрде басқару қажеттілігі жөнінде түсініктер орнығып, әлеуметтік технологиялар қолданылады. Бұндай мемлекеттер өз азаматтарының алдында табысты салық және әлеуметтік бағдарламалар арқылы қайта бөлу қажет екендігі жөніндегі міндетті мойындайды.

Бүгінгі күндері кез-келген әлеуметтік мемлекеттің негізгі өлшемі мынадай деп пайымдалады: қамсыздандыруда әлеуметтік салаға қаржы бөліп отыру жүйесін әр топқа лайықтап жіктеу, салықтың жоғары дәрежесі және бюджеттік қалыптастырылу мен әлеуметтік салаға бюджетті бөлу мөлшері; тұрғындардың барлық топтары үшін қызмет көрсету жүйесі мен әлеуеметтік қызметті лайықтап бөлу; билік тармақтарының бөлінуі жүзеге асырылған жағдайда соған лайық құқықтық жүйе жасау, сөйтіп, билік тармақтарының әрбіреуінің қызметін нақты жүзеге асыру; әлеуметтік жұмыстың нормативті

құқықтық базасы, мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынас жасауы; азаматтық қоғам мен жекелеген бастамалардың ара қатынасын реттеу.

Әлеуметтік мемлекет дегеніміз – адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамассыз ету және адам дамуының еркіндігі үшін жағдай жасауға бағытталған саясат ұстанған мемлекет. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының идеологиялық негізі оның мақсатына орай қалыптасады. Сөйтіп, әлеуметтік саясаттың негізгі бағытын көрсетеді. Мұның өзі әрбір жекелеген мемлекеттің әлеуметтік-мәдени және діни дәстүрлерінен бастау алады.

Әлеуметтік мемлекеттің мақсатын жүзеге асыру механизмі билеуші идеологияға тәуелді болады және ол әлеуметтік саясатқа кірігеді. Әлеуметтік мемлекет саяси доктринасыз, экономикалық үлгісіз және оны қаржылай қамтамассыз етпей мүмкін болмайды деуге болады. Әлеуметтік саясат әрбір елде нақты тарихи есеп жасау арқылы қалыптасады.

Мемлекет жүргізетін әлеуметтік саясаттың сипаты көптеген жайттарға байланысты. Біріншіден, мемлекеттің өзінің сипаты, табиғаты, құндылықтарының базалық жүйесі мемлекеттік идеологиясымен кірігіп жатады. Екіншіден, әлеуметтік салада жүргізілетін жұмыстардағы әлеуметтік құрылымның ерекшелігінен болады. Үшіншіден, ұлттық экономиканың қорларынан, яғни, кез-келген елде экономикалық дамудың нәтижесінде қамтамасыз етілетін мүмкіндіктерден.

Қазіргі әлемде әлеуметтік саясат түрлі субъектілер мен салалар арқылы, әсіресе, бәрінен бұрын мемлекет арқылы жүзеге асырылады. Алайда, қазіргі дамыған демократиялық мемлекеттерде әлеуметтік қызмет ауқымы мемлекеттен өзге басқа да «ойыншылардан» - мемлекеттік емес салалардан яғни, қоғамдық белгілі бір топтардың, қоғамдық қозғалыстардың және бірлестіктердің, сондай-ақ, азаматтардың өздерінің (азаматтық белсенділік) мүддесін білдіреді.

Дамыған елдерде «үшінші сектор» арқылы (бірінші сектор – коммерциялық, жеке сектор, екіншісі – мемлекеттік) мемлекет көптеген әлеуметтік мәселелерді шеше алады. Көптеген елдерде жылдан-жылға коммерциялық емес және мемлекеттік емес ұйымдар қатары өсе түсуде. Бұлар қоғамдық мүддені қалыптастырып жүзеге асыруға бағытталған.

Әлеуметтік саясат нысандарының арасында саяси партиялар ерекшеленеді. Жалпы саяси партиялардың пайда болуымен әлеуметтік саясат олардың бағдарламаларының маңызды бөлігі болды.

Көптеген ғалымдар көптеген жағдайда жеңген партиялардың немесе партиялар коалициясының саясаты сайлау алдындағы өздерінің уәделеріне сәйкес, сондықтан да олардың сайлау алдындағы бағдарламалары бойынша әлеуметтік саясатты жүргізу сипатын ұғынуға болады дегендей пайымдау жасады.

Бірқатар ғалымдар саяси партиялардың әлеуметтік саясаты мен стратегиясы арасындағы өзара байланысты қарастырғанда партиялардың негізгі саясатын басқаша пайымдап, оған илана қоймады. Мұндай ғалымдардың пікірлерін жақтайтындар мемлекеттің саяси бағытын анықтау үшін партиялардың сайлау алдындағы бағдарламасын емес, түрлі саладағы экономикалық және әлеуметтік даму жөніндегі мемлекеттің саясаты аса маңызды деп пайымдайды. Нақты айтқанда, мұны әлеуметтік-экономикалық өлшемдердің дамуы партияның жекелей іс- қимыл жасауына мәжбүрлейді.

Әлеуметтік саясаттың жетістігі мен тиімділігі адамдардың материалдық жағдайының деңгейіне, рухани дамуына, бүкіл қоғамның өмір тірлігінің жоғары деңгейге көтерілуіне жол ашуынан көрінеді. Осыған орай мемлекеттің әлеуметтік саясатының «күшті» және «әлсіз» деген түсінік пайда болды. Күшті әлеуметтік саясат деп әлеуметтік саясат мемлекет қызметтінің басым бағыты болғанына және бюджеттің айтарлықтай бөлігі әлеуметтік салаға жұмсалатынына орай айтылады.

Әлеуметтік саясатты көбінесе ерекше әлеуметтік технолгия ретінде айқындайды. Әлеуметтік технологияны[4] кең мағынада айтқанда басқарудың алдына қойған мақсатына жетудегі жетістіктердің белгілі бір әдіс- тәсілі деуге болады. Әлеуметтік саясатты әлеуметтік технология ретінде айқындайды, өйткені оның жүзеге асуы мемлекет азаматының өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Әлеуметтік саясат қоғамда адамгершілікті сезіну ахуалын қалыптастырып сайлау кезінде қоғамдық дағдының, қоғамның мемлекеттік билік институтына қатыстылығының үлгісін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік саясат арнайы әлеуметтік (қоғамдық) бағдарламалар мен жобалар жүйесінде жүзеге асырылады, бағдарламалар әлеуметтік өмірдің барлық саласында жасалып жүзеге асырылады. Ал, бұл бағдарламаларды, нақтылап айтқанда табыстың өсуіне, денсаулық сақтау мен білім беруді дамытуға, зейнетақымен қамтамасыз етуге, тұрғын үй құрылысына, әлеуметтік кәсіпкерлікке, халықтың түрлі топтарын әлеуметтік қорғауға, отбасын жоспарлауға, маңызды қоғамды мәселелерге қатысты кешенді мемлекеттік бағдарламалар, т.с.с.

Әлеуметтік саясат теория жүзінде де, іс жүзінде де әлеуметтік қауіпсіздікпен, әлеуметтік жұмыстармен тығыз байланысты. Әлеуметтік саясат қоғамдағы әлеуметтік жұмыстарға зор ықпал ете отырып халықтың түрлі топтарына әлеуметтік қызмет көрсетудің негізгі бағытын айқындайды.

Қазақстан мемлекетінде әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының Конститутциясында қамтылып бекітілген [5]. Мұнда негізінен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы бағдарланған. Республиканың әлеуметтік саясатының басты мақсаты әрбір еңбекке жарамды адамға еңбек етуі және кәсіпкерлікпен шұғылдануы арқылы өзінің отбасылық тұрмысын жақсартуға мүмкіндік жасау, ал еңбекке жарамсыздар мен қамқорлыққа зәру болғандар үшін сенімді әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанда еңбек етуді әділетті көтермелеудің, тұрмысы нашар азаматтарды әлеуметтік қорғаудың және бүкілхалықты әлеуметтік қорғаудың деңгейін арттырудың тиімді жүйесі қалыптасқан.

Қазақстан мемлекеттігінің басты әлеуметтік ұстанымы ізгілікті болуды мақсатқа айналдыру болып табылады. Еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік саясат еңбекақыны сенімді табыс көзіне айналдыру еңбеккерлердің еңбек белсенділігін ынталандыруда оның маңызын арттырауға бағытталған. Қазақстан Республикасында тұрғындарды жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік саясат жаппай жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан мемлекетінің ұстанған мақсаты нарық экономикасының әлеуметтік бағытының үлгілерін жетілдіру болып табылады. Мұнда қазіргі замандағы жоғары дамыған нарықтық шаруашылықтың басым болуы ескеріліп, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және азаматтарды әлеуметтік қорғаудың тиімділігін арттыруға негізделген.

Сонымен жоғарыда баяндалған тұжырымдарды зерделей келгенде мынандай қорытынды жасауға болады: әлеуметтік мемлекет әлеуметтік саясатты дамыту мен жетілдіру, қоғамның әлеуметтік ілгерілеуге жетуінің өлшемі, үлгісі болып табылады. Сөйтіп, әлеуметтік саясат пен әлеуметтік дамудағы басты мақсаты кез- келген елде бүкіл қоғамның өмірі мен тұрмысын жақсартуды барынша қамтамасыз етуде зор жетістіктерге жету болмақ.

Түрлі мемлекеттерде әлеуметтік саясаттың ұлттық және бүкіләлемдік өлшемдері бүтіндей алғанда трансформациялану үрдісі бел алғандықтан айтарлықтай экономикалық, саяси, әлеуметтік, демографиялық өзгерістер арқылы қалыптасып, нақты өмір шындығына орай белгіленеді. Бір жағынан әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің өзі өзгеріске түсті. Мұндай құбылыс елдің демографиялық сипатына (мысалы қартайған адамдар санының артуы), көші- қон деңгейінің өсуіне, табыстың тұрақты болуына, еңбек нарығына әйелдердің қатысуы көбеюіне, т.с.с. байланысты болды. Екінші жағынан халықтың әлеуметтік қорғау жүйесіне жаңа талаптар қоюы қалыптасты. Мұндай қоғамдық өзгерістер көпшіліктің санасында қалыптасып орнықты және елдің саясатында әлеуметтік топтасу, ынтымақтасу үрдісі қалыптасты.

Әлеуметтік топтасу дегеніміз тек заң жүйесінде көрініс табуы және қалыптасқан дағдылар ғана емес, мұның өзі әлеуметтік қатынастар мен ережелерге, құндылықтарға сенім арту, оған өзара қатысты болу дағдысы мен құндылықтары. Шын мәнінде мұндай жәйт топтасулық, ынтымақтастық пен қоғамдық құндылықтар болып табылады. Әлеуметтік топтасулық түсінігі ережеде бекітіліп мемлекет қызметінде кеңінен қолданылады. Бұл негізінен Еуропалық Қауымдастықта талқыланып мемлекеттік үрдістерге кірігіп және мәдениаралық ассимилияцияда толықтырылып әлемнің осы белгілі бір өңірінде жүзеге асады. Еуропалық Қауымдастықтың құжаттарында бұған мынандай анықтама берілеген: әлеуметтік топтасу дегеніміз қоғамның өзінің барлық мүшелерінің ризашыллыққа бөленуін қамтамасыз ету арқылы дамудағы түсінбеушілікті барынша бәсеңдетуге және адамдардың шеттетілуін болдырмауға бейім болуы.

Адамзаттың әділетті дамуында ынтымақтасудың маңызы өте зор болатынын қадап айту керек.

Сондықтан да адамдардың да, бүкіл халықтың да өзара ынтымақтасуы адамзаттың әлеуметтік жолында прогреске, топтасуға бастайды. Соған орай адамзаттың әділетті өмір сүруі үшін ынтымақтасудың маңызы зор болмақ. Ынтымақтасу адамдардың қайғы- қасіретін, бейнеті мен әділетсіздік құрбаны болуын тек сезіну ғана емес, мұндай келеңсіздіктерден арашалау, мүлде болдырмау үшін ынтымақтасуының маңызы зор. Жекелеген адамдармен де, отбасымен де түрлі топтармен де, бірлестіктермен де, тіпті бүкіл халықпен де, бүтіндей нәсілмен немесе этникалық топтармен де ынтымақтасу қажеттілігі туындауы мүмкін. Сөйтіп әлеуметтік сала қызметкерлері әлемнің кез- келген өңіріндегі зорлық-зомбылық көргендермен де, азапқа ұшырағандармен де, шеттетілгендермен де, кемсітілгендермен де ынтымақтас болу жолында жұртты топтастыруға күш-жігер жұмсауға міндетті. Сондай- ақ кездейсоқ апатқа ұшырағандармен де, қасірет шеккендермен де, қазына- байлықты бөлісуде әділетсіздіктің зардабын тартқандармен де ынтымақтасудың пайдасы зор

болмақ. Кедейшілік, қайыршылық, тоя тамақтана алмау, өмір сүруіне қажетті азық- түлікке қолы жетпеу адам құқының өрескел бұзылуы екені әлі күнге дейін көптеген елдерде жеткілікті мойындала қойған жоқ. Мұндай түсінбеушілікті болдырмау үшін де ынтымақтасу маңызды. Мұндай жағдайда келеңсіздіктерге жол бермеудің алдын алу жөнінде күш- жігерді біріктіру үшін топтасу қажет.

Бір сөзбен түйіндеп айтқанда, әлеуметтік сала қызметкерлері өзге сала қызметкерлерімен де, жұртшылықпен де ынтымақ орнатып, белсенді күрес жүргізе білсе адам құқының бұзылуына жол берілмеуі немесе халықтың қайғы- қасіретке, әділетсіздік құрбаны болуға ұшырауын болдырмауға, тіпті келеңсіз жағдайды аз да болса сиретуге қол жеткізуі әбден мүмкін. Міне, осындай сан- салалы, алуан істерде әлеуметтік сала қызметкерлерінің жауапкершілікті сезіне білсе ғана жұмыстары нәтижелі болмақ.

Сонымен әлеуметтік жауапкершілік деген не? Мұны былай тұжырымдауға болады: әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз халықтың әлсіз, қорғансыз қалған топтарының және адам құқы бұзылуының құрбаны болғандардың мүдделерін қорғауы жолында қызмет атқаруды өздерінің міндеті, парызы деп сезінуі ынтымақтасудың бір қыры деуге болады. Ал, ынтымақтасуда негізгі мақсат шын мәнінде күрес жүргізу, іс- қимыл жасау болмақ. Сондықтан да көптеген діни ұстанымдар бойынша кімде- кім «артықшылық жағдайда» болса, өздерінен кемшін қалғандарға, ыңғайсыз жағдайға ұшырағандарға да көмектесуді, қамқор болуды өздерінің міндеті деп түсіндіреді. «Артықшылық жағдай» деген байлық емес, бір адамның өзгелерге қарағанда барынша жақсы жағдайда болғаны. «Әлеуметтік жауапкершілік» деген сөз тіркестерінің мәні де «қамқорлық» жасау деген ұғымға саяды. Соған сәйкес біздің қандай артықшылығымыз болса, соны өзгелердің жағдайын жақсарту үшін жұмсауға тиіспіз. «Қамқорлық жасау» деген сөз тіркесі де адамдар тек өзгелермен артықшылығын, байлығын бөлісу ғана емес, сондай-ақ өзінің дарын-қабілетін адамзаттың игілігіне жұмсауды да, адамның құқығын қорғауды да білдіреді.

Құқықтың заңмен қорғалуы қандай күшті болғанының өзінде қоғамның барлық мүшелері, әсіресе кедейшілікпен өмір сүріп жатқандары үшін қай- қашанда тек заң кепілділігі жеткіліксіз. Олар шын мәнінде өздерінің құқықтарын нақты пайдалана алуы тиіс. Ал өмір шындығын зерделесек әдеттен тыс кімде- кім өзінің құқығын қорғауды барынша қажет етсе де өздерін қорғауда заң күшін пайдалана алмайды екен. Міне, сондықтан да құқықты заңмен қорғауда әлеуметтік саясаттың пәрменді шараларымен жүзеге асырылуы тиіс. Сонда ғана іс жүзінде әркім өз құқын қорғай алуына қол жеткізетін болады.

Мемлекеттік саясат елдің Конституциясында көрсетілгендей, құқық нормаларын орындау болып табылады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұған дәлел ретінде айтуға болады. Нақтылық құқық нормалары қоғам қызметінің түрлі ауқымында мемлекет саястанының бағыт - бағдарын айқындап отырады. Ал құқық болса қоғамның барлық мүшелері міндетті түрде орындау үшін қажетті жағдайда қоғамдық қатынастарды іске жарату тетігі болып табылады. Мұның өзі белгіленген нормалар мен ережелерге бейімделе отырып нормалардың бұзылуынан туындаған зардаптарды бейтараптандыру құралын айқындайды.

Қазіргі кезеңде жаңа заманға сәйкес постөндірістік қоғамда экономикалық қызметке адамдардың жаппай қатысуына деген әлеуметтік жауапкершілігі барған сайын күшейе түсуде. Мұндай жауапкершілікті іс жүзінде атқару үшін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне назар аударуы күшейіп, мұндай жауапкершілікті іс жүзіне асыру үшін түрлі амалдар жасалуда.

Азаматтық қоғамды ұйымдастыру, ұйымдасқан жүйе жақсы нәтижеге жеткізеді. Мәселен, ата-аналар өздері де, балалары да белсенді азамат болуы үшін жаңа пайымдауларды, жаңа әдіс- тәсілдерді меңгеруі тиіс.Ата- аналар өздерінің балаларын тәрбиелеу үшін оларға әлеуметтік жауапкершілік сезімін дарытуы тиіс және өздері де отбасында осыған сай сезімде бола алуы керек. Іскерлік ортасы мен БАҚ өздерінің қызметінде әлеуметтік зардаптарға өздерінің жауапкершілігін сезінуге міндетті. Банктер мен қаржы институтары ақша салымдарының этикалық зардаптарын ерекше ескеріп отыруы тиіс.

Жоғарыда баяндалған тұжырымдарды байыптап, сараптап қорытынды түйіндегенде жекелеген адамдар мен қоғамның өмір сүру мәселесі барынша мол әрі алуан қырлы болғандықтан әлеуметтік саясаттың ауқымы да соған сәйкес өте кең деуге болады. Сөйтіп, әлеуметтік саясаттың ауқымында қоғамның әлсіз мүшелерінің лайықты өмір сүруін қаматамасыз етіп қолдау көрсетуден бастап (мүгедектерге, қарттарға, жалғыз басты аналарға, босқындар мен оралмандарға,өзге ұлт өкілдеріне т.с.с.), қарапайым қызмет орнындағы қызметкерлерді, еңбепен қаматасыз етуге дейін және бүтіндей қоғамның дамуына дейін қамтылады. Бұл әрине, таңданарлықтай жайт емес. Өйткені, алуан түрлі салалардағы өзгерістер қоғамдық дамудың нәтижелері болып табылады. Қоғамдық дамудың мақсаты да, жоғарыда баяндалып тұжырымдалғанындай, әлеуметтік саясатты толыққанды жүзеге асыру болып табылады. Сондай-ақ қазіргі заманғы әлеуметтік саясат әр адамның еркін болу дәрежесін арттыруға,

олардың таңдау жасау мүмкіндіктерін кеңейтуге, өздерінің күш қуатын бақуатты өмірге қолдарын жеткізуге, халықтың игілігін молайтуға барынша сарқа жұмсауына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н.А. Нұрлы жол - болашаққа бастар жол. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан.-2014, 12 қараша.

[2] Қараңыз: Новейший социологический словарь.-Минск: Книжный дом, 2010. –С.947, 953, 981-989.

[3] Калиева М.Ш. Социальная политика в системе гражданского общества// Вестник КазНПУ им. Абая. Серия социологические и политические науки.-2006, №2.-С.16-18.

[4] Соціологічна енциклопедія.- Київ: Академвидав, 2008.-С. 248.

[5] Конституция Республики Казахстан.-Алматы: Елорда, 2008.-С.4,7-15.

[6] Қараңыз: Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans.-Berlin: Verlag Dr. Köster, 2013.-S.159-160.

REFERENCES

[1] Nazarbayev N. A. Nurly zhol – a way to the future. Message of the Head of state to the people of Kazakhstan/ / Egemen Kazakhstan.-2014, 12 november.

[2] Look at: The latest sociological dictionary. - Minsk: Book house, 2010. – P. 947, 953, 981-989.

[3] Kaliyeva M. Sh. Social policy in system of civil society// The messenger of KAZNPU of Abay. Series sociological and political sciences.-2006, №2. – P. 16-18.

[4] The Sociological Encyclopedia. – Kiev: Academy of Sciences, 2008. – P. 248.

[5] Constitution of the Republic of Kazakhstan. - Almaty: Elorda, 2008. – P. 4,7-15.

[6] Look at: Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans.-Berlin: Verlag Dr. Köster, 2013.-S.159-160.

Резюме

Р.Б. Абсаттаров

(Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан)

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Ключевые слова: социальная политика, государственная политика, интерес, потребность, личность, социальная группа, общество, народ, население, социальное государство, социальная безопасность, бедность, социальная защита, социальная сплоченность, социальное сотрудничество, права человека, свобода.

В статье исследуются актуальные вопросы социальной политики, которые в политической науке еще недостаточно изучены. Прежде всего уделено внимание содержанию и изменении социальной политики. При этом раскрыты сущность и определение социальной политики. В статье делается акцент на новых подходов и оценок понятия социальной политики. На этой основе вырабатывается соответствующие принципы и механизмы реализации социальной политики.

Следует сказать, что понятие «социальная политика» в статье рассматривается в широком и узком смысле. При этом главная задача социальной политики – это защита человека, обеспечение его безопасности, направленных на удовлетворение социальных интересов и потребностей личности, социальных групп и общества в целом.

В статье подробно рассматриваются особенности и проблемы социальной политики в контексте общественно-политического прогресса. При этом критерием развития и зрелости социальной политики является социальное государство. Вместе с тем в статье уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Поступила 15.03.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 340.32

Legal integration and questions of formation of subjects and objects of the legal processes

Z.K. Ayupova[1], D.U. Kussainov[2]
zaure567@yandex.ru
[1]Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: sociological approach, legal integration, sociological opinions, integration, system of society, globalization, upper national, harmonization of law, unification of law, the state apparatus.

Abstract. Subjective beginning and basis of the legal integration is the system of self-regulation and the system of social relations and society in general, and is manifested in the form of indirect, in certain forms of organization of the social relations: in the state (management, regulation and civil society), regional interstate associations (have the upper national level) and international organizations (non-governmental and inter-state character). The immediate subject of the legal integration is the society by itself, and the system of the social relations in various levels, also the indirect (secondary) subjects include certain forms of organization of public relations: the state, civil society, of the state apparatus, regional groups and international organizations.

It would be wrong identification of subject and institution basis in the convergence, which is reflected in the fact, that the subjective mixed with subjective or entity convergence rely institutions. As the subject of convergence it is considered from the social subject - entrepreneurship. This approach seems reasonable, since you cannot really mix the subjective and institutional start of the legal integration. Questions about what parts of the legal system come into legal processes of integration, more relevant in the field and the provisions on the objects and integration because they cannot be tied to the position of the subjects of integration.

So what is the beginning of the subjective legal integration and in the evolution of law? This question is closely related to the understanding of the process of integration as part of the process of globalization, which in turn is a manifestation of the self-regulatory principle in the system of social relations. This process of self-regulation of social relations, society as a system are the source and basis of legal integration. Therefore, in the society and in its constituent parts and structural expresses the subjective beginning of the legal integration and its processes.

УДК 340.32

Правовая интеграция и вопросы формирования субъектов и объектов юридических процессов

З.К. Аюпова[1], Д.У. Кусаинов[2]
zaure567@yandex.ru
[1]КазНУ им. аль-Фараби, факультет международных отношений, г. Алматы, Республика Казахстан
[2] КазНПУ им.Абая, исторический факультет, г. Алматы, Республика Казахстан

Ключевые слова: социологический подход, правовая интеграция, социологические мнения, интеграция, системность общества, глобализация, наднациональность, гармонизация права, унификация права, государственный аппарат.

Аннотация. Субъектное начало и основа правовой интеграции заключается в качестве системности и саморегуляции системы общественных отношений и общества (как человечества) в целом, и проявляется в опосредованном виде в определенных формах организации общественных отношений: в государствах (системы управления, регулирования и институты гражданского общества), региональных межгосударственных объединениях (обладающих качеством наднациональности) и международных

организациях (межгосударственного и неправительственного характеров). Непосредственным субъектом правовой интеграции является общество и сама система общественных отношений на разных уровнях, а к опосредованным (вторичным) субъектам относятся определенные формы организации общественных отношений: государства, институты гражданского общества, части государственного аппарата, региональные объединения и международные организации.

Неверным было бы отождествление субъектного и институционального начал в конвергенции, что выражается в том, что субъектное смешивается с субъективным или субъектом конвергенции полагаются институты. В качестве субъекта конвергенции рассматривается именно социальный субъект – предпринимательство. Этот подход видится оправданным, так как действительно нельзя смешать субъективное и институциональное начала в правовой интеграции. Вопросы о том, какие части правовой системы вступают в юридические процессы интеграции, больше относятся к сфере и положениям об объектах интеграции и потому нельзя их привязывать к положению о субъектах интеграции.

Каким же является субъектное начало в правовой интеграции и в эволюционном развитии права? Этот вопрос тесно связан с пониманием самого процесса интеграции как части процесса глобализации, который, в свою очередь, является проявлением саморегулирующего начала в системе общественных отношений. Именно процессы саморегуляции общественных отношений, а именно общества как системы, являются источником и основой правовой интеграции. Следовательно, именно в обществе и в составляющих его структурных частях и выражается это субъективное начало правовой интеграции и его процессов.

Вопросы развития и назначения права и государства являются объектом пристального внимания современной социологии, которая рассматривая важнейшие элементы социума, как право и государство, все-таки в своей сущности представляет науку «об обществе как целостной системе и об отдельных социальных институтах, процессах и группах, рассматриваемых в их связи с общественным целым.

Ауылдық аумақтарды және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өндеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Аграрлық сектор біздің еліміздегі экономиканың аса маңызды және күрделі болған және болады. Осы саланың даму-деңгейінен республика экономикасының жағдайы, ел халқын азық тағамдарымен, ал өнеркәсіп өндейтіндерді - шикізатпен қамтамасыз ету.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексі.

[2] «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы.

[3] Дағдарыстан жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы, 2009 жыл.

[4] Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151қаулысы.

[5] Сақтаева А.А. Бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың негізгі тәсілдері мен механизмдері // «Саясат- POLICY». - №4, Алматы, 2009.

[6] Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы. http://kz.government.kz

[7] Айтуғанова З.Ш. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері. // Л.Н. Гумилев ЕҰУ Хабаршысы №5(84) 2011.

REFERENCES

[1] Zemel'nyjkodeksRespublikiKazahstanot 20 ijunja 2003 goda.

[2] Zakon Respublik iKazahstanot 8 ijulja 2005 goda O gosudarstvennomregulirovaniirazvitijaagropromyshlennogokompleksaisel'skihterritorij.

[3] Cherez krizis k obnovleniju i razvitiju. Poslanie Prezidenta RK N.Nazarbaeva narodu Kazahstana 6 marta 2009 g.

[4] Postanavlenie Pravitel'stva RK ot 18 fevralja 2013 goda № 151 Ob utverzhdanii Programmy po razvitiju agropromyshlennogo kompleksa v RK na 2013-2020 gody «Agrobiznes-2020»
[5] Saktybaeva A.A Osnovnye metody i mehanizmy povyshenija konkurentnosposobnosti.
[6] Koncepcija ustojchivogo razvitija agorpromyshlennogo kompleksa RK na 2006-2010 gody.
[7] Ajtuganova Z.Sh. Bezopasnost' prodovol'stva v RK. Vestnik ENU im. Gumileva L.N №5(84) 2011g.

УДК 336.741.28

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОВ О ГОСУДАРСТВЕННОМ РЕГУЛИРОВАНИИ РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА И СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ

А.А. Есекеева[1]

akim_ainash@mail.ru

[1]Магистр Права. Старший преподаватель кафедры таможенного, финансового и экологического права юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. Статья посвящена: наблюдается постоянный рост производства на базе рыночных отношений, увеличиваются продуктивность и производительность труда, производятся обновление основных фондов и восстановление инфраструктуры отрасли, достигнута самообеспеченность по основным продуктам питания, произошел значительный рост экспорта зерновых, масличных культур, продукции рыболовства. В настоящее время формируются новые тенденции мировой аграрной экономики и демографии, реальное развитие получили интеграционные процессы в регионе, происходят глобальные климатические изменения. Казахстан вошел в Таможенный союз, в ближайший период планируется вхождение во Всемирную торговую организацию. Однако низкий уровень производительности труда в отрасли, несовершенство используемых технологий, мелкотоварность производства не позволяют вести сельхозпроизводство на интенсивной основе, обеспечивать наиболее полное использование материальных, трудовых и других ресурсов, соблюдать экологические требования. Эти факторы снижают конкурентоспособность отечественного аграрного сектора, что в условиях ВТО и ТС может привести к доминированию импорта зарубежной продукции, вытеснению местных производителей с рынков сбыта.

Для освещения проблемы, заявленной в статье, автором широко использованы методы анализа нормативно-правовых актов, которые регулируют вопросы продовольственной безопасности, сравнительный исторический и другие методы научного исследования.

Автор приходит к выводу, что происходит рост населения страны с интенсивным приростом потребления продуктов питания и изменением структуры потребления в сторону более качественных продуктов.

Ключевые слова: агропродовольственный рынок, агропромышленный комплекс, продовольственные товары, продовольственная независимость, сельскохозяйственная продукция, сельские территории.

YessekeyevaAinash, Master of Laws.
Senior Lecturer of the Department of Customs, Financial and Ecological Law of the Law Faculty of the Kazakh National University named after al-Farabi.akim_ainash@mail.ru

Поступила 15.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC336.741.28

Concept and features of the international legal environment from the negative effects of space activities

G.B.Kabanbaeva
Kazakh Nationak university named after Al-Farabi University. Almaty, Kazakhstan.
gulbaht@mail.ru

Key words: space activities, international environmental law, the negative effects of environmental safety, space law.

Summary. In this paper, a comprehensive and integrated considered one of the most pressing issues of international space law and international environmental law concerning the environmental safety of space activities. The content of international and national legislation. This paper studied the principles of international legal protection of the environment from the adverse effects of space activities, as well as liability issues are investigated

for environmental pollution and space. The study made recommendations for improving the current legislation as well as the theoretical conclusions.

The methodological basis of the article made a comparative legal method, the formal-logical, systematic structural analysis, scientific abstraction, the unity of objective and subjective in the development of the legal process, peer review, content - analysis of documents and materials.

Author, studying issues of international legal protection from negative posledsvy Space concludes that increasing the efficiency of law-making and enforcement of the UN shows the ability to create and the role of international organizations for the protection of the environment from the adverse effects of space activities.

УДК 336.741.28

Қоршаған ортаны ғарыштық қызметтің жағымсыз салдарынан халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі мен ерекшеліктері

Г.Б. Кабанбаева
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы.Казахстан
gulbaht@mail.ru

Негізгі сөздер: ғарыштық қызмет, халықаралық экологиялық құқық, жағымсыз салдар, экологиялық қауіпсіздік, ғарыш құқығы.

Аннотация. Мақалада қазіргі таңдағы халықаралық ғарыш құқығының және халықаралық экологиялық құқықтың ең өзекті мәселелерінің бірі ғарыштық қызметтің экологиялық қауіпсіздігі туралы құқықтық сұрақтардың бірі жан - жақты қарастырылып, оларға кешенді талдау жүргізілген. Осы саладағы халықаралық және ұлттық заңнаманың мазмұны зерртелген. Бұл мақалада қоршаған ортаны ғарыштық қызметтің жағымсыз салдарынан халықаралық - құқықтық қорғаудың қағидалары, сонымен қатар ғарыштық қызмет барысында қоршаған орта мен ғарыш кеңістігіне келтірілетін ластану мен жағымсыз салдар үшін жауаптылық мәселесі зерттелген. Жүргізілген зерттеу негізінде теориялық тұжырымдар мен ағымдағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленген.

Мақаланың әдістемелік негізін салыстырмалы – құқықтық әдіс, формальді логика әдісі, жүйелеу құрылымдық талдау әдісі, ғылыми абстракция, салыстыру мен ұқсастық, құқықтық процесстердің дамуы барысындағы обьективті мен субьективтінің бірлігі, сараптамалық бағалау, зерттеу құжаттары мен материалдарын контент-талдау мен зерттеу әдістері құрады.

Автор, ғарыштық қызметтің жағымсыз салдарынан қоршаған ортаны халықаралық – құқықтық қорғау сұрақтарын зерттеу БҰҰ – ның құқықшығармашылық және құқыққолданушылық қызметінің тиімділігін көтеру және жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді, ғарыштық қызметтің жағымсыз салдарынан қоршаған ортаны қорғауға байланысты болашақ халықаралық ұйымның, болашақтағы орны мен рөлін көрсетеді деген тқжырымға келді.

Халықаралық ғарыш құқығының қалыптасуы әсіресе ғарыш пен қоршаған ортаны қорғауды халықаралық құқықтық реттеу процессі барысында басты рөлді халықаралық шарт атқаруы тиіс [1].

Біріншіден, ғарыш дәуіріне енудің өзі ғарышты игеру процесі барысында көптеген халықаралық-құқықтық сұрақтарды туындатты. Өзара қарым-қатынастарды реттеу үшін тиісті мемлекеттер аз уақыт ішінде көптеген бірқатар маңызды шарттарды жасасты, осы шарттар ғарыш құқығының негізгі мазмұнын құрады, соның ішінде ғарышты игеру барысында ғарыш пен қоршаған ортаны қорғауды халықаралық-құқықтық реттеуге байланысты. КСРО - дағы ең алғаш жасанды жер серігін ұшырған 40 жыл ішінде ғарыш техникасының дамып кеткендігі соншалық, тиісті мемлекеттер ғарыш құқығының нормаларын, соның ішінде ғарышты игеру процесі барысында ғарыш кеңістігі мен қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғауға байланысты нормаларды, тек қана халықаралық шарттар жасасу жолымен қалыптастырады, халықаралық әдет арқылы емес, бұл халықаралық тәжірибеге қойылатын негізгі үш талаптың бірімен байланысты, нақтырақ айтсақ оның қолданылу ұзақтылығы, мемлекеттердің ғарыштағы қызметінің техникалық қамсыздандырылуының жылдам өзгеруі, тез арада құқықтық рәсімделуді де талап етеді.

Екіншіден, ғарышты зерттеу мен пайдалану процесі барысында туындайтын түрлі ғылыми - техникалық сұрақтар мен глобальді экологиялық мәселелерге нақты және арнайы сипат тән, бұл жағдай жан - жақты және нақты анықталған жүріс - тұрыс ережесін қажет етеді. Соңғысына айтарлықтай дәрежеде қол жеткізу халықаралық шарт жасасу арқылы жүзеге асырылмақ, онда оған қатысушы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері нақты анықталады. Ал, халықаралық әдетке қатысты

айтарымыз, онда жүріс -тұрыстың нақты, анық ережелері емес, тек жалпы қағидалар орын алған және қамтылған.

Үшіншіден, халықаралық шарт, халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде бар немесе қалыптасқан қатынастарды реттеп қана қоймай, оның ережелері болашақта туындайтын қатынастарды да қарастырады. Ал, халықаралық әдет болса халықаралық қатынастар тәжірибесінде қалыптасқан қатынастардан және тәжірибеден туындайды, сол себепті ол болашақта мемлекеттер арасында туындайтын жаңа қатынастарды реттей алмайды. Ғарыш құқығында осындай жаңа бастаулар үнемі туындап отырады, сондықтан да халықаралық құқықтың қайнар көзі ретіндегі халықаралық әдет, халықаралық шартқа қарағанда ғарыш құқығы үшін қажетсіз болып келеді немесе қажеттілігі шамалы.

Мысалы, Ғарыш бойынша Шарттың 9 - шы бабы анықтағандай Шартқа қатысушы - мемлекеттер ғарыш кеңістігін, айды және басқа да аспан денелерін зерттеу мен пайдалану үшін бөгде заттарды жеткізу барысында жер бетіндегі болуы мүмкін қауіп пен жағымсыз салдардың алдын-алу үшін тиісті шараларды қабылдайды [2].

Бұл нақты уақытта жоқ, бірақ болашақта болуы мүмкін қатынастарды алдын ала анықтау сипатындағы ереже болып табылады. Ал ұқсас сұрақтар тек қана халықаралық шарттар негізінде шешіледі, басқа жолы жоқ.

Сондықтан халықаралық шарттарды жасасу ғарыш құқығының, соның ішінде ғарыш пен қоршаған ортаны қорғауды халықаралық құқықтық реттеудің нормаларын қалыптастырудың ең тиімді жолы болып табылады [3].

Халықаралық әдет - ғұрып. Халықаралық шарт халықаралық ғарыш құқығының негізгі қайнар көзі болып табылады, бірақ бұл айғақ келесідей айғақты жоққа шығара алмайды, яғни халықаралық әдет - ғұрып халықаралық ғарыш құқығының маңызды қайнар көзі болып табылады, ал ол өз кезегінде ғарыш пен қоршаған ортаны қорғауды халықаралық-құқықтық реттеудің де қайнар көзі болып табылады деген сөз.

Біріншіден, ғарыш дәуіріне ену мен ғарышты игерудің халықаралық тәжірибесі, халықаралық әдет - ғұрыптың халықаралық ғарыш құқығының қайнар көздерінің бірі екендігін дәлелдейді, тіпті адамзаттың ғарышты игеру процессі қысқа ғана мерзімде болса да. Ғарышты игерудің кейбір қағидалары халықаралық тәжірибемен туындаған, мысалы, ғарыш кеңістігі мен аспан денелерін зерттеу және пайдалану бостандығы; ғарыш кеңістігі мен аспан денелерін және тағы басқаларын ұлттық иемденуге тыйым салу; ілгеріде аталған қағидалардың барлығы адамзаттың ғарышты игеруінен кейін басталған.

Екіншіден, қазіргі халықаралық құқықта жай норманың пайда болу процессі айтарлықтай қысқарған. Ғылыми, экономикалық және саяси қарым қатынастардың тез дамитындығы себепті, халықаралық әдет - ғұрыпты қалыптастырудың дәстүрлі жолы белгілі-бір өзгерістерге ұшырады. Кейбір халықаралық құқық өкілдерінде тіпті жай нормалардың instant-ы деген түсінік пайда болған [4].

Үшіншіден, ғарышты игеру тәжірибесі дәлелдегендей, ғарышты игеруді халықаралық - құқықтық реттеу, сонымен қатар ғарыш пен қоршаған ортаны қорғауға байланысты көптеген мәселелер осы кезге дейін халықаралық шарт жасасу арқылы шешілген жоқ.

Ілгеріде айтылғандардың негізінде келесідей қорытынды жасауға болады, халықаралық шартқа қарағанда сирек қолданылса да, халықаралық әдет - ғұрып халықаралық ғарыш құқығының маңызды қайнар көздерінің бірі болып табылады.

Ғарыш құқығының басқа да қағидалары. Қазіргі құқықтағы құқықтың жалпы қағидалары ғарыш құқығының қайнар көздерінің қатарында екені сөзсіз. Біз үшін маңыздысы құқықтың жалпы қағидалары дегеніміз не екенін анықтап алу. Халықаралық сот Статутының 38 - ші бабының мәніне сәйкес құқықтың жалпы қағидалары дегеніміз - ол өркениетті елдермен танылатын құқықтық қағидалар.

Ескертетін жағдай, бүгінде өркениетті ұлттар деп - барлық тәуелсіз мемлекеттер танылады. Қазіргі халықаралық өмірде мемлекеттердің арасында олардың құқықтық жүйесіне әсер етпей қоймайтын қоғамдық құрылым, саяси құрылым, экономикалық дамуы салаларындағы айырмашылықтар бар. Құқықтың жалпы қағидалары барлық құқықтық жүйелерге ортақ болатын қағидалардан құралуы тиіс. Артынша, құқықтың жалпы қағидалары барлық өркениетті ұлттардың мақұлдауына ие болуы тиіс; бұл мақұлдау халықаралық шартта немесе әдетте бекітіледі, сондықтан да құқықтың жалпы қағидалары халықаралық құқықтың дербес тәуелсіз қайнар көзі бола алмайды, яғни халықаралық ғарыш құқығына да.

Сот шешімдері жалпы халықаралық құқықтағы сияқты, ғарыш құқығында да шарттық және жай нормаларды шығару процесі барысындағы «қосымша құрал» болып табылады. Бұл жағдай халықаралық соттың және мемлекет ішіндегі соттардың да шешімдеріне қатысты. Ғарышты игерудің дамуы барысында

ғарыш құқығы нормаларын туындату процессі барысында қосымша құрал ретіндегі сот шешімдерінің рөлі артқанымен, ол келер уақытта ғарыш құқығының дербес қайнар көзі бола алмайды.

Құқықтық реттеу әдісі ғарыш кеңістігі және қоршаған ортаны халықаралық - құқықтық қорғау үшін және ғарыш құқығы үшін және жалпы халықаралық құқық үшін ортақ болып табылады. Бұл нақты бір жүріс - тұрыс ережесінің мазмұнын анықтау және оны заңи міндетті деп тануға қатысты мемлекеттер еркінің келісуі болып табылады. Осыған байланысты ғарышты және қоршаған ортаны халықаралық - құқытық реттеудің және ғарыш құқығының және жалпы халықаралық құқықтың қайнар көздерінің бірыңғайлығы жөнінде қорытынды жасауға болады. Олар халықаралық шарт және халықаралық әдет - ғұрып болып танылады.

Жалпы ғарыш құқығының ғарышты және қоршаған ортаны қорғауды халықаралық - құқықтық реттеудің нормаларының құрылу процессі барысында негізгі, шешуші рөл халықаралық шартқа тиесілі.

1959-шы жылы Е.А. Коровин былай деп жазған: «Ғарышты барлық адамзаттың ортақ пайдалануындағы обьекті деп қарастырсақ (res communis omnium), онда ортақ пайдаланудың әдістері мен ережелері барлық пайдаланушылардың өзара келісімімен бекітілуі мүмкін, яғни халықаралық келісім арқылы» [5].

Егер де шарттық нормалар жоқ болса, Е.А. Коровин, ғарыш кеңістігінің халықаралық режиміне байланысты сұрақтарды «әрекет етуші халықаралық құқықтың мемлекеттік және халықаралық тәжірибедегі үлгілер тұрғысында және оның ережелерін ғылыми талқылау тұрғысынан» шешу мүмкіндігін пайдалану керек деп таныған [6].

Уақыт өте келе, шарттық нормалармен реттелмейтін, кейбір ғарыш қызметі түрлеріндегі мұндай мемлекеттік тәжірибе халықаралық қарым -қатынастың қатысушыларымен халықаралық құқықтың жай нормасы түрінде тұрақты сипатқа ие болуы мүмкін.

Халықаралық әдет - ғұрып - ол ұзақ уақыт аралығы мен жалпыға ортақ қолданудың нәтижесінде халықаралық қарым-қатынастың қатысушыларымен құқықтық немесе заңи міндетті норма ретінде танылған жүріс - тұрыс ережесі.

Г.П. Жуков өз кітабында былай деген: «Халықаралық әдет - ғұрып ғарыш құқығының нормаларының қалыптасу процессі барысында, сөзсіз белгілі бір рөл ойнауы әсерін тигізуі мүмкін. Дегенмен, осы мағынадағы оның мәнін асыра бағалауға болмайды» [7].

П.И. Лукин бір жағынан халықаралық әдет - ғұрыпты ғарыш құқығының қайнар көзі ретіндегі рөлін жоққа шығарып отырса немесе теріс бағаласа, ал екінші жағынан, түрлі мемлекеттердің ғарышкерлерінің арасында ғарышты игерудің ең жоғарғы дәрежесіне жеткен кезінде келесідей қатынастар туындайтынын болжайды немесе жоққа шығармайды, яғни болашақта уақыт өте келе халықаралық - құқықтық әдетке айналатын және осы түрлі елдердің ғарышкерлерінің белгілі бір жүріс - тұрыстарының дұрыстығына негізделген әдет - ғұрыптар халықаралық ғарыш құқығының қосымша қайнар көзі бола алады.

Ғарышты және қоршаған ортаны қорғауды халықаралық - құқықтық реттеудің нормаларының халықаралық шарт жасасу арқылы қалыптасуының мысалы ретінде келесілерді атауға болады:

Ғарыш кеңістігін, сонымен қатар Айды және басқа да аспан денелерін зерттеу мен пайдаланудағы мемлекеттердің қызметінің қағидалары туралы Шарт (1967 жыл);

Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне жіберілген обьектілерді қайтару туралы Келісім (1968 жыл);

Ғарыш обьектілерімен келтірілген зиян үшін халықаралық жауаптылық туралы Конвенция (1972 жыл);

Ғарыш кеңістігіне жіберілетін обьектілерді тіркеу туралы Конвенция (1975 жыл);

Табиғи ортаға әсер ететін құралды, әскери және басқа да қастық сипатта пайдалануға тыйым салу туралы Конвенция (1977 жыл);

Табиғи ортаға әсер ететін құралды, әскери және басқа да қастық сипатта пайдалануға тыйым салу туралы Конвенция (1978 жыл);

Айда және басқа да аспан денелеріндегі мемлекеттердің қызметі туралы Келісім (1979 жыл) және тағы басқалары.

1967 жылғы Ғарыш кеңістігін, сонымен қатар Айды және басқа да аспан денелерін зерттеу мен пайдаланудағы мемлекеттердің қызметінің қағидалары туралы Шартта ғарышты және қоршаған ортаны қорғауды халықаралық - құқықтық реттеудің тек қана негізгі, ең басты қағидалары мен нормалары көрініс тапқан. Оның мазмұны ғарыш кеңістігі мен қоршаған ортаға келтірілген зиян мен оның алдын алу мәселесін ғана емес, сонымен қатар зиян келтіргеннен кейінгі оның орнын толтыру мен түзету шараларын да қамтиды.

Ғарышты игерудің алғашқы кезеңінде ғарышты әскери мақсатта пайдалану дамыған мемлекеттердің басты мақсаттарының бірі болғандығы барлығына белгілі. Бірақ ғарыштағы кез келген әскери іс - қимыл халықаралық қауымдастыққа айтарлықтай қауіп төндіреді және қауіпсіздігіне қатер төндіреді, ал оның тікелей салдары болып экологиялық тепе - теңдіктің бұзылуы ғарыш кеңістігінің және қоршаған ортаның ластануы танылады. Сондықтан да, Ғарыш туралы Шарттағы, ғарыш кеңістігін әскери мақсатта пайдалануға тыйым салу туралы ереже ғарышты және қоршаған ортаны халықаралық - құқықтық реттеудің қайнар көзі болуы тиіс. Шарттың 4 - ші бабында көрсетілгендей: 1) «Шартқа қатысушы - мемлекеттер Жер шарының орбитасына ядролық қаруы бар немесе жалпыны жоятын кез келген қару түрі бар обьектілерді шығармауға, осындай қаруларды аспан денелеріне қондырмауға және осындай қаруларды ғарыш кеңістігінде қандай да бір түрде орналастырмауға міндеттенеді» және 2) «Ай және басқа да аспан денелері Шартқа қатысушы - мемлекеттердің барлығымен тек бейбітшілік мақсатта пайдаланылады». Аспан денелерінде әскери базаларды, құрылымдар мен құрылғыларды салуға, қарудың кез келген түріне сынақ жасауға және әскери іс - қимылдарды жасауға тыйым салынады.

Ғылыми зерттеулер мен қандай да бір бейбітшілік мақсатта әскери персоналды пайдалануға тыйым салынбайды. Сонымен қатар, Айды және басқа да аспан денелерін бейбітшілік мақсатта зерттеу үшін қажетті кез келген құралдар мен құрылғыларды пайдалануға тыйым салынбайды.

4 - ші баптың құрылымы төмендегідей тұжырым жасауға жол береді, яғни бұл бап жер шарының орбитасының айналасында бақылау - іздеу, ракетаға қарсы, коммуникациялық және басқа да әскери мақсаттарда ғарыш аппараттарын пайдалануға тыйым салмайды делінген және 4 - ші бап аспан денелерінің демилитаризациясын жарияласа да, ғарыш кеңістігінде әскери іс-қимылдарды жүргізуге және оның әскери сипатта пайдаланылуына тыйым салынбайды, егер де бұндай қызмет халықаралық құқық пен БҰҰ - ның Жарғысына сәйкес атқарылса және ол агрессиялық сипатта болмаса.

«Бейбітшілік мақсатта пайдалану» деген ұғым «агрессиялық сипаттың жоқ болуы» деген мағына деп интерпретациялауға болмайды деген көз қарас біз үшін ең дұрысы болса керек, яғни кез келген әскери іс - қимыл «бейбітшілік сипатта емес» деп қарастыру, тіпті ол қорғаныс мақсатында немесе халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап тұру мен қалпына келтіруді көздесе де.

Ескертетін жағдай, бұл ереженің жалпылық сипатта болуы және онда көрсетілген мамлекеттердің міндеттерінің онша анық еместігі. Біріншіден, Шартта ғарыш қызметі туралы сөз болып отыр. Солай дегенмен де, әңгіме тек ғарыш кеңістігін зерттеу мен зерделеу жөнінде ғана болып отыр, ал ғарыш кеңістігін пайдалану туралы ешнәрсе жоқ, себебі біздің білуімізше ғарыш кеңістігін пайдалану адамзаттың ғарыштағы тәжірибесінде маңыздырақ болып табылады. Екіншіден, зиянды ластанудан сақтану тек ғарыш кеңістігінің ауқымымен шектелген, атмосфераның және Жердің үстінің ластануын қарастырмаған; Үшіншіден, жер шарының жағымсыз жаққа өзгеруі бөгде затпен ластануымен ғана шектеледі - қайта ластанатын, ластанудың басқа себептеріне қатысы жоқ; төртіншіден, кейбір ұғымдарға қатысты талқылаулар мен анықтамалардың жоқтығы, мысалы, жағымсыз өзгерістер, зиянды ластану және қажет жағдайларда және тағысын тағы.

Бұл жағдай әлемдегі көптеген халықаралық заңгер мамандармен түсіндіріледі. Мысалы, ағылшындық халықаралық құқықтың маманы Хермида Джулиан, ғарыш бойынша Шарттың 9 - шы бабының мазмұнын түпкілікті анализдей отырып, бұл ереженің нақты анық еместігін ескертеді [8].

Біздің ойымызша, Жауаптылық туралы Конвенцияның негізгі кемшіліктері болып, ұсыныстық сипаттағы анықтамаларды қабылдауға мүмкіндік беретін (XIX - шы бап, 2 - ші тармақ) және ғарыш кеңістігіне жіберілген обьектілерді халықаралық тіркеу туралы ереженің жоқтығы танылады. Басшылыққа алынатын құқық туралы сұрақ, нақтырақ айтсақ, шығынды өтеудің сипаты туралы XII - ші бапта қалай шешілгендігі, Жауаптылық туралы Конвенцияның кемшілігі деп қарастырылмауы тиіс, әсіресе Конвенцияға сәйкес жәбірленушіге келтірілген шығынды өтеудің көлемін шектемегендігін ескерсек.

Халықаралық құқықты, жария және жеке құқықты пайдалану және әділеттілік пен шынайылық қағидаларын қолдану, сөзсіз жәбірленушілерге тиісті шығындарын әділ түрде өтелуіне кепілдік береді. Бұнымен қатар, Құқықтық комитеттің төрағасы жариялағандай, XII - ші баптың ережелерін преамбуланың төртінші тармағының контекстінде түсіну қажет, ол жерде Конвенцияның қатысушыларына қатысты былай деп көрсетілген: «ғарыш обьектілерімен келтірілген зиян үшін жауаптылыққа қатысты тиімді халықаралық ережелер мен процедуралар дайындау қажеттілігі, сонымен қатар осындай зиян шеккен жәбірленушілерге Конвенцияның ережелеріне сәйкес толық және әділ, тезарада шығындарын өтеуді қамтамасыз ету».

ӘДЕБИЕТ

[1] Колосов Ю.М. Действующее международное право. – М., 1968. - Т. 3. – С. 58.
[2] Hermida, J. Legal basis for a national space legislation. - Dordrecht Boston: Kluwer Academic, 2004. - 273 p.
[3] Gal, G. Space Law Imprint. - LeydenSijthoff, 1969. - 132 p.
[4] Brownlie, I. A Survey of International Customary Rules of Environmental Protection // 13 nat.resourses J. – London, 1973. - P. 179.
[5] Колосов, Ю.М. Борьба СССР за мирное использование космоса 1957-1985. – М., 1985. - Т.1-2. - 430 с
[6] Patricia, B., Boyle, A.E. International Law and the Environment // Printed in Great Britain, 2002. Second Ed. - Oxford, 2002. – 930 p.
[7] Коровин, Е.А. О нейтрализации и демилитаризации космоса // Международная жизнь. - 1959. - №11. – С. 118.
[8] Коровин, Е.А. О международном режиме космического пространства // Международная жизнь. - 1959. - №1. – С. 79.

REFERENCES

[1] Kolosov, YM Existing international law. - M., 1968.- T. 3. - P. 58.
[2] Hermida, J. Legal basis for a national space legislation. - Dordrecht Boston: Kluwer Academic, 2004. - 273 p.
[3] Gal, G. Space Law Imprint. - LeydenSijthoff, 1969. - 132 p.
[4] Brownlie, I. A Survey of International Customary Rules of Environmental Protection // 13 nat.resourses J. - London, 1973. - P. 179.
[5] Kolosov, YM The struggle of the USSR for the peaceful use of outer space 1957-1985. - M., 1985. - T.1-2. - 430.
[6] Patricia, B., Boyle, AE International Law and the Environment // Printed in Great Britain, 2002. Second Ed. - Oxford, 2002. - 930 p.
[7] Korovin, EA About neutralization and demilitarization of space // International Affairs. - 1959. - №11. - P. 118.
[8] Korovin, EA On the international regime of outer space // International Affairs. - 1959. - №1. - P. 79.

ПОНЯТИЕ И ОСОБЕННОСТИ МЕЖДУНАРОДНО ПРАВОВОЙ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ОТ НЕГАТИВНЫХ ПОСЛЕДСТВИЙ КОСМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Кабанбаева Гулбакыт Борибековна[1]

[1]Доктор PhD. И.о. доцента кафедры таможенного, финансового и экологического права юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. г.Алматы, Казахстан.

Ключевые слова: космическая деятельность, международное экологическое право, негативные последствия, экологическая безопасность, космическое право.

Резюме. В настоящей статье всесторонне и комплексно рассмотрено одно из наиболее актуальных вопросов международного космического права и международного экологического права касательно экологической безопасности космической деятельности. Исследовано содержание международного и национального законодательства. В данной статье исследованы принципы международно правовой охраны окружающей среды от негативных последствий космической деятельности, а также исследованы вопросы ответственности за загрязнение окружающей среды и космического пространства. В ходе исследования подготовлены рекомендации по совершенствованию текущего законодательства а также теоретические заключения.

Методологическую основу статьи составили сравнительно-правовой метод, формально-логический, системно структурный анализ, научная абстракция, единство обьективного и субьективного в процессе развития правовых процессов, экспертной оценки, контент – анализ документов и материалов.

Автор, изучая вопросы международно-правовой охраны от негативных последсвий космической деятельности приходит к заключению что усиление эффективности правотворческой и правоприменительной деятельности ООН, показывает возможность создания и роли международной организаций по охране окружающей среды от негативных последствий космической деятельности.

Сведения об авторах:

Кабанбаева Гулбакыт Борибековна, - Доктор PhD. и.о. доцента кафедры таможенного, финансового и экологического права юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. г.Алматы, Казахстан. gulbaht@mail.ru

Поступила 18.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDK 336.741.28

To a question of concept of state regulation of legal relations in the subsurface use sphere

B.Kalymbek
b_kalymbek@mail.ru

Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Key words: a subsurface, a state administration, a protection of environment, a state regulation, government bodies, an investor.

Abstract. In this scientific article the opinion of scientists on concept of public administration, essence of the state in the subsurface use sphere is considered. The general content of public administration and state regulation, their interrelation and legal problems is characterized. Also classification of government bodies, their system in the sphere of protection of subsurface use and environment is considered. Carrying out the review on function of state regulation in subsurface use, the offer on their development is offered. Defining a role from the different points of view of regulation of the state, its special importance is specified.

ӘОК 336.741.28

Қазақстандағы жер қойнауын пайдалану саласында құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мәселелері

Қалымбек Б.
b_kalymbek@mail.ru

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы. Қазақстан.

Тірек сөздер: мемлекеттік басқару, жер қойнауын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік реттеу, мемлекеттік органдар, инвестор.

Аннотация. Бұл ғылыми мақалада жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттің мәні, мемлекеттік басқару ұғымына қатысты ғалымдардың пікірлері айтылады. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеудің жалпы мазмұны, өзара байланысы және құқықтық мәселелері сипатталады. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудағы мемлекеттік органдардың жіктелуі, жүйесі таныстырылады. Жер қойнауын пайдаланудағы мемлекеттік реттеу функцияларына шолу жасау арқылы олардың жетілдіру ұсыныстары қарастырылады. Мемлекеттің аталған саладағы реттеу ролі әр түрлі тұрғыда айқындалып, оның маңыздылығы көрсетіледі.

Жалпыға мәлім, мемлекет бұл – тарихи және күрделі даму үстіндегі қоғамдық-саяси құбылыс. Мемлекеттің жалпы ұғымына, оның негізі мен қоғамда алатын орнына қатысты қоғамда әртүрлі ойлар қалыптасқан. Қоғамның ұйымдасқан нысаны ретінде мемлекет оның тиісінше басқарылуы мен біртұтастығын сақтауға және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған функцияларды орындауға міндетті. Мемлекет бір жағынан жалпы ұлттық және қоғамның мүдделерін қорғауда тәуелсіз болса, екінші жағынан құқықтық қатынастың тең тарабы ретінде азаматтық құқықтық қатынастарға дербес қатысу құқығына ие. Мемлекет бүкіл қоғамда және өзінің қызметінде заңдылық принципін басшылыққа алады.

А.А. Матюхин «мемлекеттің қызметінің заңдылығы неге байланысты болады?» - деген сұрағына мынадай жауап береді: «мемлекет қызметінің заңды болуы оның бөлек тұлғалардың, қоғамдық және

саяси институттардың заң алдында жауапкершіліктерін белгілеп қана қоймай, өзінің де жауапкершілігін белгілеу болып табылады». Мемлекет өзін құқық аясында қызмет ететін, өзін осы құқықпен шектейтін институт ретінде көрсетеді [2, 187 б.].

Қоғамның бірқалыпты сақталуы және тәртіптілік пен заңдылықты орнату мақсатында, сондай-ақ, мемлекеттің одан әрі дамуы үшін әрбір мемлекет өзіне тән басқару қызметін жүзеге асырады. Басқару қызметінсіз мемлекет өмір сүре алмайды.

Бүгінде мемлекеттік басқару ұғымына қатысты ғалымдардың әртүрлі ой-пікірлері бар. Мысалы, ғалым О.С. Колбасовтың пікірінше, мемлекеттік басқару ұғымына нақты мемлекеттік органдардың қызметін жатқызу керек [3, 8 б.]. Ал, Г.В. Атаманчук мемлекеттік басқару ұғымына анықтама берген кезде биліктік ықпал ету принципін ерекше атап өтеді. Ғалымның ойынша, мелекеттік басқару бұл – қоғамдық жүйеге мемлекеттің ғылыми негізделген, жоспарлы, тұрақты және биліктік әсер етуі болып табылады. [4, 19 б.].

Келтірілген анықтама мемлекеттік басқару ұғымынң толық анықтамасын бермейді. Қоғамды реформалау, республиканың экономикалық және әлеуметттік салаларында демократиялық тенденцияның артуы «басқару» терминін одан әрі кеңінен түсінуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, ғалым Н.Б. Мұхитдиновтың ұстанған позициясы жаңашыл болып есептеледі. Ғалымның ұсынысы бойынша, мемлекеттің басқару белсенділігін көрсету үшін «ықпал ету» терминін «атқару-билік ету қызметі» ұғымымен ауыстырған жөн. Оның пікірі, біздің ойымызша, басқару тек қоғамдық қатынасқа қатысушыларға ғана әсер етіп қоймай, олардың арасындағы өзара байланысын да реттейді деген дәлелмен тұспа-тұс келеді [5, 27 б.]. Жалпы түсінгеніміздей, мемлекеттік басқару тек бір ғана қоғамдық қатынастарды, яғни әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық қатынастарды реттеумен шектелмейді, ол бүкіл қоғамның, мемлекеттік

органдардың тиісті дәрежеде қызмет атқаруына басшылық жасайды.

Қазіргі таңда мемлекеттің тұрақты дамуын жүзеге асыру үшін қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің бірден-бір кепілі мемлекеттік басқару арқылы жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелері мемлекеттің басты назарында болатын бағыттардың бірі.

Жер қойнауын пайдалану қатынастары саласындағы мемлекеттік басқару пайдалы қазбаларға меншік құқығы мен мемлекет билігінің бүкіл аумақта қолдану құқығы негізінен туындайтын өкілді және атқарушы органдардың функциялары болып табылады. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің басты мақсаты экономикалық, әкімшілік және құқықтық іс-әрекеттер арқылы қоршаған ортаны қорғау мен жер қойнауын ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету болып есептеледі.

Жер қойнауын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару бұл– қоғам мен қоршаған ортаның өзара байланыс негізінде экологиялық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың атқарушылық биліктік қызметтерінің бірі. Экология саласындағы мемлекеттік басқару органдарының қызметі ұлттық заңнама аясында реттеледі, бұл мемлекеттің экологиялық саясатының қалыптасуына ықпал етеді.

Бүгінде жер қойнауын пайдалану қатынастары құқықтық қатынастардың бір түрі болып табылғандықтан, оның тараптарының бірі ретінде міндетті түрде мемлекет қатысады, дәлірек айтқанда, мемлекет бұл қатынастарға жер қойнауының қорғалуын, ұтымды және нысаналы мақсатта пайдаланылуын қамтамасыз етуді, заңдылықты сақтай отырып жүзеге асыратын құзыретті мемлекеттік органдар арқылы қатысады.

Қазіргі кезде заң әдебиеттерінде жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғаудағы мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеу терминдерінің өзара байланысы бар екендігі анық. Егер де мемлекеттік басқару ұйымдастырушылық қызметті көрсететін болса, жер қойнауын пайдалану қатынастарын мемлекеттік реттеу сол қызметтің мазмұнын білдіреді. Сондықтан да, бұл ұғымдарды бөліп-жарып қарастыруға болмайды. Жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау қатынастарын мемлекеттік реттеудің мазмұнына: қоршаған ортаны қорғау мен қорғауға арналған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық алғышарттарды құру және қамтамасыз ету; жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау кезінде мемлекеттік бақылауды жүргізу; жер қойнауын пайдалану қатынастары субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау; жер қойнауын пайдалану саласындағы құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды заңды жауапкершілікке тарту жатады [6, 412 б.].

Мемлекет барлық шараларды ұйымдастырушы ретінде жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласында қолданыстағы құқықтық құралдар мен әдістермен бақылау жүргізе алады. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «бақылау» деген сөзге анықтама

береді. Бұған сәйкес, бақылау – белгілі бір объектіні арнайы қадағалап қарап, зерттеп, қабылдап түсіну әдісі. Ал, жер қойнауын пайдалану мен қорғауды бақылау Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың элементі ретінде өзіндік мақсат пен міндеттерге ие, олар: мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қорғауына қатысты талаптарды, нормаларды және басқа да шараларды тиісті түрде орындауды қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы жер қойнауы туралы заңдарының бұзылуын анықтау және жою; азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру; жер қойнауын пайдалану ережелерін, жер қойнауы кадастры мен жер қойнауы мониторингісін жүргізудің дұрыстығын сақтау; жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қорғауға қатысты шаралардың орындалмау фактілерін анықтау болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудағы мемлекеттік органдарды үш топқа жіктеуге болады: 1) жалпы өкілетті органдар; 2) ведомстволық өкілетті органдар; 3) арнайы өкілетті органдар [7, 86 б.]. Жоғарыда қарастырылған пікірлерді саралай отырып, олардың әрқайсысының өмір сүруге құқығы бар деп есептеуге толық болады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселені шешуде басты сұрақ болып белгіл мемлекеттік органдардың қандай орын алатындығы, одан кейін қандай өкілеттіктері бар екендігі, қандай қызметтерді атқаратындығы табылады. Қазақстан Республикасында жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық мәселе ретінде сипаттай келе, қандай органдардың тек жалпы немесе тек арнайы және басқа функцияларды атқаратындығын анықтау өте қиын.

«Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану» заңына сай, жер қойнауын мемлекеттік басқару жүйесіне және жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілеттік органдардың құрамына мыналар: 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі (16-бап); 2) Құзыретті орган (17-бап); 3) Мұнай мен газ саласындағы уәкілетті орган (18-бап); 4) Индустриялық саясатты реттеу саласындағы уәкілетті орган (19-бап); 5) Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (20-бап); 6) Пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия және кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар (21-бап); 7) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган (25-бап); 8) Жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де уәкілетті органдар (26-бап); 9) Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары (27-бап) жатады [1]. Жер қойнауын пайдалану саласындағы көрсетілген мемлекеттік уәкілеттік органдардың құрылысының соншалықты күрделігіне қарамастан, оның тиімді қызмет атқаратындығында күмән туындайды. Мемлекет экономикасының осындай маңызды саласындағы қатынастарды реттеуді жүзеге асыратына, осыншама мемлекеттік органдардың болу себебінен өз қызметтерін тиісінше қамтамасыз ете алмайды. Қазақстан Республикасының экономикасының даму кезеңдерінде аталған мемлекеттік құрылым бірнеше рет өзгертілген болатын, алайда бұған қарамастан мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар арасында әлі де дау-дамайлар толастамай жатыр.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу функцияларын жетілдіру үшін, біздің ойымызша, мынадай маңызды іс-әрекеттер атқарылуы тиіс. Біріншіден, ұқсас жүргізу пәніндері бар мемлекеттік органдардың функцияларының қайталануы мен өкілеттіктерінің түйісулерін қысқарту қажет. Екіншіден, мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау іс-шараларына бөлінетін қаржыны азайтуымыз керек. Үшіншіден, ведомсвтолар арасындағы кедергілер мен жер қойнауын пайдаланушыларға ықпал ету аясын ұлғайтуға бағытталған күресті жоюуымыз тиіс. Төртіншіден, шаруашылық жүргізуші субъектілерді (жер қойнауын пайдаланушыларды) тексеру жүргізумен алаңдатуды азайту керек. Бұл ұсыныстардың барлығы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуының және экономикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің, жер қойнауын игеру қатынастарын құқықтық реттеудің сенімді құқықтық механизмдерін жасаудың маңызды шарты болып саналады. Мұндай бағыт жер қойнауы учаскелерінің тізімі бойынша конкурс өткізу, жер қойнауын пайдалану құқығын беру, жер қойнауы учаскелерін пайдалану келісім шарттарын жасасу мен өзгерту кездерінде сыбайласу мүмкіндіктерін азайтуға және жоюға өз ықпалын тигізеді.

Жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауда мемлекеттік реттеудің негізгі функцияларына: жер қойнауы мониторингі мен кадастрын жүргізу, экологиялық сараптама, қорашаған ортаны қорғау мен жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік бақылау жүргізу, жер қойнауын пайдаланғаны үшін ақы төлеу, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақыны белгілеуді жатқызуға болады. Бұл функциялардың барлығы нормативтік құқықтық актілерде көрініс тапқан. Кеңес Үкіметі ыдырағанға дейін жер қойнауын пайдалану антропогендік қызметтің саласы ретінде мемлекеттің ғана қолында болған. XX ғасырдың 90-жылдарының бірінші бөліктерінде Қазақстанда жер қойнауын

пайдалану объектілері (жер қойнауы учаскелері, пайдалы қазбалардың кен орындары, инфрақұрылыс және т.б.) бірте-бірте жеке компаниялардың, соның ішінде шет елдік компаниялардың иеліктеріне өте бастады. Жеке жер пайдаланушыларға шаруашылық жүргізу функциясы, инвестициялау, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, кен орындарын табу, пайдалы қазбаларды барлау мен минералдық шикізаттарды қайта өңдеу жұмыстарын жүргізу артылды. Мемлекеттік шаруашылық субъектілерінің шектеулі қатысуымен жеке секторға жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбалар мен өзге де минералдық шикізат ресурстарына билік ету құқықтары берілді [8, 12 б.].

Бұның негізінде жеке шаруашылық жүргізу субъектілері, соның шет елдік компаниялардың үлесі бар комапниялар, мемлекеттің меншігі болып табылатын жер қойнауын пайдалану объектілерін әкімшілік-шаруашылық еркіндігін және одан түске пайданы иеленді. Ал, мемлекет өз кезегінде жер қойнауын пайдалану талаптарын белгілеу мен оларды жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан орынадауын қадағалауға бағытталған реттеушілік және қадағалу функцияларын қалдырды.

Заң әдебиеттерінде экономика саласындағы қатынастарды мемлекеттің реттеудегі рөлі әр түрлі тұрғыда қарастырылады. Мысалы, жер қойнауын пайдалану қатынастарындағы мемлекеттің рөлін ғалымдар Л.Н. Нұрсұлтанова және С.З. Зимановтың мемлекеттің шет ел инвесторларымен шарттық қатынастарындағы рөліне арналған теориялық идеяларын негізге ала отырып, мынадай қорытындыға келеді:

- мемлекет жер қойнауын пайдаланушы инвесторлармен шарттың аясында теңдей серіктес және талаптардың орындалуына жауапты бола отырып Қазақстан Республикасының уәкілетті органы арқылы инвесторлармен жер қойнауын пайдалану туралы шарт жасасады, сол арқылы өзінің конституциялық және функционалдық құқық қабілеттігін жүзеге асырады, мемлекеттің қауіпсіздік мүдделерін білдіреді;

- мемлекеттің мұнай кен орындарын игеру жобасына қатысты акциялардың бір бөлігін иелену құқығын мемлекеттің саяси-құқықтық статусы және ең бірінші құқығы деп қарастыру керек;

- мемлекеттің сатуға шығарылған жоба пакетіндегі бөлігін иелену мемлекеттің басты құқығы болып есептеледі;

- мұнай саласына қатысты шарттық қатынастарда мемлекет пен инвесторлардың мүдделерін кезең-кезеңімен қанағаттандырудың тұрақты факторы әрекет етеді;

- мемлекет пен инвесторлар арасындағы шарттық қатынастарда құқықтық аспектілермен қатар, өнімді бөлу жөніндегі келісімде моралдық аспектілер де басты рөлге ие;

- мемлекеттің мүмкіндігі мен оның қызметінің нәтижелігі мемлекеттің Қазақстан халқы үшін өзінің ұлттық мүдделерін қорғау мен қамтамасыз етумен бағаланады;

- шарттық қатынастарда мемлекет екі рөлді қатар алып жүреді- біріншіден, тең құқықты субъекті ретінде, екіншіден, республиканың экономикалық және саяси қауіпсіздігін қаматамасыз ету функциясын иеленуші ретінде[9, 11 б.];

Жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттің алатын орны мен рөлін өзара жақындату мақсатында мынадай негізігі ережелер заңнамада көрініс табуы тиіс.

Біріншіден, жер қойнауын пайдалану қатынастарын реттеу кезінде, жер қойнауына мемлекеттік меншікте екендігін басшылыққа ала отырып, басымдықты мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге беруіміз тиіс. Алайда, аталған басымдықтар жария-құқықтық бастаулардың жеке құқықтық бастаулармен балансын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңнамаларына негізделуі тиіс.

Екіншіден, жария қатынастардың тәуелсіз субъектісі ретінде, ал азаматтық-құқықтық қатынастарда тең құқылы субъект ретінде мемлекеттің өкілеттігін бөліп қарастыруымыз керек.

Үшіншіден, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен егемендігі үшін маңызы зор жер қойнауы ресурстарының стратегиялық және сирек түрлерімен (стратегиялық минералды ресурстар, ірі кен орындары) Қазақстанның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жер қойнауының мемлекеттік қорынан жеке жер қойнауы учаскелерін (пайдаланылатын және пайдаланылмайтын) белгілеп, оларға стратегиялық маңызды нысан мәртебесін беру керек. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі стратегиялық жер қойнауы учаскелер тізімін бекітіп қойғанымен, бұл тізімге стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерімен қатар ұсақ жер қойнауы учаскелері де еніп кеткен. Мұның өзі аталған нормативтік-құқықтық актінің сапасын түсіріп, мемлекеттік маңызды объектілерді анықтау ынтасын төмендетіп жіберді. Тізімдегі стратегиялық жер қойнауы учаскелер санын қысқартып, тек шынайы стратегиялық маңызды жер қойнауы учаскелерін қалдыруымыз керек, сондықтан да бұл тізімді қайта қарастырған жөн

Мемлекетте қаржылық және технологиялық мүмкіндіктер, шет елдік инвестициялар болмаған кезде, болашақта ұлттық және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін көмірсутек шикізаты кен орындарының бірқатарын, мысалы, Каспий теңізінің солтүстігіндегі оффшорлық аймақтағы кен орындарын резервтік кен орындарының республикалық қорына енгізіп қою дұрыс қадам болып

саналады. Ал, ұсақ және орташа кен орындарды стратегиялық жер қойнауы учаскелер тізімінен шығарып, оларды негізінен әлеуметтік маңызы бар жер қойнауы учаскесі ретінде игеріп, мемлекеттің ішкі қажеттіліктерін өтеуге арнауымыз керек. Оларға қатысты мемлекеттік-құқықтық реттеудің стратегиялық объектілерге тән ерекше ережелер қолданылмауы тиіс.

Жалпы, жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің реттеу функциясы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік реттеу өте күрделі процесс болып табылғандықтан, оны толығымен түсіну үшін оның жекелеген қызметтерін қарастыру қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы. 1996 жылғы 27 қаңтарда қабылданған Заң, № 291-IV - Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы. – Алматы.: ЮРИСТ, 2011. – 96 б.

[2] Матюхин А.А., Государство в сфере права. Институциональный подход.– Алматы, 2000. –.187 с.

[3] Колбасов О.С. Экология: политика – право. М.,1976. - 180 с.

[4] Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. Москва: «Омега-Л», 2004. – 301с.

[5] Мухитдинов Н.Б. Основы горного права. – Алматы., 1998. – С.27-28.

[6] Боголюбов С.А., Бринчук М.М., Ведышева О.Н. Аграрное право.- Москва: Проспект, 2001.- 432 с.

[7] Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасындағы жер құқық қатынастары. - Алматы: «Жеті Жарғы», 1997.- 264 б.

[8] Мухитдинов Н.Б. Правовые проблемы пользования недрами. Алма-ата, 1977 - С.113-114.

[9] Нурсултанова Л.Н. Нефтегазовая промышленность современного Казахстана: исторический аспект (1985-2007 гг.) //Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Алматы, 2008. – С.11-12.

REFERENCES

[1] Kazakhstan Respublikasy. 1996 zhylgy 27 kantarda kabyldangan Zan, 291-IV- Zher koinauy zhane zher koinauyn paidalanu turaly.- Almaty.: JURIST,2011.-96 b.

[2] Matiuhin A.A., Gosudarstvo v sphere prava. Institutsionalnyi podhod.- Almaty, 2000.-.187 s.

[3] Kolbasov O.S. Ecologia: politika-prava. M., 1976.-180s.

[4] Atamanchuk G.V. Teoria gosudarstvennogo upravlenia. Moskva: «Omega-L», 2004.- 301s.

[5] Muhitdinov N.B. Osnovy gornogo prava.- Almaty., 1998.- S.27-28.

[6] Bogoluibov S.A., Brinchuk M.M., Vedysheva O.N. Agrarnoe pravo.-Moskva: Prospekt,2001.-432s.

[7] Bekturganov A.E. Kazakhstan Respublikasyndagy zher kukyk katynastary.- Almaty: «Zheti Zhargy», 1997.- 264s.

[8] Muhitdinov N.B. Pravovye problemy polzovania nedrami.Alma-Ata, 1977-S.113-114.

[9] Nursultanova L.N. Nephtegazovaia promyshlennost sovremennogo Kazakhstana: istoricheskii aspekt(1985-2007 gg.) // Avtorepherat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni doktora istoricheskih nauk.- Almaty, 2008 S.11-12.

К ВОПРОСУ О ПОНЯТИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРАВОВЫХ ОТНОШЕНИЙ В СФЕРЕ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ

Калымбек Б.[1]

b_kalymbek@mail.ru

[1]Кандидат юридических наук. Доцент кафедры таможенного, финансового и экологического права юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. Город Алматы, Казахстан.

Ключевые слова: недропользования, государственное управление, защита окружающей среды, государственное регулирование, государственные органы, инвестор.

Аннотация. В данной научной статье рассмотрено мнение ученых о понятии государственного управления, сущности государства в сфере недропользования. Характеризуется общее содержание государственного управления и государственного регулирования, их взаимосвязь и правовые проблемы. Также рассматривается классификация государственных органов, их система в сфере защиты недропользования и окружающей среды. Проводя обзор на функции государственного регулирования в недропользовании, предлагается предложение об их развитии. Определяя роль с разных точек зрения регулирования государства, указывается его особая важность.

Kalymbek B., Master of Laws.

Senior Lecturer of the Department of Customs, Financial and Ecological Law of the Law Faculty of the Kazakh National University named after al-Farabi. b_kalymbek@mail.ru Телефон: 87017216860

Поступила 15.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 929.6:008 (1-11)

Seals of Khans as heraldic attribute of state power in the Turko-Mongolian culture

N.A.Dossanov
nuur@mail.ru
Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleymenov, Almaty, Republic of Kazakhstan

Key words: Turko-Mongolian, the attributes of power, seal of Khan, sphragistics, Muslim sphragistics, tamga.

Abstract. The study of seals personalities authorities medieval khanate including Kazakh Khanate is an urgent problem in the study of unexplored sides of the country's history to date. This article describes the main attributes khan seals used as a symbol of state power in the Turko-Mongolian culture and their traditional formation of the steppe in the later states.

УДК 929.6:008 (1-11)

2. Жарнама тілінің сөздік құрамы өмір талабына сай, өзгеріп, дамып отыруы қажет. Өмір жылжып алға басса, ол тілде көрініс беруі тиіс, ал оны өрнектеуші сөз өзгеріссіз қала алмайды.

Халықтың әлеуметтік өміріндегі: өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылымдағы және техникадағы, өнер мен мәдениет саласындағы даму, олардағы жаңалықтар лексикаға да үнемі ықпалын тигізіп отырады. Кейбір сөздердің қолданылу аясы кеңісе, бірсыпырасының жұмсалу өрісі тарыла бастайды. Ал кейбіреулері қолданыстан мүлдем шығып қалып, архаизм немесе көнерген сөздерге айналады.

Қазіргі кезде жарнама тілінің сөздік құрамы, үздіксіз баю үстінде. Тіліміз ішкі мүмкіндік негізінде пайда болған сөздермен, жаңа атау, терминдермен, терминдік тіркестермен толыға түсуде. Сонымен қатар бұрын қолданылған сөздердің жаңаша, жаңғыртыла қолданылуы да жиі кездеседі.

Жарнама саласында пайда болып отырған сан алуан жаңа сөздер мен тіркестерді, жаңа мағыналарды туғызып отырған факторлар, ең алдымен, жоғарыда айтылғандай, өмірдің өзі әкелген жаңалықтар, соларды атау қажеттігі. Мұндай жаңалықтар тек жарнама саласында ғана емес, өмірдің барлық саласында пайда болуда, соның ішінде күнделікті өмірде жиі көрініс беруде.

Жалпы алғанда, жарнама саласында қолданылған тіл - қоғамдық қызметін дамыту мүмкіндігі мол тіл. Жарнаманың жарнамалық қадір-қасиеті жарнамаланған затқа (құбылысқа) ғана байланысты емес, жарнаманың тілі мен стилінің тартымдылығына да байланысты.

Жарнама тек қана баспасөзде жарияланатын немесе тек қана ақпарат құралдарына қажет нәрсе деп қарамауыз керек. Жарнама деген - қоғам менен іскерлік жүйесінің үлкен және құрамдас табиғи бөлігі. Жарнаманың пайда болған алғышарттары мен потенциалды мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінген жағдайда ғана оның қағидаттары мен әдістерін түсінуге болады.

Қазақ жарнамасының болашағы өте зор және бұл сала дамытуға тұрарлық. Дегенмен, біздің іскерлік жағынан енді ғана аяқтанып келе жатқан жас мемлекетімізде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие бола тұрып жарнама саласында кенжелеп қалуының мынадай нақты обьективтік және субьективтік себептермен атап өткенді жөн көрдік.

Обьективті себептердің бірі - бүкіл өркениетті, экономикалық жағынан дамыған елдердегі сияқты қабылданған заңның болмауы. Заң қабылданған жағдайда мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің жарнама берулерінде бұл заңның орындалуын қадағаламауы мүмкін.

Екінші обьективті себеп – енді ғана қалыптасып келе жатқан іскер топтардың мемлекеттік тілді назарына алмауы, бұл мәселе міндетті түрде шешілуі керек. Бұл үшін бүкіл экономиклық құжаттар міндетті түрде бірден қазақ тілінде толтырылып, содан кейін ғана тиісті жерінде орыс, ағылшын т.б. тілдерге аударылуы керек. Егер де бұл мәселе шешілсе жарнамалар да бірден қазақша құрастырылып, содан кейін ғана басқа тілдерге аударылған болар еді.

Үшінші обьективті себеп – нарықтық қарым-қатынастың қазақ халқының ұлттық менталитетінен алшақтау болуының себебінен жарнама да ұлттық мүддеден алыстау жағдайда болды, бірақ та қоғамымыздағы өзгерістерді ескере отырып, бұл жағдайда түзетулер енгізуге атсалысу міндетіміз деп есептейміз.

Қазақ жарнамасының қазіргі қоғамымызда өз орнын таба алмауына ықпал еткен **субьективті себептер**:

1. Бүкіл қазақ баспасөзінде биресми, реми баспасөзде, тіпті орыс тіліндегі басылымдардың өзінде де жарнама аздау. Оған бұрыңғы идеологиялық кедергілердің сақталуы әсер етуде;
2. Қазақ оқырмандары бастапқы кезде жарнамаларға құштар болмады;
3. Жарнама берушілер өз жарнамаларының мемлекеттік тілде берілуін қажет етпеді. Алайда замана қиындығына байланысты жағдайы нашарлап отырған қазақ тіліндегі БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) үшін жарнама қаражат таншылығынан шығудың көзі еді. Қысқаша айтқанда, жарнама - қазақ бұқаралық ақпарат құралдары үшін күнкөріс көзі де еді;
4. Қазақ тілінде жарнама жасайтын бірде-бір арнаулы орынның болмауы;
5. Қазақ тілінде жарнама жариялау тиімсіз деп танылу т.б.

Негізгі деген себептерді атап өте отырып, уақыт ағымы, қоғамдағы өзгерістер мемлекеттік тілде берілген жарнамаларды қажет ететінін біртіндеп дәлелдеп келе жатыр. Сондықтан да бүкіл басылымдар қазіргі таңда экономикалық дербестік алу және өз таралымын (тиражын) көбейту әрі аудиториясының талабына сай болуы үшін осы бір қиын да қызықты саланы игеруге мәжбүр болып отыр, болады да.

Жарнама – тек қана экономикалық құбылыс емес, әлеуметтік сипаттағы құбылыс, сондықтан да ол әлеуметтік лингвистика құзырындағы мәселе. Жарнама жеке адамның ойдан шығарған туындысы емес, ол ұлттар мен халықтар қарым-қатынасының нәтижесінде пайда болған қоғамдық құбылыс. Жарнаманы әрбір адам қолданады, бірақ оны жеке адамның қарақан басы үшін жасалған дүние болмайды. Жарнама адамдардың өзара қарым-қатынасқа түсуі қажеттілігінен туындаған, оны адамдардың бір-бірімен байланыс жасауына себеп болған құбылыс десек болады. себебі, жарнамалаудың кез-келгені тіл арқылы жүзеге асатындықтан, тіл мен жарнама саласы өте тығыз байланыста болады. Дүние жүзінде қанша тіл болса, жарнама да азды-көпті сонша тілде таратылады. Жарнама тілінің даму дәрежесін анықтау әлеуметтік лингвистиканың үлесіне тиеді. Әр елдің жарнама тілінің даму деңгейі әр түрлі болатыны баршамызға белгілі. Оны анықтау өте қиын, себебі ішкі құрылысы мен қоғамдағы қолданылу аясына байланысты тіл әр түрлі болып келеді.

Жарнама қоғамдық өмірдің қанша саласында қызмет етсе, оны соншалық зерттеу, тану соншалықты қиын іс. Жарнама ғылымының барлық саласымен тығыз байланысты болғандықтан, оның астарын ашып, елге жан-жақты таныту күрделі де, жауапты жұмыс екендігін еске ала отырып, жарнама тілін мынадай лингвистикалық ереже арқылы біршама нақтылауға болады:

1) Кез-келген жарнамада қазақ тілі заңдылықтарының толық сақталуы, жарнамадағы сөздердің орын тәртібінің дұрыс қойылуы, сөйлем мазмұнының дәл берілуі;

2) Жарнама - әдеби тіліміздің сүбелі бір бөлшегі екенін ескере отырып, оның мәтінінде тілдік мәнерлеу құралдарының дұрыс, ұтымды қолднылуы;

3) Қазақ тілінің барлық орфографиялық, орфоэпиялық, емле ережелерінің жарнама тілінде мүлтіксіз орындалуы.

Қазақстан лингвистикалық егемендік (Б.Хасанов термині) алып, аумағындағы тілдерді өз бетінше дамытуға мүмкіндік алған жағдайда жарнамаларын өз тілдерінде жариялай бастады. Күллі жарнама республикада он шақты тілде (қазақ, орыс, ағылшын, түрік, неміс т.б.) жариялануда. Соның ішінде қазақша жарияланған жарнамалардың өзіне тән әлеуметтік лингвистикалық өлшемі мен айырым белгілерін көрсету жұмыстың маңызды бір бөлігі.

Жарнама тілінің бейнелі де әсерлі болуы, әдеби нормаға сай болуы - өмір талабы. Қазақ тілі – мемлекеттік мәртебелі тіл. Сондықтан жарнамаларды тіл мәдениеті тұрғысынан мінсіз жариялау бірден-бір міндет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Феофанов О.А. США: Реклама и общество. М., Мысль, 1974. – С.19.

[2] Большая Советская энциклопедия. 21 т. М., 1975. С.611-612.
[3] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3 т. Алматы. 1978. 698-бет.
[4] Қазақ совет энциклопедиясы. 9 т. А., 1976., 461-бет.
[5] Садыков К. Телерадио реклама: анализ и прогноз // Казахстанская правда. 26 ноября 1996 г.
[6] Куренина С., Сухановская Р. Печатная торговая реклама. Москва, 1966. С. 73-79.
[7] Эдвардс Ч., Браун Р.Реклама в розничной торговле США. М., 1967. С.9.
[8] Орусбаев О.А. Функциональная дистрибуция языков (на материале языковой практики в Киргизии). Дис. док. филол. наук. –Фрунзе, 1990.
[9] Хасанов Б.Х. Ана тілі – ата мұра. Алматы: Жазушы, 1992, 177-бет.

REFERENCES

[1] Feofanov O.A. USA: Advertizing and society. M., Mysl, 1974, 19p. (in Russ.).
[2] Big Soviet encyclopedia. 21v. M., 1975, 611-612. (in Russ.).
[3] Explanatory dictionary of Kazakh language. 3v. Almaty, 1978. 698p. (in Kaz.).
[4] Kazakh soviet encyclopedia. 9v. A., 1976, 461p. (in Kaz.).
[5] Sadykov K. Teleradio advertizing: analysis and forecast. Kazakhstnanskaya Pravda. 26 november 1996. (in Russ.).
[6] Kurenina S., Suhanovskaya R. Print trade advertizing. Moscow, 1966. P. 73-79. (in Russ.).
[7] Edvards Ch., Braun R. Advertizing in retail trade of the USA. M., 1976. 9p. (in Engl.).
[8] Orusbaeva O.A. Functional distribution of languages (on material of language practice in Kyrgyzstan). Dis. doc. filol. science. – Frunze, 1990. (in Russ.).
[9] Khasanov B. Native language- heritage. Almaty: Zhazushi, 1992, 177p. (in Kaz.).

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ ЖАРНАМАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асанбаева С.А., Бекбулатова Ж.О.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: жарнама, жарнамалау, жарнама тілі, жарнама мәтіні, жарнама анықтамасы

Аннотация. Мақала жарнама саласындағы мемлекеттік тіл қызметінің теориялық және практикалық маңызды мәселелері мен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің қоғамдық қызмет көлемі нақтыланып, жарнама тіліне анықтама берілген. Сондай-ақ «жарнама», «жарнама тілі» түсініктеріне анықтама беріліп, мазмұны айқындалған, жарнама тілінің психолингвистикалық ерекшеліктері мен мемлекеттік тілдегі жарнаманың әлеуметтік-лингвистикалық өлшемі, қызметі көрсетілген. Республикадағы жарнама тілінің қазіргі кездегі жағдайы жан-жақты сипатталып, зерттеу жұмысында жарнаманың, жарнама тілінің дамуына ықпал ететін объективті, субъективті факторлар нақты мысалдармен берілген.

Мақалада жарнама мәтіндеріндегі тілдік ерекшеліктер, ондағы көріктеу құралдарының қолданылуы мен жарнама мәтінін безендіру ерекшеліктері, көріктеу бейнелеу тәсілдері берілген.

Автор мемлекеттік тілдің жарнама саласындағы қызметін анықтау, осы саладағы қазақ тілінің қолдану аясының кеңейтудің жолдарын іздестіріп, әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін шешудің алғышарттарын жасаған.

Поступила 19.03.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDK 657.044

The ways of improving inventory accounting

A.T.Kokenova[1], A.R.Kalymbetova[2] A.A.Saparova[2]
aiganymk@mail.ru, *Aigul72@mail.ru*, *Saynura_1977@mail.ru*

[1]International Humanitarian and Technical University, Shymkent
[2]International Kazakh-turetskyi University after H.A.Yassavi, Turkestan
[2]International Kazakh-turetskyi University after H.A.Yassavi, Turkestan

Keywords: inventory, inventory, accounting policy, responsibility centers, cost.

Abstract. This article discusses ways to improve the inventory in the agricultural organizations. The objectives of reforming the accounting system in Kazakhstan - to create conditions for the timely and efficient performance of its functions the accounting system within a particular economic environment. This requires the maintenance of proper accounting Kazakh generally accepted international accounting standards. Each enterprise in spite of the chosen methods of cost accounting, it is important information about the formation of inventories. It is necessary to identify effective material costs on the responsibility centers. In the agricultural organizations in the process of crop production and animal husbandry important expenditure items are material costs.

УДК 657.044

Қорлар есебін жетілдіру жолдары

А.Т.Кокенова[1], А.Р.Қалымбетова[2], А.А.Сапарова[2]

aiganymk@mail.ru, Aigul72@mail.ru, Saynura_1977@mail.ru
[1]Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент қаласы
[2]Международный казахско-турецкий университет имениХ.А.Ясави, Түркістан қаласы
[2]Международный казахско-турецкий университет имениХ.А.Ясави, Түркістан қаласы

Кілт сөздер: қорлар, өндірістік қорлар, есеп саясаты, жауапкершілік орталықтары, шығындар.

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі таңда ауыл шаруашылығы ұйымдарында қорлар есебін ұйымдастыруды жетілдіру жолдары қарастырылған. Қазақстандағы бухгалтерлік есеп жүйесін реформалаудың мақсаты - нақты экономикалық ортада бухгалтерлік есеп жүйесінің өз қызметтерін тиімді және ұқытылы орындау үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін қазақстандық бухгалтерлік есеп жүйесінің әлемде жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп жүргізу принциптеріне сәйкес болуын қамтамасыз ету қажет. Әрбір кәсіпорында таңдалған шығындар есебін ұйымдастырудың әдісіне қарамастан материалдық-өндірістік шығындар туралы ақпаратты қалыптастыру маңызды болып табылады. Жеке жауапкершілік орталықтарына қатысты бюджет баптарымен байланыстағы тиімді материалдық шығындарды анықтау қажет. Ауыл шаруашылығы ұйымдарында өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында маңызды шығын баптары болып материалдық шығындар табылады.

Бухгалтерлік есеп жүйесін реформалаудың басты мақсаты - нақты экономикалық ортада бухгалтерлік есеп жүйесінің өзіне тиісті қызметтерін кезекпен, пайдалы, тиімді және ұтымды орындау үшін қолайлы жағдай жасаудан тұрады. Ол үшін қазақстандық бухгалтерлік есеп жүйесінің әлемде жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп жүргізу көзқарастарына қарама қайшы болмауын қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі таңдағы бухгалтерлік есеп жүйесінің ХҚЕС және ҚЕҰС қолдануы жағдайында, ауыл шаруашылығы ұйымдары шағын кәсіпкерлік субъектілері ретінде және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші кәсіпорындар ретінде есептіліктерін ҚЕҰС №1 –не сәйкес ұйымдастыруға құқылы. ҚЕҰС №1 сәйкес қорлар келесідей жіктеледі:

- қайта сату үшін сатып алынған және сақталудағы тауарлар;
- қайта сатуға арналған мүліктер (жер, ғимарат, көлік құралдары);
- өндірілген және сатуға арналған дайын өнім;
- өнім өндіруге және өндірісті қамтамасыз ету үшін арналған шикізат пен материалдар;
- аяқталмаған өндіріс;
- өзге де көмекші қорлар[1].

Біздің ойымызша бұл анықтама – ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігін ескермеген. Бұл нормативті құжатқа сәйкес, ұйым ішінде өндірілетін қорлардың көп бөлігі (жем-шөп және өз өндірісіндегі тұқымдық материалдар, табиғи тыңайтқыштар) материалдық өндірістік қорлар қорлар құрамына кірмей қалады, себебі бұл нормативті құжатта дайын өнімді пайдаланудың бір ғана бағыты көрсетілген – ол өнімді сату.

Сонымен қатар материалдық өндірістік қорлар құрамында қорлардың элементтері – дайын өнім мен тауарлар жеке аталып, оларға анықтама берілген. Ал ауыл шаруашылығы өндірісіндегі негізгі элемент – меншікті қорлар ескерусіз қалған. Біздің ойымызша, экономикалық ақпаратты пайдаланушыларда материалдық өндірістік қорлардың осы бөлігіне бірегей көзқарасты қалыптастыру үшін өндірістік қорларға келесідей анықтама беруге болады: **өндірістік қорлар (материалдар)** дегеніміз – ұйым балансының активінде көрініс табатын, экономикалық субъектінің меншігі болып табылатын, сатып алынған, өндірілген, басқа да көздерден алынған, ұйымның басқару және басқа да қажеттіліктері үшін бір өндірістік кезең барысында пайдаланылатын (жарғы құжаттарымен бекітілген қызметті жүзеге асыру үшін); өзінің табиғи және сапалық көрсеткіштерін өзгертетін немесе өзгертпейтін материалдық құралдар мен еңбек заттары[2]. Бұл анықтамада, біз қорлардың экономикалық және бухгалтерлік мағынасын біріктіруге тырыстық. Қорлардың экономикалық мағынасы – құрамын еңбек заттарымен қатар еңбек құралдары да кіретіндігінде (нормативті құжаттармен пайдалану мерзімі анықталып көрсетілген 12 ай немесе бір өндірістік кезең). Еңбек құралдары бұл жерде өз құнын дайын өнімге бірте-бірте аудару қасиетін жоғалтады. Ал қорлардың бухгалтерлік мағынасы мүліктік иелікке басымдылық берумен кеңітілген сияқты.

Қорлардың орташа өзіндік құнын анықтау үшін нақты есепті кезең бір ай деп белгілеу қорлар есебінің басқару қызметін шектейді[3]. Мысалы ірі өндірістік кәсіпорындарда өндіріске жұмсалатын және басқа да қажеттіліктерге пайдаланылатын қорлардың орташа өзіндік құнын анықтау қажеттілігі бір айдан қысқа мерзімде (декада- онкүндік) туындауы мүмкін, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері ай сайын баланс құруға міндетті емес, яғни оларға материалдардың орташа өзіндік құнын тоқсанына бір рет есептеуге болады. Осыдан, орташа өзіндік құнды нақты айына бір рет есептеу кезеңділігінің орнына қажетті есепті кезеңді пайдаланған дұрыс.

Есепті жетілдіру бағыттарының бірі болып оны компьютерлік жүйелерді пайдаланудың көмегімен тиімді жүргізу. Басқару тиімділігін көтеру үшін материалдық ресурстарды басқаруды жетілдіру қажет. Тәжірибе көрсеткендей мөлшерден тыс қорларды ең төменгі қысқартудың өзі біршама қаржылық ресурстарды босатуға және тұрақты пайда алуға мүмкіндік береді. Бірақ өнім шығарудың үлкен номенклатурасымен, көп мөлшерде әртүрлі шикізаттарды пайдалану қажет болған жағдайда, қорлар деңгейін тиімді мөлшерде жасауға қатысты мақсаттарды шешу қиындайды. Бұл жерде материалдық ресурстар қозғалысының нақты және жедел есебін жолға қоюға мүмкіндік беретін компьютерлік жүйелер көп көмек береді.Қазіргі кезде материалдық қорлар бойынша есеп, басқару және бақылау жұмыстарын жеделдетуге мүмкіндік беретін көптеген компьютерлік бағдарламалар жасалған[4]. Мысалы өндірістегі материалдар есебін ұйымдастыру бойынша олар лимитті-жинақтама карталарын, қорлар қозғалысы бойынша құжаттарды, есептен шығару актілерін, өндірістік есептерді құруға мүмкіндік береді. Бұл жүйелерде өндіріске қорларды жіберуде сандық және құндық мөлшерлерді бақылау жүзеге асырылған. Мөлшерлеме өндіріске материалдарды жіберуге негіз болып табылатын құжат лимитті-жинақтама картаны рәсімдеу кезінде енгізіледі. Мөлшерден тыс жіберетін жағдайда өндіріске жіберу жүккұжатында тиісті рұқсаттың деркетемелері келтіріледі[5]. Мөлшерлерді бақылау белгілі көрсеткіштермен реттеледі. Пайдаланушы өндіріске мөлшерден тыс қорларды жіберу бойынша ведомостарды және мөлшерлеменің қалдықтары (артық жұмсалуы) бойынша есептерді қалыптастыруы мүмкін. Сонымен қатар бір материалдардың жетіспеушілігі жағдайында, оларды басқа бір түрімен алмастыру мүмкіндіктері ұсынылады. Дайын өнім өндірісіне жұмсалған шикізаттардың нормативті және нақты шығындары туралы есептілікте материалдарды есептен шығарудың әртүрлі нұсқалары есепке алынады[6]. Материалдық шығындар есебі дайын өнім түрлері бойынша жүргізіледі. Бұндай жүйе түрлері саладағы кәсіпорындарда пайдалануы және олардың ерекшеліктеріне қарай жасақталуы мүмкін.

Сонымен қатар қорлар есебін ұйымдастыруда шаруашылықтың еңбек құралдары болып табылатын 1350 шотында есепке алынатын шаруашылық құралдарының есебі ерекше маңызға ие. Активтердің бұл түрі пайдалану мерзіміне байланысты екіге бөлінген - бір бөлігі негізгі құралдар құрамына кіруі тиіс, ал екіншісі өндірістік қорлар құрамына кіреді. Қандай құралдарды қай шоттарда есепке алу керек екендігі туралы шешімді, ұйым қызметінің сипаты мен шарттарына байланысты, ұйым басшысы қабылдайды. Бұл шешім ұйымның есеп саясатында бекітіледі[7].

Айналымдағы мүліктер құрамына кіретін шаруашылық құралдарының есебі мен бақылауын нақты дұрыс ұйымдастыру үшін:

- қоймаларда сақталуы мен пайдалану барысында дұрыс жақсы жағдайды қамтамасыз ету қажет;
- сақтау мен пайдалану орындарында жедел қабылдау, жіберу және нақты барын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәртіппен орналастыру қажет;
- қабылдау, сақтау, жіберу, операцияларды дұрыс және уақытылы рәсімдеу үшін жауапты тұлғаларды анықтау, жауапты тұлғалармен материалдық жауапкершілігі туралы жазбаша келісім-шарт жасау;
- шаруашылық құралдарын алу, өндіріске жіберу және есептен шығару бойынша есеп құжаттарына қол қою құқығы бар қызметті тұлғаларды белгіленген тәртіппен бекіту;
- шаруашылық құралдарының қозғалысы бойынша операцияларды рәсімдеу тәртібін құжат айналымында анықтап белгілеу;
- қоймалардағы және қолданыстағы шаруашылық құралдарын түгендеудің мезімдерін анықтау[8].

Сонымен қатар, ұйымның есеп саясатында шаруашылық құралдарының құнын есептен шығару мерзімі туралы мәселе ашып қарастырылуы қажет. Бұл топтағы өндірістік қорлардың құнын есептен шығару мерзімі болып, бір жағынан қолданысқа жіберу сәті саналуы мүмкін, ал екінші жағынан, активтің қызмет ету мерзімінің аяқталған, есептен шығарылған уақыты болуы мүмкін. Экономикалық көзқарастан бұл жерде бірінші нұсқаны пайдаланған дұрыс, себебі қолданысқа жіберілген шаруашылық құралдардың құны бірден дайын өнімге кеткен материалдық шығындар құрамына кіреді. Дайын өнімді

сатқаннан кейін, қолданыстағы шаруашылық құралдарын, олардың қызмет ету мерзімі бітпей тұрып жаңа құралдармен алмастыру мүмкіндігі туындайды. Екінші нұсқаға қарағанда, бұл жерде қорларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін, олардың айналым қарқыны өседі. Бірақ, біздің ойымызша, бірінші нұсқаның бір кемшілігі бар – ол қолданысқа жіберілген және сол сәтте есептен шығарылған шаруашылық құралдарына бақылаудың жеткіліксіздігі.

Нормативті құжаттарға сәйкес шаруашылық құралдарын қоймадан қолданысқа жібергеннен кейін, олардың бары мен қозғалысын бақылау жедел тәртібімен жүзеге асыру ұсынылады. Бірақ бақылаудың қандай әдістері мен тәсілдерін қолдану керек екендігі түсініксіз. Сонымен қатар активтердің жеке осы түрімен байланысты бастапқы құжаттар да қарастырылмаған.

Сонымен қатар қорлар есебін жетілдіру мақсатында реттелу дәрежесі бойынша шығындарды жіктеу және ұйымдарда есепті аналитикалық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жауапкершілік орталықтарына бөлумен қатар қолдануға болады.

Отандық және шетел әдебиеттерінде жауапкершілік орлалықтары бойынша есепті жүргізуге көп көңіл бөлінеді.

– Жауапкершілік орталықтары бойынша есепті жүргізу жүйесін анықтауда А.Апчерч жұмыстары ерекше орын алады [9].

Өз жұмысында ол бюджеттік жоспарлау мен бақылаудың ішкі жүйесінің қызмет жасауы, әдетте менеджерлердің жауапкершілік аясына сәйкес келетін, оның ұйымдық құрылымымен анықталады. Барлық ұйымдарда (шағын кәсіпорындардан басқа) шешімдерді қабылдау құзыреттілікті бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Жауапкершілік орталықтары бойынша есепті ұйымдастыру қағидасы – қаржылық бақылау процедуралары басқарушылар арасында жауапкершілікті бөлудің құрылымын көрсеттетіндей болып жасалуы тиіс дегенді білдіреді.

Жауапкершілік орталықтарын анықтауда В.Л.Назарова, М.С.Жапбарханова көзқарастарын атап көрсету қажет [10]. Авторлар, ең алдымен кәсіпорынның технологиялық құрылымын есепке алады, содан кейін оның тікелей және көлденең жолдарын бөліп көрсетеді. Бұл көзқарас ортақ мақсатқа жету үшін орталықтандырылған басқаруды кәсіпорынның құрылымдық бөлімше басшыларының барынша мүмкін ойларымен қатар қарастыруға мүмкіндік береді.

Жауапкершілік орталықтары бойынша есепті ұйымдастыруда әрбір орталық менеджерлерінің құқықтары, міндеттері және құзіреттіліктері аясын нақты белгілеу қажет, және олардың көпшілігінде тек шығындарды өлшеу ғана емес, сонымен қатар орталық қызметінің көлемін өлшеуге мүмкіндіктің болуына талпыну керек.

Тәжірибе көрсеткендей, жауапкершілік орталықтарын тиісті менеджерлердің міндеттері мен құзыреттерінің көлемі бойынша жіктейді.

Осы қағидаға сәйкес Б.А.Мархаева, Қ.П.Батырбеков жауапкершілік орталықтарын – ағымдағы шығындар орталығы, инвестиция орталығы, сату орталығы және пайда орталығы деп бөледі [11].

Шығындар орталығы – есепте берілген бірліктің шығындарын бақылауды жүзеге асыруға аныталған, ұйым қызметінің кез-келген бірлігі. Бұл бірлікте мөлшерлеуді, жоспарлауды, пайдаланылған ресурстарды есепке алуды, олардың пайдаланылуын бағалауды және шығындардың пайда болуына жауапты тұлғаны анықтауды ұйымдастыруға болады деп күтіледі.

Шығындар орталығы ретінде кәсіпорынның ұйымдық бірлігі (бөлімше, бригада және т.б) болуы мүмкін, немесе тиісті ұйымдық бірлік жеке шығын орталықтарына бөлінеді. Шығындар орталығын бөлудің негізі болып операциялар мен қызметтерді орындаудың бірегейлігі табылады.

Шығындар орталықтарын қалыптастыруды кәсіпорынның ұйымдық және технологиялық ерекшеліктерін зерттеу және талдау негізінде жүзеге асыру керек.

Шығындар орталықтары екі бағытта жұмыс жасай алады. Тиімділік қағидасына сәйкес келесі екі мақсаттың біреуін іске асыруға мүмкіндік беретін шешім тиімді болып табылады.

1) белгіленген шығындар деңгейінде ең көп нәтиже алу;
2) белгіленген нәтижеге жету үшін қажетті шығындарды ең төменгі деңгейге жеткізу.

Сату орталықтары – бұл басшылары өнімді, тауарды, қызметті сатудан түскен табысқа ғана жауап беретін бөлімшелер. Оларға өндірісте немесе сатып алуда пайдалы тауарлар туралы ақпарат ұсынылады, ал қызметінің нәтижелері сатудың көлемі мен құрылымы бойынша натуралды және құндық көрсеткіште бағаланады.

Пайда орталығы – бұл басшысы табыстар үшін де, шығыстар үшінде жауап беретін бөлімше.

Кәсіпорындағы есеп-аналитикалық басқару жүйесін жасақтауда – жауапкершілік орталықтарын бөліп, шығындар мен құзеттерді бөлістіру – негізгі пункт болып табылады.

Қорларды басқаруды есеп-аналитикалық қамтамасыз етуге қатысты ауыл шаруашылығы ұйымдарында келесі жауапкершілік орталықтарын бөлуге болады:

- Сатып алу орталығы – дайындау өндірісі, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі. Бұл бөлімшелер өндіріс пен басқарудың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, қорлармен үздіксіз қамтамасыз етуге жауапты.
- Шығындар орталығы – шикізат ресурстарының пайдалану мөлшерлерінің сақталуына, өндіріс процесі кестесінің сақталуына жауапты жеке бөлімшелер.
- Пайда орталығы - өндіріс бөлімшелері. Өнімнің шығуы, өндірілетін өнімнің өзіндік құны бағаланады.
- Сату орталықтары - өнімді өткізу қызметі (сату және маркетинг бөлімшелері). Бұл орталықпен сату көлемі, тауарлы өнімнің баға саясаты, тауарлы өнім портфелін қалыптастыру бақыланады.

Кәсіпорындарда таңдалған шығындар есебінің әдісіне қарамастан материалдық-өндірістік шығындар туралы ақпаратты қалыптастыру маңызды. Түрлі мақсаттарға бюджет баптарымен байланыстағы тиімді материалдық шығындарды анықтау қажет, соның ішінде жеке жауапкершілік орталықтарына қатысты да. Ауыл шаруашылығы ұйымдарында маңызды шығын баптары болып өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында оларды материалдық шығындар деп тану табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Радостовец В.В., Шмидт О.И. Теория и отраслевые особенности бухгалтерского учета. Алматы: «Центраудит-Казахстан», 2000.-496с

[2] Радостовец В.К., Омаров А.Ш., Тасмаганбетов Т.А., Абленов Д.О., Тайгашинова Г.Т. Алматы: Экономика, 1997, -180с

[3] Додобаев Ю.Т., Касенов К.Р., Есполов А.Т., Темиргалиева Г.К. Анализ хозяйственной деятельности АПК. Учебное пособие. Алматы: Экономика, 2007.

[4] Крейнина М.Н. Финансовое состояние предприятия. Методы оценки.- М.: ИКЦ «Дело и Сервис», 1997.- 224 с.

[5] Рыбин В.И., Пессель М.А., Джамилинская Э.В. и др. Анализ хозяйственной деятельности предприятий и объединений. Учебник. - 2-е изд., перераб. и доп./ - М.: Финансы и статистика, 1984.-351 с.

[6] Баканов М.Н., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа – 2-е изд.,перераб.- М.: Финансы и статистика, 1994.- 284 с.

[7] Баканов М.И., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа: Учебник - 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 2001.- 423 с.

[8] Балабанов Е.Т. Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта- 2-е изд., доп.- М.: Финансы и статистика, 2000.- 208 с.

[9] Апчерч А. Управленческий учет: принципы и практика. Перевод с английского / под редакцией Я. В. Соколова , И. А. Смирновой. – М.: Финансы и статистика, 2002. - 952 с.

[10] Назарова В.Л., Жапбарханова М.С., Фурсов Д.А., Фурсова С.Д. Басқару есебі. Алматы: Экономика, 2007. -298б.

[11] Соколов Я. В. и др. Бухгалтерский учет в зарубежных странах М.: ТК Велби, изд-во «Проспект, 2005. - 664с.

REFERENCES

[1] Radostovets V.V. Schmidt OI Theory and industry specific accounting. *Centeraudit-Kazakhstan*, 2000, P-496 (in Russ.).

[2] Radostovets V.K., Tasmaganbetov T.A., Ablenov D.O., Taygashinova G.T . *Economics*, 1997, P-180 (in Russ.).

[3] Dodobaev Y.T., Kassenov K.R., Espolov A.T., Temirgaliev G.K. Analysis of economic activity of the agricultural sector. *Economics*, 2007(in Russ.).

[4] Kreynin M.N. The financial condition of the company. Methods otsenki. *Business and Service*, 1997. P-224(in Russ.).

[5] Rybin V., Pessel M.A., Dzhamilinskaya E.V. Analysis of economic activities of enterprises and associations. *Finance and Statistics*, 1984, P-351(in Russ.).

[6] Bakanov M.N., Sheremet A.D. Theory of Economic Analysis. *Finance and Statistics*, 1994, P-284 (in Russ.).

[7] Bakanov M.I., Sheremet A.D. The theory of economic analysis. Finance and Statistics, 2001, P-423 (in Russ.).

[8] Balabanov E.T. Financial analysis and planning of economic subekta. *Finance and Statistics*, 2000, P-208 (in Russ.).

[9] Upchurch A. Management Accounting: Principles and Practice. Finance and Statistics, 2002, P-952 (in Russ.).

[10] Nazarov V.L., Zhapbarhanova M.S., Fursov D.A., Fursova S.D. Management Accounting. *Economics*, 2007, P-298 (in Russ.).

[11] Sokolov Y. Accounting in foreign countries. *Prospect*, 2005, P-664(in Russ.).

Пути совершенствования учета запасов

А.Т.Кокенова[1], А.Р.Қалымбетова[2], А.А.Сапарова[2]

aiganymk@mail.ru, Aigul72@mail.ru, Saynura_1977@mail.ru

[1]Международный гуманитарно-технический университет, Шымкент

[2]Международный казахско-турецкий университет имениХ.А.Ясави, Туркестан

[2]Международный казахско-турецкий университет имениХ.А.Ясави, Туркестан

Ключевые слова: запасы, производственные запасы, учетная политика, центры ответственности, затраты.

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути совершенствования учета запасов в сельскохозяйственных организациях. Цели реформирования системы бухгалтерского учета в Казахстане – создание условий для своевременного и эффективного выполнения своих функций системой бухгалтерского учета в конкретной экономической среде. Для этого необходимо обеспечение соответствия системы казахстанского бухгалтерского учета общепринятым мировым стандартам ведения бухгалтерского учета. На каждом предприятии несмотря на выбранные методы учета затрат, важно формирование информации о материально-производственных запасах. Необходимо определение эффективных материальных расходов по центрам ответственности. В сельскохозяйственных организациях в процессе производства продукции растениеводства и животноводства важными статьями расходов являются материальные расходы.

Поступила 15.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Importance of improving listening skills in ESL

[1]E.U.Artykova, [2]Zh.T.Toleukhan, [1]B.N.Akshalova
[1]al-Farabi KazakhNational University
[2]T.Ryckulov New Economic University

Key words: Listening skills, listening and viewing, logical thinking.

Abstract: This article refers to the auding.Listening - is both a goal and a means of learning. Education is semantic listening its comprehension implies a learning exercise for the establishment of common listening skills, speech exercises and further training activities with audio texts, i.e listening training is aimed at developing and improving mechanisms for listening. Listening as an active intellectual activity - a complex process of perception and understanding of sounding speech. And the elements of visual perception (gestures, facial expressions) and intonation, smashing it on the syntagma, help us to understand it.

The traditional method of learning a foreign language is seen as a kind of training to audition of speech activity that requires no special didactic approach and limits the perception of sounds and intonation elements. In practice, it turns out that all of the skills generated four kinds of speech activity listening skills in students, as a rule, the least developed. The ability to hear and understand the construction ability to speak a foreign language. Therefore, one of the main goals of the content of current programs in a foreign language is to develop the students' ability to perceive it by ear foreign language, which is listening. Ideally, they should be able to perceive it by ear speakers and react to it, based on the requirements of the current speech situation.

Ағылшын тілі практикалық сабағында аудирование тәсілін қолдану арқылы сабақтың маңыздылығын арттыру

[1]Е.О.Артықова, Ж.Т.Төлеухан, [1]Б.Н. Ақшалова
1Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
2Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті Лингвистикалық орталық Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: тыңдау әдісі, логикалық ойлау әдістері, көру және тыңдау әдістері

Аннотация.Ағылшын тілі практикалық сабағында тыңдау әдісін қолдану аталмыш тілді тез меңгерудің бірден бір тиімді әдістерінің бірі. Бұл мақалада практикалық сабақ барысында ағылшын тілі пәнінің оқытушысына тыңдау әдісін дұрыс қолдану, оның пайдасы мен кері әсерлерін және де тыңдау әдісін қолданудың қызықты да қолайлы жолдарын қарастырмақпыз.

Кіріспе. Алдымен, кез келген шет тілін үйрену кезінде тыңдау әдісін қолдану - тіл үйренудің ажырамас бір бөлігі екеніне тоқталамыз.

Одан кейінгі кезекте, оқытушының сабақта тыңдау әдісін қолдану барысында кезігетін бірқатар мәселелерді талқылаймыз. Қорытындыда біз тыңдаудың тиімділігін, студент қызығушылығын қалай арттыру керек деген мәселелерге тоқталамыз.

Аталмыш әдіс тіл үйрету кезеңдерінде табиғи тілдік ортаны қалыптастырады. Студенттерді оқытуда сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі - аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, студенттің бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін студенттің тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені студент сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдайды, мәнін түсінуге тырысады.Тыңдау сөздерді жаттауға, грамматика мен синтаксисті үйренуге көмектеседі.

Мәтінді бірнеше рет тыңдау студентке сөйлемді толық тыңдап грамматика мен сөйлем жүйесін автоматты түрде жаттап алуына мүмкіндік береді. Яғни, бұл жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаудың оңай жолы.

Мәтінде көп мағыналы сөздерді қолдану.

Кез келген тіл синонимдер мен ононимдерге бай. Тыңдау және мәтін қайталау барысында студент жаңа сөздермен фразалардың қолданылуымен танысады.

Яғни, студент сөздерді жеке-жеке жаттамайды, толық сөйлем жолдарымен жаттайды.

Тыңдау әдісі тез есте сақталады және қайталап қолданылып отырады.

Әдіс тілді машықтандырады, еркін сөйлеуге көмектеседі.

Студенттерге алғашында тыңдап түсіну қиын болады, себебі сөйлемдер жылдам айтылатындықтан оны айыру, сөзді немесе сөйлемді бірден есте сақтау, мағынасын қабылдауы мүмкін емес. Тыңдап түсіну жүріп жатканда студенттер мәтінді ұқыпты және зердесін қатты бөле отырып тыңдауы тиіс. Бар ойларын естіп жатқан мәтінді біртіндеп түсінуге және оның мағынасын дұрыс түсіне білуі керек. Ал оқытушы бұл тыңдалымның жеңіл және қызықты болуына көмектесуі тиіс. Студенттердің тыңдау қабілетін дамытқанда оқытушы үш түрлі жағдайды есепке алуы тиіс: 1) тыңдалымға берілетін лингвистік мәтін; 2) мәтіннің мазмұны; 3) мәтіннің тақырыпқа байланысты берілу талабы.

Тыңдап түсіну кезінде тез түсінуге үш түрлі қиындық кедергі келтіреді: фонетикалық; лексикалық және грамматикалық.

1) Фонетикалық киындықтың пайда болуы ағылшын тілі мен қазақ тілінің дыбыстары әртүрлі болғандықтан сөзді дұрыс түсінбеу. Бұл жағдайда оқытушы студенттердің ағылшын тіліндегі дыбыстар мен интонацияларды тыңдап, айыра білу қабілеттерін дамыта беруі керек.

2) Лексикалық киындықтың пайда болуы ол да фонетикаға тығыз байланысты болады; себебі студенттер сөздерді қате естуі мүмкін. Сол себебті тыңдауды оқытушы мәтінді бірнеше рет тыңдату керек.

3) Грамматикалық қиындық ол ағылшын тілінің аналитикалық құрылымында. Себебі ағылшын тілінде инфинитив және есімшелер кең ауқымда қолданады.

Сонымен бірге омонимдер де көп кездеседі. Тыңдап түсінуді табысты оқытып-үйрету үшін оның кейбір әсер етуші факторларын табу керек. Мәтінді тыңдағанда түсінудің негізгі механизміне есту қабілеті, ішінен қайталау, тез және ұзақ есте сақтау, түсіну, қабылдау ерекшелігі жатады.

Көптеген зерттеушілердің-ойынша монологтік текстер диалогтік текстерге қарағанда жеңіл қабылданады. Тыңдап түсінудің бастапқы кезеңін үйреткенде монологтік текстерге ерекше қөңіл бөлінеді.

Мәтінді тыңдағанда түсінудің негізгі механизміне есту қабілеті, ішінен қайталау, тез және ұзақ есте сақтау, түсіну, қабылдау ерекшелігі жатады.

Зерттеушілердің ойынша мәтінді тыңдамай тұрып-ақ адамның түсіну және тыңдау органдары іске қосылады екен. Сондықтан тыңдаушының ой қабілеті сөздің басынан-ақ немесе бір сөзден кейін-ақ оның соңы немен аяқталатынын сезеді. Бірақ сезу бұл түсіну емес. Актуальді қабылдау деңгейіне байланысты адамның миындағы ойлау жүйесі іске қосылады. Ойлау жүйесі әртүрлі фразаларды және жеке фрагменттерді толықтай қабылдамай кейбір сәттерді жібере отырып, мағынасы бар белгілерді есте қалдырып, жаңадан естітіндеріне орын қалдырады.

Кейінгі кезде білім беру саласында ғаламтор ақпараттарындағы тыңдау әдісі оқу үрдісінде қолдану күнделікті әдетке айналуы тиіс. Мысалы: ағылшын тілін үйретуде. Себебі тыңдалған материалдар үйренушілердің ойын қозғап қана қоймай, оларға эмоциялық, сезімдік деңгейде әсер етіп, көрініс түрінде есінде қалады, басқа халық өкілінің сөйлеу мәнері, қимыл- қозғалыс ерекшеліктері, әдеп-дағдылары жайында түсінік берумен бірге тыңдағандарын еске сақтауға бейімдейді. Бейнематериалды текстi тыңдап көргеннен кейін берілген тапсырмалар тақырыпқа байланысты әртүрлі болып келеді:

Кесте толтыру;

Тыңдап, көрілген оқиғалардағы әрекеттердің болған ретін қалпына келтіру;

Кейіпкерлердің айтқанын жазып алу;

Жаңа тақырыпқа байланысты сөздердің айтылуын есте сақтап, қайталау;

Тесті тыңдап болған соң, не туралы тыңдағаннын мазмұндама немесе пікір жазу;

Кей кезде тапсырманы орындау үшін тексті екі не үш рет тыңдауға тура келеді. Уақыт өте келе білімгерлер тексті қатты зейін қойып тыңдауға, байқампаз болуға үйренеді. Тапсырманы орындау үшін айтылып жатқан мәтіннің мағынасына 100 пайыз түсіну міндетті емес екенін ұғады.

Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес.Шетел тілін меңгеруде тыңдап түсіну қабілетін дамытудың алар орны ерекше.

Ауызша сөзді түсіну адамның естіген сөздердің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады

Тыңдап түсінудің негізгі топтарына мыналар жатады:

А) тыңдап түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық формаларын тани білу);

Ә) сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;

Б) дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу;

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Есту, тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Логикалық түсіну механизмі талдау процесінде күрделі болып саналады.

Аударма сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдаудың қажеті жоқ. Сөзді толық түсіну бірден (толық) және толықтай бір рет айтқанда қабылданады. Қазіргі кезде шетел тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, үнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері өте көп. Шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған үнтаспалар, видео-фильмдер көптеп саналады. Тыңдау қабілетін ұнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы видео жаттығулар мен аудио мәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор.

Тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, видеофильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы студент үшін үлкен өнеге, үлгі болады.

Шетел тілін тыңдап түсінудің өзіме тән ұғындыруға тырысып, тілдік материалдарды көп беру қабылдауды қиындатады, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен тыңдаушы тез тыңдап түсініп, жауап дайындау үшін ойланып отырады.

Текст тым ұзақ, бірсарынды болса, студент тез жалығып, қызығушылығын жоғалтуы мүмкін.

Тыңдау әдісі білімді игертіп қана қоймай, оны бақылауда, бекітуде, қайталауда, қорытындылауда кеңінен қолданады. Берілген әдіс ақпаратты көрнекілікте қабылдауға негізделген. Оқыту процесінде әдісті пайдалану, студентке толық оқытылатын құбылыстардың көрнекілік ролін көрсету, сұраныстарын қанағаттандыру. Сонымен қатар кері байланыс жұмысын ұйымдастыру.

Тыңдау әдісін ұйымдастыруға қатаң талаптар қояды, олар нақтылығымен, мақсаттығымен ерекшелінеді. Оқытушы оқытылатын мәселе төңірегінде студенттерді қызықтыра, кірістіре алудағы біліктілігін, олардың іс- әрекетін бағыттай отырып, жалпы қорытындылар жасап, өзіндік жұмыс процесінде жеке дара көмек көрсету керек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Алибекова А.С Ағылшын тілін оқыту методикасы. –Алматы, Қазақстан
[2] Леонтьев А.А. Қазіргі кезеңдегі ағылшын тілін оқытудың кейбір жалпы мәселелері.- Алматы, Қазақстан. 1992.
[3] Т.В.Рогова, Т.Е.Сахарова «Методика обучения иностранного языка в средней школе» Москва: Россия, 1998. 162 бет

REFERENCES

[1] Alibekova A.C Teaching method of English- Almaty
[2] Leonov A.A Modern methods of teaching English Almaty -1992
[3] Rogova T.B, Saharova T.E Methods of teaching foreign language at high schools. Moscow, Russia, 1998. 162p

Значимость аудирования при обучении английского языка

Е.О.Артықова, Ж.Т.Төлеухан, ф.ғ.д.Б.Н. Ақшалова

Казахский Национальный университет имени ал-Фараби, Алматы, Казахстан
Новый Экономический Университет имени Т.Рыскулова, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Аудирования, обучение навыкам, видеоаудирование, логические мышление.

Аннотация: В статье рассматриваются некоторые инновационные методы в преподавании английского языка, а именно: Великие люди, метод аудирования - прослушивания текстов, и др.

Поступила 05.03.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 81` 362:811

The application of interactive methods in the organization of independent work of students in the classroom of a foreign language

Z.Zh. Bekmambetova, Zh.M. Akynova
bzanipa@mail.ru
Kazakh national technical university named after K.I. Satpayev, Almaty, Republic of Kazakhstan

Key words: interactive methods, process of training, students' independent work, professional activity, collective creative work.

Abstract. At present in higher educational institutions great attention is paid the improvement of students' independent work. In the organization of students' independent work widely used various interactive methods - business games, discussions, debates etc. We give a brief description of the types of interactive students' independent work. For the formation of speech activity of students in a foreign language is very important to conduct business games. With the help of business games students adapts for their future profession, develop norms of speech etiquette, enrich vocabulary, form of thinking. When conducting business games after the introduction, each student begins a specific activities. As well as the correct organization of students' independent work promotes the development of speech skills. Organization of independent work - is a joint work between teacher and student towards the successful and timely performance tasks.

УДК 81` 362:811

Шетел тілі сабағында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда интерактивті әдістерді қолдану

З.Ж. Бекмамбетова, Ж.М. Акынова
bzanipa@mail.ru
Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарындағы оқыту процесі студенттердің дербестігін күшейту, шетел тілі білімдерін өздігінен толықтыру мәселесіне баса көңіл аударып отыр. Дербестіліктің дамуы олардың алған білімін іс-жүзінде еркін қолдана біліуінен байқалады. Ал, дербестілікке қол жеткізу студенттердің өзіндік жұмыстарын шетел тілі сабақтарында тиімді ұйымдастырумен тікелей байланысты. Қазіргі таңда студент жастардың бойына білім беруде тек құрғақ дәріспен немесе семинар сабақтары мен дәріс беру мүмкін емес. Жоғары оқу орындарында студенттер бойына білім нәрін беру мақсатында оқудың интерактивті әдісін қолдану тиімді болып отыр. Оқытудың интерактивті әдісін қолдану кезінде біз өмірлік жағдайларды жүйелі түрде қарастыра отырып, рөлдік ойындарға ене отыра бірлескен түрде шешім қабылдаймыз. Өзара әрекет кезінде студент іс-әрекет субъектісі болып табылады, ол студент өзінің өмірлік СӨЖ-ді ұйымдастыруда мынандай талаптар ескеріледі [1]:

- тақырып мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сай келуі;
- студенттердің ойлау қабілетін дамытуға сай болуы;
- мазмұны жағынан әр түрлі мәселелерді қамтуы;
- СӨЖ сабағының талаптарына сай болуы;
- тапсырмалар жүйелі болуы;
- СӨЖ сабағының түрлі формада ұйымдастырылуы және тағы басқа мәселерді қамтуы керек.

Өздік жұмыс дегеніміз – студенттің оқытушының қатысуынсыз және сабақтан тыс уақытта оқу жоспарында (силлабуста) белгіленген тапсырмаларды орындап, атқарған жұмысы туралы жазбаша есеп немесе ақпарат беруі.

Өздік жұмыста студенттер алған теориялық білімдерін талдап, қорытынды мен тұжырымдар жасап, оларды практикада қолдануға үйренеді.

Өздік жұмыс студенттің өз біліміне деген жауапкершілігін арттырып, өз білімінің мазмұндық траекториясын анықтауға және қолданатын әдіс-тәсілдерді талдауға баулиды. Бүгінгі күні мұндай біліктерді меңгеру білім алу процесінің басты мақсатына айналып отыр.

Оқытушы өздік жұмысқа тікелей қатыспай, оны ұйымдастырып, сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы студент еңбегінің тиімділігіне сырттай ықпал жасайды.

Өздік жұмыстарды ұйымдастырғанда репродуктивтік (қайталау мен есте сақтауға негізделген) тапсырмалардан мүмкіндігінше бас тарту керек. Ондай жұмыстардың қатарына шығармашылықтың тобы жоқ келесі әрекеттер жатады:

• ұсынылған әдебиетті конспектілеу;

• анықтамаларды (түсініктерді, мәтіндерді) көшіру, жаттау;

• әртүрлі ақпарат деректерінен көшірген рефераттарды дайындау.

Бұл жерде әсіресе рефераттарға тоқтап кеткен абзал, өйткені біз осы атаудың бастапқы мәнін ұмытып, оны «бірнеше ақпарат көзінен көшірілген жазбаша жұмыс» деп түсінеміз. Сол себепті де студент берілген тақырып (проблема, мәселе) бойынша екі-үш кітаптан өзі жасаған қисынды құрылымға сәйкестендіріп бірнеше абзац немесе бетті өзгертпестен көшіріп, еш сілтемесіз бүтін жұмыс түрінде оқытушының тексерісіне ұсынады.

Алайда «реферат» дегеніміз 1) «әдеби және басқа деректерге жасалған шолудан тұратын белгілі бір тақырып бойынша жасалған баяндама»; 2) «ғылыми жұмыстың кітаптың, т.б. мазмұнын баяндау» [2].

Реферат сонымен тек қана ойсыз көшіру емес, реферат таңдалған тақырып бойынша ақпарат көздеріне талдау мен сараптау жасау, оларға баға беру. Рефераттан студенттің «МЕН» тұжырымы көрінуі керек. Ол үшін студент етістіктің бірінші «МЕН» жағын ұстанып, ақпарат көздеріндегі пікірлер мен үйғарымдарды жақтап, не оларға қарсы шығып, оларға үнемі сілтеме жасап отыруы керек. Рефератта сілтеме тек төл сөз түрінде емес (яғни, цитата түрінде бұлжытпай алынған формада), төлеу сөз формасында болуы керек. Мәселен, «мына шығармада (немесе мына автор) былай дейді, ал анау шығармада олай дейді» деген сыңайда.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын жетілдіруде белсенді әдістерді пайдалануға ерекше көңіл бөлетіндігіне мән беріп отыр. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда көптеген интерактивті әдістер – іскерлік ойындар, дебат, дисскуссия т.б. кеңінен қолданылады.

Интерактивті СӨЖ түрлеріне қысқаша сипаттама берейік. Студенттердің көркем, шетел тілінде шебер сөйлеуге дағдыландыруда іскерлік ойын аса маңызды. Іскерлік ойын арқылы студент болашақ мамандағына бейімделіп, дұрыс сөйлеу нормаларын меңгеріп, тіл байлығы молайып, ой қорытуы қалыптасады. Іскерлік ойынды жүргізгенде, алдымен кіріспе сөзден соң студенттер нақты іс-әрекетке жұмылдырылады, яғни әрқайсысы өздеріне тиісті жұмыстарды орындайды. Яғни, іскерлік ойындар студенттер арасындағы ынтымақтастықты қалыптастырады, қандай жағдайда да бір-біріне жәрдемдесу секілді қасиеттерге тәрбиелейді. Іскерлік ойындар маманның болашақ мамандығының пәндік және әлеуметтік мазмұнын жаңғыртудың формасы, осы әрекетті бүтіндей сипаттайтын қатынастар жүйесін үлгілеу болып табылады. Ол – болашақ кәсіптің практикасының жағдайы (шарттар үлгісі, кәсіби әрекет, өндіріс диалектикасы) мен әлеуметтік жағын имитациялайтын ұжымдық оқу әрекетінің формасы. Таңбалық құралдар көмегімен (тіл, сөйлеу, графиктер, кестелер, құжаттар) іскер ойында шынайы өмірдегіге ұқсас кәсіби жағдай тудырылады, мұнда тек қысқа мерзімді қамтитын жалпылама сипаттағы жиі кездесетін жағдай ғана қарастырылады. Мысалы, емтихан сессиясы бір ойын сабағында жүргізілсе, ал мекеменің дамуын перспективалық жоспарлау бір сабақ көлемінен бір күнге дейін созылуы мүмкін. Ойынға қатысушы оқу және кәсіби элементтері бар әрекеттерді жасайды. Білім мен білік болашақ кәсібінің контекстінде меңгеріледі. Кәсіби біліммен қатар арнаулы құзіреттілікті және шетел тілінде сөйлеу, ойлау қабілеті – өзара қарым-қатынас жасау мен адамдарды басқару дағдысын, басқара және бағына білуді игереді. Ойын барысында кәсіби әрекеттердің нормасы мен әлеуметтік қатынастардың, яғни нақты өндірістік жағдайлардағы ұжымның қатынастарының нормалары меңгеріледі.

«Ми штурмы» – СӨЖ-дің ұжымдық шығармашылық әрекеттерді белсендірудің тиімді әдісі. Оның идеясы – бір топқа болжам айтқызып, екіншісіне оған сыни баға бергізу, сол арқылы шығармашылық ойлауға, сыннан қорықпауға үйрету.

Жүргізу ережесі: жетекші басқаруымен шешуі тиіс мәселе қойылады. Бірінші кезеңде «Идея генераторлары» тобы берілген уақытта (20-40 минут) мүмкіндігінше көп кез келген болжамдарды

айтады. Идеялар (әрқайсысына 2 минуттан) үздіксіз айтылып, бірін-бірі жалғастырып, дамытып, толықтырып отыруы тиіс, дәлелдеудің қажеті жоқ. Идеяларға бұл кезеңде ешқандай сын айтуға, келемеждеуге болмайды. Келесі кезеңде екінші сарапшылар тобы ұсынылған идеяларға пікір айтады, қатаң сараптау жүргізіп, болжамдардың ішінен дұрысы тексеріліп алынады. «Штурм» барысында шешілмеген мәселе сол ұжымға мағынасы өзгермей, айтылуы өзгертіліп беріледі. Идея айтуды белсендіру үшін қолданылатын тәсілдер: инверсия (керісінше істеу), аналогия (басқа шешімдерге ұқсас етіп жасау), эмпатия (өзіңді осы есепке қатысым бар, бір бөлігімін деп санау арқылы сезіміңді анықтау), фантазия (фантастикалық бір нәрсе жасау). Жасалынған болжамдар 10 балдық жүйеде бағаланып, барлық сарапшылардың берген бағасының орташа мәні есептелінеді .

Жазбаша «Ми штурмында» мәселенің, тақырыптың шешіміне болжам жасау жазбаша жүргізіледі, одан әрі ұйымдастырылуы ауызша «Ми штурмына» ұқсас. Қатысушылардың бір-біріне ықпалы болмайды.

Жекелей «Ми штурмында» болжамды айтушы (оған 10-15 минут беріледі) және бағалаушы бір ғана адам болады, өзі айтқан болжамды 2-3 күн өткен соң бағалайды.

Кері «Ми штурмы» айтылған болжамдардың қарама-қайшылығын, кемшіліктерін неғұрлым көп сынауға негізделген.

Кейс-стади –дискдағы, кассетадағы немесе стендтегі нақты өмірдегі факт, дәйек, дәлелдемелерді қолданып оқытудың интерактивті әдісі, оның барысында білім алушылардың тобына студенттің болашақ мамандығына қатысты нақты өмірдегі кәсіби мәселені шешу ұсынылады, олар оны ары қарай талқылап, алынған нәтижелерді талдап, шешім шығарады. Бұл жағдаяттық оқыту әдісін түрлі шетелдік жарияланымдарда жағдаяттарды (ситуация) зерттеу әдісі (case studies), істер тарихы (case stories) немесе кейс әдістері (case methods), ал отандық жұмыстарда нақты жағдаяттық әдіс, іскер жағдаяттар әдісі, кейс-әдіс деп те атайды. Кейс-стади нақты ғылымдар бойынша білім алу ғана емес, танымдық сұрақтарға бірнеше жауабы болуы мүмкін пәндерде қолданылады, нәтижесінде студенттер тек білім ғана емес, кәсіби дағдыны да алады.

Кейс-стади кезеңдері:

• оқытушы кейсті ұсынады;

• топтың әр мүшесі сипатталған жағдайды зерттеп, проблеманы анықтайды;

• шағын топтар оны шешудің нақты жолдарын (жеке шешімдердің нұсқаларын) ұсынады;

• талқылау мен пікірталастың нәтижесінде әр шағын топ бір шешімге келеді.

Оқытушы қатысуымен өтетін талқылауда топтар проблема бойынша өз шешімін дәлелдеуге тырысады. Ортақ бір шешімнің болуы міндетті емес. Мысалы: «мекеме кейсінде» мекеменің сипаттамасы беріліп, студентке мекеме жағдайына талдау жасау ұсынылады, ол үшін бірнеше сұрақ қойылуы мүмкін. Талдау үшін студент өзінің теориялық білімін қолданады.

Жоба әдісі – студенттің бірнеше пәннен алған білімдерін қолдана білуіне негізделіп, көбіне топпен орындалатын, пәнаралық сипатта болады. Жобаны студенттер өздері орындайды, оқытушы тек кеңес беріп, бағыттап отырады. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі курстық жоба студенттің жекелей орындауына негізделген.

Біліктілікті және дағдылардың дамуына студенттердің өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру септігін тигізеді. Өзіндік жұмысын ұйымдастыру – бұл тапсырманы уақытында және жетістікпен орындау үшін қажет шарттарды құруға бағытталған оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы.

Өзіндік жұмысын ұйымдастыру формалары әр түрлі болуы мүмкін, алайда, өзіндік жұмыстың кез-келген формасы оқытудың компетентті-бағытталған шешіміне толық көлемде сәйкес келуі тиіс. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде интерактивті оқытудың әдістерінің бірі ретінде – студенттерде анализдеу және өзіндік даму процесін бағалай білуді қалыптастыруды, зерттейтін пән бойынша теориялық және практикалық ақпаратты өз бетінше ізденуге қабілетін дамытуды, мәселелерді және оларды тиімді шешуді анықтай білуді дамытуға мүмкіндік беретін – жобалар әдісі болып табылады. Сондай-ақ, осы әдісті пайдалану студентке шетел тілінде алынған білімді болашақ кәсібінде практикалық іс жүзінде қолдану мақсатында кризистік анализдей білу қабілетін дамытуда, жұмыс істеудің пән аралық дағдыларын дамытуда, топта жұмыс істеу арқылы коммуникативті дағдыларды игеруде көмек болады.

СӨЖ-ты орындау үшін студенттерге жоба әдісі арқылы кез-келген тақырыптың ұсынила бермейтінін атап кету керек. Жобалар әдісіне қойылатын негізгі талаптарды тізейік :

• іс жүзінде құндылығы болуы керек;

• студенттердің өз бетінше зерттеулерді жүргізуін шамалау;

• жұмыс істеу кезінде де, аяқталу кезінде де бірдей деңгейде болжамсыз болуы керек;

• жұмыс бағытында және оны орындау жылдамдығында төзімді болуы керек;
• өзекті мәселерді шешу мүмкіндігін ұйғара білу;
• студенттің қабілетіне орай оқуына мүмкіндік беру;
• кең ауқымдағы мәселені шешу кезінде студент қабілетінің ашылуына көмектесу;
• студенттер арасында өзара іс-әрекетіне болысу.

Жобалар әдісіне пайдалану тек қана ақпаратты белсенді түрде жинау идеясын жүзеге асыру ғана емес, сондай-ақ, жұмыс процесінде ақпаратпен зерттеу икемділігін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалар әдісінің нәтижелері студенттерде тақырыпты зерттеуде өздігінен бағытты анықтай білу, мәліметтер ағынын анализдей білу, кілттік сөздерді бөліп алу, өз бетінше қорытынды жасай білу сияқты қасиеттерінің даму деңгейін бағалай алады. Жобалар әдісі студенттерді оқытушылармен бірдей деңгейде зерттелетін тақырыпты талдауды, мәселелік сұрақтарды талдау кезінде әртүрлі көзқараста өз пікірін айта білуін қамтамасыз етеді.

Болашақтағы пәндерді зерттеуде жобалар әдісі – зерттелінетін курстар арасында өткен материалды қолдана білудің нұсқасы бола алады. Әрине, оқытушы үшін жоба студенттің арнайы білім мен дағдыларды интегралдай білуін, белгілі бір икемділігімен прогресске жетуін көрнекті түрде көрсетеді, ал студент үшін – жеке басынан өткен тәжірибесін түсіне білу процесіне мысал болады, өзінің қол жеткізген жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Осыдан басқа, жобалар әдісі оқу үрдісін ұйымдастырудың басқа инновациялық педагогикалық технологияларымен бірге студенттердің жоғары деңгейдегі компетенциясын (іс-әрекеттің белгілі бір аймағында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін білімді ұйымдастырудың типі) қамтамасыз етуге қабілетті. Сондықтан, біздің ойлауымызша, жобалар әдісі интерактивті оқыту әдісі ретінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде оқу үрдісінде кеңінен ұсынылуы тиіс.

Егер СӨЖ оқытушы тарапынан қадағаланбай және дұрыс бағаланбаса, онда студенттің оның орындалуына аса назар аудармайтынын және жеткілікті уақыт бөлмейтінін атап өту керек. СӨЖ-ді объективті тексеру оқытушының уақыт бөлгенін талап етеді. Мысалы, жоба нәтижелері бойынша дайындалған баяндамалар, рефераттар және презентациялар студенттердің қатысуымен пресс-конференция түрінде өткізілген сабақта тыңдалынып, талданып және бағалануы мүмкін .

Жобалау кезеңдері: [3]
• жобаны дайындау (тақырыбы мен мақсатын айқындау);
• жоспарлау (ақпарат көздері мен ақпартты алу тәсілдерін, , жобаның міндеттерін анықтау);
• ақпаратты іздеу, зерттеу, қойылған міндеттерді шешу; алынған нәтижелерді талдау, шешім шығару;
• нәтижелер бойынша есеп беру (ауызша, жазбаша);
• жоба жұмысының бағалануы.

Жоба жұмыс студенттің қызығушылығы, жеке ерекшелігі, талабы мен алға қойған мақсатына байланысты болады. Студенттер бір жобаның аясында ізденушілік те, шығармашылық та, ақпараттық та жұмыстар жүргізеді. Жоба жұмысын орындау барысында олар шығармашылықпен ойлауға, өз әрекетін жоспарлауға, жоба бойынша алдына қойған міндеттерді шешуге, алдын ала болжам жасай білуге және жұмыс істеу мәдениетіне үйренеді. СӨЖ сабақтарында материалды сараптау, арнайы пәндерден алған білімдерін пайдалану, материалды сұрыптап, таңдай отырып, ақпаратты қорыту, шеуші сөздермен тірек сөйлемдерін өлшеу, логикалық реттілікпен баяндау т.б. дағдыларын қалыптастыруға жетелейді.

Телекоммуникациялық жобаны – (авторы американдық философ және педагог John Dewey [4] (1859-1952)) телекоммуникацияның техникалық мүмкіндіктерін жоба әрекетімен біріктірудің әдісі, нақты өмір проблемасын шешуде студенттің өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік оқуы арқылы оқытушыдан тәуелсіз болуыны негізделген. Оқытушының қызметі координатор және консультант түрінде болады. Компьютерлік желі көмегімен басқа оқу орындарының білім алушыларымен бірлесе отырып оқу мақсатына бағытталған жобамен жұмыс істеудің педагогикалық тиімділігі жоғары екендігін (мысалы, АҚШ тәжірибесі) өмір көрсетіп отыр.

Е.С.Полат телекоммуникациялық оқу жобасын компьютерлік телекоммуникацияға негізделіп ұйымдастырылған, ортақ проблемасы мен мақсаты бар, бірлесе отырып нәтижеге жетуге бағытталған, осы проблеманы шешудің келісілген әдістері мен тәсілдері бар, оқушы-серіктестердің бірлескен оқу-танымдық, зерттеу, шығармашылық немесе ойын әрекеті деп анықтайды [5]. Телекоммуникациялық жобаны жүргізу оқытушы мен студенттердің арнаулы және жеткілікті түрде дайындығы болуын, жоба құрылымын нақты анықтауды, аралық және қорытынды нәтижені ескере отырып ұйымдастыруды талап етеді.

Эссе – тақырыптың еркін дәлелдемесімен сипатталатын сын, публицистиканың жанры, оқу орнында жазбаша шығармашылық жұмыс формасы түрінде, оқу курсы немесе оның модулі аяқталғанда студенттердің алған білімін тексеру мақсатында қолданылады.

Дәлелденген эссе (аргументтелген) – студенттерді өз ой-пікірін дәлелдей білуге үйретететін жазбаша жұмыс түрі. Эссе жазар алдында студент көп материалды оқып, түсініп, дәйек келтіретін ақпаратты іріктей білуі керек. Студент зерттеу тақырыбының негізгі проблемаларын анықтап, шешудің идеясын ұсынады, оны дәлелдеп, сәйкес ақпарат көздерін көрсетеді. Эссе студенттің ойлау қабілетінің дамуына, яғни айтар ойын құрастырып, айқын жеткізуге, жүйелей білуге, материалды құрылымдай білуге, дәйек ретінде келтірілетін фактілерді таңдай және бағалай білуге, логикалық бірізділікті сақтауға ықпал етеді. Жазбаша түрдегі пікірталастық эссенің құрамы міндетті түрде 4 бөлімнен:

– кіріспе пікір (пікір, цитата, сұрақ, факт және т.б., яғни оқырманды ары қарай оқуға жетелейтіндер);

– тезистік пікір (эссені басқаратын, негізгі ойды көрсететін пікір, әдетте кіріспе бөлімнің соңғы сөйлемі болады);

– презентация (негізгі пікірдің дәлелдемелері келтіріледі, болжалды қарама-қарсы пікірлер ескеріліп, соған да жауап беріледі, оның әлсіз тұстары көрсетіліп дәлелденеді);

– қорытындыдан (дәлелдердің синтезі, тезис пікірдің қайта айтылуы және қорытынды пікір) тұрады.

Пікірталас, дебат, тренинг, дөңгелек үстел, сөзсайыстар сияқты өздік жұмыс түрлері – бұл өз бетімен ойланып және шешім қабылдай алатындықтарын көрсету үшін студенттердің топтық немесе ұжымдық түрде проблемалық сипаттағы сұрақтарды пікірталас немесе ойын жағдаяттарында талқылауы.

Пікірталас – топпен бірге жұмыс істеуде шешім қабылдаудың қарқындылығын арттыру тәсілі; студенттің ұжыммен бірге әрекетін белсендіру арқылы оқу үрдісінің тиімділігі мен қарқындылығын арттыру әдісі; проблеманың шешімін топпен бірге іздеп, талқылап, шешу жолдары дәлелді түрде ұсыну үрдісі.

Тренинг – адамдардың топ ішінде өзара қатынас жасау, араласу, өзін-өзі тани білуі мен дағдысын қалыптастыратын топтық әдістердің жиынтығы. Тренингтің негізгі құралдары рөлдік ойындар мен пікірталастар болады, көбінесе адамдармен аса жиі қарым-қатынасы бар мамандықтардың болашақ мамандарына (мұғалім, дәрігер, қызмет көрсету саласы, банк маманы және т.б.) сол саланың кәсіби коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту, соған студенттерді даярлау үшін қолданылады.

Дебат – студент тілін дамытудың бір жолы. Студент дебат барысында түрлі тақырыпта сөйлеуге, пікір таластыруға, өз ойын дәлелдеуге, басқаның пікірінің қате екенін дәлелдеуге жаттығу арқылы шебер сөйлеуге жаттығады, дағдыланады. Дебатта студенттердің сөйлеу мәдинетін арттырып, олардың топ алдында өзін-өзі талдай білуге, басқаны тыңдай білуге, өз көзқарасын дәлелдей білуге, сауатты сөйлей білуге үйретететін тапсырмалар беріледі. Дебат кезінде студент ойлана отырып, шебер сөйлеуге деген мүдделігін арттырады.

Дебат арқылы бірнеше шешім бар, күрделі, қайшылықтардан тұратын мәселеледі шешуге үйренуге болады.

Демек, дебат студентті өз ойын басқаға дұрыс жеткізе білуге, дәлелдей білуге, пікір таластыра бәлуге бағыттайды. Дебат кезінде студенттер әр аргументке дәлелді пікір айтып, тақырыпқа қатысты өз ойларын жеткізе білулері тиіс. Осы айтылғандарды тұжырымдай келе, тақырып болған мәселені студент ойлау арқылы жинақтап, қабылдайды, қорытады; тақырыпқа сай жинаған деректерін өзі айтатынын дәлелге қатысты жүйелейді; ойын қорыта отырып, белгілі бір шешімге келеді; студент пікір айтуға тиісті мәселеге, сұраққа өз ойын ауызша немесе жазбаша түрде білдіреді, дәлелдейді, бұл өз кезегінде олардың шебер сөйлеуін қамтамасыз етеді.

Студенттердің шығармашылық тұрғыда ізденіп, ойлау қабілеттері жетілуіне ықпал ететін әдістің бірі-дискуссия. Дискуссия кезінде студенттер ойланып сөйлеуге дағдыланып, сөздік қорын толықтыруға да мүмкіндік алады. Дискуссияның басты ерекшелігі – онда біріңғай пікірге келмеген күрделі мәселе талданады және өзінің құрлымы жағынан да басқаша болады. Дискуссия студент тілін дамытуға игі әсері бар өйткені талқылау, пікір айту кезінде студент сөзге араласып, өз ойын дәлелдей білуі тиіс. Мысалы: баяндама жазу студентті сыни қабылдау, қорыту және іскерлік этиканың ережелерін сақтау т.б. әрекеттерді орындауға төселдірді.

Студенттердің өз бетінше жұмыс істеу деңгейін көтеруге және ғылыми әдебиеттерді картотека жасап, тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар студентердің ізденушілігін, танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, кәсіби ізденушілігін дамытатыны айғақ.

Өзіндік жұмыс студенттердің пәнді жүйелі түрде меңгеру, игерілген білім, білік, дағдыларды бекіту, дәріс және тәжірибелік сабақтарына жан-жақты дайындалуын қамтамасыз етеді.

Өзіндік жұмыстың маңыздылығы мен оның қажеттігі туралы ғалымдардың пікірлеріне тоқталатын болсақ:

А.Дистервег: «өзбетінше әрекет ету – өздігінен білім алуға жетелейтін таным еркіндігі», - деген [6].

К.Д.Ушинский: «өз бетінше жұмыс – оқытуда жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы. Себебі өз бетінше жұмыс білім алушыға «мұғалімнің көмегінсіз» жаңаны табуға, білуге ұмтылуға негіз болады»,- деп көрсеткен [7].

Ы.Алтынсарин: «Маңыздысы-оқушының өз бетінше ойлана білуі… Оқыту методтары-балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол», - дейді [8] .

Ғалым Асхат Әлімов: «өзіндік жұмыс студенттің оқытушының қатысуынсыз және аудиториядан тыс уақытта оқу жоспарында (силлабуста) белгіленген тапсырмаларды орындап, атқарған жұмысы туралы жазбаша есеп немесе ақпарат беруі», - деп көрсеткен [9].

Демек, студенттің өзіндік жұмысы – оқытушының қажетті нұсқаулары бойынша орындалатын, оқу жұмысының бір түрі.

Студенттердің өз бетінше жұмысы тек қана оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдары ретінде ғана емес, зерттеудің нысаны ретінде де танылады.

Өзіндік жұмыста студенттер алған теориялық білімдерін талдап, қорытынды мен тұжырымдар жасап, оларды тәжірибеде қолдануға үйренеді. Жалпы алғанда өзіндік жұмыс студенттің өз біліміне деген жауапкершілігін арттырып, өз білімінің мазмұндық траекториясын анықтауға және қолданатын әдіс-тәсілдерді таңдауға баулиды. Бүгінгі күні мұндай біліктерді меңгеру білім алу үрдісінің басты мақсатына айналып отыр.

Интерактивті оқыту әдістері студентердің өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуіне негізделген. Сондықтан да олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды.

Қорыта келгенде оқу үдерісінде өз бетінше жұмыс деп – белгілі уақыт ішінде алға қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту, білімді жүйелеу және талдап қорытуды айтамыз.

Интерактивті әдіс бойынша сабақ барысында студенттер көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады, бірақ бұдан оқытушының рөлі бәсеңдейді деп санауға болмайды. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс оқытушының жоғары белсенділік танытуын талап ететін әдіс. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тыңдаушы рөлін атқаруы оның процестен шет қалуы болып саналмайды. Сабақтың жоспары студенттер өзара талқылау барысында нені ұғынуы керектігін көрсетеді, яғни, оқытушы студенттердің іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады.

Интерактивті әдісті қолданатын оқытушылар, оқыту өзара әрекеттестік барысында анағұрлым табысты өтетіндігіне көз жеткізіп отырмыз. Олар, пікірталас барысында студенттердің жылдам оқып, есте сақтауының арта түскендігін байқаған. Оның негізгі себептері:

• студенттер ақпарат алумен қатар, өздерінің белгілі бір мәселені шешу жолы, тіптен шешімнің дұрыстығын немесе қолда бар нұсқалардың ішіндегі озығы екендігін қисынды түсіндіруі керек;

• олар ойларының тереңдігіне талпынады, өйткені қисынсыз құрылған тұжырымдар да тудыруы мүмкін;

• мәселені шешу барысында студенттер өздерінің немесе басқалардың тәжірибесіне сүйенеді. Мұндай жалпы білім қоры әр студенттің білімінен көп болатындығы ақиқат;

• студенттер де үйренеді, ол студенттерден жаңа білімдер алуы мүмкін.

Интерактивті әдістер әмбебап болып табыла ма?

Жоқ, интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да сабақ өткізудің лекциялық нысанын алмастыра алмайды, бірақ лекциялық материалдарды жақсылап меңгеруге бейімдейді, ең маңыздысы сол, пікірлерді, қатынастарды, мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

Оқудың интерактивті әдістерін пайдаланудың жағымды сәттері немен тұжырымдалады?

Интерактивті әдістерін пайдалану кезінде оқытушының рөлі күрт өзгереді, ол тек қана процестерді реттеп отырады және оны жалпы ұйымдастырумен айналысады, қажетті тапсырмаларды алдын ала дайындайды және сұрақтарды немесе топтарда талқылауға арналған тақырыптарды қалыптастырады, кеңестер береді, белгіленген жоспардың орындалу тәртібі мен уақытына бақылау жасайды.

Қатысушылар әлеуметтік тәжірибеге – өзінің немесе басқа адамдардың тәжірибесіне жүгінеді, сондықтан оларға бір-бірімен коммуникацияға түсуге, берілген тапсырмаларды бірігіп шешуге, кикілжіңдерді болдырмауға, жақындасудың ортақ нүктелерін табуға, ымырашылдыққа баруға тура келеді.

Психологтар оқу қарым-қатынасы жағдайында дәл қабылдаудың жоғарылайтынын қадағалаған, жаднама жұмыстарының нәтижелері артады, жеке тұлғаның – назар аудару тұрақтылығы, оны тарата білу сияқты интеллектуалдық және эмоционалдық өзіндік ерекшелігі дамиды; қабылдау кезінде қырағылығы; әріптесінің іс-әрекетін оның дәлелдері мен мақсаттарын талдау қабілеті артады.

Ең маңызды шарттар – интерактив бойынша тренингтік оқытушылардың жеке қатысу тәжірибесі. Оны ойынға жеке өзі қатысу «ми штурмы» немесе сөзсайыс жолымен ғана үйренуге болады.

Интерактивті әдіс міндеттердің көп түрлілігі және өзара әрекеттесу өмірлік тәжірибесі негізгі білім беру көзі болып табылады.

Интерактивті әдістерді қолдану студенттердің бір-бірімен қатынас жасауына итермелейді. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда олар ортақ іс-әрекет жасауға қажеттілік туындайды, сонымен қатар өзара ақпарат алмасу, басқа адамдарды түсіну туындайды. Интерактивті әдістер өзара әрекетке, студенттердің белсенділігіне, топтық тәжірилбеге негізделіп жасалынады. Қорыта айтқанда, интерактивті әдістер арқылы студент дайын білімді пайдалануға емес, оларды тәжірибе негізінде өзінің алуына үйретеді, ал бұл диалектикалық және шығармашылық ойлауының дамуына әкеліп соқтырады. Сонымен қатар, интерактивті тәсілдердің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау студенттерге оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығы арттырады. Сонымен қатар, оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту тәсілдері мен әдістерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әбдікәрімұлы Б, Б. Андасова. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өзіндік жұмысының педагогикалық шарттары. Астана, 2007. Б.64

[2] Словарь иностранных слов. - М.; 1985 - С.433

[3] Карлова Э.К., Веренцова Л.Г., Нечепуренко Е.В., Батырбаева А.Ә.- Жобалар әдісі – студенттің өзіндің жұмысын орындау формасы // ҚазМУ Хабаршысы, №2, 2011, Алматы. Б. 38-39б.

[4] Wilga. M River. Interactive Language Teaching. -Cambridge University Press. 1987. - 228 с.

[5] Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. 2000. - № 2. - 3-10. №3. - 3-9 с.

[6] Педагогика и психология высшей школы М.В.Буланов-Топорков жетекшілігімен: оқу құралы. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2002. – 544 с.

[7] Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы.-Алматы, Жазушы. 2004. -196 б.

[8] Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

[9] Әлімов А., Базарбекова Р. Интербелсенді әдістеме. Магистранттарға арналған оқу-әдістемелік құрал. –Алматы, 2012.-40 б.

[10] http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2012. Pedagogica/1_100376.doc.htm- «Портфолио» - ЖОО-нда студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың формасы ретінде.

REFERENCES

[1] Abdikarimuly B Andasova B. Pedagogical conditions for independent work of of the future economists on the credit system of education, Astana, 2007, 64 (In Russ.).

[2] Dictionary of Foreign Words. - M .; 1985. 433 p. (In Russ.).

[3] Karlova E.K, Verentsova L.G, Nechepurenko E.V Batyrbaeva A.Ə. - Design method - types of independent work of students Bulletin of KSU. Number 2, 2011, Almaty. 38-39. (In Russ.).

[4] Wilga. M River. Interactive Language Teaching. -Cambridge University Press. 1987. - 228 p. (In Eng.).

[5] Polat ES Method of projects at foreign language lessons. Foreign languages at school. 2000. № 2. 3-10. №3. 3-9. (In Russ.).

[6] Pedagogy and psychology of higher education. Edited M.V.Bulanov -Toporkov. Textbook. Rostov-on-Don in Phoenix. 2002. - 544 p. (In Russ.).

[7] Buzaubakova K.J. New educational technology. Textbook. Almaty. Zhazushy. 2004.196 p. (In Russ.).

[8] Alimov A. Application of interactive methods in higher education institutions. Textbook. Almaty. 2009. (In Russ.).

[9] Alimov A., Bazarbekova R. Interactive metodsteme. Teaching aid for masers. Almaty. 2012. 40 p.

[10]http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2012. Pedagogica. 1_100376.
doc.htm. «Portfolio" - Form of independent work of students in the university

УДК 81` 362:811

ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

З.Ж.Бекмамбетова, Ж.М. Акынова
bzanipa@mail.ru
Казахский национальный технический университет имени К.И. Сатпаева г. Алматы, Республика Казахстан

Ключевые слова: интерактивные методы, процесс обучения, самостоятельная работа студентов, профессиональная деятельность, коллективная творческая работа

Аннотация. В настоящее время в высших учебных заведениях уделяется большое внимание совершенствованию самостоятельной работы студентов. При организации самостоятельной работы студентов широко применяются различные интерактивные методы – деловые игры, дебаты, дискуссия и др. Дадим краткую характеристику видам интерактивной самостоятельной работы студентов. Для формирования речевой деятельности студентов на иностранном языке очень важно проведение деловых игр. При помощи деловых игр студенты приспасабливаются к будущей профессии, осваивают нормы речевого этикета, обогащают словарный запас, формируют мышление. При проведении деловых игр после вступительного слова каждый студент приступает к определённой ддеятельности. А также правильная организация самостоятельной работы студентов способствует развитию речевых умений и навыков. Организация самостоятельной работы – это совместная работа преподавателя и студента, направленная на успешное и своевременное выполнение заданий.

Bekmambetova Z. Zh.
Candidate of Pedagogical Sciences, senior teacher
Kazakh National Technical University, Kazakhstan
department of foreign languages
Akynova Zh.M.
Master of Pedagogical Sciences, senior teacher
Kazakh National Technical University, Kazakhstan
department of foreign languages

Поступила 15.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

УДК 330.34.664 (57)

Marketing operations as a major factor in the development of trade and marketing of catering market

Zholmuhanova A.ZH.[1] Asil B.O.[2] Tastanbekova K.N.[3], Shamuratova N.B.[4]
gmusina@mail.ru,
[1,2,4] Kazakh Agro Technical University. S.Seifullin, Astana
[3] Taraz innovation and Humanities University, Taraz

Key words: marketing, sales, market, product, food, and consumers.

Abstract. This article tells the story of marketing operations in all business sectors. In particular, it is aimed at the realization of the situation that occurs when market relations between enterprises. The correlation between the user and the supplier in the market to each other and their terms and conditions, as well as the movement of the object. In particular, these measures will have a solid marketing principles and approach to how they will be taken into account by the consumer. Just as is currently being discussed internal rules and principles of the marketing plans of the company. In particular it is a power factor in the development of the market. Dismantling of the risks and at the same time, the company is regarded as one of the measures should be maintained. In order to maintain its activity and a need to focus on several markets, particularly in the event of adverse market conditions, their activities.

УДК 330.34.664 (57)

Маркетинговые операции как основной фактор в развитии торговли и сбыта рынка общественного питания

Жолмуханова А.Ж.[1] Асилов Б.О.[2] Тастанбекова К.Н.[3], Шамуратова Н.Б.[4]
gmusina@mail.ru
[1,2,4] Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г.Астана
[3] Таразский инновационно-гуманитарный университет, Тараз

Ключевые слова: маркетинг, продажи, рынок, продукт, продукты питания, и потребителей.

Аннотация. В данной статье повествуется о маркетинговых операциях во всех видов предпринимательской деятельности. В частности, она направлена на реализацию ситуации которы возникают при рыночных отношениях между предприятиями. Корреляция между пользователем и поставщиком на рынке друг к другу и их сроков и условий, а также перемещения объекта. В частности, эти меры будут иметь маркетинговые принципы и твердый подход к тому, как они будут приниматься во внимание потребителем. Так же, как в настоящее время обсуждается внутренние правила и принципы маркетинговых планов фирмы. В том числе речь идет о коэффициенте мощности в развитии рынка. Демонтаж риски и в то же время, компания рассматривается как одна из мер, должны быть сохранены. В целях сохранения деятельности предприятия, необходимо сосредоточить внимание на нескольких рынках особенно в случае неблагоприятных рыночных условиях, их деятельности.

УДК 330.34.664 (57)

Маркетингтік амалдар сауда және қоғамдық тамақтандыру нарығының даму факторы ретінде

Жолмұханова А.Ж.[1] Асилов Б.Ө.[2], Тастанбекова К.Н.[3], Шамұратова Н.Б.[4]
[1,2,4] С.Сейфуллина атындағы ҚАТУ
[3] Таразский инновационно-гуманитарный университет, Тараз

Түйінді сөздер: маркетинг, сауда, нарық, өнім, тамақтану, тұтынушылар.

Андатпа. Мақалада кез келген компанияның маркетингтік амалдары қарастырылған. Атап айтар болсақ ол амалдардың жүзеге асу техникасының жайы мен жапсары қарастырылып отыр. Тұтынушы мен нарықтағы ұсынушы ара қатынасы мен олардың шарттары және бір біріне қойылатын талаптары сынды тақырып қозғалып отыр. Соның ішінде аталмыш шаралармен айналысушы тұтынушыға ұсынатын фирмадағы мркетингтік амал тәсідер қарастырылып отыр. Сондай ақ фирманың ішкі ережелері мен маркетингтік принциптер сөз болып отыр. Соның ішінде тоқталып отырған мәселе бұл қоғамның тамақтану нарығының даму факторы. Және де бұл ретте тәуекелдерді бөлшектеу, кәсіпорынды сақтап қалудың бір шарасы ретінде саналады. Сөзге тиек етіп отырғанымыз, кәсіпорын қызметін сақтап қалу мақсатында, әсіресе нарықтың қолайсыз конъюнктураға ие жағдайында, өздерінің іс-шараларын бір өнім шегінде емес, бірнеше өнімге, бір ғана нарықта емес, бірнеше нарыққа шығуына шоғырландыруы қажет.

Компанияның маркетингтік амалдары жүйеліктің, тұтынушы мен нарық коньюнктурасына бағыт алудың, фирманың жалпынарықтық мақсаттарға сәйкестілігінің ара-жігін айқындайды. Маркетингтік амалдар, тұтынушылар күтімін талдау негізінде сәйкесті қаражаттарды сатуға ұсыну, тауар немесе қызмет түрінде коммерциялық ұсыныс түрін анықтаудан құрылады. Кез келген фирма маркетингтік принциптерді ұстана бермейді. Көбіне дәстүрлі амалдарды қолданысқа алады, яғни нарықты және тұтынушыны зерттеуге ақша шығындамайды, тауарды қолданыстағы жүйе бойынша өндіреді, тауар өндірісінің шығындарын минималдап отырады [1, 98 б.].

Сауда және қоғамдық тамақтандыру нарығы көбнесе үш амалдарды қолдану негізінде зерттеледі: екінші реттік ақпараттарды талдау арқылы; тұтынушылар уәжін және мінез-құлығын зерттеу жолымен; шығарылған және сатып өткізілген өнімдерді талдау бойынша.

Бірінші амал шегінде кәсіпорын үшін қызығушылық туындататын, статистикалық органдармен, әртүрлі министрліктермен, сауда палаталарымен, аймақтық басқару органдарымен басып шығарылған, сондай-ақ арнайы маркетингтік емес зерттеулер нәтижесі болып табылатын барлық құжаттар талданады. Бұндай мәліметтер жеткілікті ретте арзан, салыстырмалы түрде жеңіл қолжетімді. Дегенмен де, мәліметтер жабық, толық емес, жеткілікті түрде нақтыланбаған болуы мүмкін. Сондықтан сенімді нәтижеге қол жеткізу үшін бұл мәліметтер әдетте жеткіліксіз болып жатады.

Нарықты зерттеудің екінші амалы, тұтынушылар уәжі мен мінез-құлығын арнайы тексеру жүргізу: сұқпат ұйымдастыру, әңгімелесулер, анкеталар толтыру жолдарымен зерттеуді қарастырады. Кез келген жағдайда сұқпатқа қатысушы ретінде, мәселе бойынша терең талдай білетін кәсіби-эксперттер:

сатушының таңдауына әсер ететін тауарды қолданушылар, өнім бойынша ешқандайда құпиялардың болуы мүмкін емес сатып алушылар болып табылады. Сондықтан да, бұндай зерттеулерді жүргізуші маман сәйкесті нарықты және зерттелетін өнімді жақсы тани білуі қажет, өндіруші-компаниялар мен аралық делдал ұйымдар туралы мәліметтерді иемденуі тиіс.

Бұл жерде, өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдерді сатып алуға уәждеу рационалді (ұтымды) ретте екендігін есте ұстау қажет және тұтыну тауарларын сатып алумен салыстырмалы түрде эмоционалдығы төмен болып саналады. Тұтынушылар пікірлерін зерттеуден өзге, сонымен бірге делдалдық, дистрибьютерлік ұйымдардың, сондай-ақ өндіруші-кәсіпорындардың басшылары мен мамандарының пікірлері де зерттеледі. Айта кететін жай, бұл жерде маңызды бір жағдайды есепке алу керек. Өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдерге сұраным, оны өндіріс кезінде қолданатын дайын тұтыну тауарлары сұранымның туындысы болып табылады. Сондықтан да, болжамдық мақсатта тек қолда бар өнім тұтынушыларын ғана емес, әлеуетті тұтынушыларды да зерттеу қажет.

Делдалдық сауда ұйымдарының басшылары мен мамандарының пікірін зерттеу, олардан қажетті мәліметтерді алу, көбіне өндіруші-кәсіпорындарды зерттеуден салыстырғанда біршама күрделі мәселе болып табылады. Бұл жерде бәсекелес-фирманың өнімі туралы мәліметтерді (тұнынушылар көзқарасы, сату көлемі ж.т.б.) берумен байланысты коммерциялық құпияларды сақтау мәселесі пайда болады. Бұл кезде қолайсыз жағдайлардың өзінде қажетті ақпараттарға қол жеткізу маркетологтың ептілігіне, шеберлігіне тікелей байланысты болады.

Тиімді ұйым – бұл барлық функциялары келісілген және бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған ұйым болып саналады. Дегенмен де, тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген отандық кәсіпорындардың негізгі мәселесінің бірі маркетингті оқшауланған, өндіріспен салыстырғанда екінші дәрежелі функция ретінде санайды, ал бөлімшелер арасындағы байланыс көп жағдайларда «бәсекелестік» және «сенімсіздік» сөздерімен көрініс табады. Бұл мәселені шешуді «жоғарыдан» жүргізу қажет, кәсіпорынның ұйымдастыру мәдениетін айырбастау және сәйкесінше кадрлық саясатты құру керек. Ұйымның қызметкерлері және өндірістік персоналдарды қоса алғанда, кәсіпорынның әл-аухаты толығымен тұтынушыларға байланысты болатындығын ұғынуы қажет [2, 66 б.].

Сондықтан да, егер кәсіпорын клиенттердің күтімі мен талаптарына – «клиенттерге жұмыс істеуге» - сәйкес болмаса, онда жақын арада клиенттертердің өз таңдауына көңілі қалуы және бәсекелестерге көңіл бөліп кетуі ықтимал. Отандық кәсіпорындардың тиімді қызмет жасауы үшін қаншалықты тиімді ұйымдастырылған сату қызметіне күш салуы жеткіліксіз болып табылады. Жаңа амалдар қажеттілігі туындап отыр, тек нарықпен қарымқатынас ғана емес, ең негізгісі - өндірісті ұйымдастыру. Басқаша айтатын болсақ, басқару философиясын өзгерту қажеттілігі туындап отыр.

Компаниялардың маркетингтік амалдарды қолдануының сыртқы индикаторы ретінде баға құру тәсілдері және өндірісті, ассортименттік қатарды, сатуды ынталандыруды жоспарлауы болып табылдады.

Сонымен, маркетингтік амалдарды қолдануда баға құру, нарық тенденцияларын, қалыптасқан баға деңгейін, бәсекелестік жайларды талдау, сонымен қатар кәсіпорынның маркетингтік стратегияларын, бәсекелестік басымдылықтары және сатудың болжамдық көлемін есепке алу негізінде жүргізілуі тиіс.

Өнімнің өзіндік құнын негізге ала отырып және пайда нормасы бекітіліп, жоспарлық-экономикалық бөлімде анықталған баға бойынша амалдар жүргізу, бүгінгі күнде өзіндік аз мөлшерлі икемсіздігінен қолданысқа жарамсыз болып табылады.

Өндіріс көлемі болжамдар негізінде жоспарлануы тиіс, содан кейін ғана өндірістік күштердің оптималді жүктелуі және маркетингтік емес көрсеткіштерді есепке ала отырып біршама реттелуі қажет.

Қолда бар технологиялар мен құрылғылар жүйесіне тікелей қатаң байланыссыз, тұтынушылар талаптарын зерттеу нәтижесі негізінде, әруақыт өнімді жетілдіру және ассортиментті жаңартып отыру тиіс.

Маркетингтік амалдар компаниялардың әлеуетті клиенттерді тарту бағытында қайталанатын сұранымды ынталандыру (қолда бар клиенттерді ұстап тұру), үйлесімді тарату арналарын анықтау, кері байланыс жүйесін құру, ұйымның беделін құру және реттеу бойынша шараларды жүргізуді қарастырады [3, 97 б.].

Бүгінгі күнде бизнестің маркетингтік бағытқа көшуін тиімділікті арттырудың бір тәсілі ретінде санауға болады, ал ертеңгі күні – бұл бәсекелестік күрестегі компанияны сақтап қалу мәселесі болып табылады.

Маркетингтің амалдардың мәні, ұйымның барлық бөлімшелерінің қызметкерлері бірінші кезекте клиенттер жайын ойлауы тиіс, өз жұмыстарын олардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында жүргізу қажеттілігінен құрылады. Бұндай амалдардың ұстанымы келесілерден құрылады:

- тұтынушылық мұқтаждықты және мақсатты нарықты анықтау;
- бірегей маркетингтік жүйені – интегралданған маркетингті құру және мақсатты сегмент талаптарын (тауар сапасы, сұраным көлемі, ассортименті, мерзімі) максималді қанағаттандыру мақсатында барлық бөлімдердің бірлескен жұмысын реттеу;
- ұзақ мерзімдік болашаққа бағыт ұстау.

Жоғарыда аталған ұстанымдарды іс-жүзіне асыру үшін ұйымда маркетингтің ғаламдық функциялары орындалуы тиіс.

Сонымен, аналитикалық функциясы, біріншіден нарықты (даму бағытын және тұтынушыларды) зерттеу және негізгі көрсеткіштерді болжаудан құрылады; ал екенші жағынан – тұтынушылардың талаптарына сай тауарды үздіксіз жаңартып және сәйкестендіріп отыру мақсатында тұтастай кәсіпорынға және жекеше түрде өндіріске әсер етуден құрылады.

Бұл функциялардың соңын, маркетингті стратегиялық жоспарлау және ұйымның маркетингтік саясатын құру тапсырмалары құрады. Бұл функциялардың сапалы орындалуынан сату болжамының дәлдігі, баға саясатының тиімділігі, қабылданатын стратегиялық шешімдердің дұрыстылығы және де басқа көптеген жайлардың дәлме-дәлдігі тікелей байланысты болып табылады.

Маркетингтің екінші функциясы - өндірістік функциясы – яғни, жаңа тауар жасап шығаруды ұйымдастыру және ескі өнімді, сервистік қызмет көрсетуді жетілдіру, сонымен қатар бәсекеқабілеттіліктің негізгі факторларының бірі ретінде өнімнің сапасын басқару болып табылады.

Үшінші функция – тауарды жылжыту. Ол сату арналарын құрудан тұрады, сонымен бірге жалпылама сұрақтарды – сервис жүйесін ұйымдастыру, келісім -шарт жайларының орындалуын бақылау, клиенттермен даулы жайларды шешу, тауарды жылжыту, сату мәселелерін шешуден құрылады.

Ескерте кететін жай, бұл мәселелерді жеке бөлімше шеңберінде шешу мүмкін емес, маркетингтік кешенді жүйені құру талап етіледі, оған кәсіпорынның көптеген қызмет бөлімдері еніп және белсенді түрде бірлесіп жұмыс жасауы тиіс. Бұл жағдайда маркетингтік жүйе ретінде, маркетингтік функцияларды орындайтын немесе функциялардың бірін орындауға тікелей әсер ететін кәсіпорынның барлық бөлімшелерінің жиынтығы қарастырылады. Сонымен, маркетингтің өндірістік функциясының бір бөлігін, мысалы, өнімді жетілдіру бойынша жұмыстарды НИОКР бөлімі немесе өндірістік бөлімше орындайды, ол өз кезегінде басшының орынбасарының немесе бас инженердің қоластында болады және маркетингке тікелей байланысы жоқ. Дегенмен де, бұндай жұмыстар маркетинг бөлімімен бірлесіп жүргізілуі қажет, яғни нарықтық мәліметтерге негізделіп, бұл тектес жұмыстарға бағыт беріп және бақылау жүргізіп отыруы тиіс.

Маркетингтік жүйені құрудың негізі, жабдықтау, өндіріс және сатудың барлық кезеңдерінде ұйымның барлық бөлімшелері бойынша шешімдерді анықтап беруші бірегей ақпараттар легі құрылуы шарт. Бұндай көзқарас бойынша маркетинг қызметіне бұрынғыға қоса үйлестіруші функциясы жүктеледі. Кешегі күнге дейін, төрт құрушыдан: өнім, баға, нарық, сатуды біріктіретін маркетингтің кешенді түсінігі болған жоқ. Қолданбалы ғылым ретінде маркетингтік дамуы нарықтың дамуымен қатар жүрді, ал түсіну көзқарастары бірде маркетингтік бір функциясына, кейде келесі функциясына ауысып отырды. Батыс елдерінің мамандары, мақсатты қою және тапсырманы шешу ұстанымын бейнелейтін төрт кезеңді бөліп көрсетеді [4, 76 б.].

Маркетингтің дамуының бірінші кезеңі, өндірістік деген атқа ие - ұйымның өндіріске бағыт ала отырып даму кезеңі. Бұл аталған даму кезеңінде қызмет атқаратын кәсіпорынның іс-қимыл жасау мақсаты, тұрақты түрде өндірістік көлемді арттыру және өндіріс көлемі бойынша ұнемдеу есебінен өнімнің өзіндік құнын төмендету болып табылады. Бұл ұстанымға бағыт алушылардың пайымдауы бойынша тек бағаны төмендету есебінен сату көлемін жоғаоылатуға және тұтынушыларды қанағаттандыруға болады. Себебі баға өндіріс көлеміне тікелей байланысты жай, сондықтан да осыған сәйкес, өндіріс көлемі нарықтың қанығуының негізгі факторы болып табылады.

Маркетингтік екінші амал мынаны меңзейді, нарықтың қанығу деңгейін жоғарылатуға, сәйкесінше сату көлемін арттыруға, тек өндірілетін өнімнің сапасын жоғарылату есебінен ғана қол жеткізуге болады. Бұл бағыттағы амалдар маркетингтің өнімдік немесе тауарлық тұжырымдамасы деген атқа ие. Дамудың бұл кезеңінде кәсіпорын, технологияны жетілдіру және біршама сапалы өнімді, яғни жаңа

тауарды жасауды қаржыландыруға көптеген қаражаттарды сала отырып өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға тырысады. Бұл көбіне баға бойынша залалға алып келеді.

Маркетингтің дамуының үшінші кезеңі сату тұжырымдамасы атымен танымал. Бұл жағдайда ұйым өндірілетін тауарларды белсенді түрде жылжытуға бағат ұстайды, бұл ретте тауарды қалайда болмасын сатуға, тіпті клиеттермен байланыстың болашағына залал келтірген жайладың өзінденде де, осы бағытқа күш салынады. Бұл ұстанымды жақтаушылардың пікірі бойынша, тұтынушыны мәжбүрлемеген жағдайда, олар ешқашан тауарды сатып алмайды. Бұл жағдайда, сатып өткізудің мәні жойылады, сондықтан ұйымдағы басымдылық іс-қимыл, алдыңғы екі кезеңді де қоса алғанда, өндірістік бөлімшелерге тиесілі болады. Бұл кезең, барлық мүмкіндіктерді қолдана отырып сату жүйелерін құру, агенттік сауданы (коммивояжерлікті) дамыту, жарнамаға көп көлемді қыржы салу жолымен құрылады [5, 55 б.].

Жоғарыда аталған әрбір кезеңдегі жүргізілетін жайлардың уақыт аралығының едәуір қысқалығын есепке алмағанда, маркетингтің дамуындағы бұл бағыттар отандық кәсіпорындарға да тән.

Отандық кәсіпорындар келесідей ұстанымды қарастырады:

1) саясатта, экономикада, қоғамда және технологиялардағы қарым-қатынастық ортаның өзгерістеріне әруақыт бейімделу;

2) тәтті тағамдар өнімдерін өндіру бойынша стартегияларды құру. Бұл жерде айта кететін болсақ, өнімді таңдау кезінде тек қана сұранымды ғана есепке алу қателік. Кәсіпорында өндірілетін әртүрлі өнімдерді өндіру бойынша жалпы операцияларын, тұтынушыға дейін өнімдерді жеткізудің жалпы арналарының мүмкіндіктерін бекітуді анықтау қажет ж.т.б. Бұндай амалдар өндірістік және өнімді сату шығындарын қысқартуға, өндірістік және қоймалық алаңдарды максималді тиімділікпен қолдануға мүмкіндік береді.

3) Кәсіпорынның мүмкіншілігіне байланысты шешімдер қабылдау. Соңғысына келесідей жайлар тиесілі:

- адамдар ресурсы – жұмыскерлердің шеберлігі, білімділігі және кәсіпқойлығы. Бұл жағдайда олар тұтынушылардың талаптарын және тәтті тағамдар дайындаудың технологиялық заңдарын қабылдай білуі мен іс-жүзіне асыру мүмкіндіктері тарапынан бағалауы тиіс;
- өндірістің материалдық факторлары – жабдықтар, ғимараттар, шикізаттар, материалдар, жанармай ж.т.б. Олар техникалық жағдайына, даму деңгейіне және қолданылуына, оларды иемдену формасына (жалға алу, жекеменшік, акционерлік) байланысты қарасытырылуы қажет;
- технологиялық және ұйымдастыру ресурстары – жетік технологиялар, патенттер мен лицензиялар, өндірісті және кәсіпорындағы еңбекті ұйымдастырудың ілгерлемелік деңгейі.

Дәстүрлі амалдар кезінде материалдармен, шикізаттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыруға, көп жағдайда барлығын біршама төмен бағамен сатып алуға болатын жабдықтаушылар тізімінен таңдау жасайды. өндірушілер бағаны төмендету мақсатында, жабдықтаушылар мен қосалқы медігерлерді өзара бәсекелестіруге әсер етуге тырысады. Көпшілікке танымал «Mars» фирмасы, жабдықтаушылар үшін қандайда бір кепілдік нарығын құра отырып, бірнеше жабдықтаушымен ұзақ мерзімдік қатынастар құрады, яғни ұзақ мерзімді шарт жасасу жүйесінің аналогын құрады, бұл ортада бәсекелестік барлық жайларды қамтитын болып табылмайды. Ол тек, бір уақытта жоғары сапаны, қалыпты жеткізіп отыруды, өндірістің икемділігін және төмен деңгейлі шығындарды қамтамасыз етуші тиімді қосалқы медігерлердің үлесіне ресурстар немесе тапсырыстар үлесін қайта бөлудің бір элементі ретінде саналады.

Басқаша айтатын болсақ, жетекші фирмалар үшін жабдықтаушылар мен қосалқы медігерлер сол кәсіпорынның өндірістік бөлімшесі ретінде қарастырылады. Бұл дегеніміз қорытындылай келгенде, фирмалардың шикізатпен, материалдармен қамтамасыз етілуінің «дәл және қажетті уақытта жеткізу» жүйесіне көшуіне мүмкіндік береді. Бұның нәтижесінде, қоймалық орындар саны кемиді, ал негізгісі тауарды жасап шығарушыда, сондай-ақ тұтынушы ықпал ететін өндірістік қор көлемі төменгі шегіне дейін қысқарады. Бұл дегеніміз, кәсіпорындар технологияларды немесе өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру бойынша өзінің жабдықтаушыларына көмек көрсетуі тиіс деген сөз. [6, 51 б.].

Мәселені шешудегі жаңаша көзқарастың мәні, бұл дегеніміз өндірістегі жетілдірулер тұрақты негізде іс-жүзіне асырылып отырылуы тиіс. Бұл жай барлық жағдайда өндірістік бағдарламаны жоспарлауға, сондай-ақ инновациялық үдерісті жүргізу тактикасынада жатқызылады. Тәтті тағамдар өндірісі саласында өркендеп келе жатқан компанияларда жыл сайын, тек бекітілген мерзімге сәйкес дайын өнімді жасау үшін қажеттілер ғана өндіріледі.

Жаңаша басқару саясаты шеңберінде кейбір кәсіпорындардың басшылары басқарудың классикалық мектебі туралы ұмыт қалдырып отырады. Мысалы ретінде қарастыратын болсақ,

шаруашылық қызметтің көптеген дәстүрлі бағалау көрсеткіштері қолданылмайды: бір жұмысшыға шаққандағы еңбек өнімділігі, өнімнің бір данасына шығындалатын жұмыс уақытының әртүрлі стандарттары: өнімділікті және өнім сапасын жоғарылату. Көп жағдайларда мына жайға көңіл бөлуіміз қажет, өнімділік және өнім сапасы бойынша пайданың негізгі бөлігін, қолданыстағы жай ретінде, техниканы сатып алу және өндіріске енгізуді (көбіне қымбат технологияларды) қолға алмай-ақ жүргізуге болады, іс жүзінде жаңа техниканы сатып алу жалпы өндірістік шығындарды көбейтуге ғана алып келуі мүмкін.

Табысты қызмет атқарып отырған компаниялардың тәжірибесін қарастыратын болсақ, жаңа техника мен технологияны енгізбес бұрын, ұйымдастыру тәсілдерін және өндірісті басқаруды қайтақұруды іс-жүзіне асырады, техникалық жаңарту шығынға алып бармасы үшін, бір кезеңде сапаны жоғарылату, өндірістің тиімділігі мен бейімділігін арттыру үшін барлық деңгейлерде басқарушылық ойларды енгізеді.

Бірінші ретте, өнімдерді өткізу мен сатуға, түсімді жоғарылатуға және қаржылық жағдайды жақсартуға көңіл бөлінуі тиіс. Егерде, өндірістің шығындарын кеміту есебінен пайданы жоғарылатуға бағыт ұстаған жағдайда, ерте ме кеш пе, кәсіпорын бизнестен кететін болып есептеледі, себебі барлық мүмкіншіліктерді қолданғанның өзінде, өндірістік шығындар деңгейін кемітудің өзіндік шегі болады. Сондықтан да, сату көлемін арттыру есебінен түсімді жоғарылату бағытын ұстанған дұрыс [7, с.81].

Тәжірибе жүзінде бұл дегеніміз, әрбір сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары тұтынушыларға қалыпты өндірістік шығындармен сол көлемдегі бағаға сай, біршама жоғары сапалы немесе қандай-да бір жаңа қасиеттерге ие тауарларды ұсынуға тырысуы қажет. Біздің көзқарасымыз бойынша, осы бағыт сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының сауда көлемін және түсімін үздіксіз ұлғайуын қамтамасыз етеді. Сату көлемінің жоғарылауы өндіріс көлемінің жоғарылауын жорамалдайды, яғни бір жағынанеңбек өнімділігін арттыру есебінен, ал екіншіден қосалқы өндірістік қаржыларды тарту арқылы қамтамасыз етіледі. Қарастырылып отырған сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны жағдайында, көбіне өндірістің жоғары шектік көлемін анықтауда, шектік түсімдердің өсуі заңдылығын басшылыққа алу керек.

Бұл сұрақты шешу кезінде негізінен, ақшалай қаржылардың келіп түсу мерзімінің мүмкіндігінше кемуіне көңіл бөлу қажет, себебі бұл айналым қорлары көлемінің төмендеуіне алып келеді.

Өндірілетін өнімнің номенклатурасы мен ассортиментіне жүйелі түрде талдаулар жүргізу. Бұндай талдаулар айналым қорларының көлемі талап ететіндей пайда алу тұрғысынан қажет, яғни номенклатура мен ассортименттің үйлесімді құрылымы деген сөз. Үйлесімділік белгісі, пайданы максималдау мен айналым қорларының көлемін минималдау болып табылады.

Тәуекелдерді бөлшектеу, кәсіпорынды сақтап қалудың бір шарасы ретінде саналады. Сөзге тиек етіп отырғанымыз, кәсіпорын қызметін сақтап қалу мақсатында, әсіресе нарықтың қолайсыз конъюнктураға ие жағдайында, өздерінің іс-шараларын бір өнім шегінде емес, бірнеше өнімге, бір ғана нарықта емес, бірнеше нарыққа шығуына шоғырландыруы қажет.

Осылайша, бұл ұстаныммен жүру біздің ойымызша, кәсіпорынға, оның ішкі мүмкіндіктеріне жауап беретін, нарық талаптарына сай келетін жоғары сапалы өнімді өндіру және оны сату бойынша шаруашылық жүйесін құруға мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа қол жеткізу келесідей факторларға байланысты болып табылады:

- минималді шығынмен максималді өндіріс көлемін, сонымен бірге нарық талабына жауап беретін, өнімнің сапасы мен өндірілу мерзімін қамтамасыз ететін өндірістік үдерісті үйлесімді таңдау;
- сатуды кеңейту мен жоғары түсімді алу бағытында өнімдерді сатып өткізу;
- айналым капмталын үнемдейді қамтамасыз ететін үйлесімді өндірістік қорды құру.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Костоглодов Д.Д., Саввиди И.И. Маркетинг предприятия. – М.: Экспертное бюро. – 1998, 112 с.

[2] Котлер Ф. Маркетинг. Менеджмент (Серия: Теория и практика менеджмента). 2-е русское изд. – С-Пб.: Питер. – 2001. - 896 с.

[3] Котлер Ф., Армстронг Г., Сондерс Дж., Вонг В. Основы маркетинга. Второе европейское издание. – Вильямс, 2002. – 1056 с.

[4] Кристофер Энертон-Томас Ресторанный бизнес. – М.: Росконсульт, 2001.

[5] Крылов И.В. Маркетинг. – М.: Центр. – 2001, - 192 с.

[6] Курапцева Н. Современное предприятие общественного питания: направление и методы эффективности работы // Казахстанская правда, 2009 - №1 – 5-7 с.

[7] Мухопад В.И. Лицензированная торговля: маркетинг, ценообразование, управление. – М.: ИНИИЦ Роспатента, 2004. – 339 с.

REFERENCES

[1] Kostoglodov DD, Savvidi II Marketing companies, M .: Expert Bureau, - **1998**,- 112 p. (in Russ.).

[2] F. Kotler Marketin, Management (Series: Theory and Practice of Management), 2nd Russian ed. - Saint-Petersburg.: Peter, **2001.** 896 p. (in Russ.).

[3] F. Kotler, Armstrong, G., Saunders J., Wong V. Principles of Marketing, The second European edition, - Williams, **2002** - 1056. (in Russ.).

[4] Christopher Enerton Thomas Catering, - M .: Roskonsult, **2001.** (in Russ.).

[5] I. Krylov Marketing, M .: Center, **2001**. 192. (in Russ.).

[6] N. Kuraptseva Modern catering business: the direction and effectiveness of the methods, Kazakhstan truth, **2009**, №1 - 5-7 seconds. (in Russ.).

[7] VI Muhopad Licensed trade marketing, pricing, management., M .: INIITS Rospatent, **2004.** - 339 p. (in Russ.).

Жолмуханова А.Ж.[1] PhD, Associate Professor ,
Асилов Б.О.[2] Candidate of Economic Sciences
Тастанбекова К.Н.[3], Candidate of Economic Sciences
Шамуратова Н.Б.[4] Candidate of Economic Sciences, Professor,
[1,2,4] Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г.Астана
[3] Таразский инновационно-гуманитарный университет, Тараз

Поступила 15.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 373.1.02:372.8

The efficiency of using audio-visual technologies in the teaching of foreign languages

A.Zh.Kalieva, G.K.Atabayeva
a.jekenovna @mail.ru
Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Key words: intercultural communication, globalization, cultural competence, language competence, audio skills, cultural and language barriers, foreign language speech, interactive language learning, audio-visual technology.

Abstract. The aim of the work is to determine how effective is the use of video in the classroom for foreign languages in universities, particularly in the KazNU named after Al-Farabi. The paper gives specific guidelines for teachers of foreign languages on the use of videos and stories. The result of the work was concluded that at the present stage of the expansion of globalization is one of the priorities higher educational establishments to train students to intercultural communication. To achieve this goal, it is necessary not only the possession and skillful use of language, but also knowledge of the social and cultural specifics of the target language, the ability to build their verbal and nonverbal behavior in accordance with this specificity. Using video contributes to the realization of these objectives, as presents language in a living context, linking it to the real world. Conclusions and guidelines of the authors may be used in the teaching of foreign languages in universities.

UDC 373.1.02:372.8

Эффективность применения аудиовизуальных технологий при обучении иностранным языкам

А.Ж.Калиева, Г.К.Атабаева
a.jekenovna @mail.ru
КазНУ им.аль-Фараби

Ключевые слова: Межкультурная коммуникация, глобализация, лингвострановедческая компетенция, языковая компетенция, аудитивные навыки, культурный и языковой барьер, иноязычная речь,

интерактивный характер изучения языка,аудиовизуальные технологии.

problem of calculating the optimal combination of alternative technologies for use in production. And in fact, the problem is reduced to determining the optimal areas for the technology in question, taking into account the size of the income and risk. And then to calculate recommended to use the average absolute deviation of the linear as the most convincing for entrepreneurs. Which allows you to create a series of optimal combinations corresponding to different allowable size of the risk. Selection of the most preferred embodiment combinations remains for agricultural entrepreneurs.

Оптимизация сочетания технологий земледелия для использования в производственном процессе

Кусаинов Т.А. [1], Жолмуханова А.Ж. [2], Асилов Б.У. [3] Шамуратова Н.Б.[4]
[1,2,3,4] Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г.Астана
kta2006@bk.ru, gmusina@mail.ru, Asilov-67@mail.ru

Ключевые слова: земля, земельное устройство, технология земледелья, производство.

Аннотация. Использование методов стохастического доминирования не всегда приводит к однозначному выбору одной единственной технологии, наиболее предпочтительной по критерию «эффект-риск». Поэтому задачу выбора следует ставить в виде задачи расчета оптимальной комбинации альтернативных технологий для использования в производстве. Фактически задача сводится к определению оптимальных площадей под рассматриваемыми технологиями с учетом суммарных размеров дохода и риска, соответствующих каждой из возможных комбинаций технологий. При этом для расчета рекомендуется использовать метод среднего линейного абсолютного отклонения как наиболее убедительный для предпринимателей. В связи с этим решение выбора технологии не сводится к однозначному выбору одной единственной технологии. Их нужно ставить в виде задачи расчета оптимальной комбинации альтернативных технологий для использования в производстве. А на самом деле задача сводится к определению оптимальных площадей под рассматриваемыми технологиями с учетом размеров дохода и риска. И тогда для расчета рекомендуется использовать метод среднего линейного абсолютного отклонения как наиболее убедительный для предпринимателей. Который позволяет сформировать серию оптимальных комбинаций, соответствующих различным допустимым размерам риска. Выбор наиболее предпочтительного варианта сочетаний остается за сельскохозяйственным предпринимателем.

Өндірістік үдерісте қолдану үшін егін шаруашылығы технологиясын үйлестіруді оңтайландыру

Аңдатпа. Стохастикалық басымдылық тәсілін қолдану «әсер - тәуекел» белгілері бойынша ең қолайлы ықтималды жеке бір технологияны дара түрде таңдауға алып келе бермейді. Сондықтанда таңдау тапсырмасы, өндірісте қолдану үшін баламалы технология қисындарын оңтайлау есебінің тапсырмасы түрінде қойылуы тиіс. Шын мәнінде тапсырма табыс пен тәуекелдің жиынтық көлемін есепке ала отырып, қарастырылатын технология бойынша, сәйкесінше технологиялардың мүмкін қисындарының әрбіріне егіс алқабының көлемін оңтайлауды анықтауға алап келеді. Бұл жағдайда есептеу үшін, кәсіпкерлерге айрықша сенімді орташа тізбекті абсолютті ауытқу тәсілін қолдану ұсынылады.

Разные технологии по выращиванию зерновых приводят к результатам, отличающихся друг от друга прежде всего характеристиками стохастического свойства. Об этом наглядно свидетельствует анализ эффективности сельскохозяйственных технологий по урожайности, стоимости и маржинальному доходу при выращивании пшеницы, проса и гречихи в условиях сухостепной зоны Павлодарской области (табл. 1). Для расчетов использовались данные Павлодарского НИИСХ за 2003-2010 г.г. Стоимостные показатели предварительно были приведены к сопоставимому виду (базовый год – 2010). Предшественником по каждой из указанных культур служил пар.

Методы стохастического доминирования для отбора предпочтительных технологий [1,2,3,4] не всегда приводят к однозначному выбору одной единственной технологии, наиболее предпочтительной по критерию «эффект-риск». Поэтому на практике задача выбора технологии превращается в задачу расчета оптимальной комбинации альтернативных технологий для использования в производстве. Фактически задача сводится к определению оптимальных площадей под рассматриваемыми технологиями с учетом размеров дохода (или урожайности) и риска, соответствующих каждой из возможных комбинаций технологий, и предпочтений предпринимателя относительно рисковых перспектив.

В настоящее время разработаны разные методы оптимизации сочетания видов деятельности с учетом риска [4,5,6]. Различаются они между собой способом учета риска в расчетах. Наиболее простая и понятная для предпринимателей модель для решения задачи основан на использовании метода среднего линейного абсолютного отклонения. Суть его состоит в нахождении серии оптимальных комбинаций технологий в виде сочетаний площадей, отводимых под рассматриваемые технологий, при разных заданных размерах общего риска. При этом общий риск измеряется как среднее линейное абсолютное отклонение суммарного дохода от его ожидаемой величины.

В приложении к рассматриваемой задаче оптимизации сочетания сельскохозяйственных технологий риск-модель выглядит следующим образом: максимизировать ожидаемый размер маржинального дохода от производства зерна

$$\boldsymbol{E = \sum_{j \in N} E(c_j) x_j \rightarrow \max} \qquad (1)$$

при условиях:

1) по использованию ресурсов

$$\boldsymbol{\sum_{j \in N} a_{hj} x_j \le b_h}, \quad h = \overline{1, H}, \qquad (2)$$

2) по учету риска

$$\boldsymbol{\sum_{j \in N} (c_{rj} - E(c_j)) x_j + y_r \ge 0}, \quad r = \overline{1, s}, \qquad (3)$$

$$\boldsymbol{\sum_{j \in N} p_r y_r \le \beta}, \quad \beta = 0 \rightarrow \beta_{\max}, \qquad (4)$$

3) неотрицательности переменных

$$x_j \ge 0, \qquad j = \overline{1, n} \text{ и } y_r \ge 0, \ \boldsymbol{r = \overline{1, S}}; \qquad (5)$$

где x_j – площадь пашни, возделываемой по технологии j, га; N - множество технологий; $\boldsymbol{H}$ – множество ресурсов, используемых для выращивания сельскохозяйственной культуры; $\boldsymbol{S}$ – множество возможных производственных условий; $\boldsymbol{a_{hj}}$ – затраты ресурса $\boldsymbol{h}$ на выращивание культуры по технологии $\boldsymbol{j}$ в расчете на один гектар; b_h – общий объем ресурса $\boldsymbol{h}$; c_{rj} – маржинальный доход от использования технологии j в производственных условиях r, тенге/га; $E(c_j)$– ожидаемый маржинальный доход от использования технологии j, тенге/га; y_r – вспомогательная переменная, обозначающая абсолютный размер отрицательного отклонения маржинального дохода от его ожидаемого уровня; ρ_r – вероятность наступления производственного условия r, $\boldsymbol{r = \overline{1, S}}$; $\boldsymbol{\beta}$ – половина размера суммарного среднего абсолютного отклонения $\boldsymbol{M}$ маржинального дохода от его ожидаемой величины ($\boldsymbol{\beta = \frac{M}{2}}$). Величина $\boldsymbol{M}$ задается произвольно. Безусловно, $\sum_{r=1}^{s} \rho_r = 1$.

Задавая разные уровни общего риска (отклонения суммарного маржинального дохода от его ожидаемой величины) и решая задачу с помощью модели (1) - (5), получаем набор оптимальных комбинаций технологий по критерию «эффект - риск». Каждой из комбинаций будет соответствовать определенный ожидаемый уровень дохода и риска. Выбор предпринимателем предпочтительной комбинации зависит исключительно от его отношения к риску, степени его «рисковости».

Расчеты по оптимизации сочетания альтернативных технологий при выращивании пшеницы, проса, гречихи с учетом стохастических особенностей по материалам Павлодарского НИИСХ приведены в таблицах 2, 3, 4.

Таблица 2 – Оптимальное сочетание агротехнологий в производстве пшеницы в зависимости от размера риска

Технологии	Риск (среднее отклонение урожайности, ц/га)				
	4,2	4	3,8	3,6	3,4
Традиционная	0	0,18	0,35	0,6	0,86
Минимальная	1	0,82	0,65	0,4	0,14
Нулевая	0	0	0	0	0
Ожидаемая средняя урожайность, ц/га	11,7	11,3	10,9	10,4	9,8

Технологии	Риск (среднее отклонение стоимости продукции, тенге/га)				
	5996	5990	5970	5950	5930
Традиционная	0,69	0,75	0,87	0,92	0,56
Минимальная	0,22	0,19	0,11	0,04	0,01
Нулевая	0,09	0,06	0,01	0,04	0,43
Ожидаемая стоимость продукции, тенге/га	18088	17984	17689	17451	17468
Технологии	Риск (среднее отклонение дохода, тенге/га)				
	6944	6600	6400	6200	6000
Традиционная	0	0,27	0,13	0	0
Минимальная	1	0,63	0,51	0,37	0,07
Нулевая	0	0,10	0,36	0,63	0,93
Ожидаемый маржинальный доход, тенге/га	9225	8930	8249	7559	6772

Таблица 3 – Оптимальное сочетание агротехнологий в производстве проса в зависимости от размера риска

Технологии	Риск (среднее отклонение урожайности, ц/га)				
	3,2	2,9	2,6	2,3	2,0
Традиционная	0	0	0	0	0
Минимальная	1	0,82	0,57	0,32	0,07
Нулевая	0	0,18	0,43	0,68	0,93
Ожидаемая средняя урожайность, ц/га	12,7	12,3	11,9	11,4	10,9
Технологии	Риск (среднее отклонение стоимости продукции, тенге/га)				
	4092	4000	3600	3200	2800
Традиционная	0	0	0	0,17	0,33
Минимальная	1	0,95	0,66	0,42	0,09
Нулевая	0	0,05	0,34	0,41	0,58
Ожидаемая стоимость продукции, тенге/га	17184	17062	16378	15553	14525
Технологии	Риск (среднее отклонение дохода, тенге/га)				
	3936	3800	3400	3000	2600
Традиционная	1	0,94	0,75	0,57	0,30
Минимальная	1	0	0	0	0,21
Нулевая	0	0,06	0,25	0,43	0,49
Ожидаемый маржинальный доход, тенге/га	9874	9675	9092	8509	7885

Таблица 4 – Оптимальное сочетание агротехнологий при выращивании гречихи в зависимости от размера риска

Технологии	Риск (среднее отклонение урожайности, ц/га)				
	4,0	3,6	3,2	2,8	2,4
Традиционная	0	0,13	0,28	0,54	0,71
Минимальная	1	0,87	0,72	0,46	0,15
Нулевая	0	0	0	0	0,14
Ожидаемая средняя урожайность, ц/га	8,5	8,2	7,9	7,3	6,7
Технологии	Риск (среднее отклонение стоимости продукции, тенге/га)				
	17920	16000	14000	12000	10400
Традиционная	0,98	0,40	0,48	0,62	0,95
Минимальная	0,2	0,46	0,34	0,22	0,0
Нулевая	0	0,14	0,18	0,16	0,05
Ожидаемая стоимость продукции, тенге/га	24973	29655	28497	27247	24914
Технологии	Риск (среднее отклонение дохода, тенге/га)				
	19800	17000	15000	13000	11000
Традиционная	0	0,28	0,49	0,7	0,92
Минимальная	1	0,72	0,51	0,3	0,08
Нулевая	0	0	0	0	0

Ожидаемый маржинальный доход, тенге/га	25924	24058	22611	21148	19678

Выводы

1. Традиционная, минимальная, нулевая технологий производства зерна характеризуются разными стохастическими свойствами. Наиболее устойчивая урожайность имеет место:

- по пшенице - при использовании минимальной и традиционной технологии (коэффициент устойчивости 0,55);
- по просу - при использовании нулевой технологии (коэффициент устойчивости 0,73);
- по гречихе - при использовании традиционной технологии (коэффициент устойчивости 0,51).

Наименьшая устойчивость урожайности наблюдается:

- по пшенице - при использовании нулевой технологии (коэффициент устойчивости 0,53);
- по просу - при использовании традиционной технологии (коэффициент устойчивости 0,55);
- по гречихе - при использовании минимальной технологии (коэффициент устойчивости 0,42).

2. Сравнительный анализ эффективности различных технологий не может основываться лишь на сопоставлении оценок средней урожайности (доходности) сравниваемых альтернатив. Процесс принятия решения в условиях риска включает в себя также анализ возможных отклонений доходности от ее ожидаемого уровня с использованием методов стохастического анализа эффективности. Поэтому проблема выбора технологии не сводится к однозначному выбору одной единственной технологии. Ее нужно ставить в виде задачи расчета оптимальной комбинации альтернативных технологий для использования в производстве. Фактически задача сводится к определению оптимальных площадей под рассматриваемыми технологиями с учетом размеров дохода (или урожайности) и риска, соответствующих каждой из возможных комбинаций технологий. При этом для расчета рекомендуется использовать метод среднего линейного абсолютного отклонения как наиболее убедительный для предпринимателей. Метод позволяет сформировать серию оптимальных комбинаций, соответствующих различным допустимым размерам риска. Выбор наиболее предпочтительного варианта сочетаний остается за сельскохозяйственным предпринимателем.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Hardaker, J.B. and Tanago, A.G. (1973) Assessment of the output of a stochastic decision model. *Australian Journal of Agricultural Economics* 17, 170-178.

[2] Anderson, J.R. (1974) Risk efficiency in the interpretation of agricultural production research. *Review of Marketing and Agricultural Economics* 42, 131-184.

[3] Anderson, J.R., Dillon, J.L. and Hardaker, J.B. (1977) *Agricultural Decision Analysis*. Iowa State University Press, Ames.

[4] Hardaker, J.B., Huirne, R.B.M., Anderson, J.R. and Lien, G. Coping with Risk in Agriculture. Wallingford, CAB International, 2004.

[5] Кусаинов Т.А. Моделирование экономики. Астана, 2005, 82 с.

[6] Кусаинов Т.А. Анализ данных, прогнозирование и оптимизация решений. Астана, 2011, 229 с.

REFERENCES

[1] Hardaker, J.B. and Tanago, A.G. (**1973)** Assessment of the output of a stochastic decision model, *Australian Journal of Agricultural Economics*, 17, 170-178. (in Eng.).

[2] Anderson, J.R. (**1974**) Risk efficiency in the interpretation of agricultural production research, *Review of Marketing and Agricultural Economics* 42, 131-184. (in Eng.).

[3] Anderson, J.R., Dillon, J.L. and Hardaker, J.B. (**1977**) *Agricultural Decision Analysis*, Iowa State University Press, Ames. (in Eng.).

[4] Hardaker, J.B., Huirne, R.B.M., Anderson, J.R. and Lien, G. Coping with Risk in Agriculture., Wallingford, CAB International, **2004**. (in Eng.).

[5] TA Kusainov Simulation of the economy. Astana, **2005**, 82 p. (in Russ.).

[6] TA Kusainov Data analysis, forecasting and optimization solutions. Astana, **2011**, 229 p. (in Russ.).

Kusainov T.A. Doctor of Economics, Professor, Zholmuhanova A.Z., PhD, Associate Professor ,
Asil B.U., Candidate of Economic Sciences Shamuratova N.B. Candidate of Economic Sciences, Professor,
Kazakh Agro Technical University. S.Seifullin , Astana
kta2006@bk.ru, gmusina@mail.ru, Asilov-67@mail.ru

Поступила 12.02.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC *81'1-027.21*

The linguistics of the 21st century

A.B. Nurzhanova
aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz
Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

Key words: linguistic studies, language, human, anthropocentric paradigm, ethnos

Abstract. The article briefly describes the theoretical-methodological basis of 19th century linguistics and anthropologic position of language research.

Linguistic studies occurred within the framework of anthropocentric paradigm of linguistics have made a "linguistic knowledge" expertise of studies carried out to analyze language structure of the middle of 19th and the end of 20th centuries within linguistic system or at the inter-linguistic level. They also aim to examine language phenomenon along with human nature, its cognition of reality and its attempts to use its experience results to meet the needs of life, social life and generation.

There has been a research of communicative function and formal structure of the language within linguistic internal frame on the modern level of linguistic studies. It has been found out thatlanguage phenomenon limits creative spirit and true position in the process of ethnic nature, mentality, culture formation, which are the base of life of the humanity. The main purposes of linguistic researches are to introduce language not only as a tool that builds relationship between human beings, but also as a constituent of culture of a particular language group, people, ethnos, nation; to research language along with the history, traditions, values, consciousness, life experience, spiritual and material culture of the ethno-cultural and language group and to pass the results of the research through the sieve of "Language: Human" notion.

УДК 81'1-027.21

XXI ғасыр лингвистикасы

А.Б. Нұржанова
aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz

Сулейман Демирель атындағы университет, филология және педагогика ғылымдары факультеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасы, Қаскелең қ., Қазақстан Республикасы

Кілт сөздер: лингвистикалық зерттеулер, тіл, адам, антропоцентристік прадигма, этнос,

Аннотация. Мақалада XXI ғасыр лингвистикасының теориялық-әдіснамалық негізі, тілді зерттеудің антропологиялық ұстанымы қысқаша сипатталады.

Тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы шеңберінде пайда болып отырған қазіргі тілтанымдық зерттеулер XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі тілдің құрылым-құрылысын тіл жүйесінің өз ішінде немесе тілдераралық деңгейде қарастырған зерттеулерге «лингвистикалық білім» сараптамасын жасай отырып, тіл феноменін адам болмысымен, оның ақиқат шындықты танып-білуімен және жинақтаған іс-тәжірибесінің нәтижесін білім ретінде өз тіршілігіне, қоғам өміріне, ұрпақ қажетіне жарату әрекетімен бірлікте, біртұтастықта зерттеп-зерделеу мақсатын көздейді.

Лингвистикалық зерттеулердің қазіргі деңгейінде тілдің коммуникативтік қызметі мен формалдық құрылымын тілдік ішкі тұйық шеңберде зерттеу тіл феноменінің адамзат қауымдастығының тіршілік-тірлігінің тұғырын құрайтын этностық болмысты, ділдік тұғырды, ұлттық мәдениетті қалыптастыру процесіндегі жасампаздық рухын, шынайы орнын шектеуге әкелетіні айқындалды. Тілді адамзат қоғамындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тілдік ұжым, халық, этнос, ұлт, ұлыс мәдениетінің құрамдас сыңары деп тану, оны сол этномәдени және тілдік ұжымның

тарихи дамуымен, салт-санасымен, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, өмірлік тәжирибесімен, рухани және материалдық мәдениетімен сабақтастықта зерттеп, оның нәтижесін «Тіл:Адам» біртұтастығы «елегінен» өткізу - тілтанымдық зерттеулердің көздейтін басты мүддесіне айналды.

XXI ғасыр лингвистикасы «тіл және адам» проблематикасының біртұтас теориясын қалыптастыруға бетбұрыс жасауымен, ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізіне тілді адаммен, оның ой-санасымен, рухани-практикалық іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастыруды, яғни антропологиялық ұстанымды басшылыққа алуымен сипатталады. Тілді зерттеудің антропологиялық бағдарламасы адам және оның тілі арасындағы байланысқа қатысты мынадай мәселелерді ғылыми зерттеудің ең маңызды проблемалары етіп ұсынады: 1) тіл және адамның рухани белсенділігі; 2) тіл және адамның ой-санасы; 3) тіл және адам физиологиясы; 4) тіл және индивидтің психикасы; 5) тіл және мәдениет; 6) тіл және адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысы; 7) тіл және қарым-қатынас; 8) тіл және қоғам; 9) тіл және адами құндылықтар; 10) тіл және таным т.б. Антропологиялық ұстанымды тілді зерттеуге енгізу тіл болмысының алуан түрлі қырларын теориялық тұрғыдан біріктіруге, байланыстыруға мүмкіндік берері сөзсіз [1, 9-б.].

«Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау және тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Тілтанымның антропологиялық ұстанымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді. Айталық, қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы т.б. ілімдердің қай-қайсысы да адам тілі және оның таным әлемінің өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектейді»-дейді Э.Н.Оразалиева қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ұстанымдар, тілтанымдық қағидалар мен тұжырымдамалар жүйесінің қалыптасу, даму кезеңдерін «лингвистикалық білім» парадигмасы аясында қарастырған зерттеуінде [2, 41-б.].

Тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы шеңберінде пайда болып отырған қазіргі тілтанымдық зерттеулер XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі тілдің құрылым-құрылысын тіл жүйесінің өз ішінде немесе тілдераралық деңгейде қарастырған зерттеулерге «лингвистикалық білім» сараптамасын жасай отырып, тіл феноменін адам болмысымен, оның ақиқат шындықты танып-білуімен және жинақтаған іс-тәжірибесінің нәтижесін білім ретінде өз тіршілігіне, қоғам өміріне, ұрпақ қажетіне жарату әрекетімен бірлікте, біртұтастықта зерттеп-зерделеу мақсатын көздейді.

Лингвистикалық зерттеулердің қазіргі деңгейінде тілдің коммуникативтік қызметі мен формалдық құрылымын тілдік ішкі тұйық шеңберде зерттеу тіл феноменінің адамзат қауымдастығының тіршілік-тірлігінің тұғырын құрайтын этностық болмысты, ділдік тұғырды, ұлттық мәдениетті қалыптастыру процесіндегі жасампаздық рухын, шынайы орнын шектеуге әкелетіні айқындалды. Тілді адамзат қоғамындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тілдік ұжым, халық, этнос, ұлт, ұлыс мәдениетінің құрамдас сыңары деп тану, оны сол этномәдени және тілдік ұжымның тарихи дамуымен, салт-санасымен, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, өмірлік тәжирибесімен, рухани және материалдық мәдениетімен сабақтастықта зерттеп, оның нәтижесін «Тіл:Адам» біртұтастығы «елегінен» өткізу - тілтанымдық зерттеулердің көздейтін басты мүддесіне айналды. Тіл білімінде бұл мәселе соны жаңалық, тың тақырып еместігі анықталып, оның бастау-арналары, дереккөздік сипаты, алғышарттары Вильгельм фон Гумбольдтің тіл философиясына қатысты еңбектерінен бастап, тілтаным ілімінің даму тарихында өшпес із қалдырған тілші ғалымдардың зерттеулерінен іздестірілді. Нәтижесінде, антропологиялық немесе антропоцентристік ұстанымды басшылыққа ала отырып, тілтану ілімін адамтану және қоғамтану мәселелерімен ұштастыратын, пәнаралық сипаттағы қазіргі лингвистикалық бағыттардың ғылыми-теориялық тұғыры тіл білімінің тарихи-салыстырмалы және құрылымдық-жүйелілік парадигмасы шеңберінде туындаған іргелі зерттеулерде қаланғандығы, олардың тіндік өзегін, шын мәнінде тілдің «қарым-қатынас құралы», «ойды білдірудің амалы», «таным құралы» болу қасиеттері мен қоғамдық, әлеуметтік, мәдени құбылыс ретіндегі сыр-сипаты құрағаны айқындалды.

Тіл феноменін зерттеу оның тұрпат межесімен шектелмейтінін, тілдің тұңғиық терең құпиясына бойлау тілдік бірліктердің мазмұн межесінің қалтарыс-қатпарына үңілуді қажет ететінін ірі теоретик ғалым Қ. Жұбанов XX ғасырдың 30-ыншы жылдары-ақ атап көрсетті: «...Тіл құбылыстарын жалаң түр жағын ғана зерттеумен біліп болмайды. Бұл сөзсіз сыңаржақтық. ... Түр – форма деген тілде жоқ белгі емес, бар нәрсе. Түр тілдің бар тарауы емес, бір тарауы» [3, 39-б.]. Адам тілі о бастан-ақ дыбыс тілі

болғандығын, тіл дыбыстарының табиғатта кездесетін өзге де дыбыстық құбылыстардан үлкен айырмашылығы бар екенін: «Күннің күркірегені, арбаның салдыры, мылтықтың тарсылы, қасқырдың ұлығаны – бәрі де дыбыс. Бұлар адамнан тысқарғы, табиғаттағы болатын дыбыстар. Адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды, мұның бәрі адам дыбысы, бірақ, адамның қоғамдық мұңы айдап шыққан, қоғамдық қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан туған туынды инстикт дыбыстар. ... жылау мен күлу қоғамдық күштердің ықпалымен қысаптарымен шығады, сонда да оларды тіл дыбыстары деуге болмайды» деп түсіндірген ғалым дыбыстық тілдің адам қоғамымен тығыз байланысын «...Жылау мен күлу-адам болған жердің бәріне түсінікті, ал тіл тек сол тілмен сөйлейтін қоғамға ғана түсінікті» деп тұжырымдады [3, 8-б.].

Тілдің ойлау мен танымның нәтижесін сөзде, сөйлемде тіркейтін қасиетін оның қатынас құралы болу қызметімен бірлікте қарастыру қажеттігін С. Аманжолов: «Тіл – сана-сезімнің, ойдың тәжірибеде көрінетін заттық сәулесі. ...Тіл-амал, құрал, оның арқасында адам бір-бірімен қарым-қатынасқа енеді, пікір алысады және бірін – бірі түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан, сөзде және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады. Демек, адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылысында тіркеледі, сөйтіп адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасалады» - деп атады [4, 68-б.].

«Тіл – қоғамдық құбылыс ретінде адамзат қоғамының ажырамас бөлігі болып табылатынын» тіл феноменінің табиғатына тән төлтума қасиет деп тани отырып, ғалымдар тілдің қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастағы орны, әлеуметтік мәртебесі оның дамуына немесе «жойылып-жоғалуына» белгілі дәрежеде ықпал ететінін айқындады. Мәселен, Фердинанд де Соссюр тілді «барлық бөлім бөлшектері іштей реттелген жүйе» ретінде анықтай отырып, «тіл таңбаланатын нысанға (объект) тәуелді бола тұра, оған деген қатынаста өз еркіндігі мен еріктілігін мүлдем жоғалтпайды, яғни басыбайлы тәуелділікке ұшырамайды. Сөйтсе де тіл жүйе құрамайтын фактілерге тәуелді» - дейді. [5, 112-б.].

«Тіл – ойларды, сезімдер мен тілектерді бір-бірінен туындап отыратын арнайы символдардың жүйесі арқылы жеткізудің инстинктивтік емес, керісінше, адамға ғана тән тәсілі. Бұл символдар – ең алдымен, есту символдары және олар «сөйлеу органдары» арқылы жасалады.... Әйтсе де тілді «тек дыбыстық символдардың шартты жүйесі» деп санауға болмайды. ...Тілдер мен диалектілердегі айырмашылық бір әлеуметтік топтан келесісіне ауысқанымызда ешқандай да шеңбермен шектелмейді»-дейді Э. Сепир [6, 31-б.]. Диалект ұғымы және сол сияқты құбылыстар наным-сенімге, салт-дәстүрге, өнерге т.б. қатысты қолданылатындықтан, Э. Сепирдің бұл тұжырымы «тіл және таным», «тіл және ұлт мәдениеті», «тіл және этнос» мәселелерінің ара қатынасын салмақтаған қазіргі зерттеулерде толықтай қуатталады.

В. Гумбольдт тілді жай ғана акт немесе аяқталған соңғы нәтиже емес, ол халықтық рухты жаңғыртып отыратын ұзақ мерзімді белсенді іс-әрекет деп санады: «Язык есть как бы внешнее проявление духа народов: язык народа есть его дух, и дух народа есть его язык, и трудно представить себе что-либо более тождественное» [7, 68-б.].

Тіл ең басты, ең негізгі, ең тұрақты этностық көрсеткіш болып саналады. Оған территориялық біртұтастық, мәдени біртектілік, этностық (ұлттық) сана, мемлекеттік құрылым, шаруашылықтық ареал, әлеуметтік организм, антропологиялық тип сияқты тарихи өзгерістерге түсіп отыратын, тілге қарағанда тұрақтылық қуаты аз белгілер ілеседі. Сондықтан да Н.И. Толстой «тіл тағдыры мен этнос тағдыры» адамзат баласын өте ертеден толғандырған, ең көне проблемалардың бірінен саналатынын, мұнда тіл иесінің этникалық тарихына көз жүгіртпей тұрып, нақты тілдерге қатысты экстралингвистикалық деректерді елестету мүмкін емес екенін айтады. Н.И. Толстой: «Этностық құрылым тілдік құрылымға қарағанда тарихи өзгеріске бейім және «тіл – этнос» аралық қатыстылыққа біршама әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси қоғамдық процестердің ықпалында болады»,-дейді [8, 34-б.].

«Этнос» ұғымына «Этнос - өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» деген анықтама бере келіп, Ә.Т. Қайдар «этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталатынын» айтады. «Этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл» деп тілдің адамдар қауымдастығының этномәдени және ділдік негізін, тінін құрайтын конструктивтік (құрастырушылық) рөлін көрсетеді, «тіл әлемі» - этнос болмысына қатысты

мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» деп, тіл феноменінің ғылыми-танымдық дереккөздік сипатын анықтайды [9, 11-б.].

Тіл және этникалық мәдениет аралық қарым-қатынастың парқын замана тезінде салмақтаған ресейлік ғалым З.К. Тарланов өз ойын: «Тіл - өзінің тілдік тұрпат арқалаған заңдары мен ережелерін тіл иесінің әлеуметтік психологиясымен, ол жасаған мәдениеттің типі және құрылымымен шебер қиыстырған дербес әлем. Сондықтан да этномәдениетті этникалық тілден бөлек қарастыру мүмкін емес, мүмкін бола қалған жағдайда, ол толық және дәлелді зерттеу болмайды. Себебі этнос өзінің тілі арқылы ғана этникалық мәдениетінің өзгеше бітімін, қайталанбас ерекшеліктерін таныта алатын болса, этникалық мәдениеттен, этникалық дүниетанымнан және ой-танымдық тәжірибеден алыстатылған тіл өзінің терең мазмұнын, өмірлік өзегін жоғалтып, қоғамдық рөлі шектеулі қатынас құралдарының біріне айналады» - деп тұжырымдайды [10, 8-б.].

Сонымен, этникалық шет-шеңберде тіл - қарым-қатынас құралы ғана емес, сондай-ақ тіл иесінің тарихи жады, оның мәдениеті мен танымдық әрекетінің нәтижесі, наным-сенімі, пәлсафасы, психологиясы, табиғат пен ғарыш, тағылым мен тәрбие туралы білім қоры бекіген рухани әлемі. Сондықтан да тіл тарихи қалыптасқан және диалектикалық қарама-қайшылықтарға толы ұлттық өмір салтын өзек еткен этникалық мәдениет формасы саналады. Мұнда тіл этникалық іс-тәжірибені жинақтап, топтап ұғынудың және жете меңгерудің оңтайлы құралы қызметін атқарады. Өйткені ұжымдық тәжірибе сан мыңдаған сөздің, фразеологизмдердің, паремиялардың, қоғамдық мәтіндердің, формальдық этикалық жағдаяттардың т.с.с. мағыналық астарында кодталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И. и др., *Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира*. М.: Наука. **1988.** 216 с. С. 9
2. Оразалиева Н.Э. *Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма*: фил. ғыл. докт. дис. автореферaты. Алматы, **2007**. 46 б. Б.41
3. Жұбанов Қ. *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Алматы: Ғылым, **1999**, 581б
4. Аманжолов С. *Қазақ тілі теориясының негіздері*. Алматы: Ғылым, **2002**, 368 б. Б. 68-90.
5. Соссюр Ф.де. *Заметки по общей лингвистике.* Пер. с фр. Общ. ред., вступ. ст. и коммент. Н.А.Слюсаревой. М.: Прогресс, **2000.** 280 с. С.112
6. Сепир Э. *Избранные труды по языкознанию и культурологии.* М.: Прогресс, **1993**. 654 с. 9. 9
7. Гумбольдт В. *Избранные труды по языкознанию*. Пер. с нем. Общ. ред. Т.В.Рамишвили, послесл. А.В.Гулыги и В.А.Звегинцева. М.: ОАОИГ «Прогресс», **2000.** 400 с. С.68
8. Толстой Н.И. *Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике.* М.: Индрик, **1995.** 509 с
9. Қайдаров Ә.Т. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка*. Алматы: Ана тілі, **1998**. 304 б. Б.11
10. Тарланов З.К. *Язык. Этнос. Время. Очерки по русскому и общему языкознанию.* Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского государственного университета, **1993**. 222 с. С.8

ЛИНГВИСТИКА XXI ВЕКА

А.Б.Нуржанова
aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz

Ключевые слова: лингвистические исследования, язык, человек, антропоцентрическая парадигма, этнос.

Аннотация. В статье кратко описывается теоретико-методологическая основа лингвистики XXI века, а также рассматривается идея антропоцентричности языка.

Антропоцентрическая парадигма выводит на первое место человека, а язык считается главной конституирующей характеристикой человека, его важнейшей составляющей. Лингвистика XXI века ориентирована на изучение связей языка и общества, в центре ее внимания оказывается человеческий фактор, она развивается на основе синтезирования различных идей, методов и приемов анализа, разработанных в практике различных лингвистических исследований.

A.B. NURZHANOVA

CANDIDAT OF PHILOLOGICAL SCIENCES, ASSISTANT-PROFESSOR, DEPARTMENT OF KAZAKH PHILOLOGY, FACULTY OF PHILOLOGY AND PEDAGOGICAL SCIENCES

Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

Поступила 05.03.2015 г.

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 314.9

Kazakhstan model of world and traditional religion

M. Egamberdyev, K. Kartayeva
mirzahan_74@mail.ru, kartaeva_k@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty. Ass.Prof.Dr.

Key words. Ethnos, ethno-demography, confession, dialogue of confessions, leaders of religion.

Abstract. This article discusses the current problems of inter-ethnic and inter-religious relations in Kazakhstan, including Almaty city and its territory. Also analyzes the stable model of interethnic and inter-relationship of the state with civil society, public policy support from faith-based organizations, and ideas and problems are discussed at the international congress of leaders of world religions and denominations held annually in the city of Astana.

The indigenous population of the country - the Kazakhs, ethnic groups of Kazakhstan is given according to official data of the Statistics Agency of Kazakhstan. At this time in domestic science and society is very important to analyze and determine the major religions and faith-based organizations: structure, settlement, language, religion of people, ethno-demography and ethno-cultural ties between them. The stable development of Kazakhstan is the key of forming a model of peace and harmony, tolerance and friendship, dialogue between peoples.

УДК 314.9

Әлемдік және дәстүрлі діндердің қазақстандық моделі

М.Ш.Эгамбердиев, Қ.Б. Картаева
mirzahan_74@mail.ru, k_kartaeva@mail.ru
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

Кілт сөздер. Этнос, этнодемография, конфессия, діни диалог, дін көшбасшылары.

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанда, соның ішінде Алматы қаласы мен Алматы облысында қалыптасқан дінаралық қатынас орнатудың негізгі ұстанымдары қарастырылады. Сондай-ақ Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделінің қалыптасуының мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз қолдау көрсетіп отыруымен байланыстылығы, Астана қаласында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерінде қабылданған идеялар, әлемдік және дәстүрлі діндердің қазақстандық моделіне талдаулар қамтылады. Қазақстан халықтарын құрайтын жергілікті халық қазақ халқы мен Қазақстанды мекен еткен басқа ұлттар мен ұлыстардың жалпы саны ҚР Статистикалық Агенттігінің ресми мәліметі негізінде берілген. Діни конфессиялар мен ұйымдардың бағыттарын қамту, қазіргі Қазақстан халықтардың құрамын нақтылау, олардың діні мен тілін, Қазақстан өңірлерінде қоныстануын нақтылау және саралау, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарын анықтаудың қоғам үшін, отандық ғылым үшін маңызы ерекше. Қазақстан Республикасының табысты дамуы – Бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделін қалыптастыра білуі, мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде көп ұлтты халықтың өзара татуластығы, бірлігі мен дінаралық диалогы.

Қазақстан Республикасының табысты дамуы – Бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделін қалыптастыра білуі. Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде көп ұлтты халықтың өзара татула стығы, бірлігі мен дінаралық диалогты атауға болады. 1995 жылы 1 наурызда ҚР Президенті Ә. Назарбаевтың жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында Қазақстан Халықтары Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясы – ұлтаралық және дінаралық диалогтың теңдессіз институты [2; 11, 10-20 б.].

Қазақстан халықтарын құрайтын жергілікті халық қазақ халқы мен Қазақстанды мекен еткен басқа ұлттар мен ұлыстардың жалпы саны ҚР Статистикалық Агенттігінің 2014 жылдың 1 қазанындағы ресми мәліметі бойынша бұл күнде 17 353 700 адамға жетіп отыр. 2014 жылдың қаңтарындағы ресми мәлімет бойынша еліміздегі қазақтардың саны – 11 244 547, басқа ұлттар саны – 6 109 153. Соның ішінде Алматы облысы бойынша барлық халық саны – 1 984 518; соның ішінде қазақтар – 1 383 345; орыстар – 301 713; өзбектер – 4627; украиндар – 5250 ; ұйғырлар – 156 004; татарлар – 13 829; немістер – 9117; корейлер – 16 651 ; әзірбайжандар – 17 187; белорустар – 732; түріктер – 37 458; дүнгендер – 1848; поляктар – 1187;

күрттер – 14 794; шешендер – 5991; тәжіктер – 770; башқұрттар – 352; басқалар – 13 663. Енді Алматы қаласы бойынша талдасақ, халық саны – 1 507 509; оның ішінде қазақтар – 845 938; орыстар – 447 259; өзбектер – 8806; украиндар – 10 536; ұйғырлар – 80 347; татарлар – 21 823; немістер –6458; корейлер – 28 648; әзірбайжандар – 9438; белорустар – 1643; түріктер – 6523; дүнгендер – 7507; поляктар – 842; күрттер – 2369; шешендер – 2396; тәжіктер – 2510; башқұрттар – 552; басқалар – 23914 [1].

Қазіргі Қазақстан халықтардың құрамын нақтылау, олардың діні мен тілін, Қазақстан өңірлерінде қоныстануын нақтылау және саралау, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарын анықтаудың қоғам үшін маңызы ерекше. Осы тұста Қазақстан халықтарының құрамына тоқталып өтейік, *саны жағынан көп басқа ұлт өкілдері:* орыстар, украиндар, өзбектер, немістер, татарлар, ұйғырлар, белорустар, корейлер, азербайжандар, түріктер, поляктар, дұнғандар, күрдтер, чечендер, тәжіктер, башқұрлар, молдавандар, ингуштар, мордвалар, армяндар, гректер, чуваштар, қырғыздар, удмурттар, литовтар, болгарлар, еврейлер, марийлар, грузиндер, цыгандар, лезгиндер, қытайлар, парсылар, түрік-месхеттер, балкарлар, осетиндер, эстондар, латыштар, түркмендер, қарақалпақтар, аварлар, қарашайлар, қырым татарлары. *Саны жағынан аз ұлт өкілдері:* чехтар, абазиндер, абхаздар, австриилықтар, агулдер, адыгейлер, албандар, алеуттар, алтайлықтар, американдықтар, ағылшындар, арабтар, ассирилықтар, афгандар, белудждер, буряттар, венгрлер, вепстер, вьеттер, гагауздар, голландықтар, грузиндік еврейлер, даргиндер, долғандар, жапондар, қырым еврейлері, ижорлар, испандықтар, итальяндар, ительмендер, кабардиндер, қалмақтар, қарайымдар, карельдер, кеттер, комилар, коми пермяктар, коряктар, кубиндер, лактар, ливтар, мансилар, монғолдар, нанайлар, үнділер мен пакистандықтар, нганастар, негидальдар, ненцтер, нивхилер, ноғайлар, ортаазиялық еврейлер, ороктер, орочилар, румындар, рутульдар, рушандар, саамдар,селькуптар, сербтер, словактар, табасаран, талыштар, таттар, тау еврейлері, тофалар, тувиндер, удиндер, удэгейлер, ульчтар, финдер, француздар, хакастар, ханттар, хорваттар, цахурлар, черкестер, чехтар, чувандар, чукчалар, шведтер, шорцтар, шугнандар, эвенкилер, эвендер, энцтер, эскимостар, юкагирлер, якуттар [2; 4, 84-86 бб.].

Әрине, осындай 130 дан астам ұлт өкілдері тоғысқан мекен көп діннің де тоғысқан мекені болады. 2009 жылғы жалпыұлттық санағының нәтижесіне сәйкес елімізде халықтың 70,2 %-ы өздерін мұсылмандармыз, яғни 11 237 900 адам діни сенімі бойынша өздерін ислам дінінің өкілдеріне жатқызатындығын білдірген, 4 190 100 адам басқа діндегілер, соның ішінде 26 %-ы – христиандармыз, 5 300 адам; 0,03 %-ы – иудейлерміз, 14 600 адам; 0,1 %-ы – буддистерміз, 30 100 адам; 0,2 %-ы – өзге діндерді (кришна, т.б.) ұстанушылармыз деп атаған. Соның ішінде ешқандай дінді ұстанбаймыз деп – 450 500 адам, 2,8 %-ы, жауап берсе, 0,5 %-ы жауап беруден бас тартқан [1].

Қазақстан көп ұлтты халықтар консолидациясы олардың діни құқықтарын қорғау және дамытумен де тығыз байланысты. Қазақстанның бастамасымен 2010 жыл Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы ретінде өтті, ал 2013-2022 жылдарды ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы деп жариялады. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, өз қызметі барысында еліміз толеранттылықты нығайту мәселесін басты бағыт етіп ұстап, еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік өлшемдерінің санын кеңейте түсуді ұсынды. ЕҚЫҰ Астана саммитінің Декларациясында конфессияаралық үнқатысуды дамыту, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту туралы Саммитке қатысқан 56 мемлекет басшыларынан қолдау тапты. Одан әрі Қазақстан Еліміз «Ислам конференциясы ұйымының» толық мүшесі ретінде 2011 жылы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымын басқарып, ислам елдері арасындағы діни мәселелердің басым бағыттарын реттеуге үлес қосты [2].

Қазақстан Республикасының 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында: «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін...негізге алады», – деп атап көрсетілді [2]. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң негізінде 2012 жылы діни бірлестіктер мемлекеттік қайта тіркеуден өтті. Нәтижесінде, кезінде 4551 деп көрсетілген діни бірлестіктер саны, 3088-ге өзгерген. Сонымен қатар, елімізде тараған конфессияларды жіктеу жүйесіне көңіл бөлініп, бұрын конфессия қатарына жатқызылған діни бағыттарды талдау арқылы, діни конфессиялардың нақты саны 46 емес, 17 екені анықталған [3]. Сондай ақ, осы Заң қабылданғаннан кейін 2229 – ислам, орыс православ шіркеуінің митрополиялық округінде – 9 епархия, 261 приходтары, Армян-апостол шіркеуі мен 8 көне әдет-ғұрыптар шіркеулері, Рим-католик шіркеуінің 79 бірлестігі, иудейлердің 4 қауымы, 2 буддистік бірлестіктер діни бірлестіктер ретінде мемлекеттік қайта тіркеуден өткен. Елімізде 9 медреселер, 1 имамдардың біліктілігін арттыру орталығы, 2 қарилар дайындау орталықтары, 1 епархиялық жоғары діни семинариясы, 1 епархиялық рухани училищесі және 1 ислам дін мамандарын дайындайтын «Нұр-

Мұбарак» университеті, ірі мешіттер жанынан ашылған курстар мен шіркеу жанынан ашылған жексенбілік мектептер діни білім беру мекемелері ретінде қызмет атқарады [5]. Ал, 2003 жылғы ресми дерек бойынша Қазақстанда мұсылмандар мен христиандар халықтың 97 %-н құрайды. Республикада 1648 – ислам, 230 – православтық, 300 – баптист, 70 – 7 күн адвентистері, 90 – лютерандар, 106 – иегуа куәгерлері, 40 – елуліктер, 77 – Рим католик шіркеуі, 166 – дәстүрлі еместер, 23 – иудаизм, барлығы 2750 діни ұйымдар болған еді [2, 547-549 бб.; 4, 108 б.]. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң бойынша дәстүрлі діндерді насихаттайтын миссионерлерде ресми түрде тіркеуден өтеді.

Қазақстанда Қазақстанды өз отаным деп санайтын басқа діни сенімдегі халықтардың қандай дінге және этномәдениетке жататынына қарамастан барлық қазақстандықтардың жалпыұлттық бірлігі мен келісімінің ерекше формуласын қалыптастырылды. Қазақстандағы әрбір дін – ислам, православие, католицизм, протестанттық діни ілім, иудаизм, буддизм және басқалар уағыздайтын жоғары құндылықтар, әрбір дінді ұстанатын қазақстандық – ол тең құқылы азамат, біртұтас азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі деп белгіленіп, осыған орай 2015 жылы Астана қаласында Әлемдік және Дәстүрлі діндердің V съезді өткізілмек. Бұл Қазақстан Республикасының барлық діндерге деген құрметіміздің айғағы болып табылады.

Қазақстанда дінаралық қатынас орнатудың негізгі ұстанымдары қалыптасқан. Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделінің қалыптасуы мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз қолдау көрсетіп отыруымен байланысты десек болады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни сенімді қорғауға кепіл береді, әрі діни, этникалық және басқа тұрғыдағы кемсітушіліктерге тыйым салады. Қазақстан Республикасының 2011 ж. қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің қызмет атқару аясын құқықтық негізде жүзеге асыруға және қорғауға мүмкіндік береді. Қазақстан маңызды халықаралық келісімге және адам құқығына қатысты шарттарға, оның ішінде БҰҰ-ның негізгі халықаралық келісімдеріне (пакт) қосылған [3].

Қазақстанда конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдай жасалған. Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санағанымен, басқа діни сенім иелерінің толыққанды іс-әрекет жасауына кедергі келтірмейді. Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан бері православиелік, католиктік және протестанттық қауымның саны артқандығын жоғарыда келтірілген мәліметтер айғақтайды. Қазақстандағы иудейлер мен буддистердің ұйымдары да өз құқықтарына сәйкес қызмет жасап отыр.

Діни келісім мен толеранттылықтың қазақстандық моделі Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Қазақстанда бас қосуынан да көрінеді. Әлем таныған Астана қаласында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Халықаралық деңгейдегі IV съезі өткізілді [2].

2012 жыл 30 мамырда өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезіне әлемнің 40 елінен 85 делегация қатысты. Ең алғашқы өткізілген съезге әлемнің 17 елінен 17 діни көшбасшы қатысқан еді. Әлем діни көшбасшаларының Қазақстанның елордасында бас қосып, әлемдің діни кеңістіктегі өзекті мәселелерді талқылауы Қазақстандық діни татуластыққа негізделген «модельді» мойындауы еді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Халықаралық Кеңесі құрылып, Кеңес құрамына әлемнің жетекші конфессиялары – Исламның, Христиандықтың, Иудаизмнің, Буддизмнің, Индуизмнің, Синтоизмнің, Зороастризмнің өкілдері енген. IV съезде Елбасы Н.Назарбаев жаһандық толеранттылық пен сенімді қалыптастыру мен нығайту проблемаларына арналған Интернет-ресурс құруды ұсынып, ол G-GLOBAL жалпы электронды порталының бір бөлігіне айналды. Қазақстан ұсынған G-GLOBAL идеясы жаһандық өзара түсіністік пен толеранттылық үшін де жаңа мүмкіндіктер ашты [5]. Елбасы Н.Назарбаев 2009 жылы 1-2 шілдеде Астана өткен «Әлемдік және дәстүрлі діндер» көшбасшыларының III съезінде сөйлеген сөзінде: «сіздер, діни лидерлер, руханилықтың – дүниенің үйлесімді дамуының басты шартының қайта өрлеуінің жүргізушілері бола аласыздар», - деп әлем діндерінің басшыларын үндестікте жұмыс жасауға, халықаралық рухани, халықаралық діни, халықаралық конфессиялық байланысқа шақырды [5].

Ислам діні басым дамыған Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің өткен басқосулары мен қабылдаған үндеулері дүние жүзінде дінаралық келісімнің өркен жайып, өркениеттердің өзара үндестік табу ісінде айтарлықтай рөл атқарады деуге болады. Қазақстан – мұсылман тұрғындары басымдыққа ие ел. Ислам діні осы дінді ұстанатын Қазақстан халықтарының рухани тіректерінің бірі. Бүгінгі күні ислам діні жершарының барлық құрлықтарында таралған және мұсылмандардың саны 2 миллиард адам мөлшерінде деп есептелуде. Әсіресе, Батыс халықтарынан

исламды қабылдаушылардың саны тұрақты түрде өсуде. XX ғасырда мұсылмандардың саны 7 есе көбейген. Дүние жүзінде халқының басым көпшілігі мұсылмандардан құралатын мемлекеттердің саны 60 шамасында [1, 4 б.; 3, 9 б.].

Қорыта айтқанда, Қазақстанның бастамасымен өткен Халықаралық діни конфессия идеялары бүкіл әлем үшін бетбұрысты кезең болды, бұл әлемдік тәртіптің жаһандық трансформациясы бастамасы болды деуге болады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі XXI ғасырда әділетті әлем құрудың негізін идеялық-рухани құрылымдауға нақты бағытталған жетекші үнқатысу тұғырнамасына айналды деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] 2014 жыл басындағы Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны. Серия 15, Демография // http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersPopulation

[2] http://www.akorda.kz/kz/page/kazakstannyn-iyu-dahy-torahalyhy_1341833506

[3] http://www.mckr.kz/

[4] Абжалов С.И. Ханафи мазхабы. Алматы, Қазақ университеті, **2012.**

[5] Бұлытай М.Ж. Ата-баба діні немесе түркілер неге мұсылман болды. Алматы: Білім, **2000.** 480 б.

[6] Бұлытай М.Ж. Дін және ұлт. Алматы, «Арыс» баспасы, **2006.** 584 б.

[7] Қайрат Лама-Шариф. Діни сенімдер әртүрлі, ал заң баршаға бірдей// «Егемен Қазақстан» газеті, 14 қыркүйек, **2011** жыл.

[8] Картаева Т.Е. Тарихи демография. Алматы, «Арыс баспасы», **2007.** 178 б.

[9] Назарбаев Н. Ә. Конфессияаралық қатынастар, толеранттылық және дін туралы // Дәйек сөздер жинағы. Астана, МДХО, **2014.** 43 б.

[10] Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. Алматы: Арыс. **2003.**

[11] Тоқаев Қ.Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. Алматы: Қайнар, **2002.**

REFERENCES

[1] 2014 zhyl basyndagy Kazakstan Respublikasy halkynyn zhekelegen jetnostary boiynsha sany. Seriia 15, Demografiya // http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersPopulation (in Russ).

[2] http://www.akorda.kz/kz/page/kazakstannyn-iyu-dahy-torahalyhy_1341833506 (in Russ).

[3] http://www.mckr.kz/ (in Kaz).

[4] Abzhalov S.I. Hanafi mazhaby. Almaty, Kazak universiteti, **2012.** (in Kaz).

[5] Bylytai M.Zh. Ata-baba dini nemese tyrkiler nege mysylman boldy. Almaty: Bilim, **2000.** 480 b. (in Kaz).

[6] Bylytai M.Zh. Din zhane ylt. Almaty, «Arys» baspasy, **2006.** 584 b. (in Kaz).

[7] Kairat Lama-Sharif. Dini senimder artyrli, al zaң barshaga birdei// «Egemen Kazakstan» gazeti, 14 қyrkyiek, **2011** zhyl. (in Kaz).

[8] Kartaeva T.E. Tarihi demografija. Almaty, «Arys baspasy», **2007.** 178 b. (in Kaz).

[9] Nazarbaev N. Ә. Konfessiiaaralyk katynastar, toleranttylyk zhane din turaly // Daiek sozder zhinagy. Astana, MDHO, **2014.** 43 b. (in Kaz).

[10] Narody Kazahstana. Enciklopedicheskii spravochnik. Almaty: Arys. **2003.** (in Russ).

[11] Tokaev K.K. Kazakstan Respublikasynyn diplomatiiyasy. Almaty: Kainar, **2002.** (in Kaz).

КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ МИРОВОЙ И ТРАДИЦИОННОЙ РЕЛИГИИ

Эгамбердиев Мырзахан Шарипбаевич[1], Картаева Карашаш Бөкенбайқызы[2]

[1]КазНУ им. аль-Фараби. Факультет истории, археологии и этнологии. Кандидат исторических наук, доцент. Казахстан, г.Алматы. mirzahan_74@mail.ru

[2]КазНУ им. аль-Фараби. Факультет истории, археологии и этнологии. Магистрант. Казахстан, г.Алматы. kartaeva_k@mail.ru

Ключевые слова. Этнос, этнодемография, конфессия, диалог межконфессии, лидеры религии.

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные проблемы межэтнических и межконфессиональных отношений в Казахстане, в том числе на территории Алматинской области и города Алматы, также анализируется стабильная модель развития межэтнического и межконфессионального согласия, связь государства с гражданским обществом, поддержка государственной политики со стороны конфессиональных организаций, идеи и проблемы рассмотренные на международном съезде лидеров мировой религии и конфессий проводимый ежегодно в городе Астана.

Численность коренного населения страны – казахов, этносов и этнических групп Казахстана приведена по официальным данным Статистического Агентства РК. В данное время в отечественной науке и обществе очень актуально анализировать и определять основные направления конфессий и конфессиональных организаций: состав, расселение, язык, вероисповедание народов, этнодемографию и этнокультурные связи между ними. Стабильное развитие Казахстана – залог развития формирования модели мира и согласия, толерантность и дружба, диалог между народами.

Поступила 27.02.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

УДК 336+347.735

Organizational aspects of fiscal policy and budgeting enterprise

Mutalip Kyzy B.[1], Bodauhan K[2], Shamuratova N.B.[3], Bekbosynova L.T.[4]
naza_1@mail.ru
[1,2,3,4] Kazakh Agro Technical University S.Seifullin

Реализация компанией стратегии сохранения и повышения своей конкурентоспособности является одной из основных целей компании в условиях рыночной экономики, поскольку эта цель служит глобальной цели достижения и сохранения финансового благополучия [2, с.53].

В качестве объекта исследования для оценки взаимосвязи между конкурентоспособностью и уровнем сервиса выбрана компания «Z», функционирующая в сфере полиграфии. Основным ассортиментом компании являются открытки элитного класса, используемые клиентами в качестве приглашения на корпоративный или семейный праздник. Кроме того, компания реализует другие корпоративные и общетематические открытки. Также в ассортименте продукции компании имеются канцелярские товары элитного класса.

Таким образом, клиентами компании являются физические и юридические лица.

Кроме реализации продукции компания «Z» занимается оказанием таких полиграфических услуг, как: резка, биговка, фольгирование, цветная печать, черно-белая печать больших форматов, золотое, серебряное тиснение, высечка, флакирование, шелкография и изготовление клише.

Руководство компании, проведя оценку конкурентоспособности на рынке полиграфической продукции и услуг, получило следующие результаты (таблица 1):

Таблица 1 - Обобщающая таблица критериев конкурентоспособности полиграфических компаний на рынке города М. по состоянию на 01.01.2015 года

Компания	Цены на продукцию	Ассортимент продукции и услуг	Уровень физического обслуживания клиентов	Эффективность работы сайта, уровень обслуживания он-лайн заказчиков	Оперативность работы
Компания «Z»	**3**	**4**	**3**	**2**	**4**
Компания «F»	4	3	4	3	3
Компания «K»	5	3	4	3	3
Компания «A»	5	4	3	2	2
Компания «B»	3	3	2	2	2
Компания «C»	5	5	4	4	3

Оценка частных факторов конкурентоспособности проводилась по пятибальной системе, где пять определяло превосходное состояние данного фактора, а единица – нижний уровень.

Как видно по данным таблицы, наиболее конкурентоспособной оказалась компания «С», у которой и цены оптимальные для клиента и ассортимент расширенный, а также уровни он-лайн и офф-лайн обслуживания клиентов (уровни сервиса) также высокие. Низкий показатель у фактора оперативности вследствие того, что у компании много клиентов и оперативно выполнять все заказы компания не в состоянии.

Проведенное исследование конкурентоспособности компании «Z» позволило заключить, что у компании есть большой потенциал роста таких аспектов конкурентоспособности, как:

- уровень физического обслуживания клиентов;
- эффективность работы сайта, уровень обслуживания он-лайн заказчиков.

Таким образом, конкурентоспособность полиграфической компании зависит количества

обращений клиентов в компанию и находится под влиянием различных факторов внешней и внутренней среды. И если, факторы внешней среды находятся вне зоны воздействия компании, то при решении задач повышения собственной конкурентоспособности компания может оперировать факторами внутренней среды, такими как: виды товаров (услуг), тарифы, уровень сервиса, инфраструктура и ресурсы компании.

Поскольку конкуренция бывает ценовой и неценовой, также и методы обеспечения конкурентоспособности компании могут быть ценовыми и неценовыми. Например, в процессе конкурентной борьбы компания «Z» применяет такие методы, как снижение цен на полиграфическую продукцию и услуги. Но конкуренция на современном рынке полиграфической продукции приводит к тому, что компании-лидеры предлагают продукты, все более сходные по качеству и номенклатуре, так что разница между ними постепенно стирается, поэтому ценовые методы обеспечения и повышения конкурентоспособности полиграфической компании являются проблематичными.

При отсутствии возможности пользоваться ценовыми методами повышения конкурентоспособности у компании, которая стремится повысить свою конкурентоспособность на первый план выходят неценовые методы, к которым относятся: повышение качества сервиса, бесплатные консультации, внедрение в бизнес-процессы компании новых методов работы с существующими клиентами. Таким образом, все виды неценовых инструментов повышения конкурентоспособности компании служат идее повышения сервиса услуг компании.

Сервис представляет собой особый вид человеческой деятельности, направленный на удовлетворение потребностей клиента путем оказания услуг, востребованных отдельными физическими или юридическими лицами.

Наряду с понятием "сервис" широко используется понятие "услуга", означающее действие, приносящее пользу, благо, помощь другому человеку. Таким образом, ключевой момент в понимании сервисной деятельности связан с представлением о пользе, услуге.

По различным оценкам, современные потребители готовы платить на 10% больше за высококачественный сервис.

Направление развития бизнеса, которое всегда актуально и приносит реальные финансовые результаты — это качество сервиса и клиентоориентированность.

Клиентоориентированность или ориентированность компании на клиента можно обозначить как подход компании к организации деятельности с позиции максимального удовлетворения потребностей клиентов, повышения лояльности клиентов, а также с позиции повышения прибыльности компании. Такая позиция позволяет предполагать, что управленческий персонал компании будет стремиться разрабатывать стратегии повышения уровня сервиса, с учетом информации о потребностях и пожеланиях клиентов, а также с учетом знаний, что делать с этой информацией [3, с.13].

На рисунке 1 представлены основные способы построения ориентированной на клиента компании.



Рисунок 1 -Способы построения клиентоориентированной компании

Как видно из рисунка 1, способы построения клиентоориентированной компании включают в себя

следующие способы:

1. Улучшение впечатления клиентов от контактов со компанией. Данный способ подразумевает под собой управление сервисом в процессе обслуживания клиента. Основным мероприятием, направленным на улучшение впечатлений клиентов является организация эффективного взаимодействия менеджеров компании и клиента, которое осуществляется в результате входящих и исходящих контактах. Это взаимодействие должно быть направление на удовлетворение потребностей клиентов на эмоциональном и деловом уровнях в каждый конкретный момент взаимодействия клиента и менеджера компании [4, с.14].

2. Повышение эффективности каналов работы с клиентом. Наиболее важной из задач в современных условиях развития, которые стоят перед полиграфическими компания, является задача предоставления доступа клиента к использованию актуальных для клиента каналов в каждый конкретный момент. Одним из таких каналов является обеспечение постоянного он-лайн доступа менеджеров для своевременного консультирования клиентов.

3. Стимулирование увеличения доходов при одновременном сокращении затрат и улучшении сервиса. Вспомогательным средством для поиска направлений повышения доходности деятельности полиграфической компании является возможность расширения существующих видов продукции и услуг технологиями самообслуживания клиентов, что также дает возможности сокращения расходов компании. Кроме того, данные технологии помогут улучшить впечатления клиентов от контактов со компанией, что повышает конкурентоспособность компании в долгосрочном периоде.

4. Интеграция всех баз данных с клиентскими данными в единую. Реализация данного мероприятия избавляет компании от таких проблем, как: увеличение расходов, появление дублирующей и избыточной информации в клиентских базах и других проблем [5, с.3].

Для повышения качества сервисав полиграфической компании «Z», которая стремится повысить свою конкурентоспособность необходимо реализовать следующие мероприятия (таблица 2).

Таблица 2 – Пути повышения качества сервисав полиграфической компании «Z»

№	Проблема	Пути решения качества сервиса
1	Отсутствие доступной и наглядной информации о продуктах и услугах, ценах и условиях предоставления услуг в местах присутствия клиентов, в т.ч. на сайте компании.	Возникает необходимость в разработке и размещении в местах присутствия клиента наглядной и доступной справочной информации, призванной решить обозначенные выше задачи
3	Низкая комфортабельность помещений, где присутствуют клиенты	Установить в помещениях в достаточном количестве места ожидания, столики для работы с документами, организовать доступ к напиткам (диспенсер), при необходимости улучшить систему кондиционирования воздуха и пр.
4	Сложность предварительного заполнения (подготовки) форм документов клиентами.	Применение персоналом компании в обслуживании клиента автоматизированных средств внесения данных позволит сократить время его обслуживания.
5	Низкая квалификация персонала компании.	Отправить менеджеров компании на обучение и повышение квалификации. Произвести пересмотр всего кадрового потенциала компании.
6	Большое среднее время обслуживания отдельного клиента	Установить высокопроизводительные аппаратные средства. Усовершенствовать программные средства.

Наиболее перспективной стратегий по налаживанию долговременных контактов с существующими страхователями, застрахованными лицами, а также с потенциальными клиентами является стратегия CRM (CustomerRelationshipManagement - Управление Взаимоотношениями с Клиентами). Данная стратегия, образно говоря, позволяет поставить клиента первым в очереди, предоставить ему реальное индивидуальное обслуживание, т.е. улучшить качество сервиса.

При реализации стратегии CRM клиент выполняет контролирующую, а менеджмент - интегрирующую (координирующую) функцию, оптимизирующую бизнес процессы основных подразделений компании.

Таким образом, неценовая конкуренция в реальном секторе связана, прежде всего, с изменениями качества сервиса. Поэтому очень важно управлять совершенствованием сервиса. В этом направлении для полиграфической компании «Z» можно порекомендовать:

- увеличение скорости обслуживания клиентов;
- поддержание высокого уровня своевременности осуществления операций;

− увеличения времени доступа клиента в компанию - часы работы компании;

− качество консультирования (глубина, активный или пассивный характер). Большое значение имеет разъяснение потенциальной клиентуре правил оказания услуг или применения продукции.

В целом, надежная основа обеспечения конкурентоспособности компании в постоянно меняющихся условиях внешней среды - выработка стратегии, которая ориентирована не на имеющиеся условия, а на те, которые еще только сложатся. Стратегическим подходом к управлению конкурентоспособностью компанией является повышение уровня сервиса, что влечет за собой устойчивое развитие компании на рынке.

ЛИТЕРАТУРА

[1] КрумЭ.В. Экономика компании: учеб.пособие. Мн.: Высшая школа, 2005, С. 83-84.

[2] Фасхиев Х. Как измерить конкурентоспособность предприятия // Маркетинг в России и за рубежом. – 2003. - №4. – С.53-68.

[2] Копанева И. Н. Как измерить удовлетворенность потребителя // Методы менеджмента качества. - 2003. - № 6. - С. 21-26.

[3] Мишин В.М. Управление качеством. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Юнити-Дана, 2005. - 463 с.

[4] ЛутошкинаН.К. Развитие форм и методов ценовой и неценовой конкуренции на рынке услуг. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. - Санкт-Петербург, 2012. – 23с.

REFERENCES

[1] Krum E.V. *Economy companies: Textbooks*. Mn.: High School, **2005**, 83-84(in Russ.).

[2] FashievH. *How to measure the competitiveness of the enterprise.*/ Marketing in Russia and abroad,**2003,** 4, 53-68 (in Russ.).

[2] Kopaneva I. *How to measure customer satisfaction*. Methods of Quality Management, **2003**, 6, 21-26 (in Russ.).

[3] MishinV.M. *Quality control.* 2nd ed., Rev. and add. – M.: Unity Dan, **2005**, 463 p.(in Russ.).

[4] LutoshkinaN. *Development of forms and methods of price and non-price competition in the market*. Abstract of dissertation for the degree of candidate of economic sciences. St. Petersburg, **2012**, 23p (in Russ.).

Компанияның қызмет көрсету деңгейін жетілдіру – бизнестегі бәсекелестіктің өсу факторы

Омарова Ж.Х.
АМБ Университеті, Алматы, Қазахстан
zhanaroh@gmail.com

Тірек сөздер: бәсекелестікке қабілеттілік, бәсекеестік, сервис, клиенттер, бәсекелестікке қабілеттілік факторлары, клиентке қызмет көрсету, стратегия, полиграфиялық компания.

Аннотация: Мақалада компанияның бәсекелестікке қабілеттілік деңгейі мен клиенттерге қызмет көрсету (сервис) сапасының өзара бйланысы айтылады. Компанияның бәсекелестікке қабілеттілігі деп, оның бәсекелестік күреске қабілеті аталады. Мақаланың мақсаты компанияның қызмет көрсету деңгейіне әсер ететін құралдар мен әдістерді көрсету болып табылады. Мақаланың әдіснамасы бәсекелестікке қабілеттілік теориясы ережелерінің басқару тәжірибесімен ұштасуы аталады.

Компанияның бәсекелестікке қабілеттілігі бірнеше факторларға байланысты. Мақалада тұтыныушыларға қызмет көрсетудегі сервис мәселесінің негізгі екендігі айтылады. Мақала тақырыбы мен мазмұны өзекті, себебі бәсекеге қабілеттілік үнемі экономист-ғалымдар, бизнес иелерінің және мемлекеттің назарында. Сонымен бірге мақалада компанияның сервистік қызметінің үнемі тұтынушыға бағытталған даму, жетілу үстінде екендігі. Компанияның бәсекелестікке қабілеттілікті жетілдіруге арналған шаралары нарық жағдайында алдыңғы қатарда болуды жоспарлаған стратегиялық мақсаттарға сәйкес басшылық шешімдерге байланысты. Компанияның бәсекелестікке қабілеттіліктегі стратегиялық әдісі қызмет көрсетуді жақсарту, жетілдіруде көрінеді, ол өз кезегінде компанияның нарықтағы тұрақты дамуының кепілі.

Нарық жағдайындағы полиграфиялық өнімдер мен қызметтерді жетілдіруде компанияның бәсекелестікке қабілеттілігін артырудағы кешенді ұсыныстардың берілуі мақаланың қорытындысы ретінде айтылады.

Поступила 27.03.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Many-sided created world of national writer, academician Z. Kabdolov

Zh. Tlepov
Gulshat_esirkepova@mail.ru
Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Key words: literature, writing on current affairs, translation, critic, orator, essay, prototype, genre, sillabica, tonic, science, reader

Annotation: In given work there is analysis to creation of many-sided talented, famous writer and big scientist, academician Z. Kabdolov.

Қарымды қаламгер З. Қабдоловтың шығармашылық әлемі

Ж. Тілепов
Gulshat_esirkepova@mail.ru
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: әдебиет, публицистика, аударма, сыншы, шешен, эссе, прототип, жанр, силлабика, тоника, ғалым, оқырман.

Аннотация. Қазақ әдебиеті мен ғылымының аса көрнекті тұлғасы З.Қабдоловтың шығармашылық жолына барлау жасалатын бұл еңбекте – сан қырлы талант иесінің повестері мен романдарына, драматургиялық туындылары мен ұлттық әдебиеттің ұлы тұлғалары туралы бірегей зерттеу еңбектеріне бүгінгі күннің талабы тұрғысынан талдау жасалынған.

Өмір бойы «Әдебиет – ардың ісі» деп, сол әдебиетке елдің арындай, тек жалқының ғана емес, жалпақ жұрттың – қалың қауым халықтың ары мен намысындай қарап, сол үшін қайрат етіп өткен халық перзенті, қазақтың Қабдоловы атанған қайраткер қайсар жан – Зекеңнің шығармашылық болмысы ерекше екені баршаға мәлім.

Зейнолла аға сан қырлы талант болатын. Ол - ақын, ол – драматург, ол - романист, ол – публицист, ол – аудармашы, ол – әдебиет сыншысы, ол – әдебиеттану ғылымының санаулы сардары, көш бастаған көсемі, ел ұйып тыңдайтын шешені. Оның 1949 жылы күллі қазақ ақындары қатысқан аламан бәйгеде топ жарып келуі қапысыз ақындығының көрсеткіші болса, 1967 жылдан бастап ұзақ уақыт бойы М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында қойылып, Серке Қожамқұлов, Нұрмұхан Жантөрин, Ыдырыс Ноғайбаев, Мүлік Сүртібаев, Шахан Мусин, Қамал Қармысов, Зәмзәгүл Шәріпова, Есболған Жайсаңбаевтар сынды қазақ өнерінің ылғи бір жайсаңдары ойнаған «Сөнбейтін от» драмасы оның үлкен драматург екеніне кепілдік береді. Сондай-ақ, сол театрда өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында көрермендерін көзайым еткен Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» пьесасының тәржімасы мен ертерек кезде

А. Пушкин, Н. Гоголь секілді қуатты сөз шеберлерін ана тілімізде жазылған шығармадай сөйлетуі оның ерекше аса зор қуатқа ие аудармашылығына дәлел. Ал, проза жанрының шебері екендігіне оның ширек ғасыр өмірін арнаған «Ұшқын» (әуелгі повесть түріндегі атауы «Өмір ұшқыны»), «Жалын» атты романдары, яки «Біз жанбасақ» деген атпен басылып келе жатқан дилогиясы куәлік етеді. Бұл туындылардың әр кездегі жарияланымдарына кезінде Ғ. Мүсірепов, І. Омаров, М. Қаратаев, С. Қирабаев секілді әдебиеттің тамыршысы іспетті белгілі қаламгерлер әділ бағаларын берген. Шығарма қазақ, орыс тілдерінде тек Алматыда ғана емес, Мәскеуде де бірнеше рет басылып, жұмысшы тақырыбына арналған Одақтық бәйгеде жүлде алды. «Жалын» романы вьетнам тіліне аударылды.

Жұмысшы тақырыбы дегеннен шығады, бұл шығармалар кешегі қанды майдан – Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңестік алып елдің жердегі, көктегі барлық техникасына жан беріп, Ұлы Жеңістің мүмкіндігінше Отанымызға барынша ертерек жетуіне қайрат еткенЕмбі мұнайшыларының, оның «ҮлкенЕмбіні» өмірге келтірген жасампаз еңбеккерлерінің, яғни, З. Қабдоловтың кейіпкері Қабен

тілімен айтқанда, үш ұрпақтың, яки, Сардар, Азаматтар бастаған «самородоктар» мен екінші ұрпақ – Мәскеу мен Бакуде институт бітіріп белгілі дайындықпен келген Ізбектер, үшінші ұрпақ – Қабендер, Тайман, Жанар тұрғыластардың [1, 424-425 б.] еңбек жолына арналған.

Шығарма – қазақ авторы жазған қазақ ұлтының мұнайшыларына арналған тұңғыш туынды болғандығымен қатар, оған тек қазақ әдебиетінде ғана емес, жалпы кеңестік әдебиеттегі жұмысшы табы туралы жазылған үлкен бітімді прозалық еңбектер қатарында ерекше аталып, бәйге берілуінің өзі қаламгердің қандай деңгейдегі көркем сөз шебері екендігіне берілген зор баға болатын-ды. Ал, автордың кейіпкерлері басы Лениндік сыйлықтың лауреаты Халел Өзбекқалиевтен (Ізбек Қалиев) бастап, кейін филология ғылымының докторы, профессорлық дәрежеге жеткен Тауман Амандосовқа дейінгі өмірде бар күрескер жандар-ды.

Зекеңнің шығармаларының прототиптеріне байланысты айтар болсақ, тек «Біз жанбасақ» дилогиясындағы кейіпкерлер ғана емес, «Менің Әуезовым» роман-эссесіндегі образдар галереясында да М. Әуезов араласқан, негізінен қызметтес, сондай-ақ, автордың өзі көрген-білген жандардың талайы қарсы алдыңыздан шығып, «Иә, мен сол адаммын» дегендей болып қасқайып қарсы тұра қалатын сияқты. Бірақ, солардың денін, яки Мұхаңның өзімен Сәбең (Сәбит Мұқанов), Мәлік Ғабдуллиннен өзгесінің, қоғам қайраткері, белгілі ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед тап басып, анық көрсеткеніндей, «Қашанда сыпайы Зекең кейбірін әдеп сақтау үшін, енді бірін даралау, типтеу үшін, бір сөзбен айтқанда, көркем проза критерийіне жақындау үшін» [2, 14-15 б.]аты-жөндерін өзгерткен.

Кемеңгер жазушының Абай атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын алған «Менің Әуезовым» роман-эссесі – қырық жылға жуық өмірін арнаған шығармасы. Автор бұл туындысын Мемлекеттік сыйлық алғаннан кейін де жалғастыру үстінде болатын... Амал нешік, жүйрік ой, терең білім, көркем сөз иесі бұл еңбегін өзі ойлаған меже - деңгейге жеткізе түсу жолында жүріп өмірден өтті. Сондай-ақ, ол «кескекті ердің» сойы, алдаспан жырдың иесі Махамбет туралы туындысын да аяқтай алмай бақи дүниеге сапар шекті...

Сонымен, қалам қайраткері Зейнолла аға Қабдоловтың керемет көркем сөз шебері – жазушылығына қоса әдебиеттану ғылымы саласында өз мектебін қалыптастырған ғұлама ғалым, қоғам қайраткері екенін елдің бәрі біледі. Білгеннен кейін сан қырлы таланттың осыншалық өнерімен өзгелерден оқ бойы озықтығын әркім өзінің шама-шарқына қарай пайымдайды. Ал, Зекеңнің – Зейнолла Қабдолұлының осы саладағы қалам тартқан мәселелері – сан тарау. Соның бір саласы – қазақ әдебиеті мен ғылымының көркейіп, көріктенуіне әр тұстарда жанын сала қызмет еткендердің еңбегіне әділ бағасын беруге барлық білімі мен күш қайратын жұмсап, таным таразысына тартқан зерделі зерттеулері, толымды толғаныстары.

Әдетте, ғылымның бір саласын, соның ішінде еңбегі зор оқымыстыларды, немесе көрнекті көркем сөз шеберлерінің жарияланбаған, жарияланған еңбектерін індете іздестіріп, талмай еңбектеніп, талайлы зерттеулер берген адамдарды шығыстанушы, фарабитанушы, лермонтовтанушы, абайтанушы деген секілді зерттеген, зерделеген саласының атауларымен тізбектете атап жатады. Бұл тұрғыдан келгенде Зейнолла Қабдолұлын әлгіндей тұғырлы есімдердің танушысы ретінде ресми тұрғыдан аталып жатқанын әзірге кездестірген емеспіз. Тіпті жарты ғасырға таяу уақыт өмірін арнап, елін сүйсіндірген, елеулі танымдық еңбектер жазған, «Менің Әуезовым» атты романымен Республикамыздың мемлекеттік сыйлығын алған оны көпшілік қауым Әуезовтанушы деп те атамайды. Олай болса, ол кісінің Бейімбеттанушы деп те, Махамбеттанушы деп те дабыралатылып аталмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бірақ соған қарамастан замандас әріптесі академик Серік Қирабаев айтқандай, оның аудиториясы өз қатарластарынан әлдеқайда ауқымды болатын. Әдебиетіміздің ілгергі-кейінгі дәуірінен хабардар әдебиетшілер қауымы мен оқырмандар әулеті де Зейнолла Қабдоловты осынау ұлт әдебиетінің іргесін қалағандар мен кейінгі ересен дарын иелерінің қай-қайсысының да шығармашылық әлемін танытудағы барша еңбегіне тәнті болатын. Ал, мұның сыры неде десеңіз, ол бір ғана шығармашылық тұлғаның емес, елге ересен қызмет еткен, қазақ деген қауымның халық болып қалыптасуына, ұлт болып ұюына басын қауіп пен қатерге байлап өмір кешкендердің еңбектерін таным таразысына тарта отырып, қалың қауымға ұғындыруға аянбай тер төккен пейілді қызметіне байланысты еді. Оның әрідегі Абай, Махамбет, Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, берідегі Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов, Әбу Сәрсенбаев, Қажым Жұмалиев, Хамит Ерғалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Садықбек Адамбеков, Салық Зиманов, Темірбек Қожакеев, Жабайхан Әбділдин, т.т. туралы толғаныстарын қазақ оқырманының әр буынының үлкен сүйсініспен қабылдауларының ар жағында нені айтса да, жеріне жеткізе айтатын кемел ойлы, көркем сөздің хас шебері болғандығында еді. Бірақ хас шеберге де сын көп, хас жүйрікке де сын көп.

1990 жылы шілдеде Қазақстан жазушылар Одағы Ахмет Байтұрсынов шығармашылығына арнап ғылыми конференция өткізді. Сонда «қазақ халқының рухани көсемі» (М. Әуезов) Ахаңның «Әдебиет танытқышы» туралы Зекең баяндама жасаған. Сол еңбегіне ғалым 1995 жылы қайырыла соғып, 1996 жылғы «Көзқарас» атты жинағына кіргізді [3, 88 б.]. Мұнда автор Ахаңның 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқышын» біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын өмірге келген Элладалық Аристотельдің «Поэтикасымен» салыстырады. Бірін грек әдебиеттануының, екіншісін қазақ әдебиеттануының өз тұсындағы мінсіз «әліп-билері» ретінде бағалайды. Қазақ топырағына Ахаң әкелген әдебиеттің тегі мен түрі туралы терминдерді біраз бажайлап, ««Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы – әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» [3, 72 б.], қазіргі әдеби жанр мәселесінде қалыптасқан, әбден орныққан ғылыми тұжырымдардың табиғатына бойлай отырып ғалым «Қазіргі қазақ өлеңінің теориясы Ахаңсыз аттап баса алмайды» [3, 86 б.], - деп ой түйеді. «Мәселен, - дейді ғалым, - Айшықтаудың (фигураның) Арнау деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді» [3, 70-71 б.].

Міне, осы үш түрлі болып жіктелетін арнауларды студенттер Зекеңнің «Әдебиет теориясының негіздері» («Сөз өнері») оқулығынан оқитын. Ахаң кітабын бұрыннан білетін бірлі-жарым Москва, Ленинградтың кітапханасынан А. Байтұрсынов еңбегімен таныс әдебиетші ғалымдар ара-тұра осы жайды оқта-текте ауызға алып қалатын-ды. Ол әңгімелердің кейбірін Зекеңнің өзі де естігені даусыз. Бірақ, сол терминді пайдалануда тұрған қандай кемшілік бар еді? Сол мін болып саналуы тиіс пе еді? Бірақ әсіре қызыл саясаттың тұсында, әсіреңкі жандардың көзімен қарағанда бұл да үлкен кемшілік болып саналатын. Соны Зекең төмендегіше келтіреді: «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ешкім айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық» [3, 71-72 б.]. Мұнан артық ағынан жарылу мүмкін бе?

Әйтсе де, ғалым «Ахаңның әдеби қисындары» атанатын тап осы зерттеуінде А. Байтұрсынов сынды ұлттың рухани ұстазының әдебиеттану ғылымы саласындағы ұлы еңбегін жан-жақты талдау барысында ол ашқан жаңалық атаулының бәріне сүйсіне отырып, кей тұстарда таңданып, тамсанудан кілт кідіріп, басқаша толғанады. «Ал, енді бар ма, Аристотель мен Ахаңның өз мезгілі мен мекенінде «мінсіз» көрінген осы қисындары мен қағидалары әдебиет туралы ғылымның бүгінгі деңгейінен қарағанда, шынын айтсақ сын көтермейді, - деп алады да ғалым, - онда қалайша мінсіз?»- деп өз сөзіне, өз пікіріне қарсы сұрақ қояды. Және «Гәп осы арада» деп келіп, соны қазақ әдебиеттануының үш саласында жасалған еңбектерді алға тарта отырып, өз пікірін ғылыми тұжырыммен шегелей отырып дәлелдейді. «Біздің бұл пікіріміз, - дейді ол, - Ахаңды сынау үшін айтылып отырған жоқ. Ахаң өзінің әдеби қисындарын туғызып, тыңға түрен салған тұста қазақ қоғамындағы әдебиет туралы ұғым-түсініктің, жалпы эстетикалық ой-сананың дәрежесі қандай екенін аңғарту үшін айтылып отыр. Демек, Аристотельдің «Поэтикасын» қаншама әлемдік әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің дәуіріміздегі әдеби қисындар Аристотель тұсындағы дәрежеден әлдеқайда ілгері кеткені секілді, Ахаңның әдеби қисындарын қаншама қазақ топырағындағы әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің бүгінгі әдеби-теориялық таным-толғамдарымыз Ахаң тұсындағы деңгейден әлдеқайда биіктеп кеткенін мойындамасқа болмайды. Әйтпесе, біз қазіргі қазақ қоғамындағы көркемдік дамудың байыбына бара алмас едік». [4, 82]. Бұған не айтасыз? Келісесіз. Келісіп қана қоймайсыз, бар ниетіңізбен дұрыс айтылған пікір-тұжырым екеніне риясыз көңілмен риза боласыз.

1990 жылы ұлы қаламгер Сәбит Мұқановтың өмірге келгеніне 90 жыл толды. Бұл заманында «Советтік сөзге қаламы – көрмеген әсте мұқалып» деп өзі туралы ағынан ақтарылатын қазақ көркем сөзінің ақ дариясының елеулілігі ерекше елдік мерекесі болуға лайықты мерей тойы болуға тиіс еді. Бірақ сол тұстағы қазақ оқырманы баяғы отызыншы-елуінші жылдардың адамдарының идеал тұтқан мемлекеттік идеяға тосырқай қарап, ұлы туындыгердің көзқарасынан, сол арқылы оның өз кезіндегі шырайлы туындыларының өн бойынан ойдай олқылықтар тапқандай болып жүрген кездері еді. Оны тек бір Зейнолла Қабдолов қана емес, үлкенді-кішілі әдебиет ұстаханасының маңында жүргендердің барлығы да көріп, барлығы да сезіп жүрді. Сондықтан бұл мәселе қалай болғанда да әркімдердің ара-тұра сөз етіп жүретін пыш-пыш әңгімесінің тақырыбы емес, ұлттық әдебиеттің, керек болса елдік келбетіміздің жүзіне шіркеу түсетіндей жай болмас үшін, сол әдебиеттің басалқы пікірін айтуға лайықты көрнекті адамдардың араласуын қажет ететін хәлге жеткен тұсы еді.

Міне, осы кезде адамзаттың жан дүниесінің барометрі сынды көркем әдебиет турасында «Әдебиет – ардың ісі» деп тебіренетін Зекең қолына қалам алды.

Еңбек «Сәбит Мұқанов – өз дәуірінің айнасы» деп аталады. Академик З. Қабдолов «Қаламгер Сәбит Мұқанов кім еді?» деген оқырман көңіліндегі сұраққа «Көзінің тірісінде Сәбиттей халқымен біте қайнасқан, халық алақанында Сәбиттей ардақталған, Сәбиттей көзі тірісінде аңызға айналған ақын-жазушы қазақта болған емес» [5, 135 б.] деп жауап береді де, сол сөзін нақтылы тұжырымдармен дәлелдеуге кіріседі.

Ең алдымен қазіргідей жүздеген адам өлең өлкесінде ат жаратып, бәйге алып жүрген кезде елдің біраз жағдайда жаңа түр, жаңа пішін әкелген кімдер бар деп толғанысатын мәселесіне жауап бере кетейік дегендей болып, «Керек десеңіз, өмірде революционер Сәбит Мұқанов – өнерде, өлеңде реформатор болған ақын», - дейді де, соның дәлеліне жүретін классик қаламгердің «Мәдени бәсеке» деген өлеңін толығымен келтіре отырып, «Бұл жырында Сәбең дәстүрлі өлең ұйқасын бунақ пен шумақтың аяғынан басына шығара төңкеріп түсіріп, силлабиканы силлаботоникаға, тіпті тоникаға айналдыра жаздайды» [5, 128 б.], - деген пікір түйеді. Бұдан кейін өлең өлкесіндегі Сәбеңнің пішіндік өрнек тұрғысындағы жаңашылдығы осындай болса, ал мазмұн, идея турасындағы жаңалығы қандай екен деп, онсыз да көңілінде біраз сұрақ бүршік атып жүрген кеңестік дәуірдің жариялылық кезеңінде өмір сүріп жатқан «батыл пікірлі» оқырманның дегбірсізденіп отырған мәселелеріне жауап беруге кіріседі.

Қазан төңкерісі өмірге келген жылы он жеті жасқа шыққан С. Мұқановтың бірінші өлеңінен бастап, соңғы туындысына дейінгі барша шығармашылығы сол төңкерісті өмірге әкелген коммунистердің идеясына қызмет етті. Өзі коммунист болды. Және қатардағы көптің бірі – жай коммунист болған жоқ. Қаламгер коммунистердің көшбасшысы болды. Нені айтса да, жеріне жеткізіп айтты. Талант қуаты сол өз қатарларынан озық болған соң тап жыршысы ретіндегі оның таптық үні кім кімнен де асқақ естілді. Ол: «Бесіктен-ақ маған тап белгі таққан, тапты шапқан – бесікте мені шаққан. Есті біліп, етекті жапқан кезде, табыма оғын атқандар – маған да атқан. Сақылдаған өмірдің аязында, тапқа мұз боп қатқан кек маған қатқан Мені дағы, мен сенген тапты-дағы – Кісендеуден Октябрь таңы ағытқан. Сен жыласаң – көзімнен қан тамызам. Сен қуансаң – тілімнен бал тамызам. Сенің егер өзегің талып кетсе, басқадан бұрын саған нәр тамызам», - деп миллиондаған өз табының өкілдеріне өзінің кім екенін жеріне жеткізе жырлады. Бұны, әрине, жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегіндегі кінәмшіл оқырмандар құп алмаса да, тап пәлендей осқырынып қарсы алмайды. Олардың жиырыла қабылдайтыны Сәбеңнің басқа сөзі. Ол сөздер ақын мен оның таптастарының, яки езілгендер партиясының көшбасшыларына арналғандығы болатын.

Және ондай туындылар Сәбеңде біраз болған («Көп жасасын Сталин», «Біздің күш – ұлы Сталин», «Сталиндік татулық», «Мен кіммін деп мақтанам?»). Ал осыларға әлгіндей кінәмшіл қауым қатты тыжырынады. Тыжырынып қана қоймайды, ұлы қаламгер С. Мұқанов шығармашылығына осының бәрін кінә етіп артқысы келеді.

Міне, осылардың барлығын Зекең қамырдан қыл суырғандай қалыппен айта отырып, ара –тұра ұлы Абайдың адамды заман билейтіндігін аңғартатын сөзін, сонау өткен ғасырдың алғашқы жиырма-отыз жылы ішіндегі М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов секілді қазақ көркем ойының кемеңгерлерінің ел ерекше құрметтеген туындыларынан үзінділер келтіреді. Оны Сәбеңнің қалай қабылдағанын да айтады. Қорытындысында қаламгер: «Қазіргі жағдай басқа. Бүгінде біздің Сталин туралы ұғымымыз Мұқановтың тұжырымына қарама-қарсы! Енді қайттік? Қайтетін түгі де жоқ. Бәрі түсінікті. Егер дәл бүгінгі күні Сәбеңнің көзі тірі болса, ол да дәл бүгінгі біздің ұғымымызда болар еді. Ал кеше біз де дәл Сәбеңнің тұжырымында емес пе едік? Сәбит Мұқанов бұл ретте де – өз дәуірінің айнасы. Ал айнадағы – Сәбиттің заманы һәм замандасы» [5, 132 б.], - деп ой түйеді.

Ал осының барлығы, қысқадан қайырсақ, «ешкімнің бетіне жел боп тимеген» (Ә. Кекілбаев), «жүрегі адамды сүю үшін, жақсыны тану үшін жаралғандай жанның» (С. Қирабаев), «ел сөзін сөйлей алар кемелділігіне» (З. Ахметов) кепілдік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қабдолов З. Біз жанбасақ. Дилогия. Алматы: Жазушы, 1974. – 424-425 б.
[2] Құл-Мұхаммед М. Шебер// Бүтін бітім. Астана: Фолиант, 2012. – 14-15 б.
[3] Қабдолов З. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996. – 88, 72, 86,70-71 б.
[4] Қабдолов З. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996. – 82 б.
[5] Қабдолов З. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996. – 135, 128, 132 б.

REFERENCES

[1] Z. Kabdolov “If the fire will not inside us” Dilogiya. Almaty: “Zhazushy”, 1974 424-425 pages (In Kaz)

[2] M. Kul-Muhammed “Master”// Extra ordinary person. Astana: “Foliant”,2012, 14-15 pages (In Kaz)
[3] Z. Kabdolov “Opinion” Almaty: “Rauan”, 1996, 88, 72, 86, 70-71 pages (In Kaz)
[4] Z. Kabdolov “Opinion” Almaty: “Rauan”, 82 page(In Kaz)
[5] Z. Kabdolov “Opinion” Almaty: “Rauan”, 135, 128, 132 pages (In Kaz)

Многогранный творческий мир народного писателя, академика З. Кабдулова

Ж. Тлепов

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: литература, публицистика, перевод, критик, оратор, эссе, прототип, жанр, силлабика, тоника, ученный, читатель.

Аннотация: В настоящей работе дан анализ творчеству многогранного таланта, известного писателя и крупного ученного, академика З. Кабдулова.

Поступила 27.03.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

National and cultural peculiarities of emotional phraseological units and and translation methods

A.Shaimanov
Bilal-arman@mail.ru
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Key words: Emotion, phraseological units, translation, emotiology, target language, translation language.

Abstract: This article discusses ways of translating phraseological units of domestic and foreign scholars. Also, considered ways of translating of emotional phrases in Kazakh and English languages because of their their national and cultural features.

УДК 811.512.122’25=11171’25

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмофразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері және оларды аударудың тәсілдері

А. Шайманов
Bilal-arman@mail.ru
Абай атындағы ҚазҰПУ

Тірек сөздер. Эмоция, фразеологиялық тіркес, аударма, эмотиология, түпнұсқа, аударма тілі.

Аннотация. Мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың фразеологиялық бірліктерді аудару тәсілдері сөз етілген. Сондай-ақ қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмофразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшелітерін ескере отырып, оларды аударудың бірнеше жолдары қарастырылған.

XXI ғасырдағы лингвистика ғылымының жетекші тенденцияларының бірі – тілді антропоцентрикалық феномен ретінде теориялық тұрғыдан ұғыну. Қазіргі таңда антропоцентрика ғылымында адамның жеке қасиеттерін, психологиялық және эмоциялық көңіл-күйін зерттеудің маңыздылығы күннен-күнге артып бара жатқаны баршамызға белгілі. Сондай-ақ, аталмыш антропоцентрика ғылымында *«адам мен тілді»* және *«тіл мен мәдениеті»* ұштастыра, антропоцентристика мен лингвистика салаларында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Көптеген психолог зерттеушілердің еңбектерінде адам – «өзінің ішкі сезімі мен рухани әлемін және ақыл есін тасымалдаушы» [1]. ретінде қарастырылады. Сонымен қатар лингвистика ғылымын зерттеп жүрген ғалымдар өздерінің алдына бірқатар күрделі мәселелерді мақсат етіп қойды. Атап

айтқанда адамның эмоциялық көңіл-күйі жан-жақты зерттеу және оның классификациясы жасау т.б. Сөйтіп, лингвистикалық зерттеулерді антропоцентрикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде ғылымның *эмотиология* деп аталатын бір саласы пайда болды. *Эмотиология* термині кең мағынада, адам өміріндегі эмоцияның рөлін зерттейтін ғылымның бір саласы. Ал, тар мағынасында лингвистиканың эмоциясы ретінде түсіндіріледі. Демек, бұл жерде *эмотиология* психология мен тіл білімінің тоғысуы негізінде адамның эмоциясы мен тіл арасындағы байланысты зерттейтін пән.

Алғаш рет бұл салаға қызығушылықтар XX ғасырдан бастап американдық лингвист ғалым әрі этнолог Эдуард Сапир (1884 –1939), XX ғасырдың жетекші лингвист ғалымдарының бірі швецариялық Шарль Балли (1865– 1947) және француз лингвисті, тарихшы әрі қоғам қайраткері Мишель Бреаль (1832 – 1915) есімді тілші зерттеушілердің еңбектерінде көрініс таба бастады.

Эмоцияны зерттейтін лингвистика саласы яғни *эмотиология* – тіл ғылымынан бөлініп шыққан лингвистика ғылымының бір тармағы. Эмотиолог ғалымдардың негізгі зерттеу нысаны әлемнің лингвоэмоцияналды бейнесін және оның тілдік концептуализациясын зерттеу. Осы сала бойынша В.И. Шаховский: «Эмотивный компонент значения и методы его исследования Волгоград, 1983», «Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка Воронеж, 1987», «Эмоции в деловом общении Волгоград, 1998», А.Н. Баранов: «Введение в прикладную лингвистику. Москва, 2001», А. Вежбицкая: «Meaning and culture (2006)», «Emotions Across Languages and Cultures: Diversity and universals (1999)», «Semantics, Culture and Cognition: Universal human concepts in culture-specific configurations (1992)», «Понимание культур через посредство ключевых слов, Москва, 2001», «Познание. Москва, 1996», Л.Ю. Буянова: «Терминологическая деривация в языке науки: когнитивность, семиотичность, функциональность», «Русский фразеологизм как ментально-когнитивное средство языковой концептуализации сферы моральных качеств личности», С.В. Ионова: «Эмотивная лингвоэкология в современном коммуникативном пространстве. 2014» және т.б. бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізген. Сонымен бірге эмотиология ғылымның бірқатар тармақтарымен тоғысады. Атап айтқанда адамның психологиялық жағдайын зерттейтін лингвистика, аудармаматану, психология, философия және ғылымның басқа да арналарымен шектеседі.

Қазіргі таңда эмотиолог зерттеуші ғалымдардың алдында тұрған ең маңызды әрі күрделі мәселелердің бірі – эмотиология саласын басқа да ғылымның тармақтарымен салыстыра, салғастыра зерттеу болып саналады. Сондай-ақ, 1990 жылдардан бастап эмоционалды лингвистика саласын семантика, лексикография, фразеография, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология, лингвокогнитология және аударматану салаларымен байланыстыра зерттелуде.

Аударма мәселесі үлкен өнер. Аударманың сапасы әрқашан аудармашының білім деңгейіне байланысты. Алдымен ол екі тілді де аса жетік меңгерген болуы керек. Дегенмен де, аудармашы екі тілді жетік меңгеруі де аударманың сапасын жақсарта алмауы мүмкін. Бұл арада фразеологизмдерді аудару барысында *«фондық деректер»*, «*фондық білім», «ұлттық фондық ақпараттар»* үлкен рөл атқарады. Осы орайда аударма теориясына қатысты А.Федоровтың айтуынша: «Совокупность представлений о том, что составляет реальный фон, на котором развивается картина жизни другой страны, другого народа» [2].

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді қазақ тіліне аудару мәселесі қазақ аударматануындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бір халықтың рухы, жан-дүниесі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы аударма екені баршамызға белгілі. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып жүрген көркем аудармада өз кезегін күтіп тұрған мәселелер көп. Солардың бірі – фразеологизмдерді аудару болып табылады.

Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез келген ұғымын атау (номинатив) бола алмайды, ол тек өз өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоцияналдық-экспрессивті бағалауда образда елестеумен, туынды номинация жасаумен шектеледі [3].

С. Влахов пен С. Флорин фразеологизмдерді түпнұсқа тілден аударма тілге аударудың мынандай жолдары бар екендігін көрсетеді:

1) Фразеологизмнің аударма тілде кездескен эквивалентін (баламасын) беру арқылы аудару;

2) Аударма тілдегі вариантын (аналогын) беру арқылы;

3) Аударма тілде түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, өзге нұсқасы да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы [4] аудару.

Тіл-тілдегі эмоцияны бейнелейтін фразеологиялық тіркестер де заман дамуына орай қолданыс аясының кеңейе түсетініне ғылыми зерттеулер барысында көз жеткізуге болатынын айтып өту керек.

Мысалы, *жауыр болды,* (әбден мезі қылды, ығыры шықты) деген тұрақты тіркестің негізінде көп мініліп арқасы жара болған аттың бейнесі елестейді. Алғашында атқа байланысты шыққанымен, қазіргі кезде ол мағынасы ұмытылып, қайта жасалынып адамға байланысты айтылады.

Фразеологияның қалыптасу құбылысына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған. Қазақ тіліндегі *«арс ету»* (беттен алу, қарсы келу) деген фразеологизмнің негізінде иттің қарсылық білідіріп, айбат шегуі жатыр. Кейіннен бұл мағына да адамға қатысты айтылатын болған. Ал, енді *от ала келген кісідей* деп, асығыс-үсігіс, мұрнына су жетпей жүрген кісіге айтылады. Мұнда от арқалап келген кісінің бейнесі жатыр. Сондай-ақ, *құрдай жорғалады, бармағын тістеу, санын соғып қалу, мұрттай ұшу.* Ағылшын тілінде: *hide behind smb's back (біреудің артына тығылу), stamp one's foot at smb (жер тебу), pull one's hair out (шашын жұлу)* т.б. деген фразеологизмдердің жасалуының барлығында ойда қорытылған құбылыстардың нақтылы себеп болғанын көруге болады. Осы орайда қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің фонетикалық, морфологиялық және семантикалық тұрғыдан кейбір ерекшеліктерін айтып өтуді жөн көрдік. Бұл мәселемен көрнекті зерттеушілер К. Аммер, В. Порциг, Л. Вайсгербер, Х. Виссеман, В. Жуков, Қ. Құсайынов, С. Өткелбаева т.б. отандық және шетелдік зерттеуші-ғалымдар зерттеп жүр. Осы орайда қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмофразеологизмдердің фонетикалық ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып өтейік. Мысалы: *у да шу (у-шу) болды, ың жоқ, шың жоқ, лəм-мим демеу*. «Үндемеу, жұмған аузын ашпау» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: Күнбала көпке шейін *лəм-мим демей*, ат үстінде томсарумен келеді. (С. Омаров «Қызыл»). Бұл тіркесті түп төркінін түркі немесе туыстас тілдерден іздеп әуреленудің қажеті жоқ. Себебі, бұлар араб тілінде қатар келетін екі дыбыстық есімдер: олардың бірі – «л» – «ләм», екіншісі – «м» – «мим» болып келеді [5].

Ағылшын тіліндегі: *to whistle for it* (оған ысқыру). Бұл тіркес ерте кездегі теңізшілердің «ысқырғанда дауыл туады» деген сеніммен туындап, қазіргі кезде «бірдеңені босқа іздеу, қалау» деген мағынаны білдіреді.

To applaud to the Echo (Эхоға қол шапалақтау). Яғни, «біреуге салтанатты қол шапалақтау» деген мағынадағы тіркес ертеде Роман аңызымен байланыстырылады. Эхо атты нимфаның (грек мифологиясында табиғаттың әр түрлі күштерін жасаушы екінші дәрежелі құдай) Нарцисс деген қызға ғашық болып, одан жауап ала алмай, қыздың даусы жеткен жерден кейін көңілі құлазып, қайғыдан жүдеген кейпі негізінде түсіндіріледі.

Ал енді, эмофразеологизмдердің морфологиялық тұрғдан жасалынған ерекшеліктеріне тоқталып өтелік. Мысалы: *ағыл-тегіл жылау.* «Ағыл-тегіл» қос сөзіндегі бізге құпия, жұмбақ болып тұрғаны, екінші сөз – «тегіл». Ал, «ағыл» болса, «ағу» етістігінен «ыл» жұрнағы арқылы етіс тудырып тұрғанын байқауға болады. Қос сөздер көп жағдайда мағынасы бір-біріне жақын сөздерден құралатынын ескерсек, «тегіл» сөзінің бастапқы түбірі «төк» екендігін күмәнданбай-ақ айта аламыз. Алдымен осыған «іл» қосымшасы қосарлану арқылы «ағыл-тегіл» болып, уақыт өте келе «ө» дыбысы «е» - ге өзгертіліп айтылып, «ағыл-тегіл» қалпында қолдану дағдыға айналған. Бұл эмофразеологиялық тіркес *«егілді, көз жасын көл қылды»* деген мағынаны береді.

Ағылшын тілінде: *hard up – «қиын жағдайда қалу»* мағынасындағы бұл тіркес теңізде тұрған күшті дауылмен араласқан теңізшілердің іс-әрекеті негізінде қалыптасқан. Олар кеменің тетік тұтқасына ие болып, дауыл соққан жақтан кеменің басын бұрып, аман қалуда бар күшін салуға мәжбүр болған.

Эмофразеологизмдердің семантикалық тұрғыдан жасалынған фразеологизмдер қостілде баршылық. Мысалы, *аузынан ақ ит кіріп, (қара) көк ит шығу* фразеологизмін қарастырсақ, ол «көк долы, ұялмай қысылмастан аузына келгенін айтып, балағаттау» мағынасын береді. Аталмыш эмофразеологизмнің қалыптасуына «ит» семасының ақ және қара түсті болуы халық ұғымымен ұштасып жатыр. «Ақ» түс адалдық пен пәктік т.б. ұғымын білдірсе, «қара» түс қазақтың ұғымында арамдық пен жамандық мағынасын білдіреді. Бұл жөнінде М.М. Капыленко: «Қазақ тілінің мақал-мәтелдері мен фразеологиялық тіркестерінде ит атауы жағымсыз мәнде». Мұны У. Тұрманжоловтың (859), М. Аққозинаның (30), академик І. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінен (429) жинақталған фразеологиялық тіркестерді көруге болады (5,45) [6].

Ағылшын тілінде: *to play the giddy goat* (ұшқалақ текедей ойнақшу). «Ақымақтану» мағынасын беретін бұл тіркес текенің секіректеп ойнақшыған жеңіл мінезінің негізінде қалыптасқан.

To bandy words with - тіркесі ертедегі ағылшындардың ойыны негізінде қалыптасқан. Хоккей ойынына ұқсас бұл ойындағы имек таяқпен допты әрі-бері ұрғыштап, соңынан қуу элементі кейіннен болмашы нәрсеге *«таласу, қарысып болмау»* мағынасын беретін тіркес қалыптасқан.

Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, номинативті мағынасы мен туынды, коннотативті мағынасы ауысып өзгеріп отырады. Фразеологизмнің жасалу негізі болып табылатын еркін сөз тіркестері мағыналық тұрғыдан жаңа тілдік бірліктердің туындауына арқау болатын тілдік прототиптер рөлін атқарады. Халықтың өзі қоршаған ортаға ерекше мән беріп, заттар мен құбылыстарды танып білуде басты белгілерін салыстыру, ұқсату сияқты қасиеттерін жинақтап, ортақ белгілерінің негізінде жаңа ұғымға атау берген. Бір затқа не құбылысқа ат беру әр халықтың мәдениетіне, тілінің ерекшелігіне, дүниетанымына байланысты қалыптасады. Мысалы: қаз:. *күлкіден ішегі үзілу, қуанғаннан басы көкке жету. Ағыл:.grin like a Cheshire, As pleased as a dog with two tails*

Қазақ және ағылшын тілдері адамның көңіл-күйін білдіретін фразеологиялық бірліктердің уәждемесін лингвомәдени тұрғыдан талдай отырып, төмендегідей ұқсастықтар мен айырмашылықтарын көрсетуге болады:

1) о баста еркін фразеологиялық бірліктер негізінде қалыптасқанмен, уақыт өте келе ықшамдалып, бейнелілік қалпын сақтай отырып, аз сөзбен терең мәнді білдіретін тілдік бірлікке айналған;

2) екі тілде де фразеологиялық бірліктердің көпшілігі бір затқа, құбылысқа, оқиғаға байланысты туындаған. Олардың кейбірі уақыт өте келе мағыналық тұрғыдан дамып, жаңа үстеме мағынаға ие болса, енді бір тобы өзінің бастапқы мәнін сақтай отырып, ауыс мағынаға ие болған;

3) екі тілде де фразеологиялық бірліктер затты, құбылысты, іс-әрекетті бейнелей, салыстыра суреттегенде астарлы мағынада қолданылады;

4) фразеологиялық бірліктердің компоненттері көбіне тұра мағынасынан алшақтап, жинақталып келіп бір ұғымды білдіреді. Сондықтан, фразеологиялық мағынадан оның құрамындағы компоненттер мағыналары түрлі дәрежеде көрініс табады;

5) екі тілдің де фразеологиялық бірліктерінің мағыналық даму үрдістері әр түрлі деңгейден, сатыдан көрініс береді. Оған ұлттық менталитеттің ерекшелігі, қоршаған ортаны түрлі көзқараспен қабылдауы дәлел бола алады

Екі тілдегі эмофразеологизмдердің ұлттық-мәдени сипаты мен аудару тәсілдерін зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың фразеологиялық бірліктерді аударудың бірнеше әдіс-тәсілдерімен және аудару үрдісі кезінде сақталатын тәртіптермен танысып шықтық. Ғалымдар тарапынан ұсынылған фразеологизмдерді аудару жолдарын негізге ала отытып, адамның эмоцияналды көңіл-күйін білдіретін эмофразеологизмдердің аударылу жолдарына мысалдар келтірдік [8].

Суреттеме аударма (түсініктеме аударма) – деп негізгі тілдің фразеологизмінің мағынасын аударылып жатқан тілге қарай сөзбен аудару тәсілін айтамыз. Суреттеме аударма аударылып жатқан тілде эквиваленттер мен аналогтар болмаған жағдайда ғана қолданылады. Суреттеме аударма – түсініктеме, алыстырма, сипаттама, түсіндірме сияқты фразеологизмнің мазмұнын мүкіндігінше анық және қысқа пішінде беру амалдары болып табылады. Мысалы:

	Ағылшын тілі	Қазақ тілі
	To show the white feather	*Қорқу, үрейлену (ақ қауырсын көрсету деп қазақ тілінде қолданылмайды)*
	grin like a Cheshire	*Күлу, мәз болу (Чешайр мысық тәрізді күлу)*
	be like a dog with two tails	*Қуаныштыболу (екі құйрық ит сияқты болу)*
	as pleased as a dog with two tails	*Қуану (екі құйрықты ит сияқты қуану)*
	dumb as a fish	*Үн-түнсіз қалу (балықтай мылқау болу)*

Калькалау тәсілі – фразеологиялық аударманы мүлде қолдануға

келмейтін жағдайда және фразеологизмнің мағыналық-стилистикалық және экспрессивті-эмоцияналды мағынасын толық бере алмайтын кезде, оқырманға тұрақты сөз тіркесінің бейнелік негізін жеткізу мақсатында пайдаланылады.

	Ағылшын тілі	Қазақ тілі
	as happy as kings	Корольдей бақытты
	as limp as a rug	Кілемшедей мылқау
	as a merry as a marriage-bell	Үйлену тойындағы қоңыраудай қуанышты
	laugh like a little Audrey	Аудрю сияқты күлу
	ants in one's pant	*шалбар киген құмырсқадай* (ыңғайсыз сезіну)

Толық баламамен аудару тәсілі.

Толық баламалар деп біз қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің мағынасы, коммуникаьтивтік құрамы, бейнелілігі, грамматикалық құрылысы және стилистикалық реңкі бірдей сәйкес келген бірліктерді айтамыз.

Жартылай баламамен аудару тәсілі – қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық

	Ағылшын тілі	Қазақ тілі
	Have lost one's tongue	*Тілін жұту*
	Beat one's head against a stone	*Басын тасқа ұру*
	Take oneself in hand	*Өзін-өзі ұстау (сабырлы болу)*
	Take oneself in hand	*Өзін-өзі ұстау (сабырлы болу)*
	Afraid of one's shadow	*Көлеңкесінен қорқу*

тіркестердің мағынасы жағынан және стилистикалық түрлері сәйкес келетін, бірақ лексикалық тұрғыдан біраз өзгерістері бар, сондықтан да бейне бір-бірінен сәл ауытқитын қазақ және ағылшын тілдерінің фраззеологизмдерін айтамыз.

	Ағылшын тілі	Қазақ тілі
	Cry one's eyes out	*Көз жасын көл қылды,ағыл-тегіл жылау*
	Devour smb, smth one's eyes	*көзін алмай қарау*
	Eat one's heart out	*Жанын қоярға жер таппады*
	Fall in love	*ғашық болу*
	Pipe one's eye	*Көз жасы көл болу*

Лексикалық баламамен аудару тәсілі. Эквиваленттердің басқа түрін қолдана алмайтын кезде лексикалық баламаларды қолданамыз.

		Қазақ тілі
	Freak out	*Ашулану*
	Get rattled	*Ашулану*
	Get under one's skin	*Уайымдау*
	Go up in the air	*Ызалану*
	Pale around the gills	*Қорқыныштан бозару*

ӘДЕБИЕТ

[1] Маслова В.А. Лингвокультурология. М.: Academia, 2004.
[2] Федоров А. Основы общей теорий перевода. – Москва, 1983
[3] Жарықбаев. Қ. Психология. Алматы. «Білім», 1993).
[4] Влахов С, Флорин С. Непереводимое в переводе. – Москва, 1988. С.193.
[5] Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. – Алматы: Жалын, 1991.–96б)
[6] Копыленко М.М. Основы этнолингвистики.– Алматы: Евразия, 1995.–178 с.)
[7] Ағабекова Б.Н. Ағылшын және қазақ тідеріндегі фразеологиялық теңулердің ұлттық-мәдени сипаты.).

REFERENCES

[1] Maslova V.A. Cultural linguistics. Moscow: Academia, 2004.
[2] Fedorov A. Basis of the general theory of translation. Moscow,1983
[3] Жарықбаев. Қ. Психология. Алматы. «Білім», 1993.
[4] Vlaxov S, Florin S. Untranslatable in translation. Moscow, 1988.
[5] Nurmagambetov. The secret of double words. Almaty: Jalin, 1991.
[6] Kopilenko M.M. Basis of ethnolinguistics. Almaty: Eurasia, 1995.
[7] Agabekova B.N. The national and cultural features of similes in Kazakh and English languages. Almaty, 2010.

Национально-культурные особенности эмофразеологизмов в казахском и английском языках и методы их перевода

Шайманов Арман
Bilal-arman@mail.ru
КазНПУ имени Абая

Ключевые слова: Эмоция, фразеологизм, перевод, эмотиология, оригинал, язык перевода.

Аннотация. В статье рассматриваются методы перевода фразеологических единиц отечественных и зарубежных ученых, а также несколько способов перевода эмофразеологизмов в казахском и английском языках с учитыванием их национально-культурные особенности.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

УДК 378.016

Teaching conditions of innovation technology oriented ecological training students

***Zh.A. Abdukadirova[1], A.T. Ermekbaeva [2], M.S.Kurmanbayeva[1], Zh.B.Shildebaev[2]**

[1]Kazakh state women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh national pedagogical university named after Abay, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: zhansina88@mail.ru

Key words: Pedagogy, control, experiment, technology, innovation

Abstract. Creating university system innovation-oriented environmental education students to be effective in creating pedagogical conditions, which is based on the following idea: the formation and the continuous development of professional competence and environmental specialist at the university secured by technological organization of the educational process.

The experiment resulting in early studies showed a high level of 14.9%, and at the end of the experiment number was 28.7%, the average level nachel showed 41.4%. The lower level at the beginning of the experiment was 43.7%, this figure reduced at the end of the experiment. In this control parameter has not changed.

During the experiment were shown the use of innovative technologies proposed methods and their way of pedagogical conditions to improve environmental knowledge of students. It has been proved that the method is really effective and works made in content-based work can be applied in the teaching for students. In conclusion, it was justified in the theoretical aspects of the application of innovative technologies in teaching environmental knowledge in universities. It was determined the current state of the possibility of using innovative technologies in higher education. It was proposed solutions to the problem for raising ecological knowledge of students. It was found that a positive result gives experimental works with students to increase the level of students' knowledge in the application of innovative technologies.

УДК 378.016

Студенттердің экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларға бағытталған педагогикалық шарттар

***Ж.А. Абдукадирова[1], А.Т. Ермекбаева [2], М.С. Құрманбаева[1],Ж.Б. Шілдебаев[2]**

[1]Қазақ мемлекеттік кыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail:zhansina88@mail.ru

Кілттік сөздер: Педагогика, бақылау, эксперимент, технология,инновация.

Аннотация. Жоғарғы оқу орнында студенттерге экологиялық білім беруде инновацияға бағытталған педагогикалық шарттарды құру тиімді, білім процесін технологиялық құрылғылармен жабдықтау, қамтамасыз етумен қатар жоғары білікті маманның үздіксіз кәсіби дамуына және қалыптасуына негізделген.

Эксперимент барысында жоғары деңгейді алғашында 14,9% көрсетсе, эксперимент соңында олардың саны 28,7% болды, орта деңгейде алғашында 41,4% болса, соңында 46,7% көрсетті. Ал, төменгі деңгей алғашында 43,7 болып, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 24,6% болды. Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Тәжірибелік эксперимент нәтижелері зерттеу барысында студенттердің экологиялық білімдерін арттыру тұрғысындағы инновациялық технологияларды пайдаланудың педагогикалық шарттары мен осы негізде жасалған жұмыстардың мазмұны, әдістерінің тиімді екендігін дәлелдейді.

Қорыта келгенде**,** жоғары оқу орындары студенттеріне экологиялық білім беруді инновациялық технологиялар арқылы жүзеге асыру теориялық тұрғыда негізделді. Студенттерді жоғары оқу орны жағдайында экологиялық білімдендіруде инновациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылып, қазіргі жағдайы анықталды. Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің экологиялық білімдерін арттырудың

педагогикалық шарттары ұсынылып әдіс-тәсілдер ретінде оның жолдары көрсетілді. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстары арқылы студенттердің экологиялық білімін арттырудағы инновациялық технологияларды пайдаланудың оң нәтиже бергені анықталды.

Кіріспе. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына жасалған талдау барысында, атап айтқанда: Ресейде(Голубец М.А.[1],Миронов А.В. [2]және Қазақстанда (Бейсенова А.С.[3],Жүнісова К.Ж. [4], Шілдебаев Ж.Б. [5], Тілеубергенов С.Т.[6],Торманова Н.Т.[7], Турабаева Г.[8], Қойбағарова Б.Х.[9],Смирнова Г.М.[10]) экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық негіздерін, мазмұнын, ұйымдастыру жолдары мен әдістерін қарастырғаны айқындалды.

Экологиялық білім мен тәрбие беруде жоғары оқу орындары оқытушылары тарапынан инновациялық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселе болып табылады.

Философиялық және педагогикалық әдебиеттерде кейбір ғалымдар инновациялық процестерді зерттеу барысында жаңалықтың жүйелілік, әрекеттік тұжырымдамасын ұсына отырып, жаңалықты енгізуді әртүрлі деңгейде (жалпы ғылымилық, жалпы әдіснамалық) талдаудың қажеттілігіне ерекше көңіл аударады.

Инновациялық-педагогикалық іс-әрекеттің жалпы және өзіндік ерекшеліктерін Ю.Н.Кулюткин [11], Я.А.Пономарев [12], Л.С.Подымова [13], Л.Н.Фридман [14] секілді біршама шет елдік ғалымдар зерттеген.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:Студенттердің экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларды пайдалануды теориялық негіздеп, ғылыми әдістемесін жасау және тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

1. Студенттердің экологиялық білімін арттырудағы инновациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен қазіргі жағдайын анықтау.

2. Жоғары оқу орындары студенттердің экологиялық білімін инновациялық технологияларды пайдалана отырып арттырудың теориялық негізін айқындау.

3. Ұсынылатын инновациялық технологияларды пайдалану жолдарын тәжірибелік-экспериментке тексеру, ғылыми-әдістемелік нұсқаулар беру.

Зерттеу объектісі: Жоғары оқу орындарындағы оқу процесі

Зерттеу әдістері: философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, жоғары оқу орындарының тәжірибелерін зерделеу, талдап қорыту; оқу әдістемелік құжаттарды талдау; жоғары оқу орындары оқытушылары және студенттерімен әңгімелесу, сауалнама жүргізу, бақылау, студенттердің іс-әрекет нәтижелерін зерделеу; тәжірибелік-эксперимент жұмысы және оның нәтижелерін талдауда логикалық (салыстыру, талдап қорыту, топтау) әдістерін, математикалық статистика әдістерін пайдалану.

Зерттеу нәтижелері:Біз ұсынған экологиялық білім мен тәрбие беруді жетілдіру әдістемесінің тиімділігін анықтау үшін педагогикалық эксперимент жасалды.

Педагогикалық эксперименттің құрылымы:

-анықтау эксперименті (2014-2015 оқу жылдары);

-қалыптастыру эксперименті (2015 оқу жылының бірінші жартысы);

Анықтау эксперименті кезеңінде білімнің, ептіліктер мен дағдылардың бастапқы бақылауы жүзеге асырылды.

Қалыптастыру эксперименті екі кезеңде жүргізілді: оқу-тәрбие процесіне экологиялық білімдерді арттыру барысындағы жүйелі жұмыстар, білімнің, ептілік пен дағдының қорытынды бақылауы енгізілді. Экспериментке қатысқан студенттердің жалпы саны 428 адамды құрады.

Эксперимент жұмысының бағыты: біріншіден, жеке адам мен топ құрамының экологиялық білім мен деңгейін зерттеп білуге арналған жұмыс жүйесі, пәнаралық байланыс негізінде экологиялық ұғымдарды енгізу тұрғысынан әдістемелік талдау жасау; екіншіден, оқу процесін сабақ пен өзіндік жұмыс және оның түрлерін, студенттердің пәнаралық байланыстағы экологиялық білім деңгейін жетілдіру тұрғысында ұйымдастыру, студенттердің экологиялық сана, экологиялық мәдениет – экологиялық тұрғыда жаңаша ойлау дағдысын орнықтыруға ықпал жасайтын педагогикалық мүмкіндіктерді айқындау, экологиялық ұғымдар жүйесін орнықтырудағы тиімді әдіс тәсілдерді көрсете білу.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті студенттері арасында экологиялық білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында анықтаушы эксперименті жүргізілді.

Студенттердің бақылау және эксперименталдық топтарын салыстыру кезінде төмендегі фактілер есепке алынды:

-студенттердегі экологиялық білімдерінің қалыптасуының деңгейлері;

-эксперименттер нәтижесінің көріністері.

Анықтау экспериментін жүргізу барысында біз түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандық.Әдістер уақыттың әртүрлі кезеңінде алынған көптеген мәліметтердің немесе белгілердің элеметтерін салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл орайдағы зерттеулерде әртүрлі тұлғалар қатысты және нәтижелер қандай да бір қажеттердің даму тенденциясына бағытталды.

Біз атап өткендей, экологиялық сананың қалыптасқан түрі оқытушының студенттерге экологиялық білімдерін арттыру бойынша қызметінің нәтижесінен көрінеді.

Сондықтан, біз студенттердің экологиялық білімін анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Экологиялық сананың деңгейі мен түрі диагностикалық сипаттағы тапсырма негізінде анықталды.

Арнайы экологиялдық білімді, ептілік пен дағдыны қалыптастыру деңгейін тексеру екі бағытта жүргізілді:

1. Студенттердің арнайы экологиялық білімін қалыптастыру деңгейін анықтау;

2. Студенттердің арнайы экологиялық ептілігі мен дағдысының деңгейін анықтау.

Студенттердің арнайы экологиялық білімін қалыптастыру деңгейін анықтау төмендегі критерийлер бойынша анықталады:

-арнайы экология түсінігін меңгеру;

-арнайы экологиялық түсініктің мәнін білу.

Арнайы экологиялық білім түсінігін меңгеру сапасы арнайы әнгіме тақырыптары бойынша Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті студенттері арасында экологиялық білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында тәжірибелі-эксперимент жұмысыжүргізілді және жасалған «TEST» компьютерлік бағдарламасын қолдана отырып, тестілеу әдісімен тексерілді. ЭЕМ тесттің 20 сұрағын таңдап алуды ұсынады. Тесттегі сұрақтар бойынша тұжырымдалды, яғни студент ұсынылған 4 варианттың дұрысын таңдайды. Тестілік бақылау варианты әр мамандық студенттеріне қарай берілді.

Арнайы экологиялық түсінікті игеру деңгейлері төмендегі көрсеткіштер арқылы анықталады:

-жоғары – дұрыс жауап 100-91% болғанда;

-орта – дұрыс жауап 90-81% болғанда;

-төмен – дұрыс жауап 80-61% болғанда.

Арнайы экологиялық түсінікті меңгеру сипаттамасы кесте 1-де келтірілген.

Кесте 1- Арнайы экологиялық түсінікті меңгеру деңгейі(анықтау эксперименті)

Деңгейлер	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	адам	%	адам	%
Жоғары	19	16,67	22	19,29
Орта	51	44,77	53	46,49
Төмен	44	38,56	39	34,22

Арнайы экологиялық түсініктің мәнін білу деңгейі негізінен дәлелдеу және диагностикалау сипатындағы сұрақтармен төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталды:

-жоғары – жалпы сұрақ санының 100-91% көлеміндегі толық дұрыс жауаптың болуымен сипатталады;

-орта – жалпы сұрақ санының 90-81% көлеміндегі толық дұрыс және толық емес дұрыс жауаптар жиынтығымен сипатталады;

-төмен – жалпы сұрақ санының 80-61% көлеміндегі толық дұрыс және толық емес дұрыс жауаптар жиынтығымен сипатталады.

Арнайы экологиялық түсініктің мәнін білу сапасының сипаттамасы кесте2-де келтірілген. Ал, арнайы экологиялық білімді қалыптастыру деңгейі кесте3-те берілген.

Кесте 2-Арнайы экологиялық түсініктің мәнін білу деңгейі

Деңгейлер	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	адам	%	адам	%
Жоғары	18	15,79	20	17,54
Орта	49	42,98	45	39,48
Төмен	47	41,23	49	42,98

Кесте 3-Арнайы экологиялық білімді қалыптастыру деңгейі

Деңгейлер	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	16,23%	18,41%
Орта	43,86%	42,98%
Төмен	39,91%	38,61%

Эксперименталдық жұмыстың келесі кезеңінде біз студенттердің арнайы экологиялық ептілігі мен дағдысын қалыптастырудың деңгейін анықтауды мақсат етіп қойдық. Бұл орайда төмендегі ептіліктерге ерекше көңіл бөлінді:

-экология саласындағы әлеуметтік-маңызды мәселелерді талдау;

-қоршаған ортаға антропогенді әсерлердің қауіптілігін талдау және бағалау;

-болашақ кәсіби қызметте экологиялық білімді қолдану;

-экологиялық білім мен тәрбие беруді ұйымдастыру үшін әдістемелік тәсілдерді таңдай білу және қолдану;

-нақты оқу процесі жағдайына қарай әдістемелік нұсқауларды ыңғайластыру;

-студенттердің табиғатты қорғау мен оны қайта қалпына келтіруге деген сарындарын ояту және дамыту.

Студенттердің арнайы экологиялық ептілігі мен дағдысын қалыптастырудың деңгейі төмендегі критерийлер бойынша анықталды:

-әртүрлі кәсіби жағдайларда (әмбебап экологиялық ептілік) арнайы экологиялық білім қорымен жұмыс жасау ептілігі;

-педагогикалық қызметте (экологиялық-педагогикалық ептіліктер) өзінің экологиялық-теориялық салмағын қолдана білу ептілігі.

Экологиялық білімінің дамуын іс-жүзіне асыру үшін студенттердің экологиялық білімділігінің нақты деңгейде болғанын анықтау аса маңызды болмақ. Осы мақсатты дәлелдеу тұрғысында студенттерге зерттеулер жүргізілді.

Қалыптастыру эксперименті екі кезеңнен тұрады. Мақсат-инновациялық технологиялар негізінде студенттердің экологиялық білімдерін арттыру жүйесін ендіру және педагогикалық шарттардың зерттеліп отырған проблема бойынша тиімділігіне ықпалын тексеру болды.

Қалыптастыру экспериментінде студенттердің экологиялық білімдерін арттырудың үш деңгейдегі көріністері ескерілді.

Ал, бұл деңгейлер теориялық зерттеулер мен проблема бойынша жүргізілген анықтаушы эксперимент нәтижесіне сүйеніп анықталды. Олар:

Жоғарғы деңгей – студенттердің бойында экологиялық білімдер жүйесі қалыптасқан, өз бетінше экологиялық проблемалар жөнінде ойын білдіріп, табиғат қорғауға деген құлшынысы жоғары болып, ортада қоғамға лайық іс-әрекет жасай біледі.

Орта деңгей – экологиялық білімдері толық жүйелі қалыптаспаған, экологиялық проблемаларды шешуде оқытушының көмегіне сүйеніп, өз бетінше ойын толық білдіре алмайтын, табиғатты қорғауға құлшынысы орташа, экологиялық мәселелер бойынша қоғамға лайық іс-әрекеті жоғары емес.

Төменгі деңгей – экологиялық білімі төмен, экологиялық проблемаларды шешуде оқытушы көмегіне сүйенеді, табиғатты сақтап қорғау туралы талпынысы төмен, экологиялық проблемалардағы қоғамға лайық іс-әрекеті талапқа сай емес.

Сонымен, қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде инновациялық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері белгілі бір жүйе арқылы жүзеге асырылғандығы тексерілді. Бұл кезең біздің зерттеу жұмысымыздағы теориялық және әдістемелік тұрғыдағы негізгі жағдай болып саналды. Бұл кезеңде студенттер әртүрлі мақсатты көздейтін оқу процесінің даярлығы мен студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттің жобасын, оқу процесін ұйымдастыруды зерттеуді, инновациялық технологиялардың жүйесін, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін қалыптастыруды, айқындауды көздейді, кесте 4.

Кесте 4- Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінің нәтижелері

Деңгейлер	Бақылау тобы %		Эксперименттік топ %	
	басы	соңы	басы	соңы
Жоғары	11,4	12,3	11,7	19,8

Орта	42,3	43,6	43,1	47,5
Төмен	46,3	44,1	45,2	32,7

Осының бәрін ескере отырып қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде ұсынылған педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуы тексерілді.

Мұнда студенттердің экологиялық білімдер жүйесі өз беттерінше экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі ойларын, табиғатты қорғауға құлшыныстары, экологиялық мәселелер бойынша қоғамға лайық іс-әрекеттері инновациялық технологиялар арқылы қалыптасқандығы қарастырылды.

Кешенді тапсырмалардың шешімі студенттердің экологиялық білімдерді меңгерген теориялық білімінің мазмұндылығын оны кәсіби іс-әрекеттерде ұтылды пайдалана білетінін дәлелдеді.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының соңғы бақылау кезеңінде педагогикалық зерттеудің және қайтара жүргізген зерттеу әдістерінің негізінде студенттердің экологиялық білімдерін қалыптастыру деңгейі анықталды, кесте 5.

Кесте 5 -Зерттеу жұмысының екінші кезеңінің нәтижелері

Деңгейлер	Бақылау тобы %		Эксперименттік топ %	
	басы	соңы	басы	соңы
Жоғары	12,1	13,2	14,9	28,7
Орта	43,3	40,5	41,4	46,7
Төмен	44,6	46,3	43,7	24,6

Жоғары деңгейді алғашында 14,9% көрсетсе, эксперимент соңында олардың саны 28,7% болды, орта деңгейде алғашында 41,4% болса, соңында 46,7% көрсетті. Ал, төменгі деңгей алғашында 43,7 болып, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 24,6% болды. Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Сонымен, тәжірибелік эксперимент нәтижелері зерттеу барысында студенттердің экологиялық білімдерін арттыру тұрғысындағы инновациялық технологияларды пайдаланудың педагогикалық шарттары мен осы негізде жасалған жұмыстардың мазмұны, әдістерінің тиімді екендігін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орындары студенттеріне экологиялық білім беруді инновациялық технологиялар арқылы жүзеге асыру теориялық тұрғыда негізделді. Студенттерді жоғары оқу орны жағдайында экологиялық білімдендіруде инновациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылып, қазіргі жағдайы анықталды. Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің экологиялық білімдерін арттырудың педагогикалық шарттары ұсынылып әдіс-тәсілдер ретінде оның жолдары көрсетілді. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстары арқылы студенттердің экологиялық білімін арттырудағы инновациялық технологияларды пайдаланудың оң нәтиже бергені анықталды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Голубец М.А. Актуальные вопросы экологии. – Киев: Наука.думка.1982.-157 с.

[2] Миронов А.В. Методология и методика и техника конкретных социологических исследований. // Социально-культурный журнал. -1994. №10.-с.82-90.

[3] Бейсенова А.С. Қазақстан Республикасында жалпы білім беру жүйелерінде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2002. -№6.- 134-146 б.

[4] Жүнісова К.Ж. Айналаны қоршаған орта, экология: әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2004.- Б.26-50.

[5] Чилдебаев Ж.Б. Основы экологического образования // География және табиғат. – 2004. - №2.-10-13б.

[6] Тлеубергенов С.Т. Ноэкология и наше общее будущее на земле // Экологическая методология возрождения человека. – Алматы, 1997. - №7.с.14.

[7] Торманова Н.Т. Экология ғылымының антроноэкологияның қалыптасуына тигізетін ықпалы // Экологиялық білім беруді дамытудағы инновациялық үрдістер: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ының 75 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары.-Алматы: ҚазҰУ-ті, 2009.-227-229 б.

[8] Турабаева Г. Болашақ мұғалімдерді экологиялық өлкетануға дайындаудың тәжірибелік –эксперименттік жұмысы //Ұлт тағлымы. -2006. - №27.-79-82 б.

[9] Қойбағарова Б.Х. Оқушыларға қазақ халқының дәстүрлері арқылы экологиялық білім мен тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді даярлау. Автореф....пед.ғ.к. – Алматы, 2004. – 25с.

[10] Смирнова Г.М. Дидактические условия Экологического образования и воспитания студентов. –Астана, 2003. – 141 с.

[11] Кулюткин Ю.Н. Психологические проблемы образования взрослых // Вопросы психологии-1989, №2.-с. 25-28.

[12] Пономарев Е.А. Проблемный педсовет как фактор вхождения педагогического коллектива в инновационную деятельность // Сборник научный трудов «Инновации в образовании».- М.: АПК и ПРО, 2001. – С. 19-31.

[13] Подымова Л.С. Введение в инновационную педагогику: Учеб.пособие.-Курск: Изд-ва КГПУ, 1994.-120 с.

[14] Фридман Л.Н. Кулагина Н.Ю. Психологический справочник учителя - М., Просвещение. 1991. 286с.

REFERENCES

[1] M.A. Holubets. Actual environmental issues. - Kiev: Naukova.dumka.1982.-157.
[2] A.Mironov. Methodology and specific methods and techniques of sociological research. // Socio-cultural magazine. - 1994. №10.-p.82-90.
[3] A.S.Beisenova. Kazakhstan Respublikasynda zhalpy Bilim beru zhuyelerinde ekologiyalyk Bilim changed tarbie beru tuzhyrymdamasy // Kazakhstan zhogary mektebi. - 2002. -№6.- 134-146 p.
[4] K.J.Zhynisova. Aynalany korshagan orta, ecology: adistemelik nuskau. - Almaty, 2004.- p.26-50.
[5] J.B.Childebaev. Fundamentals of Environmental Education // Geography and Tabigat. - 2004. - №2.-10-13p.
[6] Tleubergenov S.T. Noekologiya and our common future on Earth // Ecological methodology renaissance man. - Almaty, 1997. - №7.p.14.
[7] Tormanov N.T. Ecology gylymynyn antronoekologiyanyn kalyptasuyna tigizetin ykpaly // Ekologiyalyk Bilim berudi damytudagy innovatsiyalyk yrdister: Al-Farabi. KazUU-yn 75 zhyldygyna arnalgan halykaralyk Conference materialdary. Almaty: KazUU, 2009. 227-229p.
[8] G. Turabaeva. Bolashak mugalimderdi ekologiyalykolketanuga dayyndaudyn tazhiribelik -eksperimenttik zhumysy // Ult taglymy. -2006. - №27.-79-82 p.
[9] Koybagarova B.H. Okushylarga Kazakh halkynyn dasturleri arkyly ekologiyalyk Bilim changed tarbie beruge Bolashak mugalimderdi dayarlau. Abstract. ped.g.k. - Almaty, 2004. – 25p.
[10] G.M.Smirnov. Didactic conditions of environmental education and training of students. -Astana, 2003. - 141 p.
[11] J.N.Kulyutkin. Psychological problems of adult education // Questions of Psychology, 1989, №2.-p.25-28.
[12] E.A.Ponomarev. Problem teachers' meeting as a factor of entering the teaching staff in innovation // Collection of scientific papers "Innovations in Education" .- M.: AIC and ABM, 2001. - P. 19-31.
[13] L.S.Podymova. Introduction to innovative pedagogy: Ucheb.posobie.-Kursk publishing house KSPU, 1994.-120 p.
[14] L. Friedman, Kulagin N.Y. Psychological guide teachers - M. Enlightenment. 1991. 286p.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ

***Ж.А. Абдукадирова[1], А.Т. Ермекбаева [2], М.С. Курманбаева[1], Ж.Б. Чильдебаев[2]**

[1]Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
*e-mail: zhansina88@mail.ru

Ключевые слова: Педагогика, контроль, эксперимент, технология, инновация

Аннотация. Создание вузовской системы инновационно-ориентированногоэкологического образования студентов будет эффективным при создании педагогические условия, в основу которых положена следующая идея: формирование и непрерывное развитие профессионально-экологической компетентности специалиста в вузе с обеспечением посредством технологической организации образовательного процесса.

В результате исследований в начале показали высокий уровень 14,9%, а в конце эксперимента был 28,7%, средний уровень показали 41,4%. На нижнем уровне в начале эксперимента была 43,7%, эта цифра снизилась в конце эксперимента. В контрольном варианте параметры не изменились. В ходе эксперимента было показано, что необходимо использование инновационных технологий, предложенные методы и их образ педагогических условий для улучшения экологических знаний студентов.

Было доказано, что примененные методы действительно эффективны и работы сделанные на основе содержаний работы можно применить в преподаваний экологии для студентов Вузов.

В заключений, было обосновано в теоретическом аспекте применения инновационных технологий в преподаваний экологического знания в вузах. Было определено нынешнее состояние возможности применения инновационных технологий в вузах. Показаны пути решения для повышения экологического знания студентов. Было выявлено, что положительный результат дает опытно-экспериментальные работы со студентами в повышении уровня знаний студентов при применений инновационных технологий.

Авторлар туралы мәлімет:

1. Курманбаева Меруерт Сакеновна - б.ғ.д., биология кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, ҚазмемқызПУ, 8-775-296-10-44, kurmanbaevakz@mail.ru

2.Абдукадирова Жансая Абдимуратовна - биология кафедрасының PhD докторанты, ҚазмемқызПУ zhansina88@mail.ru

3.Шілдебаев Жұмаділ Байділдәұлы - п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, zhumadil_47@mail.ru

4. Ермекбаева Ақбөпе Тонтайқызы - PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, akbope.1988@mail.ru

Поступила 14.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Teaching students foreign languages using interactive methods

Savasova H.H, Zh.M. Akynova, D.E.Turdalieva
akinova_01@mail.ru
Kazakh National Technical University named after K.I.Satpaev, Almaty, Kazakhstan

Key words: Foreign language,interactive method, information technology, method, learning,traditional training

Abstract. The aim is to determine the effectiveness of using interactive methods for teaching foreign languages in higher education. When teaching students foreign languages using interactive methods in higher education in a short period in the form of a complex can be taught different types of speech activities, enrichment of vocabulary skills translate the text content of the text and narration. The word "interactivity", as stated in the encyclopedia and the scientific literature, originated from the concept of interaction, which is a joint bilateral activities.This allows students in the learning process together to solve a problem, to feel responsible for certain actions to be active and show their imagination, intelligence and creativity. At the same time, this method teaches students to work in pairs to help others. The main feature, characteristic of interactive methods - is to increase the activity of the subjects of the relationship, emotional and spiritual union of Interactive learning is used extensively than intensive training.

Обучение студентов иностранным языкам с использованием интерактивных методов

Савазова Х.Х, Акынова Ж. М, Э.Д. Турдалиева
КазНТУ им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

Ключевые слова:Иностранный язык, интерактивный методика, информационные технологии, метод, обучение, традиционное обучение

Аннотация:Целью работы является определение эффективность использования интерактивных методов при обучении иностранным языкам в вузах.При обучении студентов иностранным языкам с использованием интерактивных методов в высшем учебном заведении за короткий период в комплексном виде можно научить разным видам речевой деятельности, обогащению словарного запаса, навыкам перевода текста и пересказа содержания текста. Слово «интерактивность», как указано в энциклопедии и научных литературах, возникла от понятия интеракция, что является совместной двусторонней деятельностью.Это даёт возможность студентам в учебном процессе совместно решить проблему, почувствовать ответственность за определённые действия, быть активными и показать свои воображения, интеллектуальность, творчество. Наряду с этим этот метод учит студентов работать в парах, оказывать помощь другим. Главная особенность, характеристика интерактивных методов – это повышение активности взаимоотношении субъектов, эмоциональное и духовное объединение Интерактивное обучение используется широко, чем интенсивное обучение.

Дүниежүзілік ақпараттық білім беру кеңістігінің құрылуымен, әлемдік ғаламдану процесінің жеделдеуімен байланысты егеменді еліміздің білім беру жүйесін модернизациялау бағытында аукымды іс-шаралар жүргізіле бастады. Қазіргі кезде ғалымдар оқыту процесінде дидактикалық мақсатты шешуде оқытудың белсенді формаларына бет бұруда оқытушының студенттермен педагогикалық қатынасты ұйымдастыра алу қабілеті бүгінгі таңдағы шетел тілін оқыту процесінің тиімділігін арттырады, сондай-ақ ол студенттің жеке тұлға ретінде ерекшелігін ашуға және оның шетел тілі мәдениет аралық қарым- қатынас құралы ретінде меңгеруіне бағытталады. Аталған мәселені шешу үшін педагогтар мен әдіскерлер оқыту процесінде оқытудың белсенді формаларын қолдану керектігіне тоқталды. Осыған орай студенттердің белсенді өзіндік жұмысын қамтамасыз ету үшін студенттердің бір мәселені бірігіп шешуде өз бетінше белсенді, танымдық шығармашылық әрекетін қамтамасыз ететін интерактивті тәсілге баса назар аударуда. “Интерактивтік” деген сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей интеракция деген ұғымнан келіп шығады, ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады.

Интерактивті оқыту әдісі – өзара әрекет. Оқытудың интерактивті әдісін қолдану кезінде барлық студенттердің тұрақты белсенді түрде өзара қарым –қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Студент пен оқытушы оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады.

Интерактивті әдісті төмендегі сызбаға негіздеуге болады.

Кесте-1



Интерактивті әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабы себебі қазіргі қоғам талабына сай, тұлғаның ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз, шығармашыл тұлғасын қалыптастыру қажет. Жалпы, жаңарған оқыту құрылымы мен ұйымдастырылуы студенттердің қызығушылығы мен қабілеттеріне, рухани дамуына, олардың өмірлік жоспарларының жүзеге асырылуына бағытталған, көп вариантты және икемді болуы қажет.

Сонымен қатар, коммуникативті мәселелерді шешуде оқытушы мен студент әртүрлі интерактивті міндеттерді атқарады. [1]



Ф.ғ.к., доцент А.Қ.Әлімовтің [1] сөзімен айтқанда, бүгінгі күні білім беру жүйесінде мәселені тіпті мынандай төтесінен қоюға болады: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге, үйретуге болады».

Егерде дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер, тақырыптар мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектесе, тұлғалық даму мен өздігімен білім құрастыруды негізгі идея деп ұстанған инновациялық көзқарас оқудың негізін тек пәндер емей, ойлау мен рефлексияға негізделген интерактивті әдістер құрауы керек деп түсінеді. Ал интерактивті әдістер мен тәсілдер студенттердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Дәстүрлі оқытудың міндетті элементі – оқу, ол түгел топпен бірмезгілде сабақ жүргізу болып табылады. Оқытушы сабақ үстінде хабарлама жасайды, білім береді, игерімі мен дағдыларын қалыптастырады, жаңа материалдарды меңгеруін анықтау үшін қатысушылардың меңгеру нәтижелерін бағалайды. Дәстүрлі оқыту негізінен репродуктивті сипат алады. Оқытушы жалғыз әрекет етуші тұлға болып табылады. Оқытушының басты күші оқу ақпаратын жақсы жолмен таныстыруға бағытталған. Қатысушы осылайша оқытушыға меңгерген оқу материалдарының мазмұнын жеткізуі қажет. Дәстүрлі

оқытудың негізгі әдісі түсіндірмелі-көрнекілік. Дәстүрлі оқыту әр оқытушыға бейімделуіне мүмкіндік беретін өзгертулер енгізуді қажет етеді. Модернизацияның бір жолы оны ұйымдастыруға оқытуды дамыту элементтерін енгізуден тұрады. Яғни, оқу міндеттерінен, оқу әрекеттерінен, бақылау әрекеттерінен және білімін меңгеру дәрежесін бағалаудан тұратын оқу жұмысын қалыптастыру. Дәстүрлі оқытуды жетілдірудің басқа жолы ақпараттық және оқытудың дамытушы түрлері мен әдістерін интеграциялау негізіне бағытталған. Мысалы, педагогикалық шеберлік технологиясы.Бұл технология Францияда жасап шығарылған. Оның негіздерін атақты психологтар мен қоғам қызметкерлері Анри Валлон және Жан Пиаже[2,3] қалаған. Олар менолардың ізбасарлары — мыңдаған педагогтарды біріктірген жаңа білім берудің француздық топтары, — қоғамдағы транформацияның өршуі білім берудегі жағымды өзгерістерді жігерлендіреді деп болжайды.

Шеберлік «түсінікті және қарапайым формулаларға» сәйкес құрылады: студент білімді өзі іздеуі қажет; қатысушының еңбегі мағыналы болуы керек; барлығы мүмкіндікке ие; студент қимылдауы қажет; студенттер қолмен жұмыс істегенді жақсы көреді. Технологияпедагог-шеберменарнайы ұйымдастырылған кеңістікте дамиды, ол студенттерге жеке және ұжымдық ізденуде «білім құрастыруына немесе ашуына» мүмкіндік береді. Шеберлік — бұл сабақ жүргізудің ерекше түрі. Ол өзара байланысты сатылар ретінен тұрады. Әр сатыда оқу тапсырмасы анықтаушы бірлік болып табылады, ол студенттердің танымдық қызметін бағыттайды. Сонымен қатар, студенттер зерттеу жолдарын, мақсатқа жету құралдарын, жұмыс қарқынын және т.б. таңдауға мүмкіндіктері бар. Студенттермен орындалған тапсырмаларды оқытушы тексермейді. Топта жұмыс нәтижелерін және сол танымдық үрдісте өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалау ұйымдастырылады, нәтижесінде факт, үрдіс және құбылыстарды өзбетінше тану қабілеті (жағдайлар туралы жеке ойы) дамиды, тұрақтанады, студент тәжірибесінің субъектілі қателігі немесе шектелуі жойылады, оның білімі, игерімі, қатынастары, сезімі мен мүмкіндіктері жағынан жеке жетістіктерге жетуі жүзеге асырылады.

Шетел тілі сабағы қызықты да түсінікті болуы оқытушының шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Интерактивті оқыту әдісі – біліммен қаруландырудың ерекше түрі, дәстүрлі оқытуға балама оқыту. Интерактивті оқыту әдісінің дәстүрлі оқытудан айырмашылығы – болашаққа әр түрлі көзқараспен қарау. Дәстүрлі оқыту бұрын қайталанған ретте іс-әрекет ережелерін меңгеру қағидасына негізделген болса, ал интерактивті оқыту әдісі жаңа, тіпті белгісіз жағдайда өзінің қабілетін жетілдіруге, дамытуға бағытталған өзара бірлескен іс-әрекеттер жиындығынан құрылады. Соның нәтижесінде адамның ойлау жүйесінде, санасында өзгерістер болып, білім берудің қазіргі жүйесінде маңызды өзгерістер болады. Мәселен, ғалым В.Я. Ляудистің [4]зерттеу тұжырымдамасында оқыту тарихы өзгерістерге ұшырап отыратын әлеуметтік институт, ал оқу- әрекетінің түрі болып табылады.

Интерактивті оқытудың төмендегідей қасиеттерін анықтап көрсетеді:

1) Интерактивті оқыту- жаңа заманғы қоғамның дамуы мен оның мәдени өркендеудің ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды әлеуметтік ұйымдастырудың жаңа түрі;

2) Дәстүрлі оқытуға қатысты инновациялық оқыту парадигмалары болып табылады;

3) Интерактивті оқыту барысында жеке тұлғананың өзіндік дамуына, оның жеке көзқарасына, жеке дамуына еркіндік бере отырып, оның жеке шығармашылығының қалыптасуына толық жағдай жасалады.

Интерактивті әдістердің басты ерекшеліктерінің бірі студенттердің белсенділігі оқытушының белсенділігімен тең келуінде. Студенттер дәріскер немесе оқытушының пассивті монолог оқуының тыңдармандары емес, тікелей және кері байланыс нәтижесінде шығармашылық және эмоционалды түрде білім беру үрдісіне қатысады. Дәстүрлі әдіс қайталу барысында ережелерді меңгеруге бағытталған, ал интерактивті әдістер белгісіз, үнемі ауыспалы болып көрінетін жаңа жағдайда әрекет етуге шақырады.

Көптеген оқытушылар оқытуды дәстүрлі және жаңаша деп екіге бөледі. Алайда, тек екі ғана оқыту әдісі бар деген тұжырым – қате. Дұрысы, белсенді және қалыпты интерактивті оқытудың арасында алуан түрлі студентердің өзара әрекеттестігінің мүмкіндіктеріне қарай жүздеген әдістер бар. Мысалы, оқытушы ескі оқулықпен жұмыста студентермен белгілі бір мәселелені жазбаша орындамас бұрын жұптық тәсілмен талқылап алуын тапсырса, онда оның интерактивті әдісті қолданғаны.

Кейбір шетел тілі оқытушылар дәстүрлі оқытудың кемшіліктерін анығырақ сезінген кезде, онымен оқытуды мүлде тоқтатсақ қалай болады деп сұрайды. Әрине, жоқ, өйткені біздің мақсат – оқыту әдістемесі қорын байыту. Кәсіби шетел тілі оқытушысы интерактивті әдістен дәстүрлі әдіске ауыса білуі, тіптен бір сабақтың ішінде қажетіне қарай әр кезеңінде әртүрлі әдіс қолдану машығына ие болуы тиіс.

Дәстүрлі оқыту әдістері:

Ауызша сұрау – материалды меңгергеннен кейін пәннің бір немесе бірнеше бөлімдері бойынша сұраққа жауап және ситуацияларды талдау түрінде жүргізілетін бақылау.

Жазбаша сұрау –курстың жеке сұрақтары бойынша тәжірибелік сабақтар орындау, ситуацияларды талдау, қойылған сұрақтармен жұмыс істеу түріндегі бақылау.

Біріктірілген сұрау –бір немесе бірнеше тақырып бойынша жазбаша және ауызша білімін бағалау түрлерін бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау.

Дидакт-ғалымдардың айтуынша дәстүрлі дидактикада жеті кемшілік бар екен:

- студент басқаруға қатыспайды, тек оқытушыға тәуелді.
- студент білім қажеттігіне сенбейді, амалсыз айтқанды істейді.
- даму жан-жақты емес, сыңар жақ бағытта жүргізіледі.
- тапсырма жалпы беріледі, жеке ерекшеліктері ескерілмейді.
- іс ұжымдасып атқарылмайды, тек мәлімет алмасу жүреді.
- өзара шынайы сұхбат жоқ, тек мәлімет алмасу жүреді.
- басты мақсат – адам тәрбиелеу емес, жоспар орындау.

Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі жүйені бұзу үшін оқытуды жаңаша ұйымдастыру қажет. Ол мына міндеттерді қамтуы тиіс:

1. Студентерді оқу процесін басқаруға қатыстыру.
2. Ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету.
3. Деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту. [5]

Кесте-2.

Дәстүрлі оқыту мен интерактивті оқытудың ерекшеліктері

Оқу жүйелері / **Салыстырмалы критерийлері**	**Дәстүрлі білім беру (білімді жинақтауға негізделеді)**	**Интерактивті білім беру (білімді өздігімен игеруге негізделеді)**
Негізгі мазмұны	Оқыту, үйрету, білім беру	Оқу, үйрену, білім алу («үйрену арқылы білімді игеру ықтимал» деген қағида ұстанады)
Субъект	Оқытушы	Студент пен оқытушы
Объект	Студент	Бүкіл әлем. Бүкіл өмір (еңбек жасау, өмір сүру, қарым-қатынас, жаңа нәрсеге үйрену)
Ақпарат мөлшері немесе игеретін мәлімет	Қысқа уақыт ішінде үлкен ақпарат мөлшерін оқып, танысуға болады.	Аз ғана ақпарат мөлшерін оқыту үлкен уақыт мөлшерін алады.
Оқыту тереңдігі	Білім мен түсінікке негізделген.	Студенттердің танымының барлық (білім, түсінік, қолдану, анализ, синтез, бағалау) деңгейін меңгере алады.
Игеру немесе меңгеру пайызы	Әдетінше онша жоғары болмайды.	Жоғары болады.
Оқыту үрдісінде бақылау	Оқытушы оқыту материалының мөлшері мен тереңдігін, оған кететін уақытты бақылай алады.	Оқыту материалының мөлшері мен тереңдігін оқытушы бақылай алмайды. Нәтижелері әр түрлі болады.
Оқытушының рөлі	Оқытушының жеке қасиеттері көлеңкеде қала береді де, ол тек қана «білім көзі» ретінде ғана қала береді.	Оқытушы студентердің жеке және кәсіптік қасиеттерін аша алады және көрсетеді.
Студенттің рөлі	Оқыту үрдісінде маңызды шешімдерді өз бетінше қабылдай алмайды.	Белсенді. Студенттер маңызды шешімдер қабылдай алады, әрі өмірлік тәжірбиелерін пайдалана алады.
Оқытудың мүдделік көзі	Сыртқы (баға, педагог, қоғам)	Ішкі. Студент өзі оқыту үрдісіне қызығады.
Бағалау	Қарапайым бес балдық жүйе.	Күрделі. Бағалауда жаңа критерийлердің енгізуін қалайды.

Заман талабына сай студенттерге сапалы, тиянақты білім беру оқытушылардың алдындағы үлкен міндет.Бұл әрбір оқытушыға тынымсыз ізденісті,оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді.Сабақ барысында студенттердің бұрынғы білетінін жаңа біліммен ұштастыра отырып,белгілі бір идеяны қабылдап,оның неге қатысты екенін зерттеп,салыстыра отырып,сол

идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте зерттеуге бағытталған оқыту технологиясының бірі-интерактивті оқыту әдістемесі.

Интерактивті оқытуда педагог студенттердің өзіндік таным процессін ұйымдастырушыға айналады, ол үйретпейді – үйренуге бағыт-бағдар сілтейді, өзі де әр сабақта үйренеді. Оқытушы – «білім көзі» емес, ол – студентті шығармашылық жұмысы мен еңбегінің бастамашысы, ұйтқысы, студенттің білім алудың белсенді әрекеттеріне ынталандырушы, студенттің үйрену процесіндегі серігі әрі үлгі тұтар тұлғасы.

Бұл әдістеменің маңыздылығы:

-студенттер арасындағы қарым-қатынас интерактивті оқудың ең басты мәселесіне айналып, студенттерден өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты қажет етеді, ал оқытушы осындай коммуникативтік процесті ұйымдастыра білуі қажет.

- интерактивті оқуда студенттер өз біліміне және өзгелердің біліміне деген жауапкершілікті тереңінен түсінеді.Сол себепті де олар таным процесінің нәтижелілігіне мүдделі болады.

-интерактивтіоқыту студенттердің жеке тәжірибесіне сүйенеді, ал оқытушы тәжірибені жаңа біліммен байланыстыру жолдарын бағыттап отырады.

- интерактивтіоқытуда іздену процесі қорытынды нәтижеден маңызды болғандықтан , оқытушы сол процесті ұйымдастыра білуі керек.

Қорыта айтқанда, интерактивті әдістерді оқытуда қолдану әсіресе шетел тіліне үйретуде шет тілінен оқу материалдарын дайындау тәсілдерін өзгертті. Жаңа технологиялар әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптердің тұтас комплексін жүзеге асыруға көмектеседі, таным процесін қызықты және шығармашыл етеді, әрбір студент үшін жеке дара жұмыс қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Оны практикада қолдану студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың жаңа түрін ашады, нәтижесінде жаңа білім алады, студенттердің танымдық белсенділігі дамиды, білімді өз беттерінше толықтырады, ақпараттар ағымында іздеу және бағдарлауға үйренеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.
[2] Валлон А. Психическое развитие ребёнка. М.: Просвещение, 1967.
[3] Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. Пер. с фр. и англ. – М. Педагогика –Пресс, 1999. – 278 с.
[4] Ляудис, В.Я. Инновационное обучение и наука. М., 1992. - 113 с.
[5] Әлімов А., Базарбекова Р. Интербелсенді әдістеме. Магистранттарға арналған оқу-әдістемелік құрал. –Алматы, 2012.-40 б.

REFERENCES

[1] Wilga. M River. Interactive Language Teaching. -Cambridge University Press. 1987. -228 c.

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Савазова Х.Х, Ақынова Ж.М, Э.Д. Турдалиева.
akinova_01@mail.ru

Тірек сөздер:Шеттілі, интерактивтіәдіс, ақпараттықтехнологиялар, әдіс, оқу, дәстүрліоқыту.

Аннотация.Жұмыстың мақсаты жоғары оқу орындарында шет тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігін анықтау.Жоғарғы оқу орындарында шет тілінің интерактивті әдіс арқылы оқыту жағдайында қысқа уақыт ішінде студенттерге сөйлесім әрекетінің түрлерін, студенттердің сөздік қорының бай болуы, мәтіндерді аудару және мазмұнын баяндай білу дағдыларын кешенді түрде меңгертуге болады.“Интерактивтік” деген сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей интеракция деген ұғымнан келіп шығады, ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады.Ол оқыту процесінде студенттерді бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Интерактивті оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады.

Поступила 19.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 82.0:001.83(100)

DAHL ES OF GRAD SIGNIFICANCE TO THE KAZAKH AND RUSSIAN PEOPLE

A.S.Tarakov[1], A.Zh.Zhaparova[2]
anuar_tarak@mail.ru
[1]Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
[2]The Constitutional council of the Republic of Kazakhstan

Key words: Kazakh song, V.Dahl, Russian words, vocabulary, proverbs and sayings, Kazakh steppe, artwork, novel "Bikey and Maulana"

Abstract. Vladimir Ivanovich Dahl is a great scholar, who made an immeasurable contribution to Russian linguistics. Even being a military doctor by profession, he collected words, sayings and proverbs of the Russian language, released them in a book form. It is also important that in this explanatory dictionary, the scholar carefully researched, explained every word gained from the people. Proverbs and sayings recorded, written by V.Dahl became the basis for many research papers.

V.Dahl visited the vast Kazakh land, became closely acquainted with the traditions, customs, art and culture of the people. He wrote a work of art "Bikey and Maulana" from the life of the Kazakh people. Together with the outstanding Russian poets Alexander Pushkin, VA Zhukovskiy, he visited the Kazakh land. The article presents the information about the life and work of V.Dahl, formed on the basis research works.

УДК 82.0:001.83(100)
ВАК 10.01.08

ОРЫС-ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ДАЛЬ

Тарақов Ә.С., Жапарова А.Ж.
anuar_tarak@mail.ru

Тірек сөздер: қазақ ән-күйі, В.Даль, орыс сөздері, сөздік, мақал-мәтелдер, қазақ даласы, көркем шығарма, «Бікей мен Мәулана» повесі.

Аннотация. Владимир Иванович Даль – орыс тіл біліміне өлшеусіз үлес қосқан үлкен ғалым. Ол мамандығы әскери дәрігер болса да, орыс сөздері мен мақал-мәтелдерін жинап, оны арнайы кітап етіп бастырды. Ғалымның түсіндірме сөздігін де орыс тіліндегі ел арасынан жинаған әрбір сөздің түп-тамырын терең талдап, түсіндіруі де бағалы. Дальдың ел ішінен жазып алған мақал-мәтелдері қаншама зерттеу еңбекке өзек болды. В.Даль қазақ даласын аралап, халықтың тұрмыс-салтымен, өнерімен, мәдениетімен терең танысты. Қазақ өмірінен «Бікей мен Мәулана» атты көркем шығарма жазды. В.Даль бірнеше ғылым саласын меңгерген, көп тіл меңгерген, қазақ тілінде жақсы сөйлеген. Ол орыстың атақты ақындары А.С.Пушкин, В.А.Жуковскиймен бірге қазақ даласын аралаған. Бірнеше көркем шығармалары бар. Мақалада В.И.Дальдың өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеу еңбектер негізінде мәліметтер беріледі.

Орыс мәдениетінде ерекше орын алатын құнды еңбек "Түсіндірме сөздік" жасаған Владимир Иванович Даль есімі қазақтарға аса танымал. Өйткені оның өмірінің біраз бөлігі қазақ даласында, Орынбор жерінде өткен. Қазақ даласын аралап, тұрмыс салтын, дәстүрін, тілін жақсы білгендіктен, өзінің «Бікей мен Мәулена» атты көркем шығармасын жазып қалдырды. Біз осынау дарынды тұлғаның қазақ халқы үшін қаншалықты еңбек еткенін ұзақ жылдар зерттеген В.Порудоманскийдің «Өмір мен сөз» атты хикаятына және басқа деректерге негіздеп, қазақ жеріндегі өмірінің маңызды тұстарын баяндамақпыз.

Владимир Иванович Даль Украинадағы Лугань қаласында туған. Әкесі Иван Матвеевич алғаш Лугань қаласына әскери кемелерге зеңбірек құятын шойын зауытында дәрігер болған. Кейін Петразоводскіге барған, содан Николаевта Қара теңіз флотының бас дәрігері ретінде әскери қызметін аяқтаған. Алдымен кадет корпусында оқиды. Өзімен бірге бітірген 83 жеткіншектің арасында үлгерім

бойынша 12 орында болған. Одан соң Дерптегі медициналық факультетке оқуға түседі. Осында өткізген үш жылын ол кейін «Өмірінің алтын ғасырына» балаған. Дальдың әкесі болгар жерінде түріктерге қарсы соғысқа қатысқан. Ол казак әскерінің құрамында орыс армиясының Балқан асып, Сливка, Адрианаполь қалаларын алудағы ұрыстарға қатысқан.

1833 жылы мамырда Даль Орынбор әскери губернаторы жанындағы айырықша тапсырмалар шенеунігі қызметіне тағайындалады. Ресми құжатта «Дәрігер Дальды асессор жағдайына ауыстыру туралы» жазылған. Дальды докторлықтан асессорлыққа тағайындаудан үш апта бұрын, Орынбор әскери губернаторлығына Петербург ақсүйектеріне жақсы таныс, Жуковский мен Пушкиннің жақын досы Василий Алексеевич Перовский тағайындалады. 1833 жылы Орынбор әскери губернаторы Перовский қарамағында жүріп, Орынбор, Орал, Атырау, Бөкей ордасын түгел аралап шыққан, фольклор жинаған, әңгіме, повестерін жазған. Перовский әйгілі композитор Құрманғазы күйін тыңдаған.

В.Даль Петербург, Москва, Нижний Новгород, Орынбор, Орал, Атырау және Украина, Қырым, Молдавия, Башқұрт жерлерінде болған. Орыстың ұлы классиктері А.С.Пушкин, И.А.Крылов, Н.В.Гоголь, В.А.Жуковскиймен дос болды. Даль қай өлкеде, қай елде болмасын орыс сөздерін, мақал-мәтелдерін жинап жүрген. «Халықтың тілін құрметтеудің уақыты келді» деп Даль алдына мақсат қояды. «Біз халықтың, орыс тілінің жай әрі төл сөздерін үйренуге және барлық тіршілік иесі өзіне жақсы тағам табуды оны өзінің тәні мен қанына сіңіргендей меңгеріп алуға тиіспіз» деген жарқын оймен асыл мұратына кіріскен. Ол әрбір сөздің тамырын табуға тырысып, сөздің түп-төркінін, қайдан шыққанын, қазақшалағанда жеті атасын жіктеп, анықтап, талдап көрсетті. Әр сөздің астарынан халық өмірінің тынысын аңғарып, оның айқын да мәнерлі ерекшелігін жеткізе білді.

Қара теңіз флотының мичманы теңізде жүзіп, тулаған толқындардан ой аулаған жоқ, теңіз офицері киімін губернаторлық дәрігер мундиріне ауыстырды. Ол орыс сөзінің қадір-қасиетіне жеткендігі шығар, қалың томдардан көзіне түсіп, көңіліне ой салған әр сөзді алқызыл және сары карточкаға тізіп отырғанда, осындай үлкен түсіндірме сөздік жасарын сезбеген де болар. Бір сөздің мағынасын тереңдеп ашып, талдап түсіндіріп біткенше кезекте тағы бір сөз тұрды. Құдды жағалауы көрінбейтін алып мұхитқа еніп кеткендей. Сөздің сыры мен сипатын, мәні мен мағынасын ашқаны аздай, оған сол сөздің салтанатын асырып, ажарлап, айшықтаған мақал-мәтелдермен мәнерледі. Әр сөз Дальді тұңғиығына тарта берді. Бірде оған жан досы Пушкин: «Міне біздер жазып жүрміз, жазушы деп аталғанымызбен, орыс сөзінің жартысын білмейміз ғой», деп қатты қынжылды. «Жолыңда қандай білім кездессе де, кез-келген білімді өзіңе іліктіре жүр, өмірде қажетіңе жарар дегенді алдын ала айтпау керек» деген анасының ақырғы ақылы көкейінде мәңгі сақталды. Ол барған жерінде көрген, білгенін көңілге түйді, әр нәрсені білуге асықты. Қандай да бір істі, кәсіпті үйренуге бала шағынан дағдыланды. Оның осы қасиеті «Түсіндірме сөздік» жасауға ғана емес, орыс мақал-мәтелдерін жинап, ел игілігіне айналдыруына игі ықпалын тигізді, сөздіктің «Түсіндірме» деп аталу себебі, ол бір сөзден кейін бір сөзді аударып қана қоймай, сөздің нақты мағынасы мен оларға бағынатын ұғымдарын талдап, түсіндірді» дейді В.И. Порудоминский. Орыс тіл біліміне айтулы үлес болып қосылған керемет еңбекке ол құштарлықпен кірісті. Орыс тілінің бар байлығын, сұлулығын ғылыми жүйеде көрсетуге ден қойды. 1845 жылы қыркүйекте оған Ресей географиялық қоғамының мәжілісінде ұйымдастырушы деген құрметті атақ берілген. Дальдың көзі тірісінде Орыс географиялық қоғамы Оралға және Сібірге, Тянь-Шаньға, Орта Азияға бірнеше ірі экспедициялар ұйымдастырғанымен, шақырылса да, ешқайсысына бармаған.

Петербургке барған кезінде ол осында тынысы тарылғандай сезінген, «Мен бұдан алыстау тұрғанды қалар едім, Волгада, Украинада, тіпті болмаса Мәскеуде ...» - депті. Украинада туған казак азаматы Мәскеуде біраз жыл тұрғанымен, 1849 жылдың жазында Еділге қарай тартып тұрған. Бәлкім даланың кеңдігін, елдің сол кеңдікпен теңдесер елдігін, берекесін көрген Дальды қалайда қазақ даласы сағынтса керек. Сары далаға сары баланың сүйіспеншілігі оның келе-келе тілін білумен ғана емес, дәстүр-салтын, өнерін біліп, түсініп, сол далаға деген бір қимастық, құштарлық алауын жаққандай еді.

The meaning of the English language as a means of international communication cannot be overestimated. It is difficult to imagine how there would be a world without the language. It means, that people have not opportunities to understand each other, no problem on the phone to discuss any questions, enter into partnerships and other business relationships with complex contracts or talk to each other over dinner. English language plays the important role in modern life.

The value of the English language in the modern world is so great that his knowledge is not a privilege and luxury.

Көптілді білім көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі

Шохаева Қ.Н.
Қазақ Ұлттық Техникалық университеті
shohaeva1976@mail.ru

Тірек сөздер: үш тұғырлылық, социолингвистика, лингвистикалық белсенділік,көптілді коммуникативті құзырлылықтар

Аңдатпа: Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейтесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр.

Халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тілінің мағынасын бағалау мүмкін емес. Бұл іскер адамдардың бір-бірін түсіну үшін, кез келген мәселелер талқылауға әріптестік және күрделі келісім-шарттарды, басқа да бизнес-қатынастарға түсуге және жай кешкі ас үстінде сөйлесу үшін қажет. Ағылшын тілі заманауи өмірінде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі заманғы әлемде ағылшын тілінің мәні соншалықты үлкен болып табылады, тіпті ағылшын тілін білу мәртебе және люкс емес.

Адамның ойын жарыққа шығаратын құрал-тіл.Ал тіл адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал. Рухани байлығымыз-тіл арқылы жасалады, жеткізіледі. Кез-келген халықтың тілі сол халықтың ұлттық ерекшеліктерін танытытын қойма тәріздес. Сол қойманы ашып, қазынасын танып білу-бізге мұратты іс.Тілдердің қызмет етуіне мақсатты және ғылыми негізде басшылық ету және тілдік қатынас құралдарының жаңа түрлерін жасау және жетілдіру; ұлт мәселесі бойынша тілге қатысты мемлекеттік саясаттың аспектілері.Тілдік саясат имплицитті (каулылармен қабылданған құжаттар,іс-шарасыз және практикалық тұрғыдан жүзеге асырылатын)немесе эксплецитті (заң актілері, мемілекеттік бағдарламалармен жетілдірілген) болады . Мысалы, тіл саясаты Канададағы «әртекті мәдени және тілдік нақыштар» онда бір орталықта бағындырылған (Оттаваның федералдық үкіметі тарапынан)саясат жүргізіледі.Батыс елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда тіл саясатының зерттелуі мен қалыптасуында мемлекеттің рөлі өте зор, керісінше бейресми ұйымдар, мемлекеттік емес ұйымдардың тіл саясатын жүргізуі тым бәсең.Тілді тұтынушылар әрқилы, әртүрлі топтық қарым-қатынастың субьектілерінің арасындағы жағдайлар да әрқилы. Осыған орай, тіл мәселесіне байланысты тағы да пікір айтушы ғалым А.Д.Швейцер: «Тіл саясаты дегеніміз- мемлекеттік тілдің дамуы мен қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік фактор.Ол тілде даму эволюциясының жүйелік және тармақтық түріне әсер ететін және оның саяси жүйеде жоғары деңгейге жетуіне тікелей ықпал ететін басты элементтердің бірі»,- дейді. «Социолингвистика» деп аталатын монографиясында неміс ғалымы, тілтанушы М.Юсселер тіл саясаты мәселесіне қатысты өзгеше пікір айтады. Бұл ғалымның пікірінше: «Мемлекеттік және басқа да қоғамдық мекемелер тілдің әлеуметтік меселесіне коммерция құралы ретінде қарауы тиіс. Мұнда ұлттық тілдің қалыптасуының әлеуметтік бағасын көтеру және ұлттық қалыптасуына әсер ететін іс-шаралар жүргізу керек», -дейді. В.А.Аврориннің пікірі бойынша, шын мәнінде тіл саясаты дегеніміз – «Мемлекет арқылы саналы түрде жүргізілетін реттеушілік іс-қимылдар – тілдің функционалдық жағын жетілдіру үшін жүргізілетін белгілі бір жағдайларда тіл құрылымына әсер ету». Ғалым тіл саясатына берген анықтамасында: «Тіл саясатын ғылыми негізделген, болашаққа бағытталған қоғамды басқару саясаты», -дейді. «Басқару органдары тап, партия, саяси билік арқылы функционалдық және құрылымдық аспектіде саяси жүйені басқару», -деп атап корсетеді. Н.Ә.Назарбаев тіл саясатында мемлекеттік тіл туралы былай деп атап көрсетті: «Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге және оны оқып-үйренуге, білуге тиіс. Бұл орайда, бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды». Тіл саясаты – бұл қоғамның тілдік үдеріске ұйымдасқан түрде араласуы және ол – заңды, объективті құбылыс. Тіл саясаты деген, шын мәнінде, мемлекеттік тіл саласында орнатқан саяси өмірі. Тіл саясаты – тілді қолданушылар мен мемлекеттік биліктің өзара байланысының жемісі. Тіл заңын жүзеге асыру үрдісінде адамда үш мүдде – кәсіби, саяси, тілдік мүдде тоқайласады. Біздің елде кез келген кәсіп иесі ана тілінің қамын ойлайды. Ана тілінің қамын жеген адам саясаттан тыс бола алмайды. Қазақстанның тіл саясатын алайық. Ол игіліктілігімен сипатталады және оның Конституциялық тұжырымдамалық негізі төрт бағытта дамуда: Мемлекеттік тілдің қолданылуы, орыс тілінің қолданылуы, Ұлт тілдерін қолдану, ағылшын тілін үйрену. Мемлекеттік тіл мәселесі төңірегінде пікір алысу – өзекті мәселе. Алдымен айтпақ керек, мемлекеттік мәртебедегі қазақ тілі – бай, әлемдегі қазақ көрген құбылысты «Ұрпағы білімді халықтың болашағы-бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы.

Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөль атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы.

Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет-ақ.

Көптілділік — заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Көптілді оқыту- жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпяларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден

хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осы бағытта балабақшалар, мектептер, ЖОО-дары өз үлесін қосуда. Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу. Көптілді мемлекеттер арасында әлеуметтік-мәдени қатынастар жасай алатын, түрлі елдердің мәдениеті, әдебиеті, тарихымен танысып, қажетін пайдалана отырып, бөтен мәдениеттің ішіне сіңіп кетпей,өзінің елі мен мәдениетін басқаларға таныта алатын, санатты да саналы тұлғаны қалыптастыру өмір талабы. Бүгінгі Қазақстанға технологиялық,ғылыми, медициналық және басқа да салаларда жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар даярлау қажеттілігі туындап отыр. Замана ағымына лайықты қазіргі алдымызда тұрған міндет-халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу. Сол өркениетті елдер санатына қосылуына ықпал жасайтын еліміздің ертеңгі болашағы жастарға білім мен тәрбие беретін- мектеп. Болашақ Қазақстанның азаматтары ескінің көзіндей жаңаның ізіндей болып дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін таныта, сыйлата алатын рухани дүниесі бай, білімді, білікті болуы шарт. Қазіргі заманда оқыған зиялы азаматтардың бірнеше тілде сөйлеуі- Қазақстанның болашағынан елес беріп тұрғандай. Бүгінде оқушыларымыз, студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сайыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті. Сол жас өскіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап- тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру- бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс- тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет. Көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді білгеніміз әлемдік мәдениетке, өркениетке, білім кеңестігіне еркін кірігіп, болашақта алдыңғы қатардағы бәсекелестікке қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісінде өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады. Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым биік болуы керек. Әсіресе, мамандар шет тілін оқытатын еліміздегі оқу орындарының білім беру жүйесінде қазақ тіліне ерекше басымдық беруін қадағалауы керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұлттық құндылығымызбен терең сусындайды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін ойлағандар аталған жобаны қолдай отырып, «қазақ тіліндегі ақпараттық кеңістікті кеңейтуге күш салу қажет».Жалпы айқанда, өз тіліміздің қадір –қасиетін түсініп, мәртебесін көтерейік.Қазақстан кеңістігіндегі үштілділік бұл заман талабы болып отыр. Егер осы үштілділік тиімді жұмыс атқарсын, үштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда үштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілден аспай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет ету құралы ретінде пайдаланылуы керек.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің - мемлекеттік тіл ретінде-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде-орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде-ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз-оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да дұрыс шешілуі тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту-бізде шешімін таппай жатқан мәселе. Ол ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтудағы рөлін арттыру ең басты мәселелердің бірі. Орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми – ақпарат алудағы желісін кеңейту негізгі тақырыбына айналды.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару - біздің қазіргі кездегі міндетіміз.

Бизнес,экономика және информатика салаларында іскерлік тілдің рөлі өте маңызды болып саналады. Өнеркәсіптің жоғарғы деңгейде дамуы және материалдық игіліктердің таралуы,дүние жүзілік сауданың пайда болуы мамандардың тілдік және ұлттық кедергілерді жеңіп,шет мемлекеттерде еркін қарым қатынас жасап жүруін қажет етті. Тілдердің әлеуметтік қызметінің шеңберін кеңейту бизнес бағыт филологизация талабына сәйкес , тіл үйренушілер дүние жүзінің обьективтік толық картинасын, яғни тілді жан-жақты әр түрлі сала бойынша үйренумен қатар, сол тілде сөйлейтін халықтың болмысын, әдет ғұрпын, салт дәстүрін,тіршілік ету тәсілін де білу қажеттілігін туғызады.

Қазақстан Республикасындағы халықтар мәдениетінің өзара әсері ең алдымен олардың тілдерінің бір-бірімен қарым қатынасына негізделген.

Біздің мемлекетіміздің саясаты еліміздегі барлық тілдердің гүлденіп өркендеуіне, өмірдің барлық саласында қолданылуына лайықталған бағыт ұстап отыр.1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң» қабылданып, 1998 жылы 5 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен оны жүзеге асырудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Осы заң бойынша жоғарғы оқу орындары мен мектептерде, колледждер мен лицейлерде гимназияларда қазақ және орыс тілдерінде іс жүргізу пәні арнайы оқытыла бастады.Қазақстан Республикасының конституциясы(1995 ж.\ «Тіл туралы заң» \1997ж.), Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы \1998)республикадағы тіл мәселелерін реформалауды жүзеге асыруға негіз болады, әрі мүмкіндік береді.Біздің ойымызша, солардың ішідегі ең өзектісі, ең алдымен қолға алатыны-қазақ тілінің конституциялық мәртебесін мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында іске асыру жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде негізгі 4 бағытта іс-шаралар жүргізеді. Соның бірі ресми іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің нақты негізін жасау. Қалай десек те, республикада мемлекеттік органдар іс-қағазын мемлекеттік тілде жүргізуге бет бұрды.Орыс тіліндегі нұсқаларды негізге ала отырып, ана тіліміздің заңдылықтарын сақтап,ұлттық іс-қағаздарды жүргізуді қалыптастыру.

Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс» дегенді тілге тиек етті.

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген.

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабы.

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі- мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Бұл халықаралық тұрғыда бағытталған тұлғаны тәрбиелеуде тікелей құрал болып есептеледі, яғни өзін өркениетті және тарихи субъект ретінде тани алатын, даму кезінде өз елінің және адамзат тарихын қабылдай алатын, өзі үшін, халқы үшін, мемелекеті үшін, адамзат болашағы үшін жауапкершілік жүгін сезінетін, өзара тәуелділік пен әлем бүтіндігіне, адамзат өркениетінің ғаламдық мәселелерін шешуде мәдениаралық қатынастың қажеттілігін жете түсінетін, адамның азаматтық құқықтарын (мәдениет және тілдік құқықтарын қоса) мойындайтын және саяси бостандыққа ұмтылатын, қоғамдағы гуманизм идеалын жасау үшін басқа адамдармен, қозғалыстармен, қоғамдық институттармен қызмет атқаруға дайындығы мен қабілеттілігін көрсете білетін және де қоғам, адам және табиғат арасындағы

ынтымақтастықты қалыптастыратын ұқыпты да тиянақты, білікті маман мен адамды дайындау осы заман оқытушылары мен ұстаздардың алдында қойылатын үлкен заман талабы деп білуіміз керек.

Көптілді білім - көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой - өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез - келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан,қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою- бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Әлемдік білім беру іс- тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес. Қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу- жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс.

Өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол — Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

«Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры-ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Профессионалдық әдіс шетел тіліне професссионалдық бағытта үйретудің интегративтік байланыстарын айқындауға негізделеді. Бұл арнайы оқу процесінде көрініс табуы керек. Оқу бағдарламалырындағы талаптарды орындау барысында болашақ мамандарға шетел тіліндегі біліктілік деңгейін көрсететін сертификат беру керек деп тұжырымдайды Е.Б. Яковлева мен Р.Волошин. Бұл мәселелердің қиындығы осы соңғы уақытқа дейін шетел тілін үйрену деңгейін анықтайтын критерилердің бекітілмеуінен келіп туындайды.

Қиындық туғызатын тағы бір мәселе-шетел тілін әр түрлі профессиональдық сферада қолданып, шетелдік адаммен сөйлесу үшін шетел тілін әр түрлі деңгейде,әр түрлі салада білу керектігі болып табылады. Кейінгі кездері біздің еліміздің Франциямен, Бельгиямен, Швейцариямен экономикалық салада қарым қатынасының күшеюіне байланысты ағылшын және қазақ іскерлік тілінің іскелік бағыттағы сөз қорының кеңеюіне алып келеді.

Кез келген қоғамдық жүйенің дамуы, өсуі бұл белгілі бір деңгейде қажеттіліктің туындауына алып келіп отыр. Сондай қажеттіліктердің бірі, ол Қазақстан қоғамында,саясатында,экономикасында түбегейлі өзгерістерден кейін туындаған қазақ тілінің іскерлік бағытта қолданылуы.

Мысалы, қонақ үйге тапсырыс беру, валюта айырбастау сияқты қызмет көрсету сфераындағы жұмысшылардың қолданатын сөздері, диалогтық репликалары айтарлықтай күрделі, қиын емес.Телефонмен іскерлік әңгімелесу,келісім шарт жасау,келіссөздер жүргізу кезінде шет тілі мүлде

басқаша қолданады. Бұл жерде іс әрекет нәтижесі информация, интенция, білім ауыстыру болып табылады. Сондықтан да шет ел тілін меңгерген мамандарды дайындауды белгілі бір мамандыққа есепке ала отырып функционалды деңгейде орындау керек.Оқыту процесін шынайы сөйлеу әрекеттеріне жақындату керек,яғни оқыту процесінде өмірдегі жағдайдағыдай атмосфера орнату керек.

Кез келген тірі организмнің қызмет етуі, дамуы, өсу перспективалары, кез-келген қоғамдық жүйенің дамуы,өзгеріп жатқан практикаға жауап беру қабілеттілігіне байланысты болып табылады.

Қазақстандағы қоғам өмірінің барлық аспектісінде сауда қарым-қатынасының енуі, дамуы, қызмет және тауар саудасында бақталастардың пайда болуы, тауарларды жарнамалау қажеттігі және сатып алушыға жарнамалық мәтіндер арқылы әсер ету және тағы басқа адам әрекетінің компоненттерінің бірі-сөйлеу қарым қатынасының маңыздылығын мойындатты.Сөйлеу - іскерлік қарым қатынас этикетінің негізгі компоненті болып табылады. Іскерлік қарым-қатынастың этикеті қазіргі заманның көкейтесті мәселесіне айналды. Спецификалық сөйлеу, тілдік және сөйлеу әдіс-тәсілдерін жарнама мәтіндерде дұрыс, жақсы, әрі ұтымды, тиімді қолдану.

Бүгінгі таңда іскерлік ағылшын тілі ең маңызды пәндердің бірі болып табылады. «Іскерлік тіл»ұғымы арнайы анықтамасы жоқтығына қарамастан іскерлік салада белгілі мақсатқа жету үшін қолданылады. Іскерлік тіл «мета,подьязык» шағын тіл прагматикалық мақсаттарға қолданылады.Іскерлік қарым қатынас, іскерлік тіл деген ұғым арнайы анықтамасы және ғылыми негізінің жоқтығына қарамастан,іскерлік ағылшын тілі әр түрлі деңгейде ,әр түрлі мақсатта оқитын топтарда пән ретінде оқытылады.Іскерлік ағылшын тілі ,іскерлік қазақ тіліне қарағанда толық зерттелген. Ағылшын тіл білімінде ағылшын іскерлік тілін ,функционалды стилистикалық ерекшеліктерін зерттеумен айналысқан және ағылшын тіліне салыстыру жүргізу барысында аудармамен айналысқан төмендегідей ғалымдардың еңбектерін айрықша атап көрсетуге болады. Aimkulov K. «Doing business in the state language. Independent Kazakhstan», Bogackii I.S . «Business English course. Dictionary reference». Осы оқулықтарда іскерлік тілдің көрінуі ерекше ғылыми қызығушылықты тудырады.

Іскерлік қарым қатынас тілі-ерекше регистр немесе функционалды стиль ретінде ұлттық варианттармен бірге беріледі,бұлардың арасында іскерлік ағылшын тілі маңызды орын алады. Соңғы жылдары Қазақстанның Америка, Ұлыбритания, Франция,Бельгия, Швейцария,Жапония сияқты алпауыт мемлекеттермен іскерлік серіктестігі үздіксіз кеңейіп келеді. Экономикалық, қаржылық, коммерциялық лексиканы жақсы білу іскерлік келіссөздер, әңгімелесулер, телефонмен сөйлесу кезінде өзіңді еркін сезінуге мүмкіндік береді яғни, экономикалық ,қаржылық , коммерциялық лексиканы жақсы білсең, ресми кездесулер, келісім шарт жасау, шетелдік клиентпен әңгімелесу кезінде жақсы түсінісу, өз ойыңды ешқандай қиындықсық жеткізе аласыз.

Практика жүзінде іскерлік ағылшын тілін үйрену үшін, басқаша айтқанда экономикалық мақалаларды, іскерлік хаттарды оқу және аудару, келісім шартта әңгіме не жайында болып жатқанын аудармашының көмегінсіз түсіну үшін, сонымен қатар әр түрлі іскерлік немесе күнделікті тақырыпта сөйлеу үшін әр түрлі салада белгілі көлемде арнайы терминдер мен сөз тіркестерін білу қажет.

Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси өміріндегі соңғы 20 жылдықта болған радикалды өзгерістер тіл білімінде де сондай түбегейлі өзгерістерге алып келді.

Қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусының берілуі аударма сұраныстарын, аудармашы мамандардың қажеттілігін тудырады. Осы қажеттілікке байланысты еліміздің көптеген жоғарғы оқу орындарынан шетел тілінен орыс,қазақ тіліне аударатын аудармашы мамандар дайындайтын факультеттер ашылған болатын.

«Бұрын қазақ тілінің негізгі және жоғарғы қызмет ету сферасы көркем әдебиет болып табылды,басқалары қосымша болып есептелініп келді. Сондықтан көптеген филологтар М.Әуезов, М. Қаратаев,С.А.Аманжолов көркем әдеби мәтіндермен тәрбиеленді, солардан үлгі алды дейді» өз еңбегінде Ерғазиева Н.А. Ал, бүгінгі таңда іскерлік қарым қатынас сферасы жазбаша және ауызша формада бірінші орында тұр,ал көркем әдебиет сферасы тілдің қолданылатын аясы кең көп сфераларының бірі болып табылады деп тұжырымдайды Ахметжанова З.К.,қазақ тіл біліміне шолу жасай отырып.

Сонымен қатар ол кісі тілдік әрекетті зерттеу және адам әрекетінің ажыратылмас компоненті болып табылатын сөйлеу қатынасын зерттеу қажеттілігін түсіну мәселесі күшті шиеленіскен мәселе екендігін ,біздің лингвистердің тіл жүйесін зерттеуге бейім екендігін және олардың сөйлеу қатынасына , комуникацияға, іскерлік тілді зерттеуге көңіл бөлмей келе жатқандығын атап өтеді.

Қазақ тілін іс жүргізуде қолдану практика жүзінде қиын процесс екендігін көрсетті (басқаша айтқанда, қазақ тілін іс жүргізуде қолдану практикасы көптеген қиындықтар туғызып отыр.Осы күнге дейін жақсы мамандандырылған аударма кадрлары, анықтама әдебиеттері, сөздіктер,оргтехникалар жеткіліксіз. Сондықтан да ғалымдар, аудармашылар, баспахана жұмысшылары тілдің тазалығы үшін күресуі керек және өздерінің күнделікті жұмысында қазақ тілін ғылыми терминдермен байытып отыруға тырысулары қажет. Бұл үшін ғылымның, өмірдің барлық саласы бойынша орыс қазақ терминологиялық сөздігін шығару керек және қазақ тілі негізінде жасалған терминдерді жинап ретке келтіру қажет.

REFERENCES

[1] Aimkulov K., Doing business in the state language. Independent Kazakhstan. Almaty 2 June
[2] Dutbaev G., Official language is an urgent need for each.
[3] *Law and era* **1999y**
[4] T.Khordabayev., Transformation and the development of knowledge of the Kazakh language.
[5] Muhamadieva., Training business papers.
[6] Salagaev V., Doing business papers.
[7] Muhamadieva N.K., Business kazakh language textbook.
[8] Dvoreckaya O.V., Elective course for 10-11 from school profise.
[9] Dvoreckaya O.V., Book for the teacher to the manual business english For school textbook. *Obninsk* – **2009**
[10] .Bogackii I.S ., Business English course. Dictionary reference.
[11] Debolski M., Psychology of business communication.
[12] Carnegi D., How to win friends and influence people.
[13] Suharev B.A., Being a business man.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Әлімқұлов Қ Мемлекеттік тілде іс жүргізу Егеменді Қазақстан.Алматы 1999ж, 2 маусым
[2] Дутбаев Г., Государственный язык насущная потребность каждого,
[3] *Заң және Заман*. **1999ж.**, 4 бет.
[4] Т.Қордабаев, Қазақ тіл білімінің қалыптасу,даму жолдары»Алматы, *Рауан*,**1995ж.**
[5] Мухамадиева Н.К., Чабаева А., Іс қағаздарын оқыту, Алматы, 1999ж., Дәнекер, баспасы 19-21 беттер.
[6] Салагаев В, Шалабай Б., Іс қағаздарын жүргізу, Алматы ,*Рауан* ,**2000ж.**
[7] Мухамадиева Н.Қ Іскерлік қазақ тілі Оқу құралы Астана Фолиант 2010.
[8] Дворецкая О.В., Казырбаева О.Б., Новикова Н.В. Деловой английский для школы./Business English for Schools; Учебное пособие. Элективный курс для 10-11кл. профильной школы. - *Обнинск; Титул*,**2006**-124 с.
[9] Дворецкая О.В., Казырбаева О.Б., Новикова Н.В. Книга для учителя к учебному пособию, Деловой английский для школы. Business English for Schools; Учебное пособие. Элективный курс для 10-11кл. профильной школы. - *Обнинск; Титул*,**2006**-80 с.
[10] Богацкий И.С., Дюканова Н.М. Бизнес-курс английского языка. Словарь-справочник. -К: ООО, ИП Логос-М,2007.
[11] Дебольский М. Психология делового общения-М;1992.
[12] Карнеги Д. Как завоевать друзей и оказывать влияние на людей. - Киев,1990г.
[13] Сухарев В.А. Быть деловым человеком. - Симферополь,1996г.

Многоязычное образование это основа образования мультикультурного общества

Шохаева К.Н.
Казахский национальный технический университет
shohaeva1976 @ mail.ru

Ключевые слова: профессиональная ориентация, концепция многоязычие,компетенция

Аннотация. В этой статье рассматривается концепция многоязычие в современном обществе. Деловой английский предоставляет нам возможность расширить свой кругозор, реализовать интерес к предмету, проверить свою профессиональную ориентацию и утвердиться в сделанном выборе.

Значение английского языка как средства международного общения трудно переоценить. Сложно представить, как бы существовал бы мир современного бизнеса, не будь у деловых людей возможности понимать друг друга, без проблем обсуждать по телефону любые вопросы, вступать в партнерские и иные деловые отношения, составлять сложнейшие контракты и просто беседовать за ужином. Английский язык играет важную роль в современной жизни.

Значение английского языка в современном мире настолько велико, что его знание не является привилегией и роскошью.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015), 292 – 296

Letters of Golden Horde khans: epistolary genre and the research problems

O. Tuyakbayev, O. Sapashev
otuyak_76@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Oriental studies, Chair of TURKSOY. Almaty, Kazakhstan.

Key words: Epistolary genre, Yarlīq of Khans, Golden Horde, Turkish language, linguistics.

Abstract. The article reveals actual aspects of complex studying of XV-XVI c.c. epistolary texts and epistolary narratives in the contexts of documents. Our target task is determining the yarliq's macrostructure analyzing the epistolary genre. This aspect of macrostructure is directly relevant to the larger question: who is the author of Yarlīqs, Khan or writer as bitikshi, bakhshi or munshi'? Epistolary genre is mostly apparent in the letter of Toqtamis to King of Poland W. Jogaila (1393), yarliq of Temir Qutluq (1397), letter of Ulug Muhammad to sultan of the Ottoman Empire Murad II (1428) and letter of Mahmud sultan to Mehmet Fatih Sultan (1466). Most of the khanate documents use Turkic literature language rather than following the normal language of epistolary discourse, but other aspects of the khanate documents reflect that genre as well, when documents mention the author and both the recipients, and the opening greeting in revelation is a customary epistolary salutation. While the Yarlīq has been associated with a genre of literature that took the form of elaborate epistles, it can also connote didactic texts composed for regular scribes and styles on matters of political and bureaucratic procedure.

ӘОЖ 94(574).02/08:821.512.1

Алтын Орда хандарының хаттары: эпистолярлық жанры және зерттеу мәселелері

Ө. Тұяқбаев, О. Сапашев
otuyak_76@mail.ru

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Түріксой кафедрасы. Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: эпистолярлық жанр, хан жарлықтары, Алтын Орда, түрік тілі, лингвистика

Аннотация: Алтын Орда хандарының хаттарында хаттың басталу, аяқталу, баяндау дәстүрі, құрылымы толық қалыптасқан. Түрік тілі ресми құжат тілі ретінде орныққан. Хан хаттарының негізгі мазмұны нақты бұйрықтардан, өтініштерден, талаптар мен шешімдерден тұрады. Ортағасырлық түрік тіліндегі бұл жазба мұраларда эпистолярлық тілдің барлық ерекшеліктері көрініс табады.

Мақалада Алтын Орда кезеңіндегі хан хаттары мен жарлықтары эпистолярлық мұра ретінде қарастырылады. Бұл құжаттардың эпистолярлық стилін, мазмұнын, тақырыптық ауқымын, жазылу түрі мен тілдік өзгешеліктерін өзара салыстырмалы түрде қарастырудың ғылыми маңыздылығы талқыланады.

Хан хаттары мен жарлықтарына текстологиялық, палеографиялық, дипломатиялық талдаулар, т.с.с. арнайы зерттеулер XIX ғ. бірінші жартысында-ақ басталды. Арнайы зерттеулер И.Н. Березин, В.В. Григорьев, В.В. Радлов, Н.И. Веселовский, А.А. Бобровников, А.Н. Самойлович, М.Д. Приселков және т.б. бірнеше ғалымдар тарапынан жүргізілді. Әсіресе, XX ғ. екінші жартысында бұл саладағы нәтижелі деректанулық зерттеулер бірін-бірі толықтырып, хан жарлықтарында қозғалған мәселелер, ондағы тілдік, құжаттық үдерістер айтарлықтай деңгейде талқыланды. Ә. Марғұлан, М.А. Усманов, А.П. Григорьев, И. Вашари, Ф.В. Кливз, Т.И. Султанов, А.М. Ибатов, З.К. Картова еңбектерінде хан жарлықтарының қалыптасуы әр түрлі концептуалдық тұрғыдан қаралды. Алтын Орда кезеңіндегі құжат тілінің Орыс патшалығының іс-қағаз жүргізу ісіндегі әсерін көрсеткен Ф.М. Хисамова, А.Х. Маннапова еңбектері, моңғол тілі мен түрік тілінің өзара қатынасын зерттеген Д.Кара, А.Ш. Қадырбаев, Б.З. Базарова еңбектері де хан жарлықтарының зерттелу ауқымын кеңейтті.

Алтын Орда кезеңіндегі құжаттарға зерттеушілердің қызығушылығы артуының басты себебінің бірі – хан хаттары мен жарлықтары – ресми актілі іс құжаттар. Хан хаттарының лексика-фразеологиялық құрамында көбінесе саяси-дипломатиялық сипаттағы сөздер, әскери-әкімшілік

терминдер жиі ұшырасады. Ол ортағасырлық заң құжаттары жинағы ретінде де, мемлекеттің жүйесінен, әлеуметтік құрылымнан мол мәлімет беретін тарихи дерек ретінде де бағалы. Ғалымдардың қызығушылығы нәтижесінде түрлі елдердің архивтерінен әлі де тың деректер табылып, олардың саны артып келеді. Өткен ғасырдың 70-жылдары ғалымдарға Жошы Ұлысы хандарының XVI ғ. дейінгі 8 ғана хан жарлығы белгілі болса, бүгінде оның саны 60 дейін артты [1, б. 8]. Алайда, олардың басым бөлігі орыс, француз, латын, т.б. тілдердегі аударма нұсқасында. Түпнұсқасында сақталғаны саусақпен санарлық.

Аударма құжаттың тілі, құрылымы түпнұсқада сақталғандармен қаншалықты жақын деген мәселеде әуелі, түпнұсқа құжаттардың тілін, негізгі құрылымын қарастыру орынды. Бұл құжаттардың тілдік ерекшелігі әр кезеңде қаншалықты өзгерістерге ұшырады деген сұраққа да лингвистикалық, стилистикалық зерттеулер жауап берсе керек. Ал құрылымдық өзгешеліктерін дипломатиялық зерттеулер анықтайды.

XIV ғасырдағы хан жарлықтарының тілін зерттеген ғалым – А. Ибатов Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба мұралар жалпы түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тілін зерттеп тануда ерекше орын алатынын атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, ұлттық тіл дәрежесіне жеткен бұрынғы қарлұқ, оғыз, қыпшақ тілі топтарының құрамындағы түркі туыстас тілдерінің бәріне ортақ тіл XI ғ. бастап қалыптасып, XV-XVI ғғ. дейін, яғни халықтық тілдердің қалыптасуына дейін жалғасқан [2, б. 5]. Алайда, бұл пікірге бірқатар түркітанушы ғалымдардың пікірі келісіп жатса, енді бірінікі қайшы келеді. Мысалы, А. Самойлович XII-XIV ғғ. Сырдариының төменгі жағы мен Хорезм, Алтын Орда жерлерінде әдеби тіл әбден қалыптасып болмаған «аралық кезең» (промежуточное звено) деп санаса, [3, б.15], Э. Наджип XIV ғ. Алтын Ордада аралас әдеби тіл қалыптасқан деп санайды [4, б. 88]. А. Зайончковский: «XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» - деп, Алтын Орда кезеңінде бір әдеби тілдің қалыптасқанын кесіп айтады [5, б. 93]. Ғалымдардың пікірлері бұндай әрқилы болуының себебі – Алтын Орда кезеңіндегі жазба мұралардың аралас тілді болып келуі, олардың тілінде әр түрлі тілдік элементтердің қатар қолданылуы болды.

Түркі жұртының ортақ тілін нақтылауда хан хаттары ең сенімді дерек бола алады. Олай дейтініміз, хат – көнеден бүгінгі таңға дейін әлеуметтік жағынан алғанда мәдени және тарихи мәні зор жазба тіл мен ауызекі тілдің ежелгі формаларының бірі саналады. Хаттарда әдеби тіл қалыптасуының негізгі үрдістері мен жазба түрлерінің, оның ішінде эпистолярлық стильдің эволюциялық үрдістері көрініс береді. Хан жарлықтарына тарихи-лингвистикалық зерттеулер жүргізу бірқатар сұрақтардың бетін ашатыны мәлім. Сондықтан, хан хаттарын зерттеп тану, стилін, мәтін құрылымын стильдік тұрғыдан қарастыру, грамматикалық, стилистикалық, лексикалық т.б. ерекшеліктерін зерттеу - бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала бермек.

Құжаттардың құрылымдық-композициялық, тілдік-стилистикалық ерекшеліктерін саралауда эпистолярлық жанрын қарастырудың мәні зор. Оны маңыздылығы мынадай мәселелерде көрінеді:

- құжаттардағы кітаби, ресми тіл мен ауызекі тілдің араласу жағдайын бақылауда;
- құжаттардағы лексемалардың, тілдік бірліктердің қолдану аясын анықтауда;
- құжаттардың тақырыптық, стилистикалық диапазонын нақтылауда;
- құжаттардың дәстүрлі құрылымы мен әр кезеңдегі өзіндік өзгешеліктерін айқындауда;
- хат мәтініне әсер еткен экстралингвистикалық белгілерін анықтауда.

Көптеген ғалымдар еңбегінде хаттың эпистолярлық феноменін теоретикалық нақтылауда «Эпистолярлық стиль», «Эпистолярлық әдебиет», «Эпистолярлық жанр», «Эпистолярлық мәтін», т.с.с. терминдерді кездестіреміз. Алайда, бұл терминдердің дефинитивтік ұғымы әлі де болса ғылыми тұрғыда нақтылана қойған жоқ. Жалпы, Эпистолярия сөзінің түбірі – гректің «epistole», яғни «хат» деген сөзінен шығатыны мәлім. Демек, «Эпистолярлық» деген сөзден «хатқа тән»; «хат түрінде жазылған»; «хаттан тұратын» деген ұғымдарды түсінуге болады. Қазақ Совет энциклопедиясында: «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады» - деп жазылған [6, б. 453].

Эпистолярлық жазба тілін зерттеген ғалымдардың анықтауынша мынадай стильдік, лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар:

- адресант (хат жазушы) пен адресаттың (хат алушы) болуы;
- ойдың, іс-қимылдың бірінші жақтан (көпше немесе жекеше түрде) баяндалауы,
- ресми стильмен қатар қарастырылып келген эпистолярлық стильдің мазмұны, көлемі, жазылу түрі жағынан өзгешеленуі;
- белгілі бір қалыптасқан үлгіде, құрылымда баяндалып жазылуы;

- лексика-фразеологиялық құрамы (әкімшілік терминдер, тұрақты тіркестер, т.б.) өзгеше болып келуі;

- ойдың логикалық жүйелігін сақтау мақсатымен сөйлемнің күрделі құрылуы;

- эмоционалдық сөздер мен бейнелеудің аз, тіпті мүлде қолданылмауы [7].

Хан жарлықтарында адресант пен адресат нақты көрсетіледі, ой, іс-қимыл бірінші жақтан (көпше немесе жекеше түрде) баяндалады, ондағы нақты талаптар, бұйрықтар, өтініштер, шешімдер белгілі бір қалыптасқан үлгіде, құрылымда баяндалады, эмоционалдық сөздер мен әдеби бейнелеулер аз қолданылады. Бұл хан жарлықтарында эпистолярлық тілдің ерекшеліктері мол екенін көрсетеді. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген бірқатар ерекшеліктері мен хан хаттарының құрылымына жеке-жеке тоқтала кетейік.

Алтынордалық құжаттардың кіріспе бөлімі (invocatio) көп жағдайда Құдайға мадақ айту, бабаларды ұлықтаудан басталады және ол әр кезеңде әр қандай болған. Мысалы, Алтын Орданың ханы Өзбек ханның (1313-1342), Келдібек ханның (1361) пайзысында және «Нар мойыны Бердібекте кесілген» дүрбелең жылдары (1359-1379) билік құрған Абдулла ханның (1360/61-1370) пайзысында «Möngke Tangri-yin küčün-dür» (Мәңгі Тәңірінің күші-дүр) деген Шыңғыс хан тұсынан белігілі дәстүрлі сөз тіркесін көрсек [8], кейінгі Алтын Орданың құлдырау кезінде билікке келген Ұлық Мұхаммед (1424-1437) пен Махмуд ханның (1459-1465) хатында Жаратушыны мадақтаудың мұсылмандық және түркілік дәстүр арасындағы үлгіні көреміз («حق تعالى عنايتيلا بيغامبر معجزاتيلا» «Хақ Тағаланың жәрдемімен, пайғамбар кереметімен» [9, б. 8]; «هو بالقوة الأحدية و بالمعجزات المحمدية» «Ол бір (Алланың) күшімен және Мұхаммедтің кереметімен (бастаймын)») [10, б. 38]. Тоқтамыс (1379-1395), Темір Құтлық ханның (1395-1399) хаты мен жарлығында инвокация мүлде жоқ. Соған қарағанда, инвокация құжаттың табиғатына, ханның шешіміне қарай жазылатын бөлім болғанға ұқсайды.

Алтын Орда кеңсесінің хаттарында *intitulatio, inscriptio* (адресант пен адресат) екі үлгіде: моңғол-түрік және османдық немесе мұсылмандық үлгісінде көрсетіледі. XIV ғ. хаттарында: «Toqtamïs söz-üm, Yaγayl-a-γa» (*Тоқтамыс сөзім, Ягайлоға*) [11]; «Temir Qutluγ söz-üm oŋ qol sol qolniŋ oγlanlariγa ...» («Темір Құтлық сөзім, оң қол, сол қолдың оғландарына...») [12], «محمد دين غازي مرادقا» («*Мұхаммедтен Ғази Мұратқа*») [13, б. 8] деп, адресант пен адресатты қысқа қайыру орын алады. Алтын Орданың кейінгі кезеңдерінде билік құрған хан хаттарында: «سرور سلاطين بعناية رب العالمين سلطان أعظم محمد غازي غا» («*Әлем Раббысының көмегімен сұлтандар көсемі, Ұлық Сұлтан Мұхаммед Ғазыға*») [14, б. 38]; «خدواندكار أعظم قرداشيم سلطان محمد كمكار» «*Құдайына қараған ұлық қамқор қарындасым Сұлтан Мұхаммедке*») [15, б. 48] сияқты адресант пен адресатты көрсетудің жаңа үлгілерін көреміз.

Моңғол-түрік үлгідегі хаттарда адресант пен адресаттың аты ғана аталады. Адресаттың хан атағы, лауазымы, беделі, орны көрсетілмейді, оған мақтау, дәрежесіне лайықты көтерме сөздер, теңеулер қолданылмайды. Бұндай хаттардың тілі ресми тіл стилімен ерекшеленсе, кейінгі осман-мұсылмандық үлгіге жақын хаттарда керісінше құбылыс байқалады. Адресатқа «*сұлтандар көсемі*», «*араб-ажам сұлтандарының сұлтаны*», «*үмбеттің билеуші патшасы*» т.с.с. кітаби тіл үлгісіндегі мақтаулар, көркем сипаттаулар, теңеулер қолданылады. Эпистолярлық мәтіндегі бұл сөздер хатты ресми стильден ерекшелеп, көркем әдеби стиліне жақындатады.

Моңғол-түрік дәстүрінде жазылған хаттарда адресант пен адресат көрсетуде белгілі бір үлгі барын көреміз; алдымен құжаттың кімнен екені, кейін кімге берілгені көрсетіледі (*Тоқтамыс сөзім, Ягайлоға, Мұхаммедтен Ғази Мұратқа*). Ал, османдық немесе мұсылмандық үлгідегі хаттарда тек адресат қана көрсетілген. Бұдан моңғол-түрік үлгісіндегі хаттарда Алтын Орда хандары өз беделін, орнын жоғары қоятынын аңғаруға болады. Ал, Алтын Орданың құлдырау шағында билік құрған Махмуд хан мен Ахмад ханның хаттарында ол үрдіс байқалмайды.

Бұдан байқайтынымыз, мемлекеттің саяси-дипломатиялық және экономикалық жағдайы, әскери қауқары хан кесесінің тіліне әсер еткен. Хат мәтіндерінің құрылысы, жазылу мәнері саяси-қоғамдық өзгеріспен тығыз байланысты болғандай әсер қалдырады.

Сәлемдесу, амандық-саулық сұрау бөлімінде де (*salutatio*) алтынордалық хаттарда жоғарыдағыдай екі үлгіні көруге болады: «محمد دين غازي مرادقا سلام» (*Мұхаммедтен Ғази Мұратқа салем!*) [16, б. 8] және «بعد از عرض محبة الأخوة و تبليغ تتميم التحية» («*Махаббат пен бауырмалдық көңілімізді білдіріп, ыстық сәлемімізді жеткізген соң...*») [17, б. 48].

Алтынордалық хаттарда сәлемдесудің өзіндік реті бар. Нақты бұйрыққа, талапқа құрылған хат мәтінінде амандық-саулық сұрау (*salutatio*) болмайды. Мысалы, Тоқтамыс хатында Ягайлодан «biz-ge baqar el-ler-niŋ čïqïs-larïŋ čïkarub, barγan elči-ler-ge bergil qasina-γa tegürs-ün-ler» («*Бізге бағынатын елдердің салық-шығыстарын шығарып, барған елшілерге беріңдер, қазынаға жеткізсін!*») [18] деп,

салықты мезгілінде жинап беруді талап етеді. Демек, бұндай құжаттарда ханның сұсын көрсету мақсатында адресатқа қарсы ешқандай жылы лебіз білдірілмейді. Ал, Ұлық Мұхаммед (1420-1445), Махмуд (1459-1465), Ахмад хан (1465-1481) хаттарында бұйрық жоқ, өтініш, ұсыныс басым. Олардың хаттарында Осман империясымен «бұрынғы жақсылардың жосыныша елші алмасып», сауда-саттықты жандандыру, достық-қарым-қатынасты жақсарту сөз болады. Махмуд ханның тілімен айтсақ, « اوراغي «يخشي لاريميز يوسونونجا ايلچي كلاچي لاريميز كيليشيب بازركان ارغيشلاريميز يوروشوب ايسانليك توكال ليكني بيليشا تورساق بولغاي مو «*аруағы жақсыларымыз жосынынша елшілеріміз келісіп, базаршы саудагерлеріміз жүрісіп, есен-түгендікті білісіп тұрсақ болмай ма*?» [19, б. 38] деген өтініш жасалады. Демек, Алтын Орда хандары хаттарында мүдделік танылса, соған сай салютация орын алған.

Алтынордалық хан хаттарында көтерілетін негізгі ой, мақсат, ұсыныс (*notificatio, narratio*) бірден айтылмайды. Алдымен соған қатысты хабарлама жасалады, мән-жай баяндалады, себеп түсіндіріледі. Мысалы, Тоқтамыс Ягайлоға елші жіберу мақсатын түсіндірмес бұрын, бұйрығын жарияламас бұрын мән-жайды былай түсіндіреді: «*Ұлық тақҚа отырған билігімді аңғартып білдіру үшін Құтлы Бұқа, Хасан бастаған елшілерді жіберген едік. Сен (де) тағы елші-тілшіңді бізге жіберген едің. Бұрынғы жылы Бекболат, Қожамедин бастаған бірнеше оғлан-бекзадалар Бекіш, Тұрдұшақ, Берді, Дәуіт бастаған бектер Едіге атты кісіні Темірге алдын ала (астыртын) шығарып жебіріпті. Ол тіл тіл-хабарымен келген екен. Олардың ала бөтен көңілі жайында және тыңшы енгізіп, ел шекараларына жетіп келгендігі білініп, ел жиналып соғыспақшы болып тұрғанда, ол жаман кісілер бұрынырақ сезіктенгендіктен, ел соғысқан еді, ол істің соңы тағы сол кездерде (солай) болған себебі сол еді. Тәңірі бізді жарылқап дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедин, Бекіш, Тұрдұшақ, Берді, Дәуіт бастаған бектерді мұқалтты. Енді бұл жайтты түсіндіріп білдіру үшін Асан, Тұлұ, Қожа бастаған елшілерді жібердік*» [20]. Сол сияқты, Темір Құтлықтың Мухаммед атты кісіге 1397 ж. жарлық беруінің себебі былай түсіндіріледі: «*Жарлық тура тархандық жосынымен жүріп, атасы Қажы Байрам қожаны біздің хан ағаларымыз сойырқап (ұсынып) Тархан қылған мәнін аңғартып өтініді*» [21, б. 27]. Жарлық беру мән-жайы баяндалғаннан кейін Мұхаммед оғландары иелігіне қандай жерлер берілгені хабарланады: «*...бұ күнде ілгері Қырым мен Қырық Йердің төменінде Судақ атты кенттің айналасында бұрыңғы заманнан бері мүтехаддыр (қазірге дейін) тархан болған Індірчі саласы мен мәшһур болған саласыдан бұрынғылардың жосынымен жер сулармен бірге Мұхаммедтің оғландары ілкі үлкені – Мұхаммед және Махмұдқа азат тархан болсын*» [22].

Ал, Ұлық Мұхаммед, Махмуд, Ахмад хан хаттарында Осман империясымен екі жақты достық қарым-қатынас орнату мәселесі бұрынғы Алтын Орда мен Осман империясы арасында қалыптасқан сауда-саттық, саяси байланыстар тарихына қысқа шолудан басталады: «*Бұрынғы хан ағаларымыз (бен) Сіздің Рум уәлаятының сұлтан аталарыңыз, ағаларыңызбен елші алмасып, сый-сәлем алысып, базаршы (саудагер) ортақ жүрісіп, жақсы барыс-келіс қылар еді, соңыра хан ағамыз Тоқтамыс хан Сіздің ұлық бабаңыз Ғазы Баязид бек пен бұрынғы жақсы жосынша елші алмасып сый-салем етісіп, екеуі тағы достық, жақсылықпен Тәңірі рахымына бардылар*», немесе «*... біздің ұзақы (бұрынғы) бабаларымыз бен Сіздің бұрынғы жақсыларыңыздың елшісі келісіп, саудагерлер керуені (арада) жүрісіп, бөлек сый-сияпат етісіп, есендіктерін, түгелдіктерін білісіп, достық қарындастықпен Тәңірі Тағаланың рақымына барды*» [23, б. 38-48].

Алтын Орда хандарының хаттарында өткен ата-бабаларынан сөз қозғауы өздерінің Шыңғыс хан ұрпағы, Алтын Орда тағының заңды мирасқоры екендігін куәландырудың, олардың дәрежесін, ішкі-сыртқы саясаттағы іс-әрекетін көрсету арқылы өз дәрежесін, дәл сондай құқыққа өзі де ие екенін баяндаудың бір жолы болған сияқты.

Ал хан хаттарындағы ұйғарым, шешім (*dispositio*) екі түрде: бірі, экспрессивтік-эмоционалдық реңкі бар бұйрық райда («*Қазынаға жеткізілсін!»;* «*Ұлық Ұлыстың тұрыс-жағдайына тағы да жақсы сый-сияпат болсын*»; *«Кім еш табынбаса, ол жойылсын, өлтірілсін!*», «*жеріне... кім болса да қол сұқпасын*!», «*Салық борыш, харадж алмасын*!»), енді бірі, инверсияға құралған өтініш күйінде («*Бұрынғы жақсыларымыз жосыныша келді-берісті арамызда елші алмасып, сәлем-сыйлық етісіп, базаршы ортақларымыз жүріссе*»; «*...есен-түгендікті білісіп тұрсақ*»; «*...біздің арамызда ағайындықты арттыруға негізделсе, ол істің тездетуіне дайын болуға машғұл болсаңыз»; т.т.*) беріледі.

Алтынордалық хаттардың графикалық жазуына қарай өзіндік ерекшелікке ие болатыны байқалады. Мысалы, көне ұйғыр жазуымен жазылған құжаттарында мынадай ерекшеліктер айқындалады:

- адресат (intitulatio) пен адресант (inscriptio) ешқандай ұлықтаусыз, мақтаусыз көрсетіледі;
- мәтін интитуляциямен (intitulatio) басталады;

- жағдаятты хабарлау (notificatio), баяндау (narratio) кезінде әдеби тілдің нормалары қолданылмайды, ресми ұстамды тілмен баяндалады;

- құжатта көрсетілетін шешім, талап қысқа, әрі нұсқа баяндалады;

- құжат әшекейленбейді, ою-өрнекпен, түрлі-түсті бояумен көркемделемейді;

- мөр хан аты көрсетілген жерге соғылады;

- мөрдің соғылғаны (corroboratio) және оның түсі (қызыл, алтын, қара) құжатта жазбаша түрде де көрсетіліп, расталады;

- құжаттың жазылған жері, күні, басқа да қысқа мәліметтері (datum) соңында көрсетіледі;

- құжаттың жазылған уақыты жануарлар циклі бойынша түрікше жыл қайыруымен де мұсылмандық хиджра жыл санауымен де көрсетіледі.

Ал, XIV ғасырдан кейінгі араб графикасында жазылған құжаттарда мынадай өзгерістер байқалады:

- адресант (intitulatio) пен адресат (inscriptio) кітаби тіл үлгісінде мадақталады, дәрежесі ұлықталады;

- мәтін инскрипциямен (inscriptio) басталады;

- жағдаятты хабарлау (notificatio), баяндау (narratio) кезінде әдеби тілдің нормалары қолданылады;

- ойдың логикалық жүйелігін сақтау мақсатымен сөйлемдер құрылысы күрделі болып келеді;

- діни лексемалар көп кездеседі;

- құжатта шешім, талаптан көрі өтініш, ұсыныс басым болып келеді;

- мөрдің соғылғаны (corroboratio) және оның түсі құжатта жазбаша түрде көрсетілмейді, расталмайды.

REFERENCES

[1] Jenkin N. I. *Mechanisms of speech*. M., **1958,** 370 p. (in Russ.).

[2] Kochkina Z. A. *Listening comprehension as the process of perception and understanding of speech.* Foreign languages in higher education. M.:, **1964,** Vol. 3/(in Russ.).

[3] Soboleva N. I. *The characteristics of the content and techniques of teaching listening at the preparatory faculty.* Methods of teaching the Russian language at the preparatory faculty. M.: UDN, **1978**. P. 29 - 47. (in Russ.).

[4] Vlasova N. V., Mazina, L. Z., Martynova M. A. *The importance of the work on pronunciation and grammar.* Practical methods of teaching the Russian language at the initial stage. M.: Russian language. **1990,** P. 67 - 70. (in Russ.).

Орыс тілін оқытуда шетелдік тіл үйренушілердің тыңдау дағдысы мен икемділігін қалыптастыру туралы мәселе

К.С.Якубаева, А.С.Айтпаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, ҚР

Тірек сөздер: тыңдау дағдысы мен икемділігі, шетелдік тіл үйренушілер, орыс тілі шет тілі ретінде, жаттығу жұмыстары.

Аннотация. Жұмыстың мақсаты орыс тілін оқытуда шетелдік тіл үйренушілердің тыңдалым дағдысы мен икемділігін қалыптастыру мен анықтау болып табылады. Жұмыстың әдістемесі әлеуметтік-педагогикалық әдіс, сипаттама-аналитикалық әдіс, ішкіжүйелі функционалды және құрылымдық-семантикалық суреттеу әдісі болып табылады. Тыңдалым дағдысы мен икемділігін қалыптастыруда осы сөйлеу қызметінің ерекшелігін, ауызша сөйлесу барысында болатын көптеген қиындықтарды, сонымен қатар тыңдалым барысындағы сөйлеу механизмінің жұмыс істеу ерекшелігін мақсатты түрде есепке алу жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Автор тыңдалым барысында шетелдік тіл үйренушінің шынайы коммуникативтік қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін келесі икемділіктерді қажет деп негіздейді: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және сөйлеу механизмімен байланысты икемділіктер. Автордың мақаладан шығарған қорытындысын жоғары оқу орнына дейінгі факультетте орыс тілін шет тілі ретінде оқытуда, сонымен қатар оқу бағдарламасын және әдістемелік құрал құрастырғанда қолдануға болады.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 78:371.487 (574)

Song-letters from the front as the phenomenon of musical-poetic culture of the kazakh people

Alpeissova G.T.
galpeissova@mail.ru
Kazakh national university of arts, Astana, Kazakhstan

Key words: phenomenon, musical-poetic creative work , song-letters, Great Patriotic War

Abstract. The article is devoted to consideration of one of Kazakh musical-poetic art genres – song-letters from front as a unique phenomenon of 20th century culture. Song-letters from front also known as шығарма өлең has not been properly studied until now. The aim of the article is to outline the high humanistic and aesthetic value of song-letters from front as that of a phenomenon of the musical-poetic creative work of the Kazakh people.

Samples published earlier and introduced in the musical study as a result of the research project "Under the auspice of the 70th Anniversary of the Great Victory – Song-Letters from Front (шығарма өлең)" have been analyzed in the article. As a result the basic genre features of the song-letters have been discovered. They represent a final composition where the author's name or his addressee is provided in details.

The tragedic events of the Great Patriotic War once fallen in the focus of historic-aesthetic emotions raise this genre to the level of highly intellectual and emotional reflections. The necessity to comprehend this genre as means to express spiritual concerns of the war time predetermined the cultural dimension of the work.

УДК 78:371.487 (574)

Песни-письма с фронта как феномен музыкально-поэтического творчества казахского народа

Альпеисова Г.Т.
galpeissova@mail.ru
Казахский национальный университет искусств, г. Астана, Республика Казахстан

Ключевые слова: феномен, музыкально-поэтическое творчество, песни-письма, Великая Отечественная война.

Аннотация. Статья посвящена одному из жанров казахского музыкально-поэтического искусства – песням-письмам с фронта как самобытному явлению культуры XX века. Песни-письма с фронта, называемые в народе шығарма өлең до настоящего времени недостаточно изученное явление. Целью статьи является раскрытие высокой гуманистической и эстетической ценности песен-писем с фронта как феномена музыкально-поэтического творчества казахского народа.

Анализу подверглись образцы, опубликовнные ранее, а также введенные в музыковедческий оборот в результате выполнения работ по научному проекту «К 70-летию Великой Победы: песни-письма с фронта (шығарма өлең)». В результате прослежены основные жанровые признаки песен-писем с фронта. Они представляют собой завершенную композицию, в которой подробно фиксируется имя автора либо его конкретный адресат.

Трагические события Великой Отечественной войны попав в фокус историко-эстетического переживания поднимает этот жанр до уровня высокоинтеллектуальной эмоциональной рефлексии. Необходимость осмысления этого жанра как средства выражения духовных запросов военного времени обусловило культурологическую направленность работы.

Великая Отечественная война, нарушившая мирную жизнь и труд советского народа, вызвала к жизни канонический жанр народного музыкально-поэтического творчества - песни-письма (хат-өлең либо шығарма өлең). Их создание и функционирование всегда было связано с трагичекими событиями истории казахского народа. Потеря близких, старость, болезнь, тюрьма, война – вот основная тематика песен-писем, история которых уходит вглубь веков.

По мнению филолога Т. Асемкулова, первые образцы этого жанра встречаются в древнетюркской эпитафической поэзии, написанной руническими знаками на камнях: «Перейдя с этнического качества в национальное, казахская литература не могла отойти от главных канонов античного тюркского словесного искусства. Поэтому древняя традиция – передача военного и психологического опыта посредством писем – прочно утвердилась в казахской фольклорной и литературной традиции» [1, с.22].

Известный культуролог и музыковед А.Мухамбетова в совместной работе с Г.Байтеновой [2,с.22] считают, что песни-письма - это продукт трагических событий, поэтому в мирные времена развивается очень медленно, не являясь доминирующим жанром казахской поэзии. Поэтому в разные периоды истории Казахстана интенсивность функционирования жанра была неравномерной. «Коллективность народного творчества, составляющая его постоянную основу и неумирающую традицию, проявляется в ходе всего процесса формирования произведений или их типов. Этот процесс, включающий импровизацию, ее закрепление традицией, последующее совершенствование, обогащение и подчас обновление традиции, оказывается чрезвычайно протяженным во времени...» [3, с.271].

Новые идеи, темы и образы войны обрели поэтическое звучание в миллионах строк солдат-казахов. Это своеобразные песни-письма – странички истории Великой Отечественной войны, странички, написанные разными почерками юношей, в одночасье ставшими мужественными защитниками Отечества. Песни-письма с фронта, воссоздавая атмосферу военного времени, стали культурологическим феноменом, раскрытию художественной специфики которой посвящена настоящая статья.

Впервые в казахстанской фольклористике, песни-письма с фронта были представлены в книге Г.Байтеновой «Цветы на пепелице…» [2]. В этом издании опубликованы более 90 песен-писем, созданных в период ВОв солдатами казахами и их родными и близкими. Кандидат искусствоведения Г.Байтеновой собирала казахский музыкальный фольклор в течение всей своей непродолжительной жизни. В ее научных изысканиях песни-письма с фронта (шыгарма-олен) заняли особое место. Как отмечал сам автор в совместно работе с научным руководителем Мухамбетовой А.И., в силу тоталитарности советской эпохи, и свойственному жанру реалистичности содержания, песни-письма не могли быть достаточно исследованы и опубликованы в послевоенные годы. Г.Байтенова осуществила издание песен-писем, созданных в период ВОВ в 1995 году, в год 50-летия Великой Победы.

Аналитический материал, подтверждающий основные положения настоящей статьи, собран в результате выполнения работ по научному проекту «К 70-летию Великой Победы: песни-письма с фронта (шығарма өлең)». Работа по сбору полевого материала песен-писем с фронта дала немногочисленные образцы. Огромный разрыв во времени не позволил записать материл непосредственно от авторов песен-писем, участников событий Великой Отечественной войны, вследствие чего найденные образцы были получены от их потомков и родственников. Были записаны ряд текстов песен-писем с фронта, напеваемые на традиционные эпические мотивы, характерные для определенных регионов. Также встретились образцы, исполняемые на мелодии казахских лирических песен, например, песню Мади «Қаракесек», народную «Қаракөз». Все они подверглись анализу и легли в основу следующих изысканий. Предпринятые анализы были направлены на раскрытие особенностей исследуемого явления и представляют лишь начальные шаги к их теоретическому осмыслению.

В песнях-письмах с фронта нашли отражение сущностные черты казахского фольклора: интенсивность лирического переживания, богатая метафоричность и особенная музыкальность. Вместе

с тем наряду с национальными фольклорными традициями в этом жанре ощутимы элементы авторской поэзии, обусловленные индивидуальным дарованием создателя.

В них, на наш взгляд, содержится богатый историко-культурный материал, уточняющий представление о системе ценностей народа, его ментальных особенностях и художественных традициях. Песни-письма с фронта представляют собой интересный объект для специального теоретического исследования, результаты которого могут помочь глубже постичь особенности ее жанрового образования и способствовать воспитанию патриотизма подрастающего поколения.

Проследим основные жанровые признаки песен-писем с фронта. В большинстве своем они представляют собой завершенную композицию, в которой подробно фиксируется имя автора либо его конкретный адресат. Как правило, имя автора звучит в заключительных строках текста в виде традиционных поэтических форм:

Амандық хабарымды халқа жазам,
Мұсабек менін атым мұны жазған

В композиции песен-писем можно условно выделить три части. Начальный эпизод несет зачинную функцию либо служит введением в место действия. Зачин оформляется в виде приветствия родным и зачастую в первых строках дается традиционное клише «Қолыма қалам алдым хат жазуға» - «Возьму в руку ручку и начну писать письмо».

Срединный раздел – военная акция или информационное сообщение, обусловленное характером излагаемого материала. Завершаются песни-письма с фронта – обращением к родным. В них может быть выражена целая гамма различных чувств: беспокойство, жалоба, просьба, а зачастую наставление, вплоть до завещания.

Обратимся к песне-письму с фронта, записанное от Карбаева Шалкарбека Шайкеновича. От информатора были получены три образца, автор которых его дядя Кенже Омарулы, 1906 года, родом из Омской области аула Буламбай, участвовал в боевых дейсвиях с 1941 года. Одно из песен-писем Кенже Омарулы пришло из Польши в августе 1944 года. Скорее всего, вступительная часть письма оказалась утерянной либо забылась. Начинается письмо с основной информативной части, где описывается место прохождения военных событий. Кенже Омарулы воспевает Польскую землю, богатую и плодородную, которая находится вдалеке от родины:

Польшаның жері құмды аққан бұлақ,
Елжүртым тыңдасаңыз салып құлақ.
Құлақпен естігенді көзбен көріп,
Біз жүрміз осы ккүні елден жырақ.

Он с большой радостью сообщает о получение письма от Жамили, и пишет, как с особым упоением прочитал его, и каждые стоки этого письма воспринималось им как жемчужины поэзии:

Жәмилә майда жазған хатыңды алдым,
Оқуға құмарланыпкөзім салдым,
Ішінде әр сөзіңнің інжу-маржан.
Құс болып ондағыны теріп алдым.

Также в письме он сообщает, что от родственника солдата Каражана нет давно писем, и Кенже переживает за его судьбу. Этими строками завершается письмо, и мы предполагаем, что оно не закончено либо утеряно:

Беларусь ағып жатқан бұлағы мол,
Хатыңның әрбір сөзі құлағымда.
Хаты жоқ Қаражанның деген сөзге,
Жабырқап көңіл шіркін тұрады да.

Больше от Кенже Омарулы писем не приходило, он погиб в боях за село Пурвиня, Шауляйского уезда, Литовской ССР. Об этом узнали из похоронки, присланной от начальника штаба капитана Митченко.

Память авторов песен-писем хранит определенные поэтико-языковые формы, а также понимание смысловых и ритмических возможностей их употребления, что позволило эпистолярному жанру– письму уложиться в контуры музыкально-поэтической традиции хат-өлең. Включение последовательно излагаемых реальных событий в поэтической форме соотносится с общими правилами устной традиции. При этом возможно, это происходит неосознанно, спонтанно, что причисляет авторов песен-писем к носителям музыкально-поэтической традиции казахского народа.

Песни-письма с фронта с одной стороны - документальная фиксация военной действительности, с другой - в процессе повествования о них со всей силой художественного замысла актуализируют феномен музыкально-поэтического искусства. Здесь, в отличие от фольклора, реальные исторические события даны в прямой проекции. Такая формация дает реалии военного прошлого, подлинные имена,

названия, позволяя исследователям воспроизводить некоторые исторические реконструкции времен Великой Отечественной войны. Реальные факты фронтовых событий, имена, географические названия, накладываются на весьма устойчивые музыкально-поэтические структуры так, что весь «историзм» жанра практически сводится именно к ним.

Трагические катаклизмы XX столетия повлияли на процесс возрождения жанра, функционирование которого происходит под влиянием обновляющих факторов – личностного сознания, культурно-эстетических и философских установок военной эпохи. В результате взаимодействия «старой» модели жанра хат-өлең с военной культурно-исторической действительностью образуется новый вариант жанра. Драматическая ситуация Великой Отечественной войны попав в фокус историко-эстетического переживания поднимает этот жанр до уровня высокоинтеллектуальной эмоциональной рефлексии. Песня-письмо становится жанром, который в силу реконструированного содержательного компонента, приведшего к трансформации на уровне личностного фактора, проявляет устойчивую народно-песенную парадигму жанра.

Песни письма с фронта существуют как самостоятельные художественные единицы. Благодаря сложным сюжетно-тематическим и ассоциативным связям возникает особый художественно-смысловой комплекс, подчиненный единому субъективно-эмоциональному началу, носителем которого выступает автор – воин Великой Отечественной войны. В этом заключается значимость песен-писем, что позволяет осознавать их культурно-исторический феномен.

Научная оправданность выделения песен-писем в самостоятельную область творчества объясняется его особой художественной функциональностью и проявлением в нем особенностей авторского мировосприятия воинов. Они являются примерами высокой музыкально-поэтической культуры казахского народа и свидетельствуют о массовом владении поэтической и песенной импровизацией. Песни-письма (хат-олен), пройдя сквозь героическую историю казахского народа, явились своеобразной духовной летописью военных лет. В этом главная заслуга самого демократичного жанра музыкально-поэтического творчества казахского народа.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Асемкулов Т.Генезис жанра хат-өлең // Байтенова Г. Цветы на пепелище. –Алматы: Дайк-Пресс, 1995.– С.22-23.
[2] Өртеңге өскен қызғалдақтар/ Өлеңдерді жинап нотаға түсірген Г. Бәйтенова. Алматы: Дайк-Пресс, 1995. – 160 с.
[3] Народное творчество //Большая советская энциклопедия. – 3-е изд. – М., 1974. – т.17. – 574 с.

REFERENCES

[1] Asemkulov T. *Genezis zhanra hat-olen.* Almaty: Dajk-Press, 1995. p.22-23 (in Russ.).
[2] Bajtenova G. *Ortenge osken kyzgaldaktar*. Almaty: Dajk-Press, 1995. 160 p. (in Russ, Kaz.).
[3] *Narodnoe tvorchestvo*. *Bol'shaja sovetskaja jenciklopedija*. M., 1974. 574 p. (in Russ.).

Майданнан хат-өлендер қазақ халқының музыкалық-поэтикалық шығармашылығының феномен ретінде

Альпеисова Г.Т.
galpeissova@mail.ru

Түйін сөздер: феномен, музыкалық поэзиялық шығармашылық, шығарма өлең, Ұлы Отан Соғысы

Аннотация. Мақалада қазақ халқының музыкалық-поэзиялық өнерінің жанры – 20 ғасыр мәдениетінің өзекті құбылысы ретінде майданнан келген хат-өлеңдер қарастырылады. Халық арасында шығарма өлең деп аталатын майданнан келген хат-өлең қазіргі уақытқа дейін толығымен зерттелмеген құбылыс. Осы мақаланың мақсаты қазақ халқының музыкалық-поэзиялық шығармашылығының феномені ретінде көрінетін майданнан келген хат-өлеңнің жоғары деңгейдегі гуманистік және эстетикалық құның анықтап беру болып табылады.

Осыдан бұрын баспаға шығарылған, сонымен қатар «Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай: майданнан хат-өлең (шығарма өлең)» жобаны жүзеге асыру нәтижесінде музыканы зерттеу саласына енгізілген үлгілер талдаудан өткізілді. Сонымен қатар майданнан келген хат-өлеңдердің негізгі жанрлық сипаттамалары келтірілді. Олар автордың есімі немесе хат алушының нақты түрде көрсетілетін аяқталған композицияны құрайды.

Ұлы Отан Соғыстың қайғылы оқиғалары тарихи-эстетикалық қарастырудан өтіп, осы жанрды жоғары деңгейлі парасатты және рухани сезімдік толғау ретінде көтереді. Осы жанрды соғыс жылдардың рухани қажеттілігін көрсету әдісі ретінде түсіну осы жұмыстың мәдениеттану бағыттылығының негізін салды.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Development tendencies of special and inclusive education in Kazakhstan

G.I.Salgarayeva, Zh.B.Bazayeva
E-mail: gulnaz_sal@mail.ru

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Key words: special education, inclusive education, information and communication technology, education of children with disabilities.

Abstract. Special and Inclusive Education in Kazakhstan is part of the general education system, and the state creates conditions for people with special educational needs in education. Inclusive education is a complex and complicated process that should involve government structures, parents, family, education institutions and non-governmental organizations. Therefore, the development of special and inclusive education in the country need a lot of energy and power.

Қазақстандағы арнайы және инклюзивті білім берудің даму тенденциялары

Г.И.Салғараева, Ж.Б.Базаева

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: арнайы білім беру, инклюзивті білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту.

Аннотация. Қазіргі заманда арнайы білім беру жалпы білім берудің ажырамас бөлігі және мемлекет мүмкіндіктері шектеулі балалардың тең құқылы білім алу үшін барлық жағдайларды жасап отыр. Инклюзивті білім беруді ендіру үдерісі кешенді сипатта және оған мемлекеттік құрылымдар, ата-аналар әлеуметі, отбасы, білім беру органдары мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар қатысу қажет. Мемлекет деңгейінде Бұл байланыстың тиімділігі, көбіне берілген жүйенің барлық түйіндерінің үйлесімділігі және күш-жігерлігінің мақсатты бағыттылығына, сонымен қатар түрлі профильдегі мамандардың, денсаулық және әлеуметтік даму, білім және ғылым министрліктерінің бірлескен әрекеттеріне тәуелді болып табылады. Сол себепті, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытуда тек мемлекет емес, көптеген күш жігер қажет екені мәлім.

Арнайы білім беру жалпыға міндетті білім берудің бір бөлігі болып табылады және мемлекет арнайы білім беру қажеттіліктеріне ие адамдардың тең мүмкіндікті білім алуын қамтамасыз ету мақсатында жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының Заңнамасымен білім беру саласындағы құжаттарға сай дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың тең құқылы білім алу принципі қарастырылады.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу құқығының кепілі ҚР Конституциясында, Республикамыздың «ҚР балаларының құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау», «Әлеуметтік қызмет көрсету туралы» заңдарында бекітілген [1].

Республикамызда мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы үшін жағдай жасаудағы қызметтердің келесі бағыттары бар.

Бірінші бағыт – балалардың дамуындағы кемшіліктерді анықтау және түзету-педагогикалық жұмыстарды максималды ерте кезеңде ұйымдастыру. Мектепке дейінгі жаста дер кезінде көрсетілген қажетті көмек, балалардың оқудың басталуына дейінгі дамуындағы негізгі кемшіліктерді жояды және оны жалпы орта білім беру мекемесінде оқуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Республикадағы арнайы білім беру жүйесінің алғашқы буыны, баланың білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтерді алуға деген құқығын орнататын психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес болып табылады және олардың арнайы білім алу мүмкіндіктерінде қажеттіліктерін анықтайды (60 мың балаға бір ПМПК ашылады).

Қазіргі таңда мемлекетте 56 облыстық, қалалық, аудандық және бір республикалық ПМПК қызмет атқарады.

ПМПК-тің қажетті саны Астана қаласында (3), Шығыс Қазақстан обл. (7), Ақмола обл. (4), Батыс Қазақстан обл. (3), Қызылорда обл. (5), Павлодар обл. (4) және Солтүстік Қазақстан обл. (3) бар.

Алайда, кейбір облыстарда ПМПК саны жеткіліксіз. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 1883,6 мың бала санына 15 ПМПК орнына екеу, Қарағанды облысында 362,2 мың балаға қарастырылған 6 ПМПК орнына екеу, Алматы қаласында 283,6 мың балаға 5 ПМПК орнына екеу ғана қызмет атқарады.

ПМПК жүйесінің кеңейтілуімен дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтау әлдеқайда жақсарды. Егер, 2002 ж. дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың анықталған саны 115,2 мың болса, 2009 ж. қаңтар айындағы мәліметтерде анықталу пайызы 30,2% - ға өсіп 149,246 баланы құрады, бірақ дамыған мемлекеттерде ол 10% - дан жоғары (Ресей - 4%, Германия, Ұлыбритания, Швеция 10%-15%).

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтаудың жоғары көрсеткіші Астана қаласында тіркелген – 555 бала немесе қалада анықталған дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының 11,7%.

2008-2010 ж. арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу үшін инклюзивті білім беру және түзету үшін 380 кабинеттің ашылуы қарастырылған. Бүгінгі күні 5 облыста және Алматы қаласында 87 кабинет ашылды, ал 2009 ж. 6 облыста және Астана қаласында 46 кабинет ашылды.

Балаларға және олардың ата-анасына кешенді түзету-педагогикалық көмек көрсетуге арналған білім беру ұйымдарының жаңа арнайы желісі дамып келеді.

Арнайы ұйымдар желісі 119 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінен, 15 оңалту орталықтан және 283 логопедиялық пункттен тұрады. Өкінішке орай, олардың аудандар бойынша дамуы біркелкі емес: Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында оңалту орталықтар, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында логопедиялық пункттер ашылмаған, бұл әсіресе ауыл аймақтарында тұратын түрлі категориядағы балаларға дер кезінде түзету-педагогикалық көмек көрсетуде кері әсерін тигізеді.

Екінші бағыт – балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып барлық категориялардағы балаларға білім беру құқығын жүзеге асыру үшін вариативті мүмкіндіктер жасау.

Қазіргі таңда Республикада мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру үшін білім берудің арнайы ұйымдардың дифференцияланған желісі бар, оған білім берудің түрлері мен типтері бойынша арнайы (түзету) ұйымдар, жалпы типтегі балабақшалардағы арнайы топтар және жалпы білім беру мектептеріндегі арнайы сыныптар:

35 арнайы балабақшада және жалпы типтегі балабақшалардағы 208 арнайы топтарда мектеп жасына дейінгі 10 мыңнан астам балалар тәрбие алады;

101 түзету мектептерінде және жалпы білім беру мектептеріндегі 208 арнайы сыныпта мектеп жасындағы 24 мыңға жуық балалар оқытылып, түзетіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушылар мен тәрбиеленушілер үшін арнайы білім беру мақсаттары:

- есту ауытқулары – сөйлеушінің ерін қимылдары арқылы және қалдық естуі арқылы ауызекі сөйлеуді қабылдау дағдыларын меңгеру, сөйлеуді дамыту;
- көру ауытқулары – оқу мен жазудың арнайы құралдарын және қоршаған орта кеңістігінде дұрыс бағдарлануды меңгеру;
- интеллект ауытқулары – барлық физикалық функцияларын түзету және дамыту, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану, өз бетімен еңбек етуге дайындау;
- тірек-қозғалыс аппаратының ауытқулары – өмір сүруді қамтамасыз етудің барлық дағдыларын максималды деңгейде меңгеру;
- сөйлеудегі күрделі ауытқулар – сөйлеу қарым-қатынасының коммуникативті дағдыларын меңгеру.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында 2009 жылы оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін және психофизикалық ауытқуларының дәрежесін ескеріп, оқытудың вариативтілігін қарастыратын Типтік арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жасалды:

1) танымдық мүмкіндіктері жас ерекшелік нормасына сай келетін сенсорлық, ауызекі, қозғалыс ауытқулары бар балаларға арналған мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай келетін білім беру;

2) танымдық мүмкіндіктерінің деңгейі жас ерекшелік нормасынан төмен, сенсорлық, ауызекі, қозғалыс ауытқулары бар оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне бейімделген жеке оқу жоспары, қысқартылған білім беруші оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылатын білім беру;

3) интеллектуалды ауытқулары бар балаларға арналған мектептердің арнайы бағдарламалары және жеке бағдарламалармен (күрделі ақыл-ой жетіспеушіліктері және көптеген ауытқулары бар балалар үшін) жүзеге асырылатын білім беру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін сапалы және қолжетімді арнайы білім беру қызметтері медициналық және психологиялық-педагогикалық түзетудің кешенді жүйесін көрсету арқылы іске асырылады:

- сыныптың 8-ден 12 баламен ғана толтырылуы;
- қорғаушы педагогикалық режим жасау;
- арнайы психологиялық-педагогикалық, жекелей және топтық сабақтарды арнайы педагогтармен жүргізу;
- арнайы оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану;
- Оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық (өтемдік) құралдарымен қаматамасыз ету.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мектептің дамыған оқу-материалдық және техникалық базасына тәуелді.

Бүгінгі таңда көруінде бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру түзету ұйымдары 60% -ға оқу машиналарымен, тифлокешендермен (мультимедиалық компьютерлік сынып: желіге қосылуға мүмкіндігі бар компьютерлер, экран қолжетімділігі және экранды үлкейту бағдарламалық жасақтамасы бар брайл экран); есту ауытқулары бар балаларға арналған қосымша мектептер - 56% -ға сымсыз және желілік оқу сыныптарымен, сенсорлы және жұмсақ бөлмелермен және 30% дамытушы ойындармен қамтамасыз етілген.

Республика бойынша ақпараттық желіге 33,4 білім беру түзету ұйымдарында қолжетімділік бар, орта есеппен 1 компьютерге 21,8 мүмкіндіктері шектеулі балалар саны келтірілген [2].

Өкінішке орай, арнайы жабдықтармен балабақшалар, сөйлеуінде ауытқулары бар, психикалық дамуында тежеулері бар балаларға арналған арнайы мектеп, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар, ПМПК, оңалту орталықтар, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, логопедиялық пункттер жабдықталмаған.

Осы категориядағы балаларға білім беру сапасын жақсартып, дамыту мақсатында 2005-2010 ж. білім беруді дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарламаның екінші кезеңінде келесі мәселелер қарастырылған:

- Жергілікті қазына есебінен дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға арналған білім беру ұйымдарын материалды-техникалық және оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтаудың минималды талаптар Ережесіне сай, түзету ұйымдарын жеткіліксіз жабдықтармен қамтамасыз етілсін;
- «Білім беруді ақпараттандыру» бағдарламасы аясында білім берудің арнайы түзету ұйымдарына заманауи мультимедиалық оқыту жүйелерін ендіру, ол дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған сапалы программалар және программалық кешендер түрінде арнайы білім беруді ақпараттық қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Үшінші бағыт – интегративті инклюзивті білім беруді дамыту.

Жақын арадағы жылдарда дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау жүйесін дамытудың перспективасы, интеграцияланған (инклюзивті) білім беру идеясы мен принциптерін жүзеге асыру болып келеді. Оның мақсаты, балаларды қоғамнан оқшауландыру емес, керісінше оларды дамуы дағдылы балалар ортасына ендіру, бірлесіп оқыту, олардың бос уақытын бірлесе отырып ұйымдастыру, оларға жұмыла қолдау көрсету болып табылады.

Мысалы, Шығыс Қазақстан, Алматы және Астана қалаларындағы жалпы білім беретін мектептерде орташа және күрделі дәрежелі ақыл-ой жетіспеушілігі бар балаларға (бұрын оқытуға жатпайтын және білім алу мен құрдастарымен қарым қатынаста болу мүмкіндіктері болмайтын) арналған арнайы сыныптар ашылды.

Сонымен қатар, оңалту орталықтар, түзету мектептерінде және балабақшаларда эмоционалды-еріктік сфера және мінез құлықтың анық бұзулулары бар, дамуындағы күрделі құрама және өзге де ауытқулары бар балаларға арналып эксперименталды топтар және сыныптар ашылды.

Арнайы мектепте сөйлеудегі күрделі бұзылуларынан арылған оқушылар жалпы білім беру үдерісінде сәтті бейімделеді және қажет болғанға дейін логопед маманның көмегіне жүгініп отырады. Тек осындай қолдау көрсетуде ғана сөйлеуінде бұзылулары бар балалар, сөйлеу ауытқулары жоқ құрдастарымен бірге жалпыға міндетті білім беру стандартын меңгере алады. Мұндай тәжірибе, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында аутизм дертіне шалдыққан балаларды оқыту түрінде ұйымдастырылған.

Бүгінде тиімді әдіс ретінде, бұрыннан бар түзету білім беру ұйымдар желісін сақтау және интегративті (инклюзивті) білім берумен параллель жетілдіру болып табылады. Түзету ұйымдары, жалпы білім беру мектептерінің педагогикалық қызметкерлеріне әдістемелік көмек, оқушылар мен олардың ата-анасына кеңестік және психологиялық-педагогикалық түзетуші көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орталықтар қызметтерін атқарады.

Ақтөбе және Орал қалаларының қосымша мектептер базасында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған ресурсты (кеңес беруші) орталықтар ашылды.

Барлық түзету мектептерінде медициналық-педагогикалық консилиумдар ұйымдастырылып, қызмет атқарып жатыр.

Инклюзивті білім беруді ендіру үдерісі кешенді сипатта және оған мемлекеттік құрылымдар, ата-аналар әлеуметі, отбасы, білім беру органдары мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар қатысу қажет.

Инклюзивті білім беруді ендіру үдерісінің алғашқы кезеңінде арнайы және жалпы білім беру салаларындағы нормативті-құқықты базаның үйлесімдлігі қарастырылу міндетті. Осы мақсатта мынадай жобалар жасалды:

- "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытатын білім беру ұйымдарының ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын іске асыру шарттары" мемлекеттік стандарттар жобасы;
- Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту Концепциясы жобасы;
- бірнеше оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар қабылданды;
- оқыту нәтижелерін, бағалау үшін арнайы зерттеулер жүргізілді (Қазақстанның әлеуметтанушылар және саясаттанушылар бірлестігімен "САТР" Орталығының техникалық тапсырма аясында " Мүмкіндігі шектеулі балаларға, туғаннан мүгедек балаларға және мүгедек балаларға инклюзивті білім беру мүмкіндіктері"атты әлеуметтік зерттеулер, САНДЖ, ЮНЕСКО және басқа да үкіметтік емес ұйымдардың зерттеулері жүргізілді).

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі баларды арнайы білім беруші оқу бағдарламаларымен қамту мәселесі облыс, Алматы және Астана қалаларының әкімдерінің рейтинг бағаларының көрсеткіштерін мониторингіне енгізілген.

Бұл мәселенің оң шешімі келесі облыстарда табылды - Шығыс Қазақстан облысында анықталған мүмкіндіктері шектеулі балалардың 80% арнайы білім беруқызметтерімен қамтамасыз етілген, Қостанай - 61%, Қарағанды - 69%, бұл жалпыреспубликалық көрсеткіштің 38,0% құрайды. Республикалық деңгейден төмен Оңтүстік Қазақстан - 11%, Маңғыстау - 14% көрсетеді.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың сапалы білім беру қызметтерін алу құқықтарын қанағаттандыру үшін келесі жұмыстар жалғастырылуда:

- арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының желісін кеңейту, арнайы оқулықтар және құралдармен қамтамасыз ету арқылы "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуші қолдау көрсету туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру;
- балаларда психофизикалық ауытқулардың бар жоғын анықтауға арналған скринигтер негізінде ерте диагностикалау, түзетуші-педагогикалық қолдау көрсету және олардың психофикалық дамудағы тежелуі анықталған жағдайда дер кезінде психологияқ-медицицналық-педагогикалық кеңес беруге жіберу жүйесін жетілдіру;
- мүгедек балаларды түзетуші-дамытушы оқытуды ендіру үшін жалпы орта және кәсіптік білім берудің вариативті және икемді жүйесін құру;
- дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды сүйемелдеу концепциясын жасау арқылы инклюзивті білім беруді дамыту үшін мүмкіндіктер жасау;

- арнайы білім беруді басқару сапасын арттыру мақсатында арнайы білім беру үдерісіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ендіру;

- дамуында мүмкіндіктері шектеулі оқушыларың тұлғасын әлеуметтендіру және тәрбиелеуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды асыруда және қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайындауда бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста болуы [3].

Бұл байланыстың тиімділігі, көбіне берілген жүйенің барлық түйіндерінің үйлесімділігі және күш-жігерлігінің мақсатты бағыттылығына, сонымен қатар түрлі профильдегі мамандардың, денсаулық және әлеуметтік даму, білім және ғылым министрліктерінің бірлескен әрекеттеріне тәуелді болып табылады.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Закон Республики Казахстан от 11 июля 2002 года N 343 "О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями"

[2] Д.С.Ковалев. *Место и роль компьютерных технологии в системе образования детей с ОВЗ.,* Коррекционная педагогика. -2013., №3.- с.76-78.

[3] Е.С. Дорохова, *Организация инклюзивного образования в системе ДОД*, Дополнительное образование и воспитание. – 2010., № 1. – с. 27-33.

REFERENCES

[1] Zakon Respubliki Kazahstan ot 11 ijulja 2002 goda N 343 "O social'noi i mediko-pedagogicheskoi korrekcionnoi podderzhke detei s ogranichennymi vozmozhnostjami" (in russ)

[2] D.S.Kovalev. Mesto i rol' komp'juternyh tehnologii v sisteme obrazovanija detej s OVZ., *Korrekcionnaja pedagogika*. **2013**., №3. s.76-78. (in russ)

[3] E.S. Dorohova, Organizacija inkljuzivnogo obrazovanija v sisteme DOD, *Dopolnitel'noe obrazovanie i vospitanie*. **2010**., № 1. s. 27-33. (in russ)

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Г.И.Салгараева, Ж.Б.Базаева

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: специальное образование, инклюзивное образование, информационно-коммуникативные технологии, обучение детей с ограниченными возможностями здоровья.

Аннотация. Специальное и инклюзивное образование в Казахстане является частью системы общего образования, и государство создает условия для лиц, имеющих специальные образовательные потребности в получении образования. Внедрение инклюзивного образования является комплексным и в этот сложный процесс должны вовлечены государственные структуры, родители, семья, организаций образования и негосударственные организаций. Поэтому в развитии специального и инклюзивного образования в государстве нужно немало сил.

Salgarayeva G.I.

Candidate of technical sciences, professor, Department of Computer Science and Applied Mathematics, Physics and mathematics faculty

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Development tendencies of special and inclusive education in Kazakhstan

Bazayeva Zh.B., Master of Pedagogical sciences, teacher

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Almaty Institute of Foreign Languages in the war (on the basis of archival and documentary materials)

N.T. Zhanakova
Kazakh Abylay khan University of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan

Key words: history, military commissariat, war, archive, teacher, Red Army, foreign languages
Annotation. The article analyzes the activities of faculty and staff of the Kazakh Teacher's Institute of foreign languages (modern Kazakh University of Internationals Relations and World languages) in the Great Patriotic War, their contribution to the victory over fascism on the basis of archival and documentary materials.

Алматы шет тілдер институты соғыс жылдарында (архивтік және құжат материалдары негізінде)

Н.Т.Жанақова
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: тарих, әскери комиссариат, соғыс, мұрағат, оқытушы, Қызыл армия, шет тілдері
Аннотация. Мақалада Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдер институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) оқытушылары мен қызметкерлерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызметі, олардың ортақ жеңіске қосқан үлесі мұрағат және құжат материалдары негізінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасындағы байырғы оқу орындарының бірі –Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті 1940 ж. 16 қыркүйекте Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдер институты болып ашылған еді. Мемлекеттік маңызы бар осындай жоғары оқу орнының құрылуы елімізде қалыптасқан күрделі саяси жағдайда жүргізілді. Себебі соғыс қаупі туындап, барлық жұмыс осы қатердің алдын алуға жұмылдырылды. Соған қарамастан институт директоры болып тағайындалған Х.К.Меликов [1,6] ұйымдастыру жұмыстарына жастық жалынмен, үлкен іскерлікпен басшылық жасай білді. Соғыс жағдайына байланысты институттың қазіргі Төле би және Наурызбай батыр көшелері қиылысында орналасқан жаңа ғимараты үкіметтің үкімімен республиканың ішкі істер халық комиссариатының жоғары мектебіне берілді. Осылайшажаңада ашылған институт кітапхана техникумының үйіне орналасуға тура келеді.

Ұлы Отан соғысының ауыр жағдайындағы тұрмыстық-материалдық және өндірістік қиын жағдайға қарамастан институт өз жұмысын жалғастыра берді. Институтта еңбекке қабілетті профессор-оқытушы құрамы қалыптасты. 1941- 1942 жаңа оқу жылында бір профессор, бірнеше доцент және 30-ға жуық оқытушы жаңа оқу орнында қызмет етті. Алғашқы оқу жылында институтқа 231 студент қабылданды. Оның ішінде 113 студенттен тұратын 6 топ ағылшын тілі факультетінде, 97 студенттен тұратын 6 топ неміс тілі факультетінде, 21 студенттен тұратын 2 топ француз тілі факультетінде оқыды [2,5].

Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты институт Алматыдағы басқа оқу орындары сияқты соғыс кезінің талаптарына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын қайта құруды жүргізді. Мәселен, институттың оқытушылары мен қызметкерлері осы талаптарға сәйкес әуе шабуылына қарсы және химиялық қорғанысқа қарсы нормаларды тапсырулары тиіс болды. Жаңа оқу жылы басталысымен оқытушылар арасынан Қызыл Армия қатарына шақыру жүргізілді, ал сол 1941 жылдың қазан-желтоқсан айлары аралығында әскери комиссариаттан студенттерге де шақырулар келді. Мұрағат деректерінде 1941 ж. 10 қазанда институт студенті Х.С.Галиакперов, 22 желтоқсанда институттың тағы бір студенті В.А.Якут отан қорғауға аттанды [3]. 1942 ж. институттың тағы бірқатар студенттері әскери комиссариаттан шақырту алған. Ал институттың оқытушылары қатарынан бірінші болып майданға институттың

тұңғыш директоры Ханахмед Қараоғлы Меликов аттанды. Кеңестік Отанын фашист басқыншыларынан қорғауды патриоттық парызы деп есептеген ол, 1944 ж. сәуір айында украин жерінде майданда ерлікпен қаза тапты.

1941 ж. 11 қазанда Х.Қ.Меликов орнына көрнекті тілші-ғалым М.Б.Балақаев институт директоры болып тағайындалды[4]. Ол жұмысқа құлшына кірісіп, институттың жаңа құрылымдарын ұйымдастыруға жете көңіл бөлді. 1941 ж. 13 қазанда Қазақ КСР Оқу ағарту халық комиссариатының бұйрығына сәйкес институтта күшіне енген екі жылдық шет тілдер курсы туралы ереже іске асты[5]. 1941 ж. 27 қазанда осы комиссариаттың бұйрығына сәйкес Абай атындағы ҚазПИ-ден неміс тілінің бес тобы қазақ мемлекеттік шет тілдері мұғалімдер институтына берілді. Сонымен бірге институттың кешкі курстарының штаттары да біршама кеңейтілді.

Ұлы Отан соғысы институтта студенттер арасында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыруға, халықтар арасындағы достыққа және фашист басқыншылығына деген қарсы өшпенділікке тәрбиелеуге, ерекше назар аударуды талап етті. Осыған байланысты институтта студенттер арасында ауқымды саяси патриоттық тақырыптарда тәрбие жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде 1942 ж. бойы институт ұжымы Отан қорғау қорына 25,5 мың сом көлемінде түрлі заимдардың облигациялары жиналды, танк колоннасын құрастыруға – 221 сом, Қызыл Армия жауынгерлеріне сыйлыққа – 941 сом, сол жылдары Алматы әскери госпиталінде емделіп жатқан жаралы жауынгерлерге сыйлықтар ұсыну үшін 315 сом жиналып берілді және т.б. [6,9]. Осының өзі институт оқытушылары мен қызметкерлерінің тылда жүріп Отан қорғауға өзіндік үлес қосқандарын байқатады.

1941-42 оқу жылында тек қана ағылшын және неміс тілдері кафедралары жұмыс істесе, 1941 жылдың соңына қарай институтта үшінші кафедра марксизм-ленинизм негіздері кафедрасы (қазіргі Қазақстан тарихы және қоғамдық ғылымдар кафедрасы) құрылды. Кафедраның алғашқы меңгерушісі болып тарих ғылымының кандидаты Александр Федорович Сергиевский тағайындалды. Ол өз ісінің білікті маманы болатын, 1905-1909 жж. Франциядағы Париж университеті жанындағы филология ғылымдарының жоғары мектебінде білім алған. Алматыға келгенге дейін Одесса, Харьков, Ленинград, Москва қалаларында француз тілінің аудармашысы, дүние жүзі тарихы пәнінің оқытушысы, «Кеңес энциклопедиясының» редакторы болып қызмет еткен. Көптеген ғылыми жарияланымдар авторы ретінде танымал болған. А.Ф.Сергиевский кафедра жұмысын жетілдіруге көп еңбек сіңірді. Оның тыңғылықты әзірлеген дәрістері соншалықты мазмұнды да қызықты болды, семинар сабақтары да әдістемелік тұрғыда өз дәрежесінде өтті. Сергиевский сабақтар кезінде студенттерді Отанға деген шексіз сүйіспеншілікке тәрбиелеп, олардың бойында герман фашизміне, гитлершіл басқыншыларға деген өшпенділікті ұялатты. Алайда кафедра меңгерушісі болып ұзақ еңбек ете алмады. 1942 ж. кезекті еңбек демалысынан кейін денсаулығына байланысты бұл қызметтен босатылған.

Институттың марксизм-ленинизм негіздері кафедрасы 1943 ж. ақпан айында ғана толық жасақталды. Алматы қалалық партия комитеті бюросының шешімі негізінде А.Ф.Сергиевскийдің орнына кафедра меңгерушісі болып Людвиг Германович Вайс тағайындалды. Венгрияда туып өскен, жан-жақты білімді А.Г.Вайс 1923-41 ж.ж. Мәскеуде баспахана директоры, РКФСР ХКК кеңесшісі, М.В.Фрунзе атындағы әскери академияның оқытушысы, түсті металдар және алтын институты, марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі болып еңбек еткен.

1932-36 жж. Мәскеудегі қызыл профессура институтының тарих факультетінде оқып, тарих оқытушысы мамандығын алған. Осындай үлкен тәжірибесі бар Л.Г.Вайс институттың жас кафедрасының жұмысын тез арада дұрыс жолға қоя білді. Кафедра жұмысын қайта құрып, оқу үрдісіне оң өзгерістер енгізді. Әдістемелік жұмысқа ерекше назар аударылды да, бірінші кезекте Ұлы Отан соғысына байланысты семинарлық сабақтардың бес жоспары жасалып бекітілді.

Кафедра меңгерушісі ретінде Л.Г.Вайс барлық оқытушылардың дәрістері мен семинар сабақтарына қатысып, оларды кафедра мәжілістерінде талқылатып отырды. Кафедраның мұндай жан-жақты жұмысы жазғы сессия кезінде оң нәтижесін берді. Мәселен, бірінші курстың 135 студентінің 110-ы «4» және «5» деген бағалармен тапсырды. [7].

Кафедра оқытушылары тәрбие, ғылым және қоғамдық жұмысқа жете көңіл бөліп, Отан қорғауға арналған курстық жиналыстарға, комсомол комитеті мәжілістеріне, патриоттық рухтағы митингілерге белсене қатысты. Мұның өзі институттағы көп ұлтты студенттердің патриоттық және интернационалдық тәрбиесіне оң әсерін тигізді. Л.Г.Вайс сонымен бірге Қазақстан КП(б)ОК-нің тапсырмаларын да орындап, жексенбілік марксизм-ленинизм университетінің лекторы болды, Алматы әскери гарнизонының бөлімдерінде патриоттық тақырыпта баяндамалар жасады. Осы еңбегі үшін де ол грамотамен марапатталды.[8].

1943 жылы 3 қыркүйекте Л.Г.Вайс Мәскеу қаласына қызметке ауысуына байланысты кафедра меңгерушілігінен босатылған. 1943 жылдың соңынан бастап 1947 ж. наурызына дейін марксизм-ленинизмкафедрасын Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультеті бөлімшесінің кеңестік құқық мамандығын бітірген Л.Е.Костин басқарды. Осы соғыс жылдары кафедра және институтта Мәскеуден келген көптеген белгілі ғалымдар, ғылым докторлары мен кандидаттар аспиранттармен жұмыс істеді. Мәселен, кафедрада 1942 ж. 18 қыркүйектен бастап Алматы қалалық партия комитетінің жолдамасымен келген Н.А.Гладышева осыған дейін Ленинград коммунистік университетінің аспиранты болған [9].Сондай-ақ кафедрада Г.К.Майковская, Е.Н.Акулова, Н.А.Добрынский сабақ берді.

Оқытушылар кафедрадағы кадрдың жетіспеушілігіне, қажетті оқулықтар мен әдебиеттердің аздығына және тұрмыстық жағдайдың қиындығына қарамастан студенттердің терең білім алуларына бар мүмкіндіктерін жұмсады. Олар сабақтан тыс кездің өзінде қосымша кеңес беру сабақтарын өткізді.

Институт алғаш құрылған кезден бастап басқа жоғары оқу орындарындағыдай студенттер құрамында қазақ ұлты өкілдерінің аз болуы республика басшылығын алаңдатты. Сол себепті 1942 ж. 24 наурызда Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі «Жоғары оқу орындарына қазақ қыздарын дайындайтын 4 айлық курстар ұйымдастыру туралы» №165 қаулысын қабылдады [10]. Институтта алғаш оқу жылында 9 қазақ қызы оқыса, 1942 ж. соңында институт директоры болып белгілі тарихшы ғалым Б.Сүлейменов тағайындалғаннан кейін жағдай оңала бастады. Жас та, іскер басшы аз уақыт аралығында біршама жұмыстар атқара білді. Мәселен, 1943 ж. 24 наурызда институт директорының Қазақ КСР Оқу-ағарту халық комиссариатына берген ақпаратында 1942-43 жылғы оқу қорытындылары баяндалған, сонда сессияны сәтті тапсырған бірінші және екінші курстың 123 студенті арасында 15 қазақ қызы стипендия алғандығы айтылған [11].

Институт оқытушылары мен қызметкерлері елдегі ауыр жағдайға қарамастан еңселерін еш түсірген жоқ. Олар соғыс жағдайында өз қызметтеріне асқан жауапкершілікпен қарап, өздерінің негізгі оқытылатын пәндерімен бірге студенттер арасындағы саяси-тәрбие жұмысына, әсіресе Отан қорғау мәселесі мен патриоттық тәрбие ісіне ерекше көңіл бөлді. Әр оқытушы соғыстағы майдан жағдайы, ұрыстар беталысы Кеңес әскерлерінің Отан қорғау жолындағы ерлік істері, ауыл еңбеккерлері мен завод, фабрика жұмысшыларының жанқиярлық еңбектері туралы студенттерді хабардар етті, тіпті арасында жергілікті басшылық тарапынан арнайы тапсырмалармен мекемелерде, кәсіпорындарда майдандағы жағдайлар туралы нақты ақпараттарды хабарлады, арнайы дәрістер оқыды. 1942-43 оқу жылында институтта майдандағы жағдайға байланысты Сталинград түбінде неміс фашист әскерлерінің талқандауына байланысты, сондай-ақ Жоғары Бас қолбасшының бұйрықтарына байланысты бірқатар митингілер мен жиналыстар болып өтті.

Институтта саяси тәрбие жұмысымен қатар жаппай қорғаныс жайлы әскери оқу жұмысы да бірге жүргізілді. 1942-43 оқу жылының 1-ші семестрінде ғана бірінші курстың студенттері әскери сапқа тұру дайындығынан өтіп, «Еңбекке және қорғанысқа дайын бол» белгісі сияқты нормаларды тапсырды. Сондай-ақ екінші курста әскери сапқа жүру және шаңғы дайындығы, тактикалық оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді. Бұдан басқа 128 студент санитарлық жасақшы нормаларын, 161 студент әуе шабуылына қарсы және химиялық қорғаныс нормаларын тапсырды. Мергендер мен миномётшілер дайындау жұмысы жүргізілді. Осы жұмыстардың барлығы үлкен қиындықтармен іске асырылды. Себебі институттың жеке ғимараты болмағандықтан арнайы жабдықталған спорт залы да, әскери кабинеті де болған жоқ. Ал қыздардың санитарлық дайындығы қалалық ауруханада, госпиталдарда және Алматы мемлекеттік медицина институтының анатомия музейінде жүргізілді. Оқытушылар құрамымен әскери сабақтарды облыстық әскери комиссариат апта сайын 6 сағат көлемінде өткізді [12].

1944 жыл институтқа оң өзгерістер әкелді. Институтқа өзінің бұрын арнайы салынған ғимараты қайтарылды. Сол жылы сәуірде КСРО ХКК мен БК(б)П ОК қаулысымен институт Алматы шет тілдері педагогикалық институт болып өзгертілді. Ал 1944 ж. 9 тамызда ҚазКСР Халық комиссарлары кеңесі «Алматы мемлекеттік шет тілдері педагогикалық институт жанынан шығыс тілдері факультетін құру туралы» қаулы қабылдады. Осыған сәйкес жаңа факультетте студенттер құрамы 30 адам мөлшерінде белгіленді. Алайда бұл факультет үш-ақ жыл жұмыс істеді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс қарсаңында институт құрамында төрт факультет, кешкі бөлімше және екі жылдық аудармашылар курсы жұмыс істеді.

Сонымен бірге университетте соғыстан кейінгі жылдары басшылық және оқытушылық қызмет атқарған оқытушылар қатарында Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан даласында фашист басқыншыларымен қиян-кескі ұрыс жүргізген бір топ ардагерлерді де атап өту қажет. Бұл ретте университетте ұзақ жыл қызмет еткен П.Ф.Шанин, Д.В.Комарёв, А.Хизбуллин, С.Ж.Кенжебаев.

Л.А.Скопинцева, И.Ф.Назаров және т.б. есімдерін құрметпен атаймыз. Олардың қатарында бүгін арамызда жүрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сағындық Жүнісұлы Кенжебаевтың жас шағында қолына қару алып, майданда ерлік көрсетуі, жеңімпаздар қатарында елге оралып, Отанына адал қызмет етуі, бүгін де жас ұрпаққа білім беруі бізге қашанда үлгі-өнеге бола береді.

Қорыта айтқанда, университеттің 1941-1945 жылдарда қызмет еткен оқытушылары мен сол кезде Қазақ мемлекеттік шет тілдері мұғалімдер институтында оқыған студенттері, яғни университет тарихындағы алғашқы түлектер Ұлы Отан соғысындағы Кеңес халқының неміс-фашист басқыншыларымен күрестегі жеңісіне өздерінің қомақты үлесін қосып, жарқын із қалдырды. Олар тылда жүріп өздерін майдандағыдай сезінді, оқытушылар жастарды Отан қорғауға дайындап, студенттер арасында үлкен қоғамдық саяси-патриоттық тәрбие жұмыстарын жүргізді. Осының өзі-ақ олардың Отанға деген сүйіспеншілігін, өз істеріне деген жауапкершілігін айқын білдіреді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Виленский Е.Л. Наша Almamater: страницы истории (1941-2001гг.). –Алматы, КазГУМОиМЯ им.Абылай хана, 2001,–181 с.

[2] С.Ж.Кенжебаев, А.М.Иванова, П.Г.Козлов Казахскому государственному университету международных отношений и мировых языков им.Абылай хана 60 лет (1941-2001). –Алматы, Казахский государственный университет международных отношений и мировых языков им.Абылай хана, 2001,–58 с.

[3] ҚР ОМА. 1993-қор, 1-тізбе, 1а-іс, 63-п.

[4] Сонда. 50-п.

[5] ҚР ОМА. 1692-қор, 1-тізбе, 341-іс, 6-п.

[6] Виленский Е.Л. У истоков КазГУМЯ (документальный очерк). –Алматы, КазГУМЯ, 1998, –10 с.

[7] ҚР ОМА. 1993-қор, 1-тізбе, 14-іс, 25-26-п.

[8] Сонда 26-27-п.

[9] Университет архивы. 3-тізбе. 309-іс. 1-3-п.

[10] ҚР ОМА. 1692-қор, 1-тізбе, 676-іс, 69-70-п.

[11] Сонда. 661-іс, 83-п.

[12] Сонда. 749-іс, 53-п.

REFERENCES

[1] Vilensky Y.L. Our Alma mater: history pages (1941-2001). –Almaty, KazakhAbylay khan University of international relations and world languages, 2001, -181

[2] S.ZH.Kenzhebaev, A.M. Ivanova, P.G. Kozlov Kazakh State University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan 60 years (1941-2001). – Almaty, Kozlov Kazakh State University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan, 2001, - 51 p.

[3] The Republic of Kazakhstan Central State Archive. 1993- resource,1-list,1a-point, 63-p.

[4] There. 50-p.

[5] KR OMA. 1692- resource, 1-list,341-point, 6- p.

[6] Vilensky Y.L. at the origins of the Kazakh State University of World Languages (feature story). – Almaty, Kazakh State University of World Languages, 1998, -10 point

[7] KR OMA. 1993- resource, 1-list,14-point, 25-26- p.

[8] There. 26-27-p.

[9] Universityarchives. 3- list. 309-point.1-3-p.

[10] KR OMA. 1692- resource, 1-list,676-point, 69-70- p.

[11] There.661-point, 83-p.

[12] There.749-point, 53-p.

Алматинский институт иностранных языков в годы войны
(на основе архивных и документальных материалов)

Н.Т.Жанакова

КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: история, военный комиссариат, война, архив, преподаватель, Красная армия, иностранные языки

Аннотация.В статье анализируется деятельность преподавателей и сотрудников Казахского государственного учительского института иностранных языков (современного Казахского университета международных отношений и мировых языков им.Абылай хана) в годы Великой Отечественной войны, их вклад в общую победу над фашизмом на основе архивных и документальных материалов.

Поступила 20.04.2015 г.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

The etiquette of business relation

Shohaeva K.N.
shohaeva1976 @ mail.ru

Kazakh National Technical university named after K.I.Satpayev.

Key words: etiquette of relation, business language, communication international, correspondence, esthetic lows

Annotation. In this article, the author notes that language is a means of communication and that the language of the basis of speech activity. Language unites all the nation. Language and communication are one of the boundaries of the human world, which is internal. Only people able to speak. Users can access to each other by the tongue. At present, our country independent, and is known around the world as an independent state. Therefore, in order to improve the civilization of country, we must to learn foreign languages, as it is important to establish relations with foreign countries. This means that for Kazakhstan, for young people to learn English and science and economy is very necessary for development.

Without a doubt, the English language has become one of the leading languages in international business communication in modern realities. The process of globalization now covered all aspects of life in the world.

Іскерлік қарым-қатынас этикеті

Шохаева К.Н.
Қазақ Ұлттық Техникалық университеті
shohaeva1976@mail.ru

Тіректі сөздер: лингвистика, сөйлеу этикеті,эстетикалық қағидалар.

Аңдатпа. Бұл мақалада автор тіл адамдардың қарым-қатынас құралы екендігін және ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылатындығын баса айтқан. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан, еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз-қазақстандықтар үшін, жастар үшін ағылшын тілін үйрену-ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі дамыту қажеттілігін туындатып отыр.

Сөзсіз, ағылшын тілі қазіргі заманғы болмысқа, халықаралық іскерлік қарым-қатынастағы жетекші тілдердің біріне айналды. Жаһандану процесі қазіргі әлемде барлық аспектілерін қамтыған.

Әлемдік мәдениетке бетбұрған бүгінгі жаһандану кезеңіне тұспа-тұс келген тіл тағдыры әр түрлі деңгейде дамып келеді. Қай кезеңде болмасын тілдің қадір-қасиетін жоғалтпай, әрбір сөзді өз мақсатында қолданып сөйлей білу, тіл тазалаған сақтай отырып, жауапкершілікпен қарау – адамзаттың парызы.

«Тіл мәдениеті – тілдің тазалығын, тілдің ережелерге сай жұмсалуын, сөйлеуші мен оқушысының тіл жұмсау реттілігін, дұрыстығын қарастыратын ғылым. Сөз бен сөзді мағыналық және тұлғалық жағынан дұрыс тіркестіру, сөйлемді грамматикалық заңдылықтарға сәйкес әрі түсінікті, әрі тұжырымды құрау, әдеби тілдің нормаларын сақтап, белгілі бір өлшеммен, белгілі бір қалыппен жазу мен сөйлеу тіл мәдениеті саласының зерттеу міндеттерінің қатарынан саналады»

Тіл – ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа қаймағы бұзылмай жеткен асыл қазына. Тіл мүмкіндігі Қазақстанның егемендік алуымен бірге дербес ұлттық тіл ретінде қоғамның барлық саласында қанатын жайып, қолданыла бастады. Қазақ тілі – тек қарым-қатынас тілі емес, бүгінде халықаралық деңгейде іскерлік бағытта біршама мүмкіндіктерге ие болды.

Тіл мәдениетінің сапалық жүйесін қалыптастыруда ғалымдар М.Балақаев, Р.Сыздық зерттеулер жүргізіп, осы салада ғылыми тұрғыда өз үлестерін қосты. Жалпы тілші ғалымдар әдеби тіл нормасына қайшы келетін сөздерді, сөз тіркестерін қайталап, ретсіз қолдануға қарсы.

Тіл мәдениетінің тілді тұтынушылардың деңгейіне де қатысты болатынын А.Байтұрсынов былайша түсіндіреді: «Қандай құрал болса да, оның жұмсаушысы екі түрлі болмақ.Біреуі - құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескеннен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ,құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы»

Сөзді ретімен дұрыс қолдануды А.Байтұрсынов сөйлеуші адамның танымына, білімі мен өмірде жинақтаған тәжірибесімен байланыстырады: «Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіп пен қисынын, қырын, кестесін келістіріп,сөз арқылы тысқа шығару,сөз шығару болады»

Бүгінгі заман талабы білім мен қабілетті, мәдениет пен еңбекті өз ісімен көрсете алатын іскер мамандарды қажет етеді. Іскерлік қарым-қатынастың өзіне ғана тән ерекшеліктері, қалыптасқан әдеттері, тұрақталған құжаттары бар. Сонымен қатар, іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі үшін сауаттылық та өте маңызды. Белгілі бір мекемеде қызмет барысында пікірлесу, құжаттар алмасу, келіссөз жүргізу, келісім-шарт жасау, жиналыстар, дөңгелек үстел өткізу үшін іскерлік қарым-қатынас тілі маңызды рөл атқарады.

Іскерлік қарым-қатынас тілі-маманның белгі бір салаға қатысты жүйелі білімін, біліктілігін, кәсіби тіл шеберлігін қажет етеді. Маман өз ортасында әріптестерімен пікірлескенде, сәлемдесу, жұмыс барысын таныстыру, өз жұмысының жоспарын қысқаша түсіндіру барысында әдеп пен мәдениет деңгейін сақтау қажет. Нақты ұсынысты, жоспарды талқылауда басқа адамдардың көзқарастарымен санаспай, дауыс көтере сөйлеу, тек өзінің пікірін біржақты дұрыс санау іскерлік қарым-қатынаста өзара тіл табысуға да кедергі келтіреді.

Сөйлеу мәдениеті туралы өз заманында ұлы қаламгер М.Әуезов нақты дәлелмен мысалдар келтірген: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның да ала- құласы көп. Орнатқан жеріңе қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, құрайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар. ...Халық соны біліп, сөз екеш сөзді де «одағай сөз, сүйкімді сөз, сайқал сөз, салқын сөз, жылы сөз» деп, түр-түске бөліп жүр ғой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап електен өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді»

Олай болса, іскерлік қарым-қатынас тілінің маңызды ерекшелігі – әдеп пен мәдениет шеңберінде сөйлеу және басты шарты талқыланатын тақырып жөнінде жан-жақты білім қажеттілігі, нақты деректерді дәлелдеу болмақ.

Іс қағаздарын жүргізу, құжаттарды талдау, ортада, көпшілік алдында мағыналы сөйлеу, ойды жеткізудің әдіс-тәсілдері бар.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан, еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз-қазақстандықтар үшін, жастар

үшін ағылшын тілін үйрену-ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі дамыту қажеттілігін туындатып отыр. Білім-адамзат қазынасы, халықтың білімділігі-елдің байлығының ең маңызды бөлігі. Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде білім арқылы ең озық мәдениет пен дүние таным қалыптасады.

Сөйлеу әрекетінің жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттелуі тіл білімінде ХХғасырдан бастау алады.Тіл білімі үшін сөйлеу әрекетін зерттеу үлкен мәселелердің бірі екендігін швед лингвисі Фердинанд де Соссюр алғаш болып көрсеткен. Бала тілін зерттеген ғалымдар: Л.Щерба, Е.Кубрякова,Е.И.Пассов, И.Л.Бим, И.Ф.Комков, А.А.Леонтьев. И.В.Рахманов, С.Канцнельсон, Н.И.Жинкин, Г.В.Колшанский, Э.П.Шубин.т.б. Қазақстандық ғалымдар: Т.А.Аяпова, Э.Д.Сүлейменова, Ф.Ш.Оразбаева.т.б. Л.Щерба: «Сөйлеу әрекеті дегеніміз-үзіксіз үрдіс және ол сөйлеу үрдісі мен тыңдаудан тұрады»,-деген, ал Т.Аяпова:«Адам баласының сөйлеуі-баланың алғашқы сөйлеуі және тілдік ортада түсінуі, белгілі бір жағдаятқа байланысты, мақсатты, қажетті болып табылатындығын айқындайды», - деді.

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі.Сондықтан тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативтілігіне негіз болып отыр. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда берілетін.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан, еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз-қазақстандықтар үшін, жастар үшін ағылшын тілін үйрену-ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі дамыту қажеттілігін туындатып отыр. Білім-адамзат қазынасы, халықтың білімділігі-елдің байлығының ең маңызды бөлігі. Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде білім арқылы ең озық мәдениет пен дүние таным қалыптасады.

Профессор М.Балақаевтың пікірінше: «Тіліміздегі кітаби тіл элементтері, негізінен алғанда, ескі шағатай тілі мен татар тілі элементтері, араб және парсы тілінен ауысқан сөздер.»

Р.Сыздықова «Кітаби тілде жазылған шығармаларға негізінен ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін, уағыздайтын, тарихын баяндайтын аударма әдебиет пен қисса – жырларды » жатқызады да, ал сол тұстағы қазақ әдеби тілінде, оның публицистикалық стилін де, тіпті жаңа жазба әдеби тілде кітаби тілдік элементтер болса, ол діни тақырапқа жазылған қиссалар мен исламның 5 парызын түсіндірген шығармалардың әсері емес, әріден келе жатқан, бір кезде қазақтардың да ата – бабаларына ортақ болған, кейіннен ресми – эпистолярлық және іс қағаздары стилінде сақталған орта азиялық әдеби тілдің «Түркінің немесе тікелей ықпалы деп тануымыз керек» - деп көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі қазақша жазбаларда әдеби тілдің ресми – эпистолярлық стилі ғана кең дамығаны мәлім. Ғылыми – көпшілік әдебиетінің алғашқы нышаны ретінде «Шежіре» аталатын жазбалардың да некен – саяқ болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Адамзат тек табиғаттың ғана,емес қоғамның да жемісі. Сондықтан белгілі бір этностың, қоғамның, ұжымның мүшесі ретінде адамдар қоғамдасып, бір-бірімен тығыз байланыста, экономикалық, мәдени саяси, іскерлік қарым-қатынаста өмір сүреді. Адам өміріндегі осы бір алуан қырлы, күрделі қарым-қатынасты жүзеге асырудың аса маңызды бірден-бір құралы тіл екені барша жұртшылыққа мәлім.

Қазіргі кезде жұршылық арасында этикет дегенді қонақта болу, қонақ күту, театрда болу, сынық, сыпайы сөйлеу деп білетін стереотип түсінік пайда болған. Шындығында, этикет тек қана осы аталған әрекеттерді жүсеге асырудың ережесі емес, этикет – адамдардың арасындағы алуан түрлі қарым-қатынастың нормасы.

Іскерлік қарым – қатынас этикеті оның ішіндегі сөз этикетінің, адамдардың өзара қарым – қатынасын реттеп отыратынын, олардың өзара байланыс орнатуына ұйытқы болатын арнаулы қызметі болады. Сөйтіп, қоғамның, ұжымның жеке адамдардың рухани ахуалының сау – саламат болуына сөз жоқ, септігін тигізіп отырады.

Жаңадан тәуелсіздігін алып егемен ел болып жатқан осы бір кезеңде республика жұртшылығының рухани ахуалының сау болуы, қоғам мүшелері арасындағы қарым – қатынастың оң бағытты болуы - аса қажетті шарт. Республикада көптеген ұлт пен ұлыстың, халықтың өкілдері тұрады. Олардың бір-бірімен достық қарым – қатынаста болуы экономикалық, мәдени дамуға оң әсер ететіні сөзсіз. Кез – келген халықтың ғасырлар бойы салт – дәстүрлерін аяқ - асты етпей

құрметпен қарау, қоғамдасып, бірлесіп, өмір сүрудің негізгі шарты. Ұлттың, халықтың сырт көзге бірден байқалатын, мұндалап тұратын ерекшелігі ең алдымен этикеттен, сөз этикетінен көрінеді.

Белгілі сөйлеу тактикаларын дәл, белгілі коммуникативтік мақсатқа жету үшін қолдана білу – іскерлік қарым – қатынас этикетінің негізгі компоненттері бірі болып табылады.

Е.Б.Яковлева, П.С.Волошин ситуативтік концептуалдық айқынсыздық орыс тіліндегі «Іскерлік қарым – қатынас тілі» оқулықтарында тілдің басқа функционалдық түрлеріне тән емес стильдер мен жанрлардың араласып кетуіне әкеліп соқтыратындығын атап көрсетеді.

Е.Б.Яковлева, П.С.Волошиннің пікірінше арнайы мақсатқа қолданылатын тілдер:біріншіден-терминалогиясымен және басқа да сөздердің мөлшерлік ара – қатынасымен ерекшеленеді. Осыған байланысты жалпы ғылыми лексика, жалпы қолданылатын лексика мен терминдерге қарағанда іскерлік қарым – қатынас тілінде аз роль атқаратындығын атап айту керек және спецификалық емес жалпыға ортақ ауызекі сөйлеу тілінің сөздері мен сөз тіркестерінің көлемінің шамадан тыс көбеюінен оқулықтар көлемінің өсуі жиі байқалады.Басқаша айтқанда оқулықтарға іскерлік тілге онша қатысы жоқ эмпиризмдік негізде ғана құралғандықтан,іскерлік тіл соншалықты іскерлік емес.

Монологтық сөйлеу де тілдің осы регистрінде презентация түрінде көрінетіндігін атап өту керек, бірақ оның ролі аз. Сөйлеудің осы екі формасы қойылған мақсатқа сәйкес етіліп оқулықтардағы мәтіндерде көрініс табуы керек деген пікір айтады өз еңбектерінде Е.Б.Яковлева мен П.С.Волошин.

Іскерлік ағылшын және қазақ тілдері өте кең де, ауқымды ұғым екендігін есте ұғыну керек. Қолда бар оқу материалдарын алып қарағанда, одан төмендегідей подрегистрларды бөлуге болады:негіз іскерлік немесе жалпы ағылшын тілі, комерциялық ағылшын тілі, іскерлік хаттар жазу тілі.

Жаңа лексика таза ұлттық немесе басқа тілдерден енген болуы мүмкін, бірақ міндетті жаңа ұғымға сәйкес болуы керек. Себебі, жаңа технология мен әлеуметтік институттардың шеттен алынуы шындық – шынайы факт.

Іскерлік қатынас тілінің дамуы мен қызметін мәдениеттік тұрғыдан да қарастыру маңызды болып табылады. Бизнес жүргізуде жалпы ұлттық стереотиптердің элементтері өте ерекше маңыздылыққа ие болады. Себебі,олар экономикалық қарым – қатынастың дамуына әсер ете алады. Мәдениет -тіл арқылы көрінетіндігін де есте ұстаған жөн. (Тіл – мәдениеттің мұқабасы, айнасы болып табылады.Мысалы: коллегамен сөйлесу формалары). Бәрімізге белгілі атақты француз лингвисті Ш.Балли сөйлесудің нақты ситуациясында қалыптасқан сөз сөйлемшелерді таңдау кезінде коммуникативтік факторлардың айқындағыш ролін атап айтқан болатын.

REFERENCES

[1] Aitbaev U.O. The peculiarities lexico-semantiques of translation .Alma-Ata, publication Science, 133 p (in Kaz.).

[2] Ahanov K The basics of linguistics (in Kaz.).

[3] Balakaev N.B. Kazakh literary 1987 (in Kaz.).

[4] Kozhemiakina V.A. The Language of French in 18 century. The main peculiarities of business English language in early etape developpement. *AKD* Moscou 1983, 44- 50,34 (in Eng.).

[5] Amandikova G.N. Mukhtarova SH.E. The methods of learning foreign languages. Astana 2007. 260 p. (in Rus.).

[6] Jack C. Richards Interchange Intro, Student's book third edition 252 p. (in Eng.).

[7] Teaching English Language and Managing Teachers Associations: Sharing Ideas,Sharing Experiences, *Материалы VII международной научно- практическо конференции*. - Тараз. **2007**, С.350. (in Kaz.).

[8] Business language, Golovanova I (in Rus.).

[9] Kuzin F.A. The culture of business relation.*M.Tandem* **2006** (in Rus.).

[10] The psycologie of business relation, *Kiev Logos* **1999**,1-40p (in Rus.).

[11] Grosse C. ,English business communication needs of Mexican executives in a distance-learning class 67-2004.P 7-23 (in Eng.).

[12] Nickerson C. English as a language international business contexts, English for Specific Purposes 24 -2005 , P 367-380 (in Eng.).

[13] Crystal D. English as a global language.-Cambridge University Press,2003-255 p. (in Eng.).

[14] Kordabayev T.A The formation of the Kazakh language knowledge, development of roads.Almaty.Rauan,1995 (in Kaz.).

[15] Rahmanin L.V , The style of business communication and editing office documents. Moscow, High School, 1998 (in Kaz.).

[16] Matvisin V.N.Hovkun , Business French course. Kiev, Logos 1999,1-4p (in Rus.).

[17] Yakovleva E.B,Voloshin V.V ., Business language as a linguistic and cultural phenomenon. Vestnik MGU, Series 19, Linguistics, 1998, 1 82-87p. (in Rus.).

[18] Golovanova I. ., Le français des affaires

[19] Faire des affaires en français ,*Hachette* , **1997**. Paris Cedex 15p.148-14

[20] Kuzin F.A , Culture of business communication M. Tandem 2006 (in Rus.).
[21] Baeva O.S Oratory and Networking.M. Education 2003 (in Rus.).
[22] Borozdin G.V, Psychology of business communication. M. Education 2005 (in Kaz.).

ӘДЕБИЕТ

[1] Айтбаев У.А., Аударманың лексико- семантикалық мәселелері. Ресми бизнес тілі қазақ әдеби тілінің лексикалық, стилистикалық ерекшеліктері. Алма- Ата , ғылым баспасы, с.127.
[2] Аханов К., Тіл білімінің негіздері, Алматы 17-20б, 160-164б
[3] Балақаев М.Б., Қазақ әдеби тілі, Алматы, 1987, 26-36б.
[4] Кожемякина В.А. Язык французских грамот 18 века.Основные особенности делового стиля французского языка на раннем этапе развития, *АКД.Москва.***1983** № 44-№ 50, 34
[5] Амандықова Г.Н,Мұхтарова Ш.Е., Шет тілдерді үйрету әдісі.Астана 2007.206б
[6] Джек С. Ричардс,Intro алмасу .Студенттік кітап 252 үшінші басылым.
[7] Менеджмент мұғалімдер қауымдастығы:идеялар алмасу,тәжірибе алмасу, *Материал VII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы.*Тараз.**2007**.С.350
[8] Голованова И., Бизнес тілі.
[9] Кузин Ф.А., Бизнес қарым-қатынасының мәдениеті.М.Тандем 2006
[10] Киев Логос , Бизнес қатынасының психологиясы, 1999.1-40б
[11] Гросс С., Ағылшын тілі бизнес байланыс қажеттіліктерін Мексика басшылығының қашықтықта оқытуы, 67-2004.7-23б
[12] Никерсон С., Ағылшын халықаралық іскерлік байланыс тілі,Ағылшын нақты мақсаттар үшін. 24-2005-367-380б.
[13] Кристал Д., Ағылшын-жаһандық тіл. Кембридж Университеті.2003-255 б
[14] Қордабаев Т.А., Қазақ тіл білімінің қалыптасу,даму жолдары, Алматы, *Рауан*,**1995.**
[15] Рахманин Л.В., Стилистика деловой речи и редактирование служебных документов . Москва, Высшая школа,1998.
[16] Матвишин,В.Н.Ховкун, Бизнес курс французского языка. Киев, *Логос*, **1999**,1-4б.
[17] Яковлева Е.Б., Волошин В.В., Іскерлік қарым қатынас тілі лингвистикалық және мәдени құбылыс. Вестник МГУ, серия 19, Лингвистика ,1998 ,1 стр.82-87.
[18] Le français des affaires , Голованова И.
[19] Faire des affaires enfrançais ,*Hachette* ,**1997**, Paris Cedex 15p.148-14
[20] Кузин Ф.А, Іскерлік қарым қатынас мәдениеті, М. Тандем 2006
[21] Баева О.С., Сөйлеу шеберлігі және іскерлік қарым қатынас. М. Просвещение 2003
[22] Бороздина Г.В., Іскерлік қарым катынас психологиясы. М. Просвещение 2005

Этикет деловых отношений

Шохаева К.Н.
shohaeva1976@mail.ru
Казахский национальный технический университет

Ключевые слова: этикет делового общения, коммуникативная компетентность, закрепление лексики .

Аннотация. В этой статье автор отмечает, что язык является средством общения и то, что язык основа речевой деятельности. Язык сближает нации. Язык и коммуникация является одним из границ человеческого мира, который является внутренним. Только люди способны говорить. Люди могут получить доступ друг к другу с помощью языка. В настоящее время наша страна независима, и известен всему миру в качестве независимого государства. Таким образом, в целях улучшения цивилизации страны необходимо изучать иностранные языки, так как важно наладить отношения с зарубежными странами. Это означает, что для Казахстана, для молодых людей выучить английский язык и науку, экономику вызывает необходимость дальнейшего развития бизнеса.

Без сомнения, английский язык стал одним из ведущих языков в сфере международной деловой коммуникации в современной реалии. Процесс глобализации охвативший сегодня все сферы жизни во всем мире.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 78(574)09

Personality marked with a distinct ethnic hearing

A.Zh. Kaztuganova
zhasaganbergen@mail.ru
M.O.Auezov Institute of Literature and Art., Almaty

Key words: singer, composer, ethnic hearing, kui, orchestra.

Abstract. The article describes some issues of formation of personal qualities and spheres of activities of N.Tlendiev, that have been determined through ethnicity hearing. The range of issues include the analysis of performing and composing activities, stage behavior, as well as innovative performance style, introduced by the famous kuishi into Kazakh music.

УДК 78(574)09

Ерекше этникалық есту қабілет дарыған тұлға
(Н.Тілендиевтің туылғанына 90 жыл)

А.Ж. Қазтуғанова
zhasaganbergen@mail.ru
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ.,

Тірек сөздер: орындаушы, композитор, этникалық есту қабілеті, күй, оркестр.

Аннотация. Мақалада Н.Тілендиевтің этникалық есту қабілеті арқылы анықталған жеке тұлғалық қасиеттері мен қызметтеріне қатысты кейбір мәселелер қарастырылған. Бұл мәселелердің шеңберінде атақты күйшінің орындаушылық және композиторлық қызметі, сахнадағы тұлғасы, сондай-ақ қазақ музыкасына енгізген орындаушылық стиль жаңашылдығы сараланған.

«Мен білемін сендер мені сүйетіндеріңді,
бірақ мен сендерді одан да қатты сүйемін»
Нұрғиса Тілендиев

Уақыт өткен сайын бұл жолдарды шынайы сезініп, ақиқат екендігіне көз жеткіземіз. Тек үлкен сүйіспеншілікпен жасалған құндылықтар мәңгі сақталып, өміршеңдігінмен ерекшеленеді. Нұрғиса Тілендиевтің халыққа деген үлкен махаббаты, біріншіден алуан түрлі жанрда шығарған туындыларының бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай орындалатындығынан және тыңдалатындығынан көреміз. Ал, екеншіден өзі құрған «Отырар сазы» оркестрінің ұжымы қарқынды дамып, оны жоқтатпай белсенді қызмет атқарып келетіндігінен байқаймыз. Сондай-ақ оның сүйіспеншілігін қызметтес болған адамдардың жақсы пікірлері мен ыстық лебіздері аңғартады.

Нұрғиса Тілендиевтің (1925-1998) шығармашылық ауқымы өте кең: көпшілікке арналған әннен бастап кәсіби тыңдармандарға бағытталған күрделі операға дейін, аспаптық өнерде домбыра күйінен бастап оркестрлік туындыны қамтиды. Оның шығармашылығы мен қалдырған мұрасы тек музыкатанушылардың ғана емес, сондай-ақ тәжірибелік ізденістер жүргізген орындаушылардың, ғылыммен тұрақты түрде айналысқан әдебиетшілердің, деректі фильм немесе көпшілік үшін арнайы жазатын газет-журналдар тілшілерінің назарына алынған. Әрине шығарылған еңбектерге, қорғалған диссертацияларға, түсірілген бейнебаяндар мен деректі фильмдерге және олардың авторларына (бұл ретте ірі тұлғалардың тарапынан биік бағаланғанын ескеру қажет[1]) қарап Нұрғиса Тілендиевтің өмірі

[1] Ол туралы шығарылған кітаптардың аталуынан, яғни: «Қаһарман – Нұрғиса», «Ғасыр сазын тербеткен» жеке мақалалардан: Д.Қонаевтың «Туа біткен дарын», Л.Измаилова, А.Мухамбетова «Зрелость таланта», Ж.Кәрменов «Менің

мен шығармашылығының қыр-сырлары ашылған сияқты болып көрінеді. Себебі барлығының көз алдында Нұрғисаның соңғы жылдарындағы бақытты бейнесі қалған. Осыған қарап бұл бақытқа ол еш қиындықсыз жеткен сияқты болып көрінеді. Дегенмен 1930-40 жылдардағы қуғын-сүргін заманында өмірі қалай өткені, сұрапыл соғыс жылдарында майданға аттанған кезі мен ауыр жарақаттанып өлім аузынан қалай аман қалғаны немесе соғыстан кейінгі, репрессияның екінші толқыны болған кездегі уақыты жабулы күйінде тұр. Өмірінің көлеңкеде қалған тұстарын көзі тірісі кезінде баспасөз беттерінде жарияланған Нұрғисаның берген сұхбаттары (қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шыққан), шығармаларының шығу тарихы туралы жазылған қысқа мақалалары, замандастары мен әріптестерінің естеліктері арқылы қалпына келтіруге болады[1]. Бұл мәселе ғылыми мақаланың шектеулі ауқымына сыймағандықтан келешекте іргелі еңбек ретінде ізденістерді талап етеді. Сондықтан мақалада Н.Тілендиевтің этникалық есту қабілетіне қатысты кейбір мәселелерге тоқталамыз.

Нұрғиса шығармаларының көпшілікке танымалдылық алып, халықтық туындыға айналып, ғасырдан ғасырға көшіп, өзектілігін жоғалтпауының сыры неде деген сауал туады. Бұл сұраққа оның дәстүрлі дала мектебі[2] мен кәсіби қала мектебін[3] қатар алып жүргендігінен деп жауап беруге болады. Себебі бұл екеуін өз шығармашылығында тікелей пайдалану арқылы ол шеберлігін, біліктілігін және сүйіспеншілігін көрсете алды. Бұл ретте оның дала мектебінен – этникалық есту қабілетінің беріктігі болса, қала мектебінен – кәсіби білімінің тереңдігі байқалады. Этникалық есту қабілетінің беріктігін айтқанда И.Земцовскийдің «этнослух» мәселесіне қатысты айтқан жолдары ойға оралады: *«... становление слуха – процесс не односторонний: мы развиваем наш слух (и все наше окружение, так или иначе, сознательно и бессознательно, участвует в этом развитии), но и он, этот слух, развивает и создает нашу личность»* [2, 6 б.] – деген. Бұл ретте И.Земцовский адамның есту қабілетінің антропологиясында тыңдау (немесе есту қабілеті) мен мінез-құлқының, танымы мен сөйлеген сөзінің біртұтас екенін баяндайды. Осыған байланысты ғалымның біртұтасқа енетін тараптарын негізге алып Н.Тілендиевтің бойындағы қабілеттері мен қызметтеріне келтіріп көруді жөн көрдік: тыңдау арқылы ол дәстүрлі музыканы бойына сіңіре алды және орындаушы ретінде атадан қалған мұраны жеткізді; қай жерде және қай кезде болмасын (сахнада, қызметте, демалу барысында, отбасында және т.б.) өзін-өзі сал-серілерге тән еркін ұстау мінез-құлқын тәрбиелей алды және сол мінезінің арқасында істеген ісінен нәтиже шығарып, биік жетістіктерге жете білді; танымы арқылы сарқылмас музыкалық қазына қалдырып, тыңдармандардың жүрегінен орнын тапты, сөйлеген сөзі арқылы көпшілікпен тіл табысып, этнографиялық оркестр құрып, оны халықаралық деңгейдегі байқауларға қатыстырып, ұлттық мұраны насихаттады.

И.Земцовский белгілеген адамның есту қабілетінің антропологиясындағы біртұтастық	**Н.Тілендиевтің этникалық есту қабілеті арқылы қалыптасқан қасиеттері мен қызметі**
тыңдау (немесе есту қабілеті)	орындаушылық мұраны жеткізгені
мінез-құлқы	сал-серілерге тән еркін тұлға ретінде қалыптасты
таным	композитор ретінде төл туындыларын қалдырды
сөйлеген сөзі	ұйымдастырушылық қызметі арқылы оркестр құрды

пірім – Нұрғиса», М.Әлімбаев «Жарқынсың жұлдызындай жаңа жаққан», Қ.Мырза Әли «Құбылыс», М.Қаратаев «Толғаныстан толғаныс», Р.Бердібаев «Ғасырлар сазы», К.Нақып «Аңызға айналған азамат» және т.б. байқалады.

[1] Қаһарман – Нұрғиса: очерктер, поэмалар, эсселер, өлең-жырлар / Құраст. С.Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 1999. – 352 б.; Ғасыр сазын тербеткен: Нұрғиса Тілендиев туралы естеліктер / Құраст. С.Әбдірайымов, Ж.Шәкәрім, Д.Тілендікеліні, Б.Иса. – Алматы: Білім, 2007. – 280 б.; Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы: ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш / ҚР Ұлттық кітапханасы құраст. Д.Ә.Қыстаубаева, Ш.Б.Үсенбаева. – Алматы, 2015. – 217 б.

[2] Нұрғисаның әкесі Тіленді белгілі күйші Жетісу өңірінің күйшілік дәстүрінің негізін қалаған Байсеркемен талай күй-тартысқа түскен, ал анасы Салиха әйгілі Кенен Әзірбаевтың тәтесі, гармоньмен ән салған екен. Ол өмірінің соңына дейін анасының гармон аспабын көзінің қарашығындай сақтаған. Нұрғиса жастайынан өзінің әкесі мен анасынан басқа дәстүрлі өнердің ірі өкілдерімен кездесіп, өнер алмасқан. Соның біріне тоқталып өтсек, 1938 жылы Нұрғиса академик Ахмет Жұбановтың қолынан домбыраны сыйға алғаннан кейін, сол жылдың күзінде ол жыр алыбы Жамбыл және бір топ өнерпаздармен жүздеседі, бұл туралы Н.Тілендиев: *«Жәкең бізге аталас, жақын кісі. Өнер жиыны өтіп жатқан тұста әкем Тілендінің туған інісі Тілегеннің әйелі қыз туып, шілдехана қуанышына құтты болсын айтуға, қасына бір топ өнерпаз ақындар Кенен, Иса, Умбетәлі, Шашубайды ертіп Жамбыл ата біздің үйге келді.*

Үлкендер енді бір кезекте маған күй тартқызып қызықтады. Мен әу баста қысылып абдырап қалдым да жұрттың «ұялма, сал барыңды» деген кеу-кеуімен, Жәкеңнің өзінің Бекболат батыр көтерілісі туралы шығарған дауылды «Ұран» күйін соқтыра жөнелдім. Бәрі сілтідей тынып тыңдай қалыпты, күй біте «ау, бәрекелді», тағы да тарт десті. Енді Тәттімбет, Құрманғазы күйлерін, Жәкеңнің «Ой, дүние-ай» күйін тартып бердім» [1, 361 бет] – деген.

[3] Нұрғиса Тілендиев 1949-50 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында, ал 1950-52 жылдар аралығында Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетінде профессор Н.П.Аносовтың класында оқиды.

Нұрғиса Тілендиевтің шебер импровизатор, суырып-салма өнерін жетік меңгергендігі туралы жиі атылғанымен, оның орындаушылық шеберлігі үнемі ұмытылып кетеді. Нұрғиса Тілендиев фолькорлық халық күйлерден бастап өзіне дейінгі күйшілердің шығармаларын бұлжытпай жеткізген және олардың түпнұсқасы мен авторларының сақталуына үлкен жауапкершілікпен қараған күйші. Бұл ретте Нұрғиса Тілендиевтің есте сақтау қабілетімен қатар, күйлерге жауапкершілікпен қарағандығы кәсіби біліктілігінің арқасы дейміз. Ол, халық күйі «Ақсақ құлан» (II нұсқасы), Байсеркенің күйі «Жекпе-жек», әкесі Тілендінің күйі «Арман», Жамбылдың күйі «Ой, дүние-ай», Қатшыбайдың күйі «Баламишка», Темірбектің күйлері «Жетім бала», «Шернияз» және т.б. жеткізген. Қазіргі кезде бұл күйлердің тең жартысы Нұрғиса Тілендиевтің күйлері ретінде айтылып жүр. Нақты айтсақ концерттік бағдарламалар мен Мемлекеттік тапсырыспен жарыққа шыққан «Қазақтың 1000 күйі» (2010) 41 CD топтамасының 35-ші дискте «Жекпе-жек», «Баламишка» Н.Тілендиевтің авторлығымен берілген. Ал Е.Тұңғышұлының «Атадан мұра» жинағында бұл күйлерді жеткізген орындаушы ретінде көрсетілген, тіпті, оның үстіне бұл кітаптың алғы сөзін Н.Тілендиевтің өзі жазған екен [3]. Мұнда дәулескер күйшінің дүниеден өткеніне 20 жыл толмай-ақ, көзін көрген адамдардың бар болғанына қарамай-ақ келеңсіз жағдайлар болып жатқанын көреміз. Мұндай түсінбестіктер келешек ұрпақты шатастырып, Нұрағаң туралы бұрыс пікірді қалыптастыруы мүмкін. Біздің ойымызша Н.Тілендиевті күйші-композитор деп атауға өзінің күйлерінің саны да, сапасы да жеткілікті, сондықтан Н.Тілендиев жеткізген күйлерді оның төл туындылары ретінде қарастырудың қажеті жоқ деп білеміз.

Оның сал-серілерге тән өзін еркін ұстау мінез-құлқы туралы айтқанда бірден көз алдымызға сахнадағы дирижерлік келбеті елестейді. Ол дирижер ретінде жеке орындаушы мен оркестрді ғана емес, сонымен қатар тыңдармандарды да, яғни бүкіл залды өзіне қаратып, «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстайтын. Оның концерттерін талай жүргізген П.Аравин, сахнадағы жүріс-тұрысы туралы: *«...Поведение его порой было неординарным, не академичным. Он мог на какое-то время вообще перестать дирижировать, и только строгий, иногда лукавый, а чаще призывный взгляд на ту или иную группу оркестра, на того или другого солиста говорил о его постоянном контроле над ситуацией...*

Его коронный, ярко театральный прием: в середине произведения, перед репризой, повернуться к оркестру спиной, как бы давая музыкантам полную свободу исполнительского творчества, и изящными пасами руки то назад к оркестру, то в публику создавать удивительный эффект сомыслия, соучастия, сотворчества для всех, находящихся и на сцене, и в зале, и музыкантов, и слушателей. А когда он солировал на домбре свои виртуозные импровизации, то умел нагнетать такое напряжение ожидания, что вступление оркестра по энергичному взмаху его руки казалось взрывом эмоций, прорывом чувства радости, вдохновения, и публика с восторгом отзывалась шквалом аплодисментов» [4, 12 б.] – деп, концерттегі шығармашылық үрдіске тыңдармандардың атсалысып, қатысуына мүмкіндік сыйлайтындығын дәл тауып айтқан.

Қазақтың музыка мәдениетіне Нұрғиса Тілендиев композитор ретінде өлшеусіз үлес қосты. Оның жүрегінен шыққан төрт жүз әні бір емес, екі ғылыми зерттеменің, яғни кандидатық диссертациялардың нысаны ретінде алынып, жан-жақты сараланды[1]. Ал оның қалған туындылары, яғни «Достық жолы» балеті, «Ортеке» балет-поэмасы, «Алтын таулар» операсы (Қ.Қожамияровпен бірлесіп жазған), «Қайратты Отырар сазы», «Көңілді бикеш» увертюралары, «Бостандық таңы», «Ордабасы», «Жеңіс салтанаты», «Махамбет» күй поэмалары, сондай-ақ, 19 көркем фильмге («Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым – Қожа», «Құлагер» т. б.), 20-дан астам драмалық спектакльдерге (М.Әуезовтың «Қаракөз», «Абай», Ш.Айтматовтың «Жәмилә» т.б.), 17 мультфильмге («Қарлығаштың күйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Қырық өтірік» т. б.), деректі фильмге («Академик Сәтбаев», «Ыбырай Алтынсарин» т. б.) шығарған музыкасы мен жеке домбыраға арналған күйлері жаңа ғылыми ізденістерге жетелейді. Осыған қарап бұл шығармалар мемлекеттің қабылдаған жаңа оқу жүйесі бойынша жазылатын тек магистрлік қана емес, Phd докторлық диссертация жұмыстарына негіз бола алады.

Мәселен, Нұрғисаның музыкалық танымындағы өте бай дыбыстық қордың өзіне жеке зерттемені арнауға болады. Өйткені, оның шығармаларында көрініс тапқан құстардың бейнеленуін: алуан түрлі әндерінде шырқалуын, дауыспен еліктеуін («Ақ шағала», «Бозторғай», «Құстар әні» және т.б.), күйлері мен оркестрлік партияларда құстың самғап ұшуы мен дауысын аспаппен келтіруін, немесе конофильмдердегі («Қыз Жібек») және мультфильмдердегі («Қарлығаштың құйрығы неге айыр») үзінділерде құстарға байланысты жасалған әдіс-тәсілдердің қолданылуын салыстырмалы талдасақ

[1] Айтуарова А. Народные традиции в массовой музыке Казахстана: (На прим. творчества Н.Тлендиева). Автореф. дис. … к.иск. – Ташкент, 1993. – 26 с.; Искакова Г.Н. Национальные истоки песенного творчества Н.Тілендиева. Автореф. дис. … к.иск. – Алматы, 2010. – 27 с.

этникалық есту қабілеті арқылы қабылданған музыкамен бейнелеу әлемінің маңызды құпияларын ашамыз. Сондай-ақ домбыра күйлердегі аттың жүрісі, шабысы, кісінеуі, мысалы «Ата толғауы» күйінің алғашқы тактілерінде естілетін алыстан келе жатқанын Жамбылдың мінген атының жүрісі суреттелуін, «Махамбетте» аттардың адуынды шабысының бейнеленуін, «Бандыны қуған Хамит» кинофильміндегі немесе «Ақсақ құлан» мультфильміндегі аттар түскен көріністің көркемделуін саралағанда ой-өрісінің ұшаң-теңіз танымын аңғарамыз. Осыған байланысты Нұрғиса этникалық есту қабілеті арқылы аздың астарынан көпті көре білгендігі анық[1]. Ойымызды дәлелдеу үшін И.Земцовскийдің тағы бір пікірін келтіре кетеміз: «*Иметь этнослух означает иметь способность за немногим слышать многое, то есть иметь, так сказать, богатое культурное слуховое воображение. Этнослух делает музыку культурно значимой для нас – в меру нашей собственной культурности, то есть нашей способности проникновения в культуру (свою или чужую) вообще*» [2, 8 бет].

Нұрғиса Тілендиев сөйлеген сөзінің нәтижесінде «Отырар сазы» атты этнографиялық оркестр құрып, қалыптастырды десек, бұрыс айтқан болмаспыз. Дегенмен бұл мәселеге арналған еңбектер болғандықтан, этникалық есту қабілеті арқылы оркестрге енгізген жаңашылдығына тоқталғанды жөн көрдік. Ол қазақтың музыкалық дүниетанымына жат болған оркестрге ұлттық аспаптармен қатар, оркестрлік орындаудың тембрлік бояу ауқымдылығына домбыра күйлеріне тән құрылымдық, драматургиялық, ырғақтық, интонациялық ерекшеліктерді пайдалану арқылы жаңа орындаушылық стильді енгізді. Яғни жеке орындаушының суырып-салма дәстүрін еркін көрсете алатын бөліммен оркестрдің қатал заңдылыққа бағынатын бөлімін ұштастырған. Бұл тұрғыдан алғанда да, Н.Тілендиевтің дала мен қала мектебінің әсері аңғарылады.

Жаңа орындаушылық стильде шығарған күйінің біріне «Әлқисса» жатады. Осы күйдің жеке орындаудағы нұсқасын талдау арқылы қалыптастырған орындаушылық стиль жаңашылдығын белгілейміз.

«Әлқисса» күйі ашық ішектен тұрақты «соль-ре[1]» дыбысына секірмеден басталады. Бұл бастаманы күйдің құлақ бұрау дейміз, себебі ол күйдің басында, негізгі әуені мен тараулардың арасында және күйдің соңында кездеседі. Суырып-салма дәстүріндегі тараудың негізгі әуендік желісі төменгі қағыспен «ре» ішегінде өрбиді. «Соль» ішегінде тізбелектеле өрілген әуен жоғарыдағы «соль[1]» дыбысына тұрақталып, қасындағы «ля[1]» дыбысына тоқталып кері қайтады. Әуеннің төмен қарай қайтар бағытында мажор мен минор жүйесінің ұштасқаны аңғарылады. Осы тараудан кейін оркестрмен орындалатын тұрақты тарау тұңғыш рет жеке орындауда өтеді. Мұнда композитор есте қалатын қысқа әуенмен қайырады. Бұл ретте терцияның маңызы алдыға шығады: терциялық екідауыстылық, терция ауқымында өрбіген интонация, терциялық секірме т.с.с. пайдалану арқылы негізгі әуенге келеді.

Екінші суырып-салма дәстүріне негізделген тарау көне күйлерге тән бурдон «ре» дыбысы – ашық ішегінің алынуымен ерекшеленеді. Техникалық шеберлікті танытатын бұл тарау алдыңғыдан қарағанда ұзақтығы ыдыратылған: бірінші тарауда сегіздіктер болса, мұнда он алтылықтарға көшкен. Осы арқылы бұл тараудың екпіні жылдамдықты береді. Осы адуындылықпен күйдің шарықтау шегіне жетіп, оркестрлік әлқиссаға ұласады. Күйдің соңында жеке орындаушы мен оркестр бірігіп, үйлесімді жалғаса, бірге аяқталады.

Н.Тілендиев «Әлқисса» күйін шерткендегі суырып-салма тараулары бірін-бірі қайталамайды. Яғни ол әрбір концертке шыққан сайын оның суырып салма тараулары жаңарып, дамып, өзгеріп тұрған. Сондықтан қазір оның архив қорларында сақталған концерттік орындауларын қағазға, яғни нотаға түсіру қажет, сонда біз бір күйдің бірнеше нұсқасын алуымыз мүмкін. Сол арқылы біз келешек ұрпаққа дәулескер күйшінің суырып-салма шеберлігін насихаттаумен қатар, күйлерінің нұсқалық түрін дәлелдей аламыз.

Н.Тілендиев осы «Әлқисса» күйін шерткенде суырып-салма дәстүрін өзі жиі пайдаланғандықтан, соңғы кездері жас күйшілер де оның ізін жалғастырып өздерінің суырып-салма өнерлерін көрсетумен қатар, қиянат келтіріп жүргендерін де байқаймыз. Бұл күйге Н.Тілендиев өзі шертіп жүрген нақты құрылымнан ауытқып, жаңа тарауларды қосып жүргендері де бар. Дәлірек айтқанда күйдің соңына қарай «ре» ішегінде өрбитін және сол төменгі «ре» дыбысынан түсетін тараудың қосылғаны байқалып келеді. Егер Нұрғиса «ре» ішегіндегі тарауды қажетсінде өзі қосар еді, өйткені оның композиторлық қабілеті де, орындаушылық шеберлігі де, мүмкіндік берген. Ал қазір оның көзі кеткеннен кейін өзі

[1] И.Земцовский адамның есту қабілетінің қалыптасуы мен тәрбиеленуінің бірнеше факторын белгілейді. Оның теориясының негізінде Н.Тілендиевтің есту қабілетіне байланысты жаңа мәселелердің басы ашылады. Дегенмен ол жеке зерттемені талап етеді. Нұрғиса Тілендиевтің есту қабілеті Б.Асафьевтің «Слух Глинки», Н.Тифтикидидің «Слух Затаевича», Е.Назайкинскийдің «Слух Асафьева» сынды еңбектерге тән келешекте зерттеменің жазылуына негіз салады.

қоспаған тарауды қазіргі жастар қосып, Н.Тілендиевке «соавтор» болудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Сосын жоғарыда айтылып өткендей Н.Тілендиев даламен қатар, қала мектебінде білім алғандықтан ол жазбаша дәстүрдегі кәсіби композиторлардың құрамына кіреді. Ал жазбаша дәстүрдегі кәсіби композиторлардың шығармаларына ешкім өзгешелік енгізе алмайды, мысалы шетелде орындаушылар дыбыс емес, дыбыс бояуын өзгерткені үшін жауапкершілікке тартылады.

Осыған ұқсас жағдайларды, соңғы кездері күй-тартыс[1] үрдісінде кездесеміз. Н.Тілендиевтің күйлері күй-тартыс үстінде түрлі өзгеріске ұшырап жатады. Оның себебін бір жағынан түсінуге де болады, өйткені біріншіден шығармашылық үрдіс деп қарастырсақ, екіншіден Нұрғисаның өзі импровизацияны еркін пайдаланған. Дегенмен күй-тартыс барысында авторлық туындыны қолданған жағдайда композитордың түпнұсқасынан ауытқуға болмайды. Себебі Б.Аманов айтқандай күй-тартыс түрлерінің өз талабы бар[2]. Қазіргі кезде орындаушылық шеберлікті көрсету күй-тартысы кең таралған. Мұнда күйшілер дәстүрлі күйші-композиторлардың туындыларын орындау арқылы өз шеберліктерін танытады. Бұл ретте есте сақтауы мен техниканың меңгерілуі сыналады, ал авторлық туындыға импровизация жасап, өзгешелік енгізу құқығы берілмеген, сондықтар күйшілер анық білуі тиіс күй-тартыстың қай түрі бойынша сайысқа түсетіндерін.

Мақаланы қорытындылай келе, саралау арқылы анықталған тұжырымдарды ұсынамыз:

1. Н.Тілендиевтің шығармашылығы мен музыкалық мұрасы туралы көптеген басылымдар мен зерттемелер жазылған. Олардың көлемі әйгілі күйшінің өмірі мен шығармашылығының қыр-сырлары ашылғандығы сияқты пікір қалыптастырады. Алайда оның өмірінің кейбір тұстары көлеңкеде қалған және шығармашылығы әлі күнге дейін толық зерттелмегені аңғарылды. Н.Тілендиевтің өмірі мен толық шығармашылығы келешекте ғылыми тұрғыдан игеріліп, құжаттық және деректемелік тараптардан дәлелденіп, жеке монографиялық еңбек ретінде жазылуы тиіс.

2. Н.Тілендиевтің тұлға ретінде қалыптасуында бір жағынан этникалық есту қабілетінің беріктігі септігін тигізсе, екінші жағынан – кәсіби білімінің тереңдігі негіз болған. Оның шығармашылығының қандай да бір бағыты, яғни орындаушылық, композиторлық, дирижерлік немесе ұйымдастырушылық тарапынан алғанда этникалық есту қабілеті арқылы және кәсіби біліктілігі зор міндет атқарғаны анықталды. Ал музыкалық шығармаларында суреттеген бейнелік танымының бай өрісі, тақырыптық желісінің кең шеңбері, қолданған музыкалық әдіс-тәсілдерінің алуан түрлі ерекшелігі және зерттеу нысанына алынбаған аспаптық күйлерімен қатар, күрделі туындылары келешекте жаңа ізденістерге жетелейді.

3. Бүгін Нұрғисаның қазақтың музыкасына қосқан үлесі Жамбылдың алыптығымен байланысты (ассоциациялық түрде) ойға оралады. Нұрғисаның Жамбылмен өмірінде бірнеше рет кездесіп, бата алып, ақылын ескергені[3], Жамбылдың күйлерін жеткізгені, Жамбылға арнап «Ата толғауы» атты күйінің шығарғаны, концерттерінде Жамбылдың есімін атап өткені, үнемі Жамбылдың мұражайына барратындығы, дүниеден озар алдында Жамбылдың басына барып құран оқытқаны, бақилық болғанда Жамбылдың қасынан топырақтың бұйырғаны кездейсоқ емес, дейміз. Осы тұрғыдан алғанда Жамбылдың алыптығы Нұрғиса Тілендиевтің қалыптасуы мен дамуына септігін тигізіп, оның орындаушылық шығармашылы, композиторлық мұрасы, мінез-құлқы мен ұйымдастырушылық қызметі, танымы, есту қабілеті, тіпті сөз құдіретін ұғу тарапынан алғанда да алыптығын аңғарамыз. Нұрғиса мен Жамбылдың этникалық есту қабілеттері бір арнадан нәр алып, халқына үлкен сүйіспеншілікпен қызмет атқарғандарына, теңдесі жоқ мұра қалдырғандарына, ұлттық музыкаға қосқан маңызды үлестеріне қарап алаштың алыптары дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Тілендиев Н. Қасиетті домбыра // Дастан ата. Жамбыл Жабаев туралы естеліктер. – Алматы, 1989. – Б.161-162.
[2] Земцовский И. Апология слуха // Музыкальная Академия. №1. 2002. – С.1-12.
[3] Тұңғышұлы Е.Т. Атадан мұра. – Алматы: Санат, 1999. – 160 б.

[1] Соңғы кездері атадан қалған күй-тартыс дәстүрі қайтта жаңғырып, оның үстіне жаңашылдық құрылымда жүзеге асырылуы белең алып келеді. Атап айтатын болсақ, дәстүрліге – екі күйшінің күй-тартысы, ұлттық өкілдер күй-тартысы, жаңашылдық құрылымда күйші мен оркестр, оркестр мен оркестр және т.б.

[2] Б.Аманов күй-тартыстың үш түрін белгілейді: 1. орындаушылық шеберлік бойынша күй-тартыс; 2. композиторлық өнерді танытатын күй-тартыс, 3. мнемотехника арқылы есте сақтау қабілеті мен композиторлық шеберлік көрсетілетін күй-тартыс [5]. Бұл түрлердің ешқайсысында композиторлық күйге импровизация жасау деген құқық берілмеген.

[3] Н.Тілендиен Жамбыл Жабаевті бірнеше рет көрген. Бірінші рет 1938 жылы, ал соңғы рет соғысқа аттанарда анасы Салихамен барып батасын алған екен. Бірінші рет кездескенде берген батасы туралы Н.Тілендиев: «Жарығым, домбыраңды сақта. Қазақтың қара домбырасының тарихы, қуанышы мен мұң-зары, өнері сиып кеткен. Соны ыждағатпен ұқыпты үйрене білсең, осы домбыра халқыңа көп нәрсе айтып берер» [1, 362 б.] деп еңкейіп, маңдайынан сүйгенін баяндаған.

[4] Аравин П. Гений XX века: Нургиса Тлендиев // Казахстанская правда. 01.04.2015.
[5] Аманов Б. Тартыс – инструментальные состязание // Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы, 2002. – С. 153-167.

Личность, отмеченная особым этническим слухом

А.Ж. Казтуганова
zhasaganbergen@mail.ru
Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, г.Алматы

Ключевые слова: исполнитель, композитор, этнический слух, кюй, оркестр.
Аннотация. В статье раскрываются некоторые проблемы становления личностных качеств и сфер деятельности Н.Тлендиева, которые определились через этнический слух. В кругу проблем анализируются исполнительская и композиторская деятельность, сценическое поведение, а также новаторский исполнительский стиль, привнесенные в казахскую музыку знаменитым кюйши.

Сведения об авторе
Казтуганова Айнур Жасанбергеновна – кандидат искусствоведения, Старший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

About translation into russian of the novel “The shot on the mountain pass” by M. Auezov

L. J. Musaly
Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
mj_laila@mail.ru

Keywords: starting language, translation language, translator, national character.
Abstract. The article deals with a Russian translation of the novel «The Shot on the Mountain Pass» by M.Auezov. In particular, the author examines the particular translation of landscapes found in the original text, the Russian language, and provide adequate and inadequate translations. Using the comparative method of original and translated texts, the author finds several inconsistencies which are contrary to the basic requirements for the literary translation.

Studying the state of the problem of the adequacy of the Kazakh-Russian translation of the novel «The Shot on the Mountain Pass» by M. Auezov, concludes that in this translation were not transferred to the full and adequate as the basic idea, its originality and national character of the original text.

УДК 82:821

О переводе на русский язык повести М. Ауэзова «История на перевале Караш-Караш»

Л. Ж. Мусалы
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
mj_laila@mail.ru

Ключевые слова: язык оригинала, переводимый язык, переводчик, национальный колорит.
Аннотация. В статье рассматривается перевод на русский язык повести М. Ауэзова «История на перевале Караш-Караш». В частности, автор рассматривает особенности перевода пейзажей, встречающихся в оригинальном тексте, на русский язык и выделяет адекватные и неадекватные переводы. Используя сравнительно-сопоставительный метод оригинального и переводного текста, автор находит несколько несоответствий, которые противоречат основным требованиям, предъявляемых при художественном переводе.

Изучая состояние проблемы адекватности казахско-русского перевода повести М. Ауэзова «Караш-Караш», делает вывод о том, что в данном переводе не были переданы в полной и адекватной мере основная идея, его оригинальность и национальный колорит оригинального текста.

М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің көркемдік әлемінде пейзаждың атқаратын қызметі өте зор. Табиғат пен адам арақатынасын үйлесімділікте, үндестікте пайымдау – жазушының шығармашылық өнерінің ғана емес, философиясының ой-тұғыры. «Қараш-Қараш оқиғасының» көркемдік жүйесінде адам өмірі тұтасымен және толықтай айналадағы табиғи ортамен тығыз бірлікте суреттеледі.

Мұхтар Әуезов шығармаларындағы пейзаждық суреттемелердің орыс тіліне түпнұсқаға сай аударылуының мынадай мәдени-танымдық қызметтері бар. Біріншіден, пейзаждық суреттемелердің орыс тіліне тәржімалануы қазақ жеріндегі бай, көркем табиғатты өзге ұлт өкілінің көз алдына тосады, тосын бейне тудырып, жаңа қабылдау түйсігінің пайда болуына әкеледі. Екіншіден, түпнұсқадағы көркем ойды бұзбай-жармай, тұтастай жеткізуді мақсат тұтқан аудармашы оны өзге тілге тең деңгейлі етіп жеткізу үшін тілдің бар құнарын сүзгіден өткізіп, талғап-таңдайды. Бұл аудармашының қырағылық қасиетінің жетілуіне, дамуына жол ашпақ. Қысқасы, табиғат көркін екінші тілге сол халықтың талабына сай, тіпті таңғаларлықтай деңгейде жеткізу сол шығармашы оқитын адамға да, сол шығарманы аударушының өзіне де екі жақты пайда әкелмек. Демек, ғалым, профессор С.Абдрахманов айтқандай, «Өркениет пен өркениеттің, халық пен халықтың танысуы, табысуы адамның адаммен танысуы, табысуы сияқты. Олар бір-бірімен танысуы үшін бір-бірінен ортақ белгілер табуы керек, ал сол таныстық ұзағынан болуы үшін олар бір-бірінен өзінен таппайтын нәрселерді де табуы керек».

Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повестін туындының аударма нұсқасымен салыстырып талдау арқылы ондағы ұлттық ерекшеліктердің бейнеленуіне, авторлық көзқарастың берілуіне назар аударып көрейік. Түпнұсқада Рысқұлдың аң аулап жүргеніндегі тау келбеті төмендегідей түрде беріледі:

«Алдында үлкен құздың арғы беті ғана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған шұңқырайып, тереңдеп барады; ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте ешнәрсе көрінбейді.

Буалдыр күңгірт күздің кәзіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай. Бұғады да ақырын ғана қыбырлайды. Дәл ернеуге жақындап келді. Бір тастың иығына жабыса бұғып, баспалап қарады. Бұрын талай замандар шығып, үйге талшық қылмақ болып көп іздегенде, ату жерге анықтап кез келе қоймайтын арқардың бүгін орайы келердей. Дәл тамағының астындағы бір жеке шошақ басында үш арқар секіп тұр екен. Бұлар арғы беттен бірдемеден үркіп қашып келген тәрізді. Еліріп, көз-құлағын сол жаққа қарай қадап, қарауылдап тұр. Бірі құлжа, екеуі ешкі».

Аудармашы Пантиелев осы көріністі былай аударады:

«На той стороне котловины, на дикой крутизне, - никого. Все мертво, ничто не шелохнется, не шевельнется. Безглазая немая пустыня...Сколько раз Бахтыгул бесплодно рыскал здесь, ползал, исцарапанный, изодранный каменными когтями, и рад был, что возвращался целым, невредимым! Теперь он не мог уйти с пустыми руками. Ныне его доля – камень и тот переупрямить.

Небо угрюмо и серо, как камни вокруг, и сам Бахтыгул, в сером заплатанном халате, с бескровным серым лицом, худощавый и костистый, похож на камень. Сняв со спины кремневку, он, подобно ящерице, неслышно, неприметно стал красться по гребню котловины. Горы, горы! Подайте хоть вы милостыню бедняку!»

Тәржімашының қалам қуаты түпнұсқадағы еркін пішіп, кең көсілген құнарлы, көркем суреттерді бір-ақ қамтып, метамәтіндегі үш сөйлеммен берілген тұтас ойды бір ғана сөйлеммен беруді жөн көрген. Салыстырып көрсек, бірінші сөйлем теңдестіріле берілсе, екінші сөйлемдегі көрініс орысшасында жоқ, үшінші сөйлем «никого» деген болымсыздық есімдігі арқылы келте қайырылған. «Үлкен құздың» «котловина» болып аударылуы орыс тіліндегі оронимдердің ішінен сәтті таңдалғаны деп бағалаймыз. Бұл, бір жағынан, орыс халқының санасында қалыптасқан «ғаламның тілдік бейнесінің» талаптарына да жауап беріп тұр. Географиялық терминдердің бірі болып саналатын «котловина» сөзі орыс халқында мұхит, теңіз шұңғымаларының атауы ретінде де қолданылады.

Құзға қатысты берілген суреттемедегі автордың екінші кезектегі бейнелеуіне назар аударсақ, қазақшасында Бақтығұлдың бұл жерден мылтығының қарауылына аң ілікпей, олжасыз, құр қол ғана қайтып жүргенін сыдыртып айтып кетсе, орысшасында оның психологиялық жағдайы жанама түрде қосылып беріледі: ***«и рад был, что возвращался целым, невредимым!».*** Сонымен қатар осы ерекшелік аударма автордың көңіл-күйімен, авторлық «Менімен» қатар көрініс тапқан: ***«Подайте хоть вы милостыню бедняку!».***

М.Әуезов психологиялық параллелизмнің ең бір ұтымды тұстарын прозалық шығармада аса бір биік үлгіде пайдаланады. Жалпы, Әуезовтің қаламгерлігіне тән болып келетін, оның палитрасындағы

белсенді түстердің бірі – *сұр* түс. «Қараш-Қараш оқиғасынан» басқа шығармаларында да жазушы осы түсті әдейі таңдап алады. Бұл – кейіпкер психологиясын табиғат реңкімен салыстыра берудің ең бір тиімді тәсілі екендігі сөзсіз. Әрі оның бұл айрықша қасиетінен ұлы ұстазы Абай қалыптастырған жемісті дәстүрді аңғарамыз. Мәселен, Абайдың да қазақ кедейіне, шаруасына аса бір жайсыз тиетін көңілсіз күзді дәл беру үшін *сұр түспен* бояғанын оның осы мезгілге арнаған өлеңі арқылы түйсінуге болады. Ал жазушының бұл дара стильдік жетістігін тәржімашы нәрін бұзбай, келбетін кетірмей, жеткізе алды ма екен? Аударма нұсқадан бағамдайтын болсақ, оның да автордың айтпақ болған ойын қапысыз ұғып, сұр тас пен сұр аспанның арасына кейіпкерді тоғытып жібергендей әсер қалдырады.

Сөйтіп бұл жерде Мұхтар Әуезов табиғат пен адам арасындағы байланысты, түсіністікті негізгі идея етіп көрсетеді.

Қандай шығарма болмасын, идеяны таныту үшін жазушы шығармадағы суреттелетін өмір құбылысын, күрес-тартыстарды образ арқылы оқушылардың көз алдына елестете, ой сезіміне әсер ете отырып, оларды (оқушыларды) өзі меңзеген бағытқа жетектейді. Бұл пікірдің осындағы пейзаждық суреттемеге де қатысы бар.

Аудармашы аңшының нысанасына іліккен арқарды орысшасында төмендегідей түрде береді: ***«Прямо под Бахтыгулом на длинном волнистом скате словно повисли в серокаменном прозрачном тумане три великолепных архара – косматый круторогий козел и его короткохвостые, острокопытые жены».***

Осында арқардың орыс тіліндегі баламасы болмағандықтан, оны басқа тілдердегі қолданылуы аясы шектеулі реалий сөздердің қатарына жатқызатынымыз анық. Бұл сонымен қатар ұлттық менталитеттің де бөлек бітімін таныта кетеді, яғни қазақ аңшылары тауға шығып, арқар атып қайтса, оны үлкен бір мәртебе, дәреже санайтын болған, жалпы, арқар ату жері таулы болып келетін қазақ халқынан шыққан аңшылар үшін жиі кездесетін жағдай. Ал орыс халқының аңшылық тұрмысында арқар ату туралы мәліметтер кездеспейді. Бір ескеретін нәрсе, арқар ешкіге емес, қойға жақын келетін аң. Ал тауда жүретін ешкі таутеке деп аталатыны мәлім. Өз тарапымыздан аудармашының арқарды ешкі деп түсіндіруінен гөрі басқаша жеткізгені дұрыс болар еді деген ой айтамыз.

Повестегі назар салуға тұрарлық тағы бір сюжет - Бақтығұлдың қашып жүрген кезіндегі Талғар суынан өтіп кетуге әрекет етіп тұрған сәті. Бұл жерде автор да, аудармашы да сарқырап ағып жатқан судың келбетін дәл бере білген. Түпнұсқада:

«Алыстан «мен мұндалап» азынап сатыр-сұтырымен сайды жаңғырықтап ағатын Талғар қасына келгенде, барлық асу суық түсімен жанды шошытады. Биік таудың өр кеудесінен қадімдік қалың мұз ақ қарынан шығып, жартасты құздарды жарып, ылдиға қарай ағатын. Сол жолда шапшып құтырып, кейде бүктеліп тулап, ойнақ салып кетеді. Жайын суық қайрат иесі көк долы судан Бақтығұл көзін ала алмай, жартасты жағалап келе жатты. Жаздығүні бұл су бұдан да күшті, бұдан да мол болып, аққұла болып ағады. Кәзір де күз болған соң, шарасы кеміңкіреген сияқты».

«Издалека слышен хрипучий и гулкий голос белогривого потока. А вблизи ого ледяное кипение устрашает. Диким холодом, неуемной мощью веет от зеленой воды, сплетенной в стермительные струи, - неволью отступаешь от берега, и все же не оторвать от воды глаз! Кажется, что множество удавов, извиваясь, вспухая толстыми горбами, свились здесь в неразрывным обьятии и душат друг друга, изрыгая клубящиеся гребешки снежно-белой пены. Кажется, что не волны, а тысячи одичавших животных с оглушительным топотом в паническом ужасе несутся по руслу потока, и спины их громоздятся друг на друга».

Талғар тауындағы таудан құлап ағып жатқан судың жан шошырлық, долы кейпін суреттеген кезде жазушы қазақтың мол әдеби сөздік қорын барынша пайдаланған. Орысша нұсқасында аудармашы асау суды *«белогривый поток»* - ***«ақ жалды толқын»*** деп барынша сәтті жеткізе білген. Сонымен бірге мұзды судың «қайнап жатуы» да қарама-қарсы көрініс берудің, яғни оксюморон тәсілінің табысты шыққан түрі. Бұл жерде аудармашы да өзінің барын салып, тәржімашылдық күшін ірікпей қолданған. Және пейзаждық суреттемені көрсету үшін келтірілген үзіндідегі соңғы сөйлем кейіптеудің жарқын үлгісі болып қызмет ете алады. Демек, адамның психологиялық жай-күйінің тілдік құралдар арқылы суреттелуі оның процессуалдық қырын басты назарға алса, жансыз заттардың жан бітіріле бейнеленуі адамның, табиғат, құбылыстың бір сәттік сезімдік суреттерін (қимылды) детальдап, неғұрлық айқын бейнелеуін көрсетеді.

Жан-жақтан жау қыспаққа алып, шарасыз күйде қалған Бақтығұлға пана болар жалғыз сүйеніші тағы да – асу бермес асқар таулар мен асау ағысты өзендер. Оны мына эпизодтан көруімізге болады: ***«Жаулық пен қатер құшағында қаусырмалап қысып келе жатқандай көрінді. Көп ойлануға уақыт***

қалған жоқ, жалғыз үміті: не Талғар өткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады – әйтеуір дұшпанға жоқ. Осындай не өлу, не құтылу сияқты бір-ақ қана түйіннің үстінде келді де, құла атты қамшылап-қамшылап жіберіп, Талғардың тасқынына қойып кетті.»

«Жау қолынан өлгеннен табиғаттың құрбаны болған мың есе артық» деп түйген Бақтығұл Талғарға қойып кетеді. Осы сәттегі кейіпкердің жан күйзелісін аудармада былай суреттеген:

«Спрятаться негде. Пробиться напролом? Не выйдет. С ним церемониться не станут. Пристрелят на всякий случай, чтобы не упустить... Впереди уже трое, сзади шестеро-семеро – никогда считать. Долгий свист прорезал грохот Талгара. Осталось одна дорога, одна надежда... »

Аударманың әсері түпнұсқадағыдай терең емес, стильдік бояу да аз. *«Өткел беріп құтқаратын, не өзі жұтып құтқаратын*» асау Талғардың сипаты аудармада көрінбейді.

Келтірілген үзінділер негізінде түпнұсқадағы пейзаждың аудармада берілуінің сәтті шыққан тұстары да, ұлттық бояуы мен сипаты әлсіреген тұстары да бар деп ой қорытуға болады. Жалпы, пейзаждың М.Әуезов әлемінде алатын орны ерекше екенін білеміз. Жазушы өзінің көркемдік концепциясын, шеберлігін табиғат суреттеріне сыйғыза біледі. Демек тәржімашы да пейзаждың осы ерекшелігін сақтап, табиғат көріністерін, психологиялық параллелизмді беру кезінде түпнұсқа мәтіннің мәні мен сәнін мұқият зерделеуі тиіс.

ӘДЕБИЕТ

[1] Абдрахманов С. Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы. Филология ғылымдарының докт.ғыл.дәр.алу үшін жаз.диссертацияның автореферaты. – Алматы, 2007. – 20 б.

[2] Әуезов Мұхтар «Қараш-Қараш оқиғасы». Ауэзов Мухтар «Выстрел на перевале». Auezov Mukhtar «The shot on the mountain pass». – Алматы, Жазушы, 2008. – 224 б.

[3] Ермаханова Д. «Қараш-Қараш оқиғасының» тақырыбы мен жазушының ой түйіні. Жалын, № 10.

[4] Қоянбекова С.Б. «Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері». Фил.ғыл.док.ғыл.дәр.алу үшін жазылған дисс.автореферaты. -Алматы, 2008. – 44 б.

REFERENCES

[1] *Abdrahmanov S. Өlen audarmasynyn teorijasy men pojetikasy. Filologija gylymdarynyn dokt.gyl.dar.alu ushin zhaz.dissertacijanyn avtoreferaty,* **Almaty, 2007, 20 b.** *(in Kaz.)*

[2] *Әuezov Muhtar «Karash-Karash okigasy». Aujezov Muhtar «Vystrel na perevale». Auezov Mukhtar «The shot on the mountain pass»,* **Almaty, Zhazushy, 2008, 224 b.** *(in Kaz.)*

[3] *Ermahanova D. «Karash-Karash okigasynyn» takyryby men zhazushynyn oj tүjini,* **Zhalyn, № 10**. *(in Kaz.)*

[4] *Kojanbekova S.B. «Kazak tili jekspressivtik stilistikasynyn negizderi». Fil.gyl.dok.gyl.dar.alu ushin zhazylgan diss.avtoreferaty,* **Almaty, 2008. – 44 b**. *(in Kaz.)*

М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ» ПОВЕСІНІҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ ЖӨНІНДЕ

Л. Ж. Мұсалы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: түпнұсқа тіл, аударма тіл, аудармашы, ұлттық колорит.

Аннотация. Мақалада М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің орысша аудармасы қарастырылады. Мақала авторы түпнұсқа мәтінде кездесетін пейзаждардың орыс тіліне аудармасын қарастыра отырып, адекватты және адекватты емес аудармаларды бөліп көрсетеді. Салыстырмалы-салғастырмалы әдісті пайдалана отырып автор көркем аудармаға қойылатын негізгі талаптарға сай келмейтін бірнеше сәйкессіздіктерді көрсетеді.

М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің қазақша-орысша аудармасының адекваттылығы мәселесін зерттей келе, автор нақты аудармада түпнұсқа мәтіннің бірегейлігі мен ұлттық ерекшелігі, басты идеясы толық және адекватты түрде берілмеген деген қорытындыға келеді.

Мұсалы Ләйлә Жұматайқызы

Поступила 16.04.2015

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 821.512.122

Abai and the East careful research scientist M.Mırzaxmetulı

Imanjapar M.T.
muratai2015@mail.ru
State University off Shakarim city Semei associate dotsent of Kazakh literature, kandidat fiolologiy humatis.

Key words: Abai, Abay world, the world of the East, Mukhtartanu, Abai scientist, M.Mirzaxmetuli research.
Abstract: The purpose of the review of scientific research on M.Mirzaxmetuli Abay and East. Systematic methods of work-integrated, comparative literature, historical and functional methods. The results of the work the following conclusions: M.Mirzaxmetuli Hakim to be wise and careful M. recognition and devoted to the lives of more than half a century. Was cautious about the outlook in the world and the Middle East Studies. Author believes that M.Mırzaxmetulı - Abai East to the world of scientific research to date, we have found a solution to the problem of scientific riddle.

Results obtained from the author to determine the contribution of Kazakh literature science scientist Abai. Author of the results of philology, journalism faculties of Abai can be used in the course of training processes.

ӘОЖ 821.512.122

Абай және Шығыс мәселелері ғалым М.Мырзахметұлы зерттеуінде

Иманжапар М.Т.
muratai2015@mail.ru
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, фиолология ғылымдарының кандидаты

Тірек сөздер: Абайтану, Абай дүниетанымы, Шығыс әлемі, Мұхтартану, Абайтанушы ғалым, М.Мырзахметұлы зерттеулері.
Аннотация: Жұмыстың мақсаты – ғалым М.Мырзахметұлының Абай және Шығыс мәселелері жөніндегі зерттеулеріне шолу жасау.

Жұмыстың әдістемесін жүйелі-кешенді, әдеби-салыстырмалы, тарихи- функционалдық әдістер құрады. Жұмыстың нәтижесі мынадай қорытынды берді: М.Мырзахметұлы Хакім Абай мен кемеңгер М.Әуезовті тану мен таныту жолында жарты ғасырға жуық өмірін арнады. Абай дүниетанымы мен Шығыс әлеміне қатысы жайында зерттеулер жүргізді. Автордың пайымдауынша М.Мырзахметұлы – Абайдың Шығыс дүниесіне қатысты ғылыми зерттеулерінде бүгінгі күнге дейін бізге жұмбақ болып келген келелі мәселелердің ғылыми шешімін тапқан.

Автордан алынған нәтижелер ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымындағы Абайтануға қосқан үлесін айқындауға арналған. Автордың қорытындыларын филология, журналистика факультеттерінде Абайтану курсын оқыту процестерінде қолдануға болады.

УДК 821.512.122

Вопросы Абая и Востока в исследовании М.Мырзахметулы

Иманжапар М.Т.
muratai2015@mail.ru
Университет имени Шакарима города Семей, доцент кафедры казахской литературы, кандидат филологических наук.

Ключевые слова: Абаяведение, мировоззрение Абая, мир Востока, Мухтароведение, ученый Абаявед, исследования М.Мырзахметулы
Аннотация. Цель работы – обзор исследований М.Мырзахметулы по вопросам Абая и Востока.

Методологию работы состовляют системетическо-комплексный, литературно-сравнительный, историко-функциональных методов. Результаты работы дали следующие выводы: М.Мырзахметулы по пути признаний и исследований труды хаким Абая и М.Ауезова, посвятил около полу века жизни. Провел исследовании про мировоззрению Абая и Восточного мира. По признанию автора – М.Мырзахметулы в научных трудах отношению Абая в Восточному миру нашел пути решения и сделал научный подход которые на сегодняшний день мы не были знакомы.

Результаты, полученные от автора, чтобы определить вклад ученного в казахскую литературоведение и Абаяведение. Вывод автора можно использовать в ходе процесса преподования Абаяведение на факультетах филологии и журналистики.

М.Мырзахметұлы – абайтану әлемінде өзіндік қолтаңбасымен айқындалып, абайтану асқарын биікке көтерген ғалым. Ол абайтану әлемінде ешкімге ұқсамайтын бедерлі бейне қалдыруымен қатар, ұлттық рухты, ұлттық сана мен ұлттық мүдде жолында тер төгіп, еңбек етіп келе жатқан азамат екендігі баршаға аян.

М.Әуезовтен кейін қаншама уақыттар өрнегі көз алдымызға тізбектеліп, мерзім желі өз бағытымен соқты. Сол кезеңнің сұрапыл сағаттары солақай саясат шеңберімен ғана соғып, ащы ақиқаттарды, батыл қадамдарды жасауға мүмкіндік бермеді. Академик-жазушы сол кесірлі кезеңнің қат-қабат қиындықтарын басынан өткеріп, идеологиялық тар шеңберден шыға алмады. Оған дауылды жылдардың тұманды күндері де ерік беріп, оңтайлы, ұрымтал сәт тудырмады. Сондықтан академик-жазушыға дейін бір кезең болды, кемеңгер ғалым дүниеден озғаннан соң абайтану біраз саябырсыды. Кейіннен академик Қ.Жұмалиев кадрлар даярлай бастады. Солардың ішінде талапты, ғылымға бейім шәкірттердің бірі – ғалым Мекемтес Мырзахметұлы болды. Ұстазының берген бағытымен басталған абайтану әлеміндегі соқпағы бүгінде даңғыл жолға айналғаны ақиқат. Өйткені ғалымның абайтану тарихына, Абай әлемінің сан қилы жұмбаққа толы күрделі мәселелеріне қатысты қомақты ғылыми-зерттеу еңбектері бүгіндер соның дәлелі іспетті.

30-жылдардың соңына дейін Абайдың әдеби мұрасы жайлы болып келген пікір айтысындағы басты талас Абай дүниетанымы маңына үйірілді. Мұның дұрыс бағытта шешілуіне сол дәуірдегі біздің әдебиетімізде кеңінен орын тепкен тұрпайы социологиялық, формалистік, компаративистік сияқты түрліше жат көзқарастардың зардабы аз тиген жоқ. Сондай-ақ зерттеуге даярлығы бар дарынды ғылыми мамандар жетіспеді, яғни барының өзі саналы түрде қуғындалып, өмірден аластатылып жатты. Айтылмыш себептерге байланысты соғысқа дейінгі дәуірде Абайдың дүниеге көзқарасы арнайы ғылыми зерттеудің нысанасына алынбай, ат үсті сөз етіліп келді. Ойшыл ақынның дүниетанымын танып-білу, ақын нәр алған рухани бұлақ көздерін зерттеу ісі, ақынның 100-жылдық мерейтойы қарсаңында кең өріс ала бастады.

Ақын мұрасының бұл сияқты күрделі саласын зерттей отырып, зерделі пікір айтуға М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев, Т.Елеуов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Жиреншин, Қ.Мұқаметханов тағы басқа ғалымдар қатысты. Бұл кезеңдерде Абай рухани нәр алған қайнар көздерді анықтаудың міндеті алға қойылды.

М.Әуезов Абай шығармаларының нәр алған қайнар көздерінің үш арнасы жайындағы өзекті мәселені отызыншы жылдардың ортасында көтергені белгілі. Академик-жазушының бұл еңбегі жайында пікір айтқан М.Мырзахметұлының: “Абайдың әдеби мұрасының рухани нәр алған үш бұлағы жайлы тұңғыш рет тың пікірді М.Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянына арналған еңбегінің алғашқы нұсқасында айтса, кейіннен 1934 жылы көп даярлықпен келіп жазған “Абай ақындығының айналасы” деген ғылыми-теориялық мақаласында бұл ой-толғамдарын нақтылы әрі кең тұрғыдан тұжырымдаған еді” [1,5б.], – деген пікірінің мәні зор.

Дегенмен зерттеушілер сол кезең идеологиясының шырмауынан шыға алмай – Абайдың дүниеге көзқарасының қалыптасуында белгілі деңгейде ықпалы болған Шығыстың рухани қазына көздерін мүлдемге атаусыз қалдырды. Бертінге дейін Абайдың шығыспен байланысы жүйелі зерттеуді қажет ететін келелі мәселелердің бірі болды.

Дана Абайдың шынайы тұлғасы, хакім бейнесі өткен уақыттың тұманында ашылмай жасырын қалып еді. Алайда уақыттар тізбегі өте келе, елімізде егемендіктің самалы есіп ақынның Шығыс әлеміне, мұсылман дүниесіне қатысы барынша ашылып, Абайдың иманды жүрегінің құпия жұмбағы біршама шешімін тапқандай болды. Ақынның биік бейнесі тұғырлана түсті.

Аталмыш ой бедері көрнекті ғалым Р.Бердібайдың мағыналы пікірлерімен анықтала түседі. “Жылдар бойында үзіліссіз зерттелініп келген Абай мұрасының әлі күнге дейін “басы ашылмаған” немесе атүсті біржақты баяндалған тұстары аз емес. Солардың қатарында ақынның шығыс поэзиясынан

алған тағылымының орны мен мәні, діни көзқарасы секілді күрделі мәселелер бар. Рас, соңғы жылдарда ақын мұрасының шығыс көркемдік мәдениет дәстүрімен сан қырлы байланысы сөз бола бастады, кейбір еңбектерде арнаулы тараулар да орын алып келеді. Мұның бәрі, әрине, игі ұмтылыстар, бірақ оларды алдағы кезде жүйелі концептуальды түрде тексеруге болмайды. Біз бұл күнге дейін шығыс поэзиясы дегенді тұтасымен ғана жалпылама алып келеміз" [3,83б.].

Хакім Абай мен кемеңгер М.Әуезовті тану мен таныту жолында жарты ғасырға жуық өмірін арнаған М.Мырзахметұлы академик-жазушының ақын мен Шығыс әлемі хақында сол кезеңде айта алмай кеткен ақиқатының емеурінін түсініп, осы бағытта зерттеулер жүргізді. Зерттеушінің ғалымдық қасиеті жайында, ғылыми еңбектері туралы пікір айтып, баға берген Құлмат Өмірәлиев пен Советхан Ғаббасов болды. Қ.Өмірәлиев замандасы хақында: "Құбылысты көру үшін, оның өзгелерден бөлектенетін, өзінің мәнін белгілейтін ерекше басты қасиеті не екенін тану үшін жалаң құбылысқа деген жүрек қалауы, патриоттық сезім, жетекші көзқарас керек. М.Мырзахметұлында зерттеуші әрі ғалым ретінде осы ерекше дүниелердің біразы тоғысқан" [4,83б.], – деп жоғары баға берген болатын.

Ал ғалым-жазушы С.Ғаббасовтың: "...Бұл мәселе хақында тас қараңғы меңіреу ортаның фонында көрінген М.Мырзахметұлының хауас жайында кең толғап жазуы, түн қоюлығын сейілткен ой арығындай нұрлы да сүйкімді әсері барын ризашылық сезіммен атап өткенді жөн көреміз" [4,83б.], – деген пікірінен ғалым еңбегінің жемісін, жетістігін аңғарамыз.

Абайтанушының "Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары" атты еңбегінде: "Ақын мұрасы саны мыңнан асып, абайтану саласында жазылған ірілі-ұсақты деректер саны төрт мыңға жетеді" екен. Бұл 1982 жылға дейін белгілі болған екен, ал одан бері ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қанша автор қосылғанын шамалауға ғана болады, қалай болған күнде де жүздеп қосылғаны анық.

Алайда, ғалымға дейін және оның тұсында абайтану мен мұхтартануға соншама қаламгер жаппай атсалысқанда, солардың ішінен неліктен әдебиет зерттеушісін абайтану мен әуезовтану әлемінен есімін ардақтап, ерен құрмет көрсетіп, бөле-жара айтамыз. Себебі, М.Мырзахметұлы аталмыш қос саланың асқарында өткел бермес асуларды көктей өтіп, қат-қабат Абай әлемінің Шығысқа қатысын, мұсылмандық дүниесін жете танып, зерттеу нысаны ретінде алып, ғылыми айналымға енгізді.

М.Мырзахметұлы өз халқының патриоты, шындық пен әділет жолында табаны таймаған, турашыл, иманды, ғылымға берілген адал азамат. Абай армандаған "толық адам – инсани кемел адам" үлгісін берік ұстанған тұлға. Өз халқын, өз ұлтын ыстық ықыласпен, нұрлы көңілмен иманигүл (үш сүю) деңгейінде сүйе алмаған адамнан нағыз ұлтын ұлықтайтын, халқының мақтанышына айналар ғалым да, көсем де шықпақ емес. Ғалым не жазса да өз ұлтының рухани құндылықтарын байытуға бағыштап, еліне оның мүддесіне не керек екенін, ненің зиянды, кесапатты екенін біліп барып жазды. М.Мырзахметұлы абайтануға әуезовтану арқылы барып зор табысқа жетті. Профессор Абайды танудың, танытудың ендігі жолы М.Әуезовтің ақын жайлы еңбектерін танудан, соларды зерлеп, зерттеп білуден, қысқасы, әуезовтанудан басталуы тиіс екендігін тілге тиек етеді. Әдебиет зерттеушісі М.Әуезов тануындағы абайтанудың көкейтесті мәселелерін айқындап берді.

Олар: Бірінші, М.Әуезов танытуындағы абайтану тәрізді ғылым саласының қалай басталып, қалай дамуын, оның қалай дараланып қалыптасып шығуын тиянақтау арқылы абайтанудың кемел тарихын жасап берді.

Екінші, М.Әуезов салған соны сүрлеуді даңғыл жолға айналдыру үшін Абай мұрасының Шығысқа қатысын анықтап, дәлелдеп беруге барша күш-жігерін, ақыл-парасатын жұмсады. Ақынның Шығыспен байланысын саралауда зерттеуші әрдайым академик-жазушының ой тұжырымдарын басшылыққа алып отырады.

"Абай шығармаларының нәр алған бір қайнары – Абай мұрасының шығысқа қатысын өзінің зерттеу еңбектерінде М.Әуезов негізінен үш салаға топтастыра, олар жайлы танымның өзекті желілеріне жеке-жеке тоқтай отырып, нақтылы түрде анықтама беруге әрекет еткені байқалып тұр. Бұларды бас-басына атап өтер болсақ былайша болып шықпақ: а) Абай және Шығыс классиктері, ә) Абайдың исламиятқа қатысы, б) Шығыс хакімдерінің, ойшыл даналарының ортасында ғасырлар бойы мол сөз болған мораль философиясы жайлы мәселелерге қатысы" [1,25б.],– деп Абай мен Шығыс арасындағы сабақтастықты зерделеген М.Әуезовтің тамаша тұжырымын тілге тиек етеді. Ойшылдың Шығысқа қатысы дегеніміз, мыңжылдықтарды көктей өтіп жатқан қат-қабат ислам негіздері қаланған Құран Кәрім мен Хадис Шәріптің, мұсылман ғұламаларының том-том тәпсірлері мен философиялық трактаттарының, сондай-ақ, Шығыстың жеті жұлдызы бастаған ақындарының жауһарларынан Абай нені үйренді, нені игерді, оны өз шығармаларында қалай пайдаланды дегенге саятын аса күрделі тақырып.

Профессордың абайтану мен әуезовтану жөніндегі жазғандарымен жүйелі танысқан адам Абай шығармаларында кездесетін әрбір атаулар мен термин сөздерге анықтама беру үшін қаншама ізденгенін көре алады. Ол үшін арысы Аристотель мен Әл-Фарабиден бастап, күллі Шығыс ғұламаларының оған қатысты

еңбектерін ерінбей ақтарып, оны қазақтың арғы-бергі ақындары мен ойшылдарының шығармаларымен салыстыра зерттегеніне әркімнің таңданары хақ. Әдебиет зерттеушілеріне сыры беймәлім жәуан мәртілік пен имангүл, хауас сәлимге қатысты зерттеулерінде келтірілген дәлелдерінің көптігі мен нақтылығына қарап нағыз ғалымның қалай еңбектенетіне көзің қанығa түседі. Осы орайда: "М.Мырзахметовтың... табысы сол: ол – Мұхаңның ендігі өмір жолында іске асырар ұлы ойларының кіші жоспарын тауып, осы "жол – жоспар" негізінде "Абай мұрасының Шығысқа қатысы" деген үлкен бір еңбек жазған. Бұл – автордың анық табысы, елеулі табысы" [4,85б.], – деп ғалым және оның еңбегі жайындағы зерттеуші Д.Мұхамадиевтің пікірін келтіре кетуді жөн санаймыз. Сонымен қатар М.Мырзахметұлының М.Әуезов пікірлерін негізге ала отырып, ақын шығысы жайлы өте тың топшылаулар жасағанын тілге тиек етеді. Профессор Абайдың Шығысқа қатысын мынадай тақырыптар бойынша қарастырған:

а) Абайдың адамгершілік мұраттары;

ә) Абай мұрасының рухани көздері (Абайдың ақындық кітапханасы жайында).

Аталмыш тақырыптарды жан-жақты зерделей келе ғалым мынадай қорытындыға келеді: "Абай осылайша өзінің адамгершілік ойлары жайлы ойларында бір жағынан Шығыс ойшылдарымен көбірек табысып жатса, қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарға жазған шығармаларында оқу-білімді, еңбекті үндеген сөздерінде, көбіне көп Белинский бастаған революцияшыл – демократтардың идеяларымен, Салтыков-Щедрин сияқты шыншыл суреткерлердің дәстүрімен өзектес келеді" [1,189-190]. Бұл тұжырымнан түйеріміз, Шығыстың исламдық ақыл-ойының "мұсылмандық адамгершілік – жәуанмәрттік иманигүл, хауас ілімдерімен қаруланып барып Батысқа бет бұрып, оны сыншыл ой елегінен өткізе қабыладаған болатын. Бұл абайтану ғылымы жеткен үлкен жетістік ретінде қазақ әдебиеттануында нық орнықты.

Зерттеуші өзінің ұзақ жылдық табанды ізденістері арқылы Абайдың исламдық Шығысқа қатысын ашқанда ол жауаптылығын бүгінгі күнге қызмет еттіруді басты мақсат еткен. "Толық адам" – ғылым таппай мақтанбайтын, оны шын махаббатпен көксеп, меңгеруге талпынған адам. Ғалым бүгінгі қазақ халқының алдына Абайша, теологиялық ғылымды (Алланың ғылымы), қоғамдық ғылымды (өзінтану), табиғи ғылымды (дүниелік ғылым) меңгеру қажеттігін көлденең тартады. Өйткені біздегі бүгінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің еуропалық үлгіге қазақ еліктеуінің апаты зардаптарға ұрындырып отырғаны өмірдің шындығы. Әсіресе, "Алланың ғылымынан" хабарсыз қалудың зардабы бәрінен ауыр. Алла Тағаланың ғылымының ең басты мазмұнының бірі "жәуанмәртілік" (әділет, рақым, ақыл) пен оған қарама-қарсы бағытта тұрған адам баласының бойындағы үш жағымсыз зиянды (надандық, еріншектік, залымдық) сипаттарын танып-білу еді. Абайтанудың өзекті мәселелерін зерттеумен жүйелі түрде айналысқан профессор ендігі кезекте дана ақынның академиялық жинағын шығару қажеттілігін басты орынға қояды. Бұған дейін әр кезеңде шыққан толық жинақтарға көңілі толмайтынын дәлелді зерттеулермен айтып та жүр. Абай Шығыс мәдениетінің қайраткері, нақтырақ айтсақ, мұсылмандық Шығыстың аса көрнекті ойшыларының бірі. Мұхтар Әуезовтің тұжырымдауынша, Абай гуманизмінің бастауында шығыстық классикалық дәстүр жатыр [5,164б.].

Абай шығармашылығының тарихи тамырын тану соңғы кезге дейін жалпылама тұрғыда сөз болса да тереңнен зерттелмей ақиқаттарды, яғни ақын нәр алған рухани үш бұлақтың бірі – Шығыс мәдениеті, оған Абайдың толыққанды қарым-қатынасы жайлы зерттеулерді ғылыми тұрғыдан жүйелеп, баяндап берді. Абайдың исламият, хауас, жәуанмәртілік, үш сүю, иманигүл, адамгершілік мұраттарына ғылыми талдаулар жасалып, ақындық кітапханасы жайлы мәселе арнайы сөз болды.

Шығыстық кітапханасын аңғармай, хакім Абайдың "Шығыстық белгісін" табу қиынға түсері хақ. М.Мырзахметұлы осы турасында: "Ал, шындыққа келетін болсақ, Абайдың ғылым жайындағы танымының басым жағы мұсылмандық шығыстың рухани қазына көздерімен терең тамырласқан" [6,44-45],– дейді.

Ғалым Абай шығармаларында орын алған шығыстық белгілер жайындағы күрделі мәселені ғылыми тұрғыдан толығырақ аша түседі. М.Әуезов өз зерттеулерінде Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайын анықтай түсудің жолдарын және берілу тәсілдерін қарастырған. М.Мырзахметұлы ақынның қай кезде не алғанын яғни шығыс жұлдыздарының әсерін, ақын шығармаларында тікелей аты аталатын деректер көзін пайдалану барысында жүйелі зерттеу жұмысын жүргізеді. "Тарихи шындықты батыл айту, сол туралы жазу бүгінгі өміріміздің ең басты талабы" [7,9б.], – дегендей М.Мырзахметұлы Абайдың Шығыс әлемімен байланысының ақиқатын тарихи, ғылыми негізде таратып береді.

М.Мырзахметұлы М.Әуезов байламдары негізінде Шығыс әлемінің қатпар-қатпарларына бір-бірден дендей етіп, жұмбақ жанның құпиясын табуға тырысады, әрі бұл ғылыми ізденісіне үлкен жеңіске, таптырмас қазынаға айналды. Өйткені, өзі көрсеткеніндей: "М.Әуезов Абай шығармаларындағы ақын дүниетанымына сүйене отырып, абайтану саласында ұзақ жылдар бойы іздену, ой қорыту арқылы Абайдың исламиятқа

қатысын анықтауға, ол жайлы танымдарының негізін білуге ұмтылып келді. Өйткені абайтану саласында бұл тақырып өз шешімін таппады, арнайы нақтылы зерттеулер бой көтермеді. М.Әуезовтің өзі де сол кезең жағдайына байланысты Абайдың исламиятқа қатысын арнайы зерттеулер арқылы ашпайды, осы саладағы ұзақ жылғы зерттеуден туған ойларын қорыту, келешек зерттеулерге адастырмас бағыт берер тезистік ой-пікірлер жемісін ұсынумен шектеледі" [1,42б.].

Абай дүниетанымындағы молынан ұшырасатын "жан мен тән", "жан сыры", "жан құмары", "жанның жарығы", "жан қуаты", "жанның тамағы", "хауас", "хауас сәлим", "иманигүл" тәрізді терең мәнді күрделі шығыстық ұғымдардың бүгінгі оқушыға күңгірт, түсінуге қиын соғатын философиялық мағынадағы термин сөздер екендігін әдебиетші-ғалым атап көрсетеді. "Осы аталмыш сөздер төркінін, бергі мағынасын қуаласақ, бұлар жан сыры жөнінде Абай танымының басым жағы қайда жатқанын көрсетер айғақты деректер ретінде бой көрсетеді" [1,50б.], – деп жазады М.Мырзахметұлы.

"Абайдың діні – адамгершіліктің діні" деген М.Әуезовтің зерттеу жұмыстарында негіз етіп ұстанған тезисін профессор өзінің зерттеулерінде жан-жақты саралап, ғылыми негізде таратады. Осы мәселе жайында ғалым И.Жеменейдің: "Мұхтар Әуезов Абайдың исламият ағымына қатысты көзқарасын: "Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні" деп білдірген болса, Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың шығыс әдебиетіне байланысын орынды дәлелдеген. Ендеше, Абайды шығыстық дүниетанымның, оның ішінде исламдық шығыстың ой-өрісінің әйгілі өкілі деп білуіміз шарт. Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың исламдық ұстанымын айтып та жүр, жазып та жүр. "...Абайдың Шығыспен қатынасын, рухани тұтастығын жан-жақты әлі де зерттей алмай жүрміз" дейді. Ол кісінің осы көзқарасын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, қалыптастыру жолында да еңбектеніп жүрген жан иесі" [8,123б.], – деген тұжырымы өте орынды.

Ғалым "Құтадғу білік" пен "Кабус-намедегі" ой түйіндердің, атап айтқанда, жәуанмәрттілік жайлы пікірлер жемісімен Абайдың (17,38-қарасөзі, "Ғылым таппай мақтанба", "Әсемпаз болма әрнеге" тағы басқа өлеңдеріндегі ойлардың төркіндес келуі – тамыры тереңде жатқан рухани туыстықты деп көрсетеді. "Құтадғу білік" пен Абай шығармаларындағы мораль философиясы ұғымын, жәуанмәрттілік, толық адам, пенделіктің кәмалаттығы, хаһим, мұлахаза, ғылымды жіктеу жүйесі сияқты танымалы пікірлер желісінен тауып, оған айғақты деректер тобын көптен ұшырата аламыз" [1,138б.], – дейді М.Мырзахметұлы "Толық адам" хақында ғалым: "Абай өзі өмір кешкен әділетсіз әлеуметтік ортаны және онда жасаушы жеке адамдардың ішкі дүниесін ағартушылық, гуманистік жолмен өзгертіп жақсартуға ұмтылған ойшыл қайраткер болуы себепті, толық адам туралы өрісі кең күрделі ойларға мейілінше мол орын беріп отырған. Мысалы: "Ғылым таппай мақтанба", "Әсемпаз болма әрнеге", "Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа", "Әуелде бір суық мұз-ақыл дерек" өлеңіндегі тікелей де нақтылы түрде айтылатын толық адам, "адам болам десеңіз" жөнінде айтылатын терең гуманистік пікірлері қарасөздерінде де желілі түрде іліктесіп, үндесіп жатан ойлар тобымен тоқайласқан бірлікті, тұтастықты сездіреді" [1,115б.].

Бұл дәстүр тұрғысынан адам болу, толық адам болу жайлы Абай танымдарының түп-төркіндеріне бойласақ, суфизм әдебиетіне қарым-қатынасынан анығырақ байқалады. Иасауидің "Даналық кітабы" сарынындағы суфизм әдебиетіндегі тәркі дүние идеясын Абай толыққанды қабылдамаса да, жырлар бойы уағыздалып жатқан камили инсани (толық адам) мен бенделіктің кәмалаттығы жайлы пікірлер ақын танымына айрықша әсер қалдырған сезінеміз.

Ғалым Абай мен Шығыс арасындағы сабақтастықты және осы келелі мәселелерді ғылыми айналымға түсірген М.Әуезов еңбектерін зерделеу арқылы абайтану, мұхтартану салаларының биік деңгейге көтерілуіне үлкен үлес қосты. "Абайтану мен мұхтартануды XXI ғасыр көгіне алып шығу үшін ендігі ізденушілер бұл салада профессор Мекемтас ашқан жаңалықтарды зерделеуі, араб, парсы тіліндегі түпнұсқаларды еркін оқып, ұлы Абайдың Исламдық Шығысқа қатысын, түркілік тек-тамырын жеріне жеткізе зерттеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының көкжиегін одан әрі кеңейтуге ат салысуы керек" [8,133б.].

Тұжыра айтқанда, М.Мырзахметұлы Абайдың Шығыс дүниесіне қатысты ғылыми зерттеулерінде бүгінгі күнге дейін бізге жұмбақ болған, күңгірттеу болып келген келелі мәселелердің ғылыми шешімін тапты.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
[2] Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.
[3] Бердібай Р. Сенімі кәміл кемеңгер // Абай. – 1995. – № 1-2. – Б.80-87.
[4] Мұхамадиев Д. Абайтанушы. – Алматы: Evo Press, 2013. – 234 б.
[5] Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ,1959. – 556 б.
[6] Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы... – Астана: Білге, 2002. –432 б.
[7] Молдаханов Ә. Төл әдебиетімізде ақтаңдақтар бар ма? // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1992. – № 10. – Б. 10-15.
[8] Мұхамадиев Д. Сан қырлы ғалым. – Алматы: Дәстүр, 2014. – 288 б.

Иманжапар М.Т.
muratai2015@mail.ru
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, фиолология ғылымдарының кандидаты

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 78(574)09

Creative heritage of A.V.Zataevich: new aspects of studying

A.K. Omarova
aklima_omarova@mail.ru
PhD in Art, Docent
Kazakh National Conservatoire named after Kurmangazy, Almaty,

Key words: culture, composer, periodicals, certificate, documents, fact.
Abstract. In this paper the creative legacy A.V.Zataevich presented in connection with the tradition of authors initiations. For the first time shows the different sides of the problem, formulate the main conclusions.

УДК 78(574)09

А.В.Затаевичтің шығармашылық мұрасы:зерттеудің жаңа тараптары

А.Қ.Омарова
aklima_omarova@mail.ru
Өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы,

Тірек сөздер: мәдениет, композитор, мерзімді баспасөз, куәлік, құжат, дерек.
Аннотация. Мақалада А.В.Затаевичтің творчестволық мұрасы авторлық арнаулар дәстүрімен байланысты қарастырылған. Бұл мәселенің қырлары алғаш рет жан-жақты көрсетіліп, негізгі қорытындылары тұжырымдалған.

«Менің қымбатты-достарым, сендерге арнаймын[1] *және сіздермен ашаршылық, суық және індет жылдары бірге істеген бұл еңбекті мен сіздерге қайтарамын. Сіздердің керемет халық әндеріңізді* ***мен емес****, менің көмегім арқылы* ***өздеріңіз*** *жинадыңыздар деген пікірді ұстанамын, ұлттық игіліктің ұмытылуы мен бұрмалануан қорғау үшін оларды толықтырып жатқандарыңды сендер білесіңдер. Бұл қиын міндетті не жақсы, не дұрыс орындағаныма мен пікір айта алмаймын, бірақ, Сіздер мен істеген еңбекті барлық махаббатыммен және өзімді арнаумен, бойымдағы бар мүмкіндігіммен істегеніме күмәнданбайсыздар* […] *сенімдімін»* [1].

А.В.Затаевичтің «1000 песен казахского народа»[2] жинағының алғы сөзін аяқтайтын бұл сөздері әдебиетте кең көрініс тапқан (тек музыкатануда ғана емес): ол туралы көптеген жариялымдарда әдетте қорытынды үндеуі мен тілегі толық көлемде қоса келтіріледі[3].

[1] Мәтіннің осы және басқа жерлерінде өзіміз белгіледік. – А.О.
[2] Түпнұсқада – «1000 песен киргизского народа (напевы и мелодии)» [2].
[3] Мысалы, ерте шыққандардың бірінде – журналда жарияланған «Печать и революция» С.Бугославскийдің пікірі, оларды «автордың қаратпасы шын жүректен және адал ниетпен шыққан» деп сипатталған (1925) [3].

Бұл мақалада оларды дәйексөз ретінде келтіру, ерекшеленген «арнау» және «өзінің арналуы» деген сөздерді нұсқайтын бағытты белгілеу мақтасында ұсынылып отыр. А.В.Затаевичтің шығармашылық мұрасын зерттеу барысында (қалай музыкалық-этнографиялықты айтсақ, солай композиторлықты да айтамыз) оның бүгінгі күнге дейін шынайы ауқымда ашылмаған ерекше маңызы айқындалады.

Бұл тұжырымды дәлелдеу үшін, ең алдымен, біз таңдаған мәселе бойынша қозғалған ізашар-зерттеушілердің жұмысын назарға аламыз. Бірінші қатарда, сөзсіз, А.В.Затаевичтің фортепианолық туындылары туралы В.П.Дернованың мақаласындағы екі кішкентай үзіндіге назар салған жөн:

1. «[…] Айтпақшы арнаулар туралы сөз қозғағанда: А.В.Затаевичтің көптеген пьесасы оның "дос-жігіттері" Әліби Жангелдинге, Сара Есоваға, Қаныш Сатбаевқа, Алма Оразбаеваға, Бейімбет Майлинге арналған. Арасында Мәскеуде және шетелде Затаевичтің қазақ әндеріне жасалған өңдеулерін тұңғыш орындаған, оркестр және төртшекті домбра квартетінің жетекшісі Григорий Павлович Любимовке арнаулар бар» [4].

2. «Жинақталған пьесаның көбісі сол әндер мен күйлер жазылып алынған халық өнерпаздары – Алма Оразбаева, Әбдірахман Бегишевке, Райымбек Мақатовқа, Сара Есоваға, Әліби Жангелдинге, Қаныш Сатбаевқа және т.б.[1] арналған. Пьесаның үшеуі Затаевичтің жақындарына арналған (№№ 69, 74, 56). Музыка саласындағы достарына арнағандары да бар, оның өңдеулерінің бірінші орындаушылары – орынбор музыка мектебінің оқытушысы В.Н.Малиновскаяға ("Какен", №24), сол мектептің оқушысы К.А.Борисоваға ("Қарғам-ау", №12), пианисші және әнші М.М.Мирзоеваға ("Балхадиша", №13) арналғаны анық, сондай-ақ Г.П.Любимовке де* бар ("Сайраса бір", №8)» [3].

Мәтін бойынша бірінші және екінші жағдайда да В.П.Дернова С.В.Рахманиновтың есіміне назар аударады: музыканттарды бұрыннан байланыстыратын және шынайы достық қарым-қатынастары болғаны баршаға аян. Біреуін еске салсақ, бірақ таңдалған контекст бойынша ерекшеленетін келесі дерек, А.В.Затаевичтің автобиографиясында ұсынылған келесі жағдай: «[…] бірнеше шығармасын арнау арқылы өзі де маған құрмет көрсетті («6 музыкальных моментов», соч. 16)» [3].

Қарама-қарсы «ишараның» белгілену нұсқалары мынадай:

1. «Бірақ баспа неліктен екенін білмеймін "Айнам-көз" пьесасын оны орындаған әнші және домбырашы, Затаевичтің ең белсенді корреспонденттерінің бірі Ғұбайдолла Мұхитовке арналғанын баспаған және қазіргі кезеңнің ұлы пианисті Сергей Васильевич Рахманиновқа арналғандарды қалпына келтірмеген, Қазақ АСР Қазан төңкерісінің мұрағатында Затаевичтің Қазақстанның зерттеу қоғамына жазған хаттарының сақталғанына қарамастан, мұнда Затаевич бірнеше пьесаның арналғаны туралы айтады, оның қатарында аталмыш жинаққа "Дүлдүлім-ай" пьесасы енген» (1957) [4];

2. «Бүкіл үшінші серияда арнау жоқ. Жақында табылған құжаттарға лайықты үшінші серияға "бүкіл әлемге таралуына жеңіл берілетін…"** Затаевичтің "… музыкалық тараптан менің жариялағанымның ішінен айрықша болған" С.В.Рахманиновке арнауы. Дегенмен Рахманиновтың есімі басылымның басында берілмегені […] белгілі болды» (1958) [3]. Келешекте: « […] Ғаббас Айтбаевтың керемет әндері – "Ардақ" және "Қанапья" жоқ, оның бірінші өңдеуі Ғаббастың өзіне арналған еді – ол туралы Затаевич сирек ақын-әнші деп айтқан».

Келтірілген мәтіндік үзінділердің мазмұнын ақпараттық жағынан жалпылауға ұмтыламыз. Сонымен, бірінші дәйексөзден алты адамның есімі белгіленді, ал келесі мәтіннен – қосымша екі шығармашылық тұлғанікі, екінші бойынша, он үш адамдікі және тағы екеуінікі жалғасады. Екі қатарды салыстырғанда С.В.Рахманиновтың есімін екі мәрте аталғанын санамағанда бес тұрғының сәйкес келуі анық.

Жалпылай алғанда, автор арнауының онжеті жолдаушысы болғаны белгіленген: Ә.Жангелдин, С.Есова, Қ.Сәтбаев, А.Оразбаева, Б.Майлин, Г.П.Любимов, А.Бегишев, Р.Мақатов, А.В.Затаевичтің әйелі мен бала-шағасы (Надежда Иванова, Ольга, Иван), В.Н.Малиновская, К.А.Борисова, М.М.Мирзоева, С.В.Рахманинов, Ғ.Мұхитов, Ғ.Айтпаев.

А.В.Затаевичтің фортепианолық пьеса-өңдеулерінің бірінші басылып шығарылуында (1957) қырық екі пьесаның [5] (анығын айтқанда жиырма жетісінің, өйткені алғашқы онбесі басқа жинақтан алынған [6]) оншақтысына ғана лайықты жазба берілген. Ширек ғасырдан кейін қайта шығарылған жинақтың нота беттерінде (1983) тақырыптарға толықтырулар мүлдем жоқ, тек түсініктемелерде отыз бес пьесаның тоғызына лайықты жолдаушы нұсқалған [7]. Шынына келгенде бірінші жинаққа енген

[1] А.В.Затаевичтің нұсқаған корреспонденттері (мүмкін, тек Р.Мақатовты қоспағанда) «халық музыканттары ...» ретінде қабылдануы мүмкін емес еді, ал «дос-жігіттер» үйлесімі арқылы екі қыз бала қосылған бес адамнан құралған топ (бірінші фрагмент) деп белгілейміз.

пьесалардың ішінде онтоғыз пьеса авторлық арнауға жатады, яғни онда ұсынылғаннанда көп болып тұр[1], ал екіншісінде (1983) – тоғыз емес, он алты, яғни тұтастың 50% (жетпестей) құрайды.

Сонымен екі жинақта (үшіншісі, 2004 жылы шығарылған, – мазмұны бойынша тұтасымен екіншімен сәйкес келеді [8]) кемінде 35 (!) авторлық арнау мазмұндалуы керек еді, шындығына келгенде тек 17 көрініс тапқан, яғни барлық мөлшердің жартысы ғана. А.В.Затаевич кейбір өзінің корреспонденттеріне екі пьесадан арнағандықтан, қайта шығарылғанда аталған адамның жалпы саны қалыпты отыз екінің орнына тұтас алғанда он бесті құраған[2].

Ақиқатқа келгенде В.П.Дернованың мақалалары бойынша қалыптасқан сол қатар құрылады. Оның нұсқаған адамдары 1957 ж. басылымда келтірілгенмен тұтас сәйкес келеді, 1983 ж. жинағы бойынша жартылай сәйкестігіне қарағанда (әрине 2004 ж. соған тең), мұнда түсініктемеде екі «жаңа» есім пайда болады – Ерғали Алдоңғаров пен Әмре Қашаубаев. Зерттеушінің аталған тұлғалар санының сәйкестігі екі жолдаушының «жоғалуынан» болған – «Ғұбайдолла Мұхитовке» («Айнам-көз») және «Қызым Ольгаға» («Беу-беу, еркемай!»): біріншісі екі рет (анығырақ үш рет) алынып тасталған, екіншісі – жинақта пьесаның өзі жоқ болғандықтан сұранысқа ие болмады.

Төменде, бірінші кестеде, А.В.Затаевичтің авторлық арнаулары бар қайта шығарылғанда өндірілмей қалған, оның үстіне – бүгінгі күнге дейін әдебиеттерде аталмаған және тек нотада ғана сақталған, бұрынғы 1920-ы жылдары жарияларған фортепианолық пьеса-өңдеулері ұсынылады:

Кесте 1. Қайта жарияланғанда авторлық арнаулары «жоғалған» А.В.Затаевичтің фортепианолық пьеса-өңдеулерінің тізімі

Қайташығарылым					**Түпнұсқа**		
№	**Шығ.жыл**	**№**	**Пьесалардың аталуы**		**Серия, дәптер, №**		
1.	1957	20	Талов	Таловский	IV	XI	№48
2.		23	Құрышқан	Крушкан	IV	XI	№49
3.		28	Гурьев	Гурьев	II	VI	№25
4.		42	Тепенкөк	Тепенкок	V	XVI	№75
5.	1957 1983 2004	27	Айда, былпылым	Скачи, мой иноходец	II	V	№20
6.		32	Ах, дариға-ай	О счастье!	II	VII	№27
7.		37	Ләйлім	Милая	II	VI	№23
8.		34	Сары-Арқа	Сары-Арка[3]	V	XIV	№61
9.	1983 2004	7	Қарашығым	Зеница ока моего	I	III	№9
10.		23	Сұршақыз	Бледнолицая	IV	XII	№54
11.		26	Қосбасар	Косбасар	V	XIV	№65
12.		28	Ой, ой, ой!	Печальный хор женщин	IV	XII	№53

Музыкалық шығарманы арнауға қандайда бір адамға негіз болған, корреспондент ретінде белгіленген және/немесе жолданған тұлғалардың ара қатынасы, іске байланысты кең шеңбердегі есімдер мен жағдайларды қалпына келтірілуі және зерттелуі, мұндай «элиминациялар» себептерінің анықталуы, – ұсынылған материалдың осы және басқа да тараптардан игерілуі XX ғасыр қазақ музыкасына тән үрдістердің жаңа қырларын шынайы ашуға мүмкіндік туғызады. Бірақ сандық көрсеткіштер де, жоғарыда айтылған, А.В.Затаевичтің дәстүрлі музыка өкілдерімен қарым-қатынасының ерекше сапасын сипаттайды, мәдениетке «терең бойлаудың» жоғары дәрежесін, оның алғыс айту ілтипатын және сирек ұшырасатын биязылығын, жасырын факторлармен дәлелденетін, алдын ала болжамдалған анық «таңдалуы» мен этнограф және композитордың мұрасына бір рет қана емес көшкен қарым-қатынасын көрсетеді.

Қазақстан композиторларының музыкалық тәжірибесінде авторлық арнауларды пайдалану дәстүрі өзіндік жолын тапты. Белгіленген шығармалардың қатарында І.Омаров пен А.Жұбановқа арналған Е.Брусиловскийдің, Ғ.Жұбановаңың симфонияларын айтуға болады. Сонымен қатар, кітаптарды жарыққа шығарғанда жақындарының есімдері жиі кездесетінін қоса айтамыз: мысалы, А.Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» мезгілсіз дүниеден өткен қызының рухына; ал

[1] Бүкіл жинақтың ауқымында бұл жартысынан да аздықты құрайды (42 и 18).

[2] А.В.Затаевичтің С.В.Рахманиновқа қарым-қатынасын назарға алғанда – 33.

[3] «Сары-Арқа» – кестеде келтірілген пьесалардан жалғыз – 1983 ж. және 2004 ж. қайта жарыққа шығарған арналған жолдаушысы көрсетіліп ұсынылған – «Бейімбет Майлинге арнау». Бірақ, өкінішке орай, жинақтың соңғы беттеріндегі түсініктемелерде. А.В.Затаевичтің түпнұсқасында – «Биймухаммед Майлинге» делінген. Оның нөмірлік реті (алдыңғы пьесалардікі сияқты) 1957 ж. жариялыммен берілген.

Б.Ерзаковичтің «Антология казахских народных любовных песен» – өзінің жұбайына арнаған. Абай атындағы МАОБТ шығармашылық өмірі туралы очерктердің Күләш Байсейітоваға арналған дерегі көрсеткіш бола алады (Мессман Вл. «Возрождение песни»).

Мұндай мысалдардың көбейтілуі мүмкін, бірақ маңыздысы, жеке авторларға, аталғандарды қоса алғанда, – бұл жағдай егер ерекше демесек, дегенмен бірлі-жарымы білінеді. А.В.Затаевичтің шығармашылық мұрасы бұл дәстүрді біртіндеп тартуды мақсат етеді және шынында кең пайдаланады. Дәлелдеу мақсатында оның пьесаларының тізімін келтіреміз, сериялар мен дәптерде жарық көрген, авторлық арнауы барларды курсивпен белгілейміз[1].

Кесте 2. А.В.Затаевичтің фортепианолық пьеса-өңдеулерінің тізімі

Сериялар	**Дәртерлер**			
	I	**II**	**III**	**IV**
I	1) Ак-Тэнгиз 2) Кугаяй 3) Адаскан 4) Арман	5) Гигай! 6) «Альди-бопем» 7) Ариялер	8) *Сайрасса-бр!* 9) *«Кара-шыгым»* 10) Сурша-Кыз 11) Алмаш	12) *Каргам-ау!* 13) *Бал-Хадиша* 14) «Калкатай» и 15) «Кипчак» Мухита
	V	**VI**	**VII**	
II	16) *Агагуй* 17) *Жайык* 18) Жоктау 19) *Тескей* 20) *«Айда, бл-пым!»*	21) *«Гульдер-ай!»* 22) *Жайма-конгр* 23) *Ляйлим!* 24) *Какен* 25) *Гурьев*	26) *Сулу-шаш* 27) *Ак-даригай!* 28) Ыргакты 29) *Тогуль-мели* 30) *Ескендер*	
	VIII	**IX**	**X**	
III	31) Умтул-Казак 32) Куба-кан 33) Кзыл-тылим 34) Кара-шаш 35) Ак-каинг	36) Аттары 37) Кара-кез 38) Жылау 39) Серале-акын 40) Ак-тамак	41) Кокш-аны 42) Дюльдулим-ай! 43) Кукемай-бопемай 44) Жырши-аны 45) Терскакпай	
	XI	**XII**	**XIII**	
IV	46) *Терс-кюй* 47) Песнь рода Аргын 48) *Таловский* 49) *Крушкан* 50) *Утегали*	51) *Агагуй-ай!* 52) *Бупелек* 53) *Ой! Ой! Ой!* 54) *Сурша-Кыз* (II) 55) *«Дунье» Эстая*	56) *Мухамедья* 57) *Харидаяу* 58) *Аужар* 59) *Дай-дай* 60) *Айнам-коз*	
	XIV	**XV**	**XVI**	
V	61) *Сары-Арка* 62) *Ардак* 63) *Канафия* 64) *Ак-кум* 65) *Кос-Басар*	66) *Жуас-конгр* 67) Кара-торгай 68) *Тель-Конгр* 69) *Бегемай* 70) *Бахсы*	71) *Алты-Басар* 72) *Манмангер* 73) *Кара-шаш* (II) 74) *Беу-беу, еркемай!* 75) *Тепен-кок*	

	XVII	**XVIII**	**XIX**
VI	76) Карала-аян 77) Камежан-ай 78) «Медет-хан» Мухита 79) Маусымжан 80) Боскун	81) Яхудай 82) Ариай-дай 83) Кара-тубет 84) Камшат борик 85) Ескен-аны	86) «Алма агашта кос алма» 87) Амир-Аксак 88) «Ак-Иис» Мухита 89) «Адай» кюй 90) «Терскакпай»

Үшінші кестені енгізу мүмкіндігі А.В.Затаевичтің авторлық арнауларының ауқымдылығын аңғаруға негіз болды. Үш дәптерге қатысты (VII, XI, XV) цензуралық араласу дерегін өткізуге болады, себебі мұндай «өкілдер» тұтас және барлығы арнаумен жинақталған дәптер болуы біршама оғаш көрінеді; I, II, IV дәптерлер кестеде түрлі-түсті фонда көрсетілген, өйткені түпнұсқа мәтінінің жоқтығына орай оларды бір мағыналы және үзілді-кесілді орналастыруға анықтау мүмкіндігі болмағандықтан берілді.

Кесте 3. Арнаулардың авторлығысыз жарияланған А.В.Затаевичтің фортепианолық пьеса-өңдеулерінің тізімі

Сериялар	**Дәптерлер**

[1] Үшінші және алтыншы сериялар қосымша түспен реңк берілген, С.В.Рахманиновке (III) бастапқы арнаулар ретінде, өкінішке орай, типографиялық тұрғыдан «іске асырылмаған» (VI). Кестеде түпнұсқа орфографиясы сақталған.

I	**I**	**II**	**III**	**IV**
	1) Ак-Тэнгиз 2) Кугаяй 3) Адаскан 4) Арман	5) Гигай! 6) «Альди-бопем» 7) Ариялер	10) Сурша-Кыз 11) Алмаш	14) «Калкатай» и 15) «Кипчак» Мухита
II	**V**	**VI**	**VII**	
	18) Жоктау		28) Ыргакты	
III	**VIII**	**IX**	**X**	
	Хх			
IV	**XI**	**XII**	**XIII**	
	47) Песнь рода Аргын			
V	**XIV**	**XV**	**XVI**	
		67) Кара-торгай		

А.В.Затаевич өзінің бірінші жинағының алғы сөзінде белгілеген, ол «Қазақ АСР халық комиссарлардан да (Ә.Жангелдин, М.Саматов, С.Сейфуллин)», және басқа да, жас қазақтың зиялы топ өкілдерінен, саяси және қоғамдық салада жұмыс істейтін қайраткерлерден (Ер.Алдоңғаров, Ғ.Бөкейханов, Б.Майлин, Қ.Медетов, А.Оразбаев және т.б.)…» жазып алған [1].

«Еңгезердей жұмысты аяғына дейін жеткізу тек тұтас бірқатар білгірлері мен жан ашырларының қолдауының арқасында соңына дейін жеткізу мүмкін екені түсінікті, олардың барлығын өкінішке орай мен түгендеп шыға алмаймын! Олардың арасында мен: жұмыс қызу үстінде 1922 жылы тифті жұқтырғанымда, бұл жариялымды жүзеге асыруға көп үлес қосып, сын сағаттарда жанжақты көмектескен Қазақ Орталық Орындау Комитетінің төрағасы С.Г.Мендешевке; жоғары білікті нұсқаумен және мен көп жетекшілік еткен түсініктемелерге үлес қосқан А.Б.Байтұрсынов пен А.Н.Бөкейхановқа; маған демеушілік еткен Орынбордағы “Қазақ өлкесінің зерттеу қоғамы” мен Мәскеу археологиялық институттың Орынбор бөлімшесінің меңгерушісі А.Л.Мелковке; және, тоқетері, қиын және ұзаққа созылған бұл кітаптың жариялануына соңына дейін жеткізген Қазақ Халық Ағарту Комиссариатына ерекше борыштармын деп білемін» [1].





Міне солай, басым көпшілігіне (немесе барлығына десе болады), мәтінде аталғандарға, фортепианолық пьесалар арналған. Мұндай «сілтемелердің» қайталануы А.В.Затаевичке өте тән, «бұл көпқырлы жинақты жеткізушілері және жанашырларына бірдей» оны сыйлағандар мен «оған көмектескендерді» алып мүмкін басқа да өкілдердің тарапынан қарастыру қажет шығар [1].

Өзінің соңғы жұмысына дайындалған материалдарда – «Четыреста казахских песен» жинағында – композитор: «Бұл том ерекше маңыздылықпен дайындалған, қорытындылаушы және, бәлкім, ақтық тарту. Мен мұны сол халықтың шығармашылығына арнаймын, кімде кім мені, мүмкін, музыкалық фольклордың мәдени жинақтаушылықтың негізін қалаған ретінде, естеріне алар» – деп жазған [9].

Анығы, ұсынылған материал зерттеушілік тәжірибеге өзінің өзектілігін сақтайды. Оған кепіл болатын – А.В.Затаевичтің шығармашылық мұрасының тұтас және ішінара оның фортепианолық шығармашылығының ғылыми арнаға түспегендігі, ал игерілгені қиялмен алдын ала анықталғанын көрсетеді. Оның келешекте зерттелуі ауқымды. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған көптеген пән аралық мәселелерге шығу болып табылады. Олардың алдыңғы қатарында – А.В.Затаевич ерлігінің қызметі мен көптеген басқа да тарихи-саясаттық және идеологиялық контекстер, көркемдік-

эстетикалық және өнегелі-этикалық басымдылығының болғаны. Басты мәселе ретінде, авторлық мәтін, жоғалтқанды орнына келтіру қажеттілігі және т.б. болуы тиіс деп ойлаймын.

Бүгін А.В.Затаевичтің пьеса-өңдеулерінің тек бірінші басылымы ғана емес, сондай-ақ жарты ғасыр бұрын жарыққа шыққан жинақ та библиографиялық сиректікке айналған. Автордың көптеген арнауларының қалпына келтірілуі шынында көпті дүр сілкіндіруі мүмкін, өйткені ол сөзсіз құнды категориялар, тарихи ескерткіш және тарихи шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – С.22.

[2] Затаевич А. 1000 песен киргизского народа (напевы и мелодии). – Оренбург: Киргизское Государственное Издательство, 1925. – 403 с.

[3] Затаевич А.В. Исследования. Воспоминания. Письма и документы. – Алма-Ата: КГИХЛ, 1958. – 304 с.

[4] ЦГА, Ф. 847, оп.1, д.82, л.13-14.

[5] Затаевич А.В. Қазақтың халық әндері тақырыбы бойынша фортепианоға арналған пьесалар. Пьесы для фортепиано на казахские народные темы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 112 б.

[6] Затаевич А. Песни Казахстана. Выпуск I. – М.: Гос. муз. издат., 1931. – 33 с.

[7] Затаевич А. Фортепианные пьесы. – Алма-Ата: Өнер, 1983. – 96 с.

[8] Затаевич А. Фортепианолық пьесалар. Фортепианные пьесы. – Алма-Ата: Өнер, 2004. – 100 б.

[9] Дернова В.П. Первый народный артист Казахской ССР // Казахстанская правда. 1959, 21 марта.

Творческое наследие А.В.Затаевича: новые аспекты изучения

А.К. Омарова
aklima_omarova@mail.ru
кандидат искусствоведения, доцент
Казахской национальной консерватории им. Курмангазы, г.Алматы

Ключевые слова: культура, композитор, периодика, свидетельство, документ, факт.

Аннотация. В статье творческое наследие А.В. Затаевича представлено через традицию авторских посвящений. Впервые показаны разные грани данной проблемы, сформулированы основные выводы.

Сведения об авторе

Омарова Аклима Каирденовна – кандидат искусствоведения, доцент, профессор Казахской национальной консерватории им. Курмангазы.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

Poetics works of Oralkhan Bokey

Rakhatova M.S.

Kazakh national pedagogical university Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: kazakh prose, writer, work, poetics, feature, skill, world image, human life.

Abstract: In this article says about famous writer, publicist, dramatist Oralkhan Bokey which will be considered his poetics of work and features. The author tries to show his writing skills by giving examples from the writers works.In article says about the problem of harmony between nature and human, mystical and philosophical view of works.

ӘЖК 821.512.122-31 (092)

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

М.С. Рахатова

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: қазақ прозасы, жазушы, шығарма, поэтика, ерекшелік, шеберлік, әлем бейнесі, адами болмыс

Аннотация: Мақалада танымал жазушы, публицист, драматург Оралхан Бөкей шығармаларының поэтикасы мен ерекшелігі қарастырылған. Автор жазушының өз шығармаларынан мысалдар келтіре отырып, жазушылық шеберлігін барынша аша білуге тырысқан. Мақалада жазушы шығармаларындағы табиғат пен адам арасындағы өзара үндестік мәселесі, мифтік, фольклорлық көріністер жайлы айтылған.

XX ғасырдың 70-жылдары қазақ прозасында әдебиет жанрларының бірі – повесть қарқынды түрде дамыды. Бұл тұста көркем сөз шеберлерінің әрқайсысы әдебиет әлеміне өзіндік тың тақырыбы мен өзіндік ерекшелігін ала келді. Көркем сөз шеберлерінің көтерген тың тақырыптары мен келелі мәселелері, өзіндік кейіпкерлері мен көркем ойлауы шығармашылық толысудың бейнесі іспеттес.

Әлем бейнесі мен адамды танудағы өзіндік ерекшелік қара сөздің хас шебері – Оралхан Бөкей прозасының басты айырмашылығы болып табылады.

Бүгінде біз қазақ прозасында әлем бейнесі мен адами болмысты тануда О.Бөкей ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңба қалдырды деп нық сеніммен айта аламыз. Себебі жазушының қандай да бір шығармасын алсақ та, олардың өн бойынан О.Бөкейдің өзіне ғана тән жазушылық шеберлігі бірден сезіледі.

Бойында ұлттық бейнесі айқын аңғарылатын, жандүниесі ерекше еңбекке құмар, еңбекті жаны сүйетін жандар жазушы шығармаларының басты кейіпкерлері болып табылады. Сонымен қатар жазушыға тән келесі бір басты ерекшелік – табиғат пен адамның егіз ұғым ретінде бейнеленуі. Бұл ретте жазушының өз сөзімен айтар болсақ, «Дала! Адам! Егіз ұғым. Бір-ақ ұғым. Құба жонында сағым жатқан, шың-құздарына қақ қатып, шыт-шыт айрылған сортаң мен шөлейтінің жал-жал құм төбелі бедері, арындай аққан өзен, үдете соққан дауыл мен жел; қалың қарағайлы барағы орман тоғай; жүгірген аң, ұшқан құс...Сыбай атты жолаушы: Дала мен Адам. Қазақ сахарасы – қазақ халқы. Біздің тарих осы екеуінен жасалды. Тарих бетін парақтап, кейінгі ұрпаққа мирасқа елдік қасиетін, ерлік намыс-жігерін, қаны мен тілін қалдырған бабаларымыздың бейнесі әмісе биіктен көрінеді» [1, 162]. Жазушы табиғат пен адамның бір-бірімен өзара үндестігі жайлы осылайша пікір таныта келе, дала төсінде адам қолының да салған таңбасы бар екендігі турасында былай дейді: «...Дала! Адам! Дала төсінде Адам қолының бедері бар, адам салған таңба бар. Даланың нағыз халықтық екендігін баршаға

паш ететін де сол – қолтаңба. Ол қолтаңба: мазарлар мен мұнаралар, мешіттер мен ғимараттар, төбе-төбе боп қалған шаһарлардың жұрнақтары. Біздің дала қазақтың құба жоны мұндай ата аманаттарына бай екен. Батудың қанды жорығы, небір дауылды да нөсерлі жылдар бабаларымыздың рухындай мәңгілік ескерткіштерін жоқ ете алмады. Қайта халайық жүрегінде маздап тұр. Ендеше шалқар сахарамыздағы бүгінгі таңда еңсе көтерген сәулетті қалалар мен мұнаралар жанында тұрған көненің – архитектуралық ескерткіштер олардың көркіне көлеңке түсірмесе керек. Қайта кейінгі ұрпақтың заңды мақтанышына айналмақ» [1, 167]. Жазушының бұл пікірінен біз табиғатта адамның да өз қолтаңбасы болатындығын және олардың болашақ ұрпақ үшін зор мақтаныш екендігін аңғарамыз.

О. Бөкей өз туындыларында туып-өскен өңірі мен балалық шағы өткен ғажап мекен – өр Алтайдың сұлу табиғаты мен сол өңірді мекендейтін тұрғындардың күнделікті тыныс-тіршілігін, олардың қуаныш-қасіреттерін, бойларындағы адами асыл қасиеттері мен құндылықтарын айшықты сөзбен бейнелей отырып, жалпыадами маңыздылық дәрежесіне көтере білген. Мәселен, жазушы «Қар қызы» повесінде қаһарлы қыс бейнесін келесідей сөз өрнектерімен оқырман қауымға жеткізе білген: «Айнала аппақ қар: ақ түтек боран, сеңдей сірестіріп қасаттап тастаған ақсіреу кіреуке: қарасаң көз қарықтыратын шаңқан бел-белестер әлдеқайда...Алысқа бірін-бірі қуа жарысады: ербең етер тіршіліксіз салқын бедірейген қарлы адырлар ұлы өмір шуылынан бейхабар – айқара жамылған ақшағы көрпесін бұйығы бүркенеді; табиғаттың күні кешелер ғана маздаған тіршілігіне мекен-жай болған жазира жоталар өлім тыныштығына бой алдырған да, дүниенің бар қызығынан әбден жалыққан құмарпаз адамның жалқы сәт талықсып кетерін еске салғандай болады; күн таласа шыққанда осына қайғы жұтып, қар тұтқында жатқан бейкүнә аязды аймақ мың-миллион күміс ұшқындарын сәулелендіріп, тоғыз қабат торқа астында қалтыраған Жер-Ананың ертең туар базарлы шағының үміт отындай жарқырайтын; бүгін аспанды саңылаусыз тұтастыра жауып тұрған қарлы жота-қыраттардың осы сұлулығын қызғанғандай, тартып алып талақ тастапты; көкжиек жоқ; аспан да, байтақ өңір де ақ сұр; жер жоқ, бір өңкей боп суытып, жүрек мұздатар сұмпайы қар; еріксіз жалықтырады, еріксіз жалғызсыратады, жүз жылға бір-ақ қартайтып кеткендей қажытады, құлазыған осына бір түске, бір мінезге қарап тұрып, көңіліңді аяныштың аязы буып, ботадай боздап жылағың келеді; ботадай боздап жылап тұрып, жаратылыстың осыншалық қатыгездігіне налығандай әлемдегі бүкіл жақсылық пен жамандық атаулыдан безінесің; ақша қардың ортасында меңдей қарайып тұрған жалғыз трактор – аппақ дастарқанның үстінде жорғалаған қоңыздан-ақ қауқарсыз» [2, 139-140]. Бұл үзіндіден оқырманның көз алдына қаһарлы қыс бейнесі еріксіз елестейтіні анық.

Оралхан Бөкей шығармаларынан адам жанының жалғыздығын, адамның өзі өмір сүріп отырған қоғамнан алшақтап, жырақта өмір кешкісі келетіндігін де байқауға болады. Жазушының «Қар қызы» повесінің басты кейіпкерлерінің бірі Қоңқайдың келесі сөздері соның дәлелі. «Адамдар мінезіне мен де қайранмын, шырақ! Солардан, ұлардай шулаған адамдардан қанша жан ұшыра қашсаң да, қыр соңына түсіп тауып алады. Тып-тыныш оңаша өміріңнің айдынына тас лақтырады. Мен – өзіммін, басқа емеспін, ендеше, өзімше өмір сүріп, өз мекенімді, яғни өз мемлекетімді құрғым келеді. Мынау қараша үй – менің кішкентай ғана, қарлығаштың ұясындай мемлекетім, қара басымның жалғыз еркіндігі....Сол қарлығаштың ұясындай мекенімнің қауіпсіздігін көзімнің қарашығындай күзетіп, суверенитетін сақтау үшін елу жыл алысқанмен – алыстым, атысқанмен – атыстым. Бұл – менің жанымның, рухымның, жүрегімнің, тіпті бүкіл бостандығымның Отаны. Ал сол титімдей мемлекет, от жаққан отанымның шекара – табалдырығын бұзғандарға қасық қаным қалғанша аямаймын, майдандасамын» [2, 163-164]. Жазушы повестің басты кейіпкері Қоңқайдың шағын да болса өз мемлекетінің бар екендігін және сол өз ұясын қорғау үшін оның кіммен болса да, жан аянбай күресетіндігін баса айтады.

Жазушы шығармаларының басты кейіпкерлері: шопандар, жылқышылар, механизаторлар, орманшылар, ересектер мен жастар. Бұл адамдардың барлығының бойынан ұлттық болмыс бірден аңғарылады. Жазушы кейіпкерлерінің барлығы, мейлі ол ер адам болсын немесе әйел адам болсын, мейлі жас, мейлі кәрі адам болсын, барлығы ғалам-жұмбақтың, адам-жұмбақтың сырын ашуға талпынады.

О.Бөкей прозасының келесі бір ерекшелігі оның шығармаларының барлық кейіпкерлерінің табиғатқа деген ортақ көзқарасы, табиғатқа деген жақындығы мен табиғат пен адамның өзара үндестігі болып табылады. Жазушы жоғарыда аталған «Қар қызы» повесінде қыстың аязды күні шөп алып келуге шыққан үш жігіт – Нұржан, Бақытжан, Аманжан бейнелерін «аппақ қардың үстіндегі көктемгідей жапырағын жайған әлі жас, әлі арманшыл әрі күнәсіз көк өрім үш қайыңға» теңесе, олардың «әрқайсысының жүрегінен сағыныш, өкініштің белгісіз, бұдан бұрын еш жерде, ешқашан айтылмаған мұңлы да сырлы әнінің қалтырап барып, сыңси айтылуын – сол ақша қардың үстіндегі ақ қайыңның

сұп-суық жел тербегенде шыдай алмай жылауы шығар» деген пікір танытады. Бұл мысалдардан біз жазушы шығармаларындағы табиғат пен адамның арасындағы үндестікті, адам бейнесін табиғатпен байланыстыра суреттеу шеберлігін жіті аңғарамыз. Бұл ретте ғалым Ж.А. Жақыпов өзінің «Көркем сөз мәдениетінің үлгісі (О.Бөкейдің «Атау кере» повесі мысалында)» атты мақаласында О.Бөкейдің оқырманды тылсымға ендіру үшін параллелизм құбылысын, кейіптеуді жиі пайдаланатындығын, жазушы прозасында адамның табиғатпен астастырыла қаралатындығын, одан тысқары қаралған күннің өзінде оны адам мен табиғаттағы жатсыну құбылысы ретінде көрініс беретіндігін айта келіп, мынадай мысал келтіреді: «Бұл шақта таудың ұшар басындағы ұшпа бұлт етекке қарай жоңкіле көшіп, аяқ астынан жел тұрды. Жапырақ жайған ағаш басы арпалыса суылдап, сабалақ жүнді бірді-екілі ешкі қора-қораның ығына қарай тырағайлап барады. Желіккен желмен бірге жарыса түскен жаңбырдың хабаршы тамшылары жетіп, әлгінде ғана будақтай көтерілген қара жолдың шаңын жерге шегелей бастаған. Қара бурадай құтырына жөңкілген бұлт бір-бірінен жерігендей үрке орналасқан бытыраңқы үйлердің жиналмай қалған кірін желпілдетіп албастыдай апай-топайын шығарды. Тамшының арты бұжыр-бұжыр бұршаққа айналып, тақтай шатыр, қаңылтыр пештерді таңқылдатып, төбеңді оярдай пәрменмен сабалаған, барабандап бастаған бұршақ қара қошқыл бұлттың құсығындай, далада жүрген тіршілік иесін бұрыш-бұрышқа, ықтасын-қуысқа қуалап тықты. Жер беті аппақ маржанға бөгіп, Алтайдың алты айрығынан саулап бұлақ ақты. Бұлақтың іші толған – ақ моншақ, әрі суық әрі сұлу көрініске есік-терезеден сығалай мәз балалардың кейбір шыдамсыздары жалаң аяқ, жалаң бас далаға шапқылап шығып, шекесін ісіріп қайта оралады. Ең ғажабы, дәл сол күні – бір жағы ақ, бір жағы қызыл бұршақ жауды» [3, 13].

Жазушы шығармаларының ерекшелігі танылар келесі бір тұс – оның шығармаларында мифтік, фольклорлық сарындардың жиі орын алуы. Бұған «Қар қызы» повесіндегі Қар қызының бейнесі, «Мұзтау» повесіндегі Асан шалдың бейнесі нақты дәлел бола алады.

Жазушының «Қар қызы» повесінің сюжеттік желісі қыстың қарлы боранында шөп алып келу үшін үш тракторшы жігіттің жолға шығуына құрылған. Шығарма арқауы – Қар қызы жайлы ел арасына кеңінен тараған аңыз. Үш жігіттің бірі – Нұржан жолға шығар алдында түсінде ме әлде өңінде ме, белгісіз Қар қызын көреді. Қар қызы Нұржанға келіп, «Нұржан, сен кет бұл ауылдан, мүлдем кет, мәңгілікке кет...бұл жерде адамдар көбейіп барады...саған еркіндік жоқ...Еркін өмір жоқ...Кеңістікке кет...ер менің соңымнан...ер» дейді [2,139]. Сол мезетте Нұржанның құлағына алыстан Қар қызының боздап салған әні келеді. Үш жігіттің ішіндегі ең мықтысы осы Нұржан болғандықтан, Қар қызы тек соған ғана көрінеді. Қоңқай шал Нұржанды алғаш көргенде, «үш жігіттің ішіндегі ең қауіптісі – Нұржан» деген ой түйеді. Нұржан шалдың әңгімесін тыңдағаннан кейін ол «...бәлкім, шалдың Қар қызы деп сандырақтап жүргені жалғыздыққа шыдай алмай күйіп-жанған соң, жалаң аяқ, жалаң бас, аппақ іш көйлегімен далаға атып шығып, тізеден қар кешіп, алаулаған ыстық жалынын мұздатып, ән салатын өз қызы – Алмажан шығар...Ол да мүмкін; бұл әлемде мүмкін емес нәрсе бар ма, тәйірі» [2, 234]. Одан әрі оқиға желісі Нұржан мен Алмажан арасындағы өзара диалогке құрылған.

Жалпы, Оралхан Бөкей прозасында мифтік, философиялық сарын басым болып келеді. Жазушының әрбір шығармасынан біз уақыт жайлы өзіндік ой-тұжырымын немесе адамзат пен әлемді сөз еткенде, уақытты сөз етпей кете алмайтындығын байқаймыз.

О.Бөкейдің әрбір шығармасы – жазушының өзінің туып-өскен жеріне деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббатынан өрілген сөз өрнектері. Жазушы прозасы жақсылық пен жамандықты тануға, олардың ара жігін ажырата білуге, табиғаттың тылсым күштерінің сырын тани білуге құрылған. О.Бөкей шығармаларына туған жерге, туған елге деген кіршіксіз махаббат, табиғат пен адамзат арасындағы үйлесім, рухани тазалық, өзі өмір сүрген заман мен замандастар бейнесі, адамдардың бойындағы жан сұлулығы мен адами ізгі қасиеттер, жалғыздық, өткен мен бүгінгі күннің арасындағы сабақтастықты басты арқау етеді.

Оралхан Бөкей шығармалары қазақ әдебиетінің озық үлгілерінің бірі болғандықтан, болашақта жазушы шығармалары одан әрі тереңірек зерттеледі деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Бөкей Оралхан. Б78 Шығармалары. Очерктер, публицистикалық мақалалар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013 Т.7. – 384 б.

[2] Бөкей О. Қар қызы: хикаяттар/Құраст.Р. Мәженқызы. – Алматы: Раритет, 2008. – 280 б. – «Алтын қор» кітапханасы»

[3] Жақыпов Ж.А. Көркем сөз мәдениетінің үлгісі (О.Бөкейдің «Атау кере» повесінің мысалында)//Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №2 (70)/2013 ж. – 10-15-бб.

[4] Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Бірінші том. Повестер. – Алматы: Жазушы, 1994. – 496 б.
[5] Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна». ЖШС, 2005. – 576 б.

Поэтика произведений Оралхана Бокей

Рахатова М.С.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

Ключевые слова: казахская проза, писатель, произведение, поэтика, особенность, мастерство, образ мира, человеческое бытие

Аннотация: В статье рассматривается поэтика и особенности произведений известного писателя, публициста, драматурга Оралхана Бокей. Автор приведя примеры из произведений писателя как можно более старается раскрыть мастерство писателя. В статье говорится о проблеме гармонии между природой и человеком, о мифических, философских картинах в произведениях писателя.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 801.55 (5k)

Descriptions metaphor names of dishes in comparative aspect

O.A.Zhumagulova, I.S.Kairbekova
j_omirgul_a@mail.ru

Kokshetau State University named after Sh.Ualikhanov, Kazakhstan

Key words: name meals, metaphor, metaphorization, similarity, imagery, figurative meanings, derivational paradigm, universal, information, ethno-cultural unit.

Abstract. The aim of the research work of the names of food metaphor Kazakh any language recognized as a universal tool for the study of the specificity of metaphor for comparison with the data in Russian, the word potential in the study of language. To do this, yeast, honey, sour cream, and food of the names, Russian and Kazakh languages studied are shown. The names of the food label often abstract concepts, quality paradigm would have been revealed. Linguistic analysis of the data, the names of the Kazakh language, food metaphor symbolic names generated formative paradigm than the volume of the Russian language varies widely. This is due to the peculiarities of the Kazakh people most symbolic thinking. Metaphor recognized words are different in each, despite the general notion that each nation is different and metaphor to be determined depending on the specific national thinking. Tegen and kurt titles kazakh names of people considered the cultural vocabulary, specific linguistic and extralinguistic information field based on semantic data structures into account. Currently, the names of the food metaphor of Kazakhstan in the field of information and semantic structure of linguistic and cultural dictionary of words in the form of articles. Metaphor language, the name of each dish with the education of the population is connected to the consumer to determine.

UDC 801.55 (5Қ)

Тағам атауларының метафоралануын салғастырмалы аспектіде сипаттау

Ө.А.Жұмағұлова, И.С.Қайырбекова

J_Omirgul_A @mail.ru
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақстан

Кілт сөздер: тағам атаулары, метафора, метафоралану, ұқсастық, бейнелік, бейнелі мағына, сөзжасамдық парадигма, әмбебап, ақпарат, этномәдени бірлік.

Аннотация. Ғылыми жұмыстың мақсаты қазіргі қазақ тіліндегі тағам атауларының метафоралану

ерекшелігін зерделеп, кез келген тілде әмбебап құрал ретінде танылып жүрген метафораның сөзжасамдық әлеуетін орыс тілінің тілдік деректері арқылы салғастыра отырып зерттеу болып табылады. Осы мақсатта ашытқы, бал, қаймақ сияқты тағам атаулары алынып, орыс және қазақ тілдерінде салғастырыла зерделенді. Аталған тағам атаулары көбінесе дерексіз ұғымдарды таңбалап, сапалық парадигманы түзейтіні анықталды. Тілдік деректерді саралай келе, қазақ тілінде тағам атауларының метафоралануы арқылы жасалған бейнелі атаулардың сөзжасамдық парадигмасының көлемі орыс тіліне қарағанда ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл қазақ халқының бейнелі ойлау ерекшелігінің басымдылығымен түсіндіріледі. Метафоралану барысында негіз сөздердің түрлі белгілері әр қырынан танылып, ұғым ортақтығына қарамай, әр халықта түрліше танылуы және метафоралану ерекшелігі ұлттық танымға негізделгені айқындалды. Тегене мен құрт атаулары таза қазақ халқының этномәдени лексикасы ретінде қарастырылып, нақты лингвистикалық және экстралингвистикалық деректердің негізінде ақпараттық өрісінің семантикалық құрылымы айшықталды. Қазіргі қазақ тіліндегі тағам атауларының метафоралану үдерісінің ақпараттық құрылымының семантикалық өрісі лингвомәдениеттану сөздігінен алынған сөздік мақала түрінде берілді. Әрбір тағам атауының метафоралануы тіл тұтынушы халықтың білім қорымен астасып жататыны анықталды.

Қазіргі қазақ тіліндегі тағам атауларының метафоралануын ұлттық ерекшелігіне байланысты сипаттау тілдің ішкі мүмкіндіктерін жаңа қырынан танудың бір жолы болып табылады.

Орыс тілінің бейнелі жүйесін зерттеуші Е.А.Юринаның «Вкусные метафоры» атты монографиясында: «Мы увидим себя и свою жизнь в зеркале кулинарных образов: глаза – миндалины, нос – картошкой, губки – ягодки, волосы – спагетти (это у итальянцев), щёчки – баурсаки (такие пончики у казахов). Мы увидим, как варимся в собственном соку, бурлим в кипящем котле повседневных дел, обстряпываем делишки, сбрасываем лапшу с ушей и сияем как масленый блин, урвав свой кусок пирога. Так говорит наш язык о нас посредством кулинарной метафоры. Так говорим мы о себе, глядя в зеркало пищевых образов», – деген пікірі тағам атауларының образ тудырудағы әлеуетінің маңыздылығының айғағы [1,7]. Бұл бір жағынан метафораның әмбебаптық сипатымен байланысты болса, екінші жағынан тағам атауларының этнолингвистикалық табиғатымен астасып жатады. Бұны этнолингвист-ғалым А.Жылқыбаеваның: «Ұлттық ерекшеліктің басқа салалармен салыстырғанда ұзағырақ сақталатын материалдық мәдениетінің бір саласы тағам атаулары», – деген пікірі жоғарыда берілген пікірмен үндеседі[2].

Қазіргі қазақ тіліндегі тағам атауларының метафоралануы болмыстың кез келген нысанын таңбалауда бейнелі сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, Ашытқы (Белгілі бір істің себепшісі, ұйымдастырушысы*).* - *Тауда Тоқаш маңына жиналған ел жігіттеріне бұлар* ***ашытқы*** *болды* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин); Мұндай бейнелі мәнді орыс тілінен де табуға болады. Дрожжи. ЯМ. То, что является источником бурного развития, причиной изменений. *– **Дрожжи** нетерпеливой ненависти взращивали в ее душе страсть к большим деньгам… к пачкам, кошелкам, мешкам больших денег…* (Д.Рубина. На солнечной стороне улицы). *Однако зоркие российские интеллигенты понимали, какие смертоносные **дрожжи** бросаются в российское общество. Были в этом обществе революционеры, которые вместе с горьковским Буревестником радостно предвкушали: «Буря! Скоро грянет буря! Пусть сильнее грянет буря!»* (Г. Горелик. А. Сахаров. Наука и свобода).

Қос тілден алынған тілдік деректерді салғастырып қарағанда тағам атауларының метафоралануы екі тілге де ортақ екені анықталды. Олардың семантикалық ерекшелігі әр халықтың ұлттық танымымен астасып жатады.

Метафораның тілдік және танымдық қызметінің маңыздылығын профессор Б.Хасанов көрсеткен: «Тіл тарихын зерттеуде метафораның мәні зор, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуын көрсететін элемент түрінде арнайы қарастыру қажет» [3,4].

Қазіргі қазақ тіліндегі бал атауы метафораланып, сүйкімді, дәмді, тәтті, таза, құнарлы деген бейнелі мағыналарды тудырады. - *Ай, **бал бөбек**, **бал бөбек** балдайсың, Атқан жазғы арайлы таңдайсың. Күлгеніңде көктемгі күндейсің, Күн нұрымен құлпырып гүлдейсің* (Қ.Аманжолов Шығ.). *Көк жайлауға жақын жоқ осы бізден, **Бал қымызы** кетпейді-ау есіміздің* (Қ.Мырзалиев). *Айлап, жылдап қонақтады сол қайғы, Орта түскен көңіл бір сәт толмайды. Тыста самал, жағадағы **бал бұлақ**. Сағыныштың қоңыр күйін толғайды* (Ж.Сәтібеков.Сорлы қайың). *Асыға қимылдаған қыруар ел ылдидағы масағы кере қарыс қалың **бал құрай** көмкерген айдын көлге қарай беттеді* (І.Есенберлин, Қаһар). *Тасбұлақтың жағасы Көкорай шалғын **бал құрақ**. Көрікті жеміс ағашы, Пісіп тұрған балбырап* (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). *Тәтті тағам мен **бал шырынға** тойған балаларды ертеңгілік ұйымдастырушылары жануарлар бағына апарып, хайуанаттар әлемімен таныстырды* (http://bko.gov.kz/aima-zhaalytary-arau/article/esten-ketpes-ertegilik. html). *Бүгінгі күннің жастары **бал айын** шетелде өткізуге құмар-ақ* (Ауызекі тіл).

Келтірілген деректерден қазақ халқында бал→сүйкімді (бал бөбек) → дәмді (бал қымыз) → таза (бал бұлақ) → құнарлы (бал құрай, бал құрақ) → тәтті (бал айы, бал шырын) деген бес түрлі мәндегі сапалық парадигмада жұмсалатынын айғақтайды.

Орыс тілінде бал сөзі бейнелі мағынада қанағаттанушылық, ләззат тудыратын жағымды бір нәрсе деген мәнде қолданылады**:** *– За то время, что Монька с аппетитом вкушала* ***мед*** *семейных утех и продолжала, трепеща, неутолимо алкать его, – иными словами, за эту ее медовую пятилетку Гертруда Борисовна успела обменяться с Карла Маркса в Бармалеев переулок* (М. Палей. Кабирия с Обводного канала). *Они думают, власть – это* ***мед,*** *– размышлял Сталин* (Ф. Искандер. Сандро из Чегема).

Келтірілген деректерден орыс тілінде бал сөзінің бейнелі парадигмасы қазақ тіліне қарағанда шектеулі екендігі байқалады.

Қаймақ (*Көптің ішіндегі бетке ұстары, таңдаулысы*). *– Ғаламат ғажап жастардың, Жиналған мұнда* ***қаймағы****, Бұл өлке – тамған терменен, Қайнаған еңбек аймағы* (О.Сүлейменов, Атамекен). *Қаншайым қонағына барын аянбапты: жинап жүрген кішкентай кілегейін қайнатып* ***балқаймақ*** *жасапты* (Ш.Құмарова, Қос шынар). *Ақын-жазушылар толғамынан туған әдеби туындылардың қай-қайсы да сүттің бетіндегі* ***қаймақтай*** (vk.com/wall166417149?offset=60). *Менің бұл ұсынысымды бақытты да берекелі* ***қаймақтай ұйып*** *отырған Қазақстанның әрбір саналы ұлы жақтайды деп ойлаймын* (www.azattyq.mobi/comments/). *Демек, уәкілетті органдардың арасында бірлескен жұмыс жүргізілмейтіні сүт бетіндегі* ***қаймақтай қалқып*** *шығып отыр* (kz.zaman.com.tr/kz/newsDetail). *Қазақ еліне бір оралман көшіп келсе, ол өз елімізге сүтке қосқан қаймақтай болады* (www.minber.kz/2012/04/). ***Қаймақтай жұқа еріндері*** *шаршағандықтан ба, әйтеуір шыт-шыт болып жырылып кеткен (*kaz2.docdat.com/docs/index158281.html?page). *Күн тас төбеге өрлеп белмен шикіл сағымды* ***кілегей қаймақша*** *жүздірді* (www.writers.kz/journals/).

Қазіргі қазақ тілінде қаймақ → таңдаулы (халықтың қаймағы) → дәмді (балқаймақ) → құтты, берекелі (қаймақтай ұю) → анық, айқын (қаймақтай қалқу) → маңызды (қаймақтай болу) → нәзік (қаймақ ерін) →қою(кілегей қаймақша) деген жеті түрлі мәндегі сапалық парадигмада қолданыс тапқан.

Ал орыс тілінде ақ түсті, қою заттарды бейнелеу үшін жұмсалады:

– Цира, побелев, ***как сметана****, шагнула ко мне навстречу и вдруг преклонила колени* (Е. Хаецкая.Синие стрекозы Вавилона /Обретение Энкиду). *Худенькая, тоненькая и белая-белая,* ***как сметана****, – не льнет солнце* (Ф.Абрамов. Пелагея). *Как известно, молодой дождевик на ощупь тверд и крепок, а на разрезе бел,* ***как сметана*** (В.Солоухин. Третья охота). *Так: теперь поставить на плиту воду для кофе, достать из подпола баночку сливок, густых,* ***как сметана****, а пока то да сё, взять ружье и сходить по малой нужде на двор* (В.Пьецух. Деревенские дневники). *Тысячи людей месили покрывшую территорию рынка горчичного цвета грязь, густую,* ***как сметана*** (Е.Рубин. Пан или пропал. Жизнеописание). *Снаружи был туман, густой,* ***как сметана*** (А. Лазарчук. Все, способные держать оружие...).

Қаймақ сөзі орыс тілінде екі сапалық парадигмада жұмсалады. Қос тілде де тағам атаулары метафораланып, болмыстың түрлі нысандарын таңбалау үшін қолданылған.

Тіл білімінде *метафора деп* белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың атауы екінші бір зат не құбылысқа атау болып ауысуын көрсетеді.

Метафораның ғылыми айналысқа енуі ерте кезеңнен басталса керек. Мәселен философ Аристотель метафораны ұқсату негізінде өзгеру деп бағаласа [4,66], Цицерон метафораның бейнелі сөз тудыру ерекшелігін атаған [5,55]. Ал Неаполитан ойшылы Джамбатиста Вико (1663-1744) метафораны мифпен тығыз байланысты деп санаған [5,83]. Метафораны қолданғанда санада екі түрлі зат турлы екі түрлі ойдың қалыптасатыны жөнінде шетелдік ғалым А.Ричардс атап өтеді. Метафораның нәтижесінде жаңа мағына пайда болатынын ескерте келе, бұл құбылысты қолдана білудің өзі өнер деген шешімге келген [5,46]. Ғалым Ф.Уилрайт метафораларды заттар мен құбылыстардың адам санасындағы символдары деп пайымдайды [6,100], батыс ғалымдары Дж.Лакофф және М.Джонсон метафораны когнитивтік феномен деп сипаттап, бейнелі ойлауда метафора мен метонимия тәжірибеде дәлелдебеген ұғымдарды таңбалайды деп шешеді [7,87]. Осы ретте тағам атаулары мен ыдыс-аяқ түрлерінің метафоралануы негізінде қазақ халқының таным ерекшелігі анықталады. Қазақ халқының танымал ақыны Қ.Мырзалиев:

Қымыз қылып құяды,

Алғысын ел ***тегенге*** деген өлең жолдарында қазақтың этникалық ерекшелігін танытатын мәдени лексиканы ауыспалы мағынада қолданған. Мысалда берілген тегене атауының негізгі мағынасы –

ағаштан, темірден әшекейленіп істелген қымыз, ас құятын шұңғыл ыдыс. Бұл атаудың шығу тегі тілші Ж.Манкееваның еңбегінде сарапталған: «Тегене > тегеш, тегершік (диал.); tegira – айнала, tegirmä – дөңгелек, tegirmän – диірмен, tegräk – шеңбер, сақина» [8,296]. Байқап қарасақ, бұл атаулардың бәрі дөңгелек формаға негізделіп аталған. Сонда ыдыс атауының пайда болуына негіз болған тіршілік көзі күннің сыртқы формасы деген пікір туады.

Енді осы атаудың бейнелі мағынада жұмсалуына назар аударайық:

– *Осы кезде ол үлкендігі* ***тегенедей,*** *салмағы он килограмнан кем түспейтін бір алып бақаның әлгі екі жәндікке баспалап келе жатқанын байқап қалды* (massaget.kz/alemtanu/syrly-alem/10533?rates=down). *Бұрынғыдан әлдеқайда аласарып, қол созымда ғана* ***тегенедей*** *төңкеріліп тұрған аспан, ол да бір түрлі көңілсіз, өз-өзінен жүдеу, өз-өзінен жабыңқы* (alashainasy.kz/proza/-oralhan-bokey-kar-kyizyi-52406/). *Бес тайдың терісінен тіккен қара сабаны піспекпен күрпілдетіп пісіп,* ***тегенедей-тегенедей*** *ағаш аяқтарға қымыз құя бастаған* (І.Есенберлин).

Қазіргі қазақ тілінде тегене → көлемді, салмақты (тегенедей бақа) → аумақты (тегенедей аспан) → сыйымды (тегенедей ағаш аяқ) деген үш түрлі мәндегі сапалық парадигмада жұмсалады.

Қазақ тіліндегі тағам атауларының метафоралану үдерісі нақты тілдік деректер негізінде зерделеніп, көптеген бейнелі атауларға негіз болатыны анықталды. Себебі адам өзінің өмір бойы жинаған тәжірибесін тілдік бірліктерді жасауда молынан пайдаланады. Белгілі бір тілдік таңбада сол нысан туралы ұлт өкіліне таныс білім қоры жинақталады.

Орыс тіл білімінде ғалым В.Г.Гак метафораның қызметін екі жақты қарастырған жөн деп санаған. Біріншісі оның нысанға атау болуы, екіншісі көркем сөзді қалыптастыру тәсілі ретінде танылуы [9,11]. Тілдің бейнелігін арттыруда метафора қаншалықты маңызды болса, оның аталым жасаудағы қызметі де өте маңызды.

Тіл біліміндегі когнитивті бағыттың өкілі В.Н.Телия: «Метафоралану үдерісі – әрқашан көптеген айнымалы факторлары болатын күрделі когнитивті-аталымдық жағдаят», – деп тұжырымдайды [10,34].

Адам өз тәжірибесіне қарай заттар мен құбылыстарға өзіндік бағасын береді және санасында қалыптасқан бейнелерді, нақты немесе абстрактілі ұғымдарды өзара салыстырып отырады, ұқсастық іздеуге бейім болады. Метафоралануда пайдаланатын лексикалық құралдар тілдік, онтологиялық және мәдени факторлармен тығыз байланысты болады.

ХХ ғасырдың басында қазақтың біртуар ұлы А.Байтұрсынұлы: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жанды затты жанды заттай ғамалайды. *Шолақ ақыл, найзағай ойнайды, қазанның құлағы, ошақтың бұты* деу дерексіз заттарды деректі затша, жансыз заттарды жанды затша, бейнесіз затты бейнелі затша қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Осы сияқты өң берілген сөздер, көрнекі тіл делінеді. Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек», - деп көрсеткенмен [11, 239], бүгінгі күні метафоралануды тілдік сипаты толық шешімін тапты деп айту қиын. Бұл ойымызды тілші Б.Қасымның пікірі де қуаттай түседі: «Тілдегі сөзжасам мен аталымды метафора тұрғысынан зерделеу тілде кенжелеу, назардан тыс қалып келеді. Метафораны зерттеушілер көбінесе бейнелеу, көркемдеу құралы, тәсілі ретінде қарастырады» [12,255]. Ғалым Ж.Манкееваның: «Әр ұлттың айналадағы дүниені танып-білуі, әлемді тану тәсілі, рухани санасы, бүкіл болмыс-бітімі сол ұлттың тілімен тығыз байланысты екені анық. Осымен байланысты ұлттық дүниетанымның тілдің терең құрылымдарынан, оның бай сөздік қорынан, лексикасынан көрініс табуы заңды»,- деп санайды [8,276]. Осындай ұлттық дүниетанымның тілдік сипатын «Тілдік бейнелер аясындағы қазақ халқының тағамдық дәстүрі» атты лингвомәдениеттану сөздігінен алынған сөздік мақаладан байқап көрелік:

ҚҰРТ, зат.

I. Негізгі мағынасы.

Қатықтан сүзбеден әр түрлі формада жасалып, кептірілген сүт тағамы. – *Мен* ***құрт,*** *бауырсақ алып алысқа кетейін* (Б.Тоғысбаев, Асыл адам).

II. Бейнелі мағынасы.

ҚҰРТТАЙ. НБ. сын. 1. Таңдаулы, жақсы. – *«Тәттімбет» романы сықпа* ***құрттай*** *тәтті-ақ* (old-site.karlib.kz/karip_adebiet).

2. Күрделі, қиын. – *Қатып қалған* ***құрттай*** *болған қиын есептерді шекілдеуікше шағып тастағанмын* (qasym.kz/index.php?Itemid=9).

3. Бұрқылдаған. – *Жылт-жылт етіп жататын құм түйіршіктері арасынан қазандағы қайнаған* ***құрттай*** *бұрқылдап шығып жататын мұздай суық мөлдір бастау суына қызыға қарап отырып, тастай суық судан құмарым қанғанша ішемін* (adyrna.kz?p=4052).

4. Көп. – *Содан кейін бір тізе, екі шынтағымен жылжып пулеметке жетсе, айналасында сөреге жайған* ***құрттай*** *қаз қатар тізбектеле жатқан оқтаулы ленталар* (kzdocs.docdat.com/docs/index).

ҚҰРТТАЙ. НБ. үст. Құрт тәрізді. – *Соған қарағанда «жарап тұрған жетілік» сол кезде клиникалық ауруханада емделсе де немесе арнайы тексеруге барса да, әйтеуір «апталап, айлап жатып» дегендей, М.Егізбаевты малта* ***құрттай*** *«езгілеп» есін шығарғандай* (http://adiletgazeti.kz/index.php/kz/sports).

СЫҚПА ҚҰРТТАЙ. ФБ. Шағын. – *Қадырдың көзі өте қырағы, тұрмыс-тіршіліктегі майда-шүйде детальдарды жақсы көреді және оларды* ***сықпа құрттай*** *етіп сығымдап, афоризм дәрежесіне дейін жеткізіп, шолақ сөйлемге түсіре біледі* (http://www.aldamzhar.kz/?p=1161).

III. Лингвомәдениетанымдық түсініктеме.

Сабада жиналған іркітті майы алынғаннан кейін түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып пісіреді. Қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнайы құрт былғауышпен (басында қырғыш темірі болады) әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Қайнап, қоюланған құртты қапқа құйып керегеге асып қояды, сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Дайын құртты қолмен бөлшектеп, сөреге, шиге, қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрт жыл бойы, кейде 2-3 жылға дейін сақтала береді. Құрт – қасиетті ас, ол әр түрлі тамаққа қосылады. Той кезінде шашу салтанатына да құрт, ежігей араластырады. Қазақ азық-түлік атауларында оны «құрт, май» деп қоса дәріптеуінің өзі құрттың қазақ дастарқанындағы ерекше орнын көрсетеді.

IV. Типтік бейнелі көріністер.

1. Құрт мазасыздық пен әбігерліктің символы болып табылады.
2. Құрт көп заттар, қиын іс, таңдаулы және шағын заттармен ассоциацияланады.
3. Құрт дайындау үдерісі іс-әрекеттің басталуын сипаттаудың эталоны болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық танымын білдіретін құрт мәдени лексикасының ақпараттық көлемі өте кеңдігімен ерекшеленетіндігін көруге болады. Тілдік деректермен жұмыс істеу барысында халқымызбен бірге жасасып келе жатқан осы бір тағам атауына қатысты *«Курт - камень, спасший жизни»* атты құнды бір мақаланы кездестірдік. Мұнда саяси сергелдең кезінде қазақ даласына кең байтақ Кеңес одағынан «АЛЖИР» лагеріне тоғытылған мыңдаған тұтқын әйелдердің тірі қалуына себепкер болған құрт жайлы Гертруда Платайстың 1990 жылы музей қызметкерлеріне айтқан дерегі келтірілген: «Бұл оқиға қыстың бір боранды күнінің таңында болған екен. Тұтқын әйелдер қаруылдардың қырағы бақылауымен барақ құрастыру үшін Жалаңаш көлінің жағалауында қамыс жинап жатса керек. Әр тұтқынның өзіне берілген нормасы болғандықтан, тәулігіне он жеті жиырма сағаттан жұмыс істейді екен. Әбден шаршаған әйелдер аяқтарына әзер тұрғанда, көрші Жанашу ауылының жергілікті тұрғындарын құрайтын шалдар мен балалар өсіп кеткен қамыс ішінен шыға келеді. Үлкендердің бұйрығымен балалар әйелдерді таспен ата бастайды. Қадағалаушылар бұл көрініске мәз болып: «Сендерді Москвада ғана емес, осы ауыл балалары да ұнатпайды»,- деп шек-сілелері қатады. Гертруда Платайс:«Моральдық тұрғыдан өте ауыр болды әрі қатты ренжідік», - деп еске алады. Осындай тас лақтыру бірнеше күнге жалғасты. Тұтқын әйелдердің көз жасына шек болмады. Олар іштерінен қазақтардың әділетсіз сталиндік насихаттауға еріп, бастары айналып, қатыгез боп кеткендеріне налыды. Бір күні өзіне тиген бір осындай тастан Гертруда сүрініп кетіп, атылған тастардың үстіне құлайды. Сол мезетте ол ірімшік иісін сезеді. Олар қашып, тығылған тастардан сүзбе мен сүт иісі аңқиды. Ол біреуін жерден көтеріп, аузына салып еді, өте дәмді екен. Гертруда жылдам тастарды жиып, тұтқындар орналасқан баракка апарады. Барактағы тұтқындардың ішінде қазақ әйелдері де болатын. Олар басқа тұтқындарға бұл тұздалып, күнге әбден кептірілген тығыз ірімшіктің бөліктері, оларды құрт деп атайды деп аталмыш тағамды сипаттап береді. Сонда тас ату қадағалаушылар түсініп қалмау үшін үлкендердің тұтқындарға қалай да көмектесу мақсатында ойлап тапқан айласы екен. Қазақтар 1930 жылдары аштықты басынан кешірген, балаларынан айрылып қаламыз деп ойламай, тұтқын әйелдерге көмек көрсетті. Қазақтар пісірілген ет бөліктерін, жай нан, құрт, жарманы да бұта араларына тығып кететін. Қазақтарға деген алғыс әрбір тірі қалғандардың жүргегінде сақталды. «Все лагеря плохие, - рассказывают женщины – но именно в казахстанских выживали многие и, в первую очередь, благодаря казахам. Они на себе испытали голод, холод, лишения»[13].

Арнайы келтірілген бұл экстралингвистикалық фактор лингвомәдениеттанымдық түсініктемеге қосымша ақпарат бола алады. Қазақ халқының тапқырлығын, мейірмандылығын, жанашырлығын,

бауырмалдығын *құрт тағамы* арқылы басқа халықтың санасында қазақ халқының этникалық ерекшелігін танытқан аса маңызды дерек болғандықтан толықтай беруді жөн санадық. Демек, этномәдени лексика ретінде танылып жүрген тағам атаулары және олардың метафораланууі тіл тұтынушы халықтың өзіндік ерекшелігін танытатын мол ақпараттан тұратын күрделі семантикалық құрылым болып танылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Юрина Е.А. Вкусные метафоры. Монография. – Көкшетау, 2013.-238 б.
[2] Жилкубаева А.Ш. Термины питания в казахском языке. Автореф. дисс. канд. филол.наук.- Алма-Ата. 1991.
[3] Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 205 б.
[4] Аристотель. Об исскустве поэзии. – М.: Наука, 1957. –183 с.
[5] Ричардс А. Философия риторики //Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1999. С. –44-100.
[6] Уилрайт Ф. Метафора и реальность // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1999. С. –100-153.
[7] Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. – М.: УРСС Эдиториал, 2004. –256 с.
[8] Манкеева.Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
[9] Гак В.Г. Метафора: универсальное и специфическое // Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. С. –11-26.
[10] Телия В.Н. Метафора как модель смыслопроизводства и ее экспрессивно-оценочная функция //Метафора в языке и тексте. - М:Наука, 1988. С. –20-52.
[11] Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. – Алматы:Сардар, 2009.- 348 б.
[12] Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері.– Алматы: Абай ат. Алматы мемлекеттік университеті баспасы, 2000. – 153 б.
[13] http://e-history.kz/ru/publications/view/1139
[14] Тілдік бейнелер аясындағы қазақ халқының тағамдық дәстүрі. Лингвомәдениетану сөздігі/Бас ред. ЮринаЕ.А./ – Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы КМУ баспасы, 2014. – 195 б.
[15] Русская пищевая традиция в зеркале языковых образов. Лингвокультурологический словарь./Под.ред. Е.А.Юриной/. – Кокшетау: Изд-во КГУ имени Ш.Уалиханова, 2014. -105 с.
[16] Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. –Т.2. Домбыра: Алақан: Өлеңдер. – 432 б.

REFERENCES

[1] 1 Yurina E.A. «Tasty metaphors». Monograph. - Kokshetau, 2013.-238 p.
[2] 2 Zhilkibaeva A.S. Terms of supply in the Kazakh language. Author. dissp. cand. filol.nauk.- Alma-Ata. 1991p.
[3] 3 Hassan B. Kazakh-language words are used metaphorically. Almaty: Schools, 1966. - 205 p.
[4] 4 Aristotle. On the Art of poetry. - M .: Nauka, 1957. -183p.
[5] 5 Richards A. // Philosophy of rhetoric theory of metaphor. - M .: Progress, 1999. -44-100.
[6] 6 Wheelwright F. Metaphor and reality // theory of metaphor. - M .: Progress, 1999. -100-153p.
[7] 7 George Lakoffp. Johnson M. Metaphors we live byp. - M .: Editorial URSS, 2004. -256 p.
[8] 8 Mankeeva.J.A. Kazakh language education issues. Almaty: Abzal ai, 2014. - 640 p.
[9] 9 Gak V.G. Metaphor: the universal and the specific // metaphor in language and text. -M .: Nauka, 1988, p -11-26 p.
[10] 10 Telia V.N. Metaphor as a model smysloproizvodstva and its expressive evaluation function // metaphor in language and text. -M: Science 1988: -20-52 p.
[11] 11 Baitursynuly A. Language software. Almaty: Sardar, 2009. - 348 p.
[12] 12 Kasim B.K. Complex semantic structure and word-formation ulgileri.- the names of the substance: Abai. Almaty State University Press, 2000. - 153 p.
[13] 13. http://e-history.kz/ru/publications/view/1139
[14] 14 Images and hanged traditions of Kazakh people in the food.Cultural and linguistic dictionary / Chief editor Yurina E.A. / Ukraine: Sh State University Press, 2014. - 195 p.
[15] 15 Russian food tradition in the mirror language of imagesp. Lingvokulturologichesky Dictionaryp. / Edited by Yurina E.A. /p. - Kokshetau: Publishing House of the KGU named Ualikhanov, 2014. -105 p.
[16] Myrzaliev K. Three-volume collection of works. Almaty: Zhazyshi, 1989. -T.2. , Dombyra: Palm: Poems. 432 p.

О.А.Жумагулова, И.С.Кайырбекова
J_Omirgul_A @mail.ru
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова, Казахстан

Описания метофоризации наименовании блюд в сопоставительном аспекте

Ключевые слова: наименования блюд, метафора, метафоризация, схожесть, образность, образные значения, словообразавательная парадигма, универсальный, информация, этнокультурная единица.

Аннотация. Целью научной работы является сравнительное исследование словообразовательного потенциала метафор являющимися универсальным средством в любом языке, анализ их через языковые данные русского языка, анализировать особенности метафоризации названия блюд в современном казахском языке**.** С этой целью были выбраны названия блюд дрожжи, мёда, сметаны, сделан сравнительный анализ русского и казахского языка. Определено что большинство название блюд обозначают нарицательное наименование, составляют качественную парадигму. Сделав

анализ языковых фактов выявлено что по обьему словообразовательной парадигмы образных наименований названия блюд в казахском языке образованных через метафоризацию по сравнению с русским языком большее. Это обьясняется превосходством казахского народа мыслить образно. В ходе метафоризации определены особенности метафоризации основанных на национальных познаниях и разнообразия познания у каждого народа, разные признаки основных слов познаются с разных точек, несмотря на общность их наименований. Названия чашы и курт рассмотрены как этнокультурная лексика казахского народа, на основе лингвистических и экстралингвистических фактов определены семантическое поле информационной структуры процесса метафоризации названия блюд казахского языка. Определено что метафоризация названий каждого блюда идет связь пользователь языка с обьемом знания народа.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

УДК: 37.013

Terms manifestation pedagogical situation in adolescents

С. М. Ажыкулов

ЖАГУ, старший преподаватель
s_ajykulov@mail.ru

Key words: Teenager personality, pedoggogical situation, traditional lesson, pubertut, strees, aggression, self-appraisal, emotion sense, affect, vandalism, depresson, aggression, relax.

Annotation. The article describes the main ideas of the research aimed at solving problems related to pedagogical situations adolescents.

After all, self-assertion of the individual student teen begins "magical transformation from ugly duckling into a beautiful swan." That is, the positive qualities begins with the fact that the teenager begins to make and achieves some success no matter what form or job site. For a teenager, it is important to recognize all around him.

Application of new technologies in the classroom education contributes to interview each student in each lesson and systematic monitoring of extracurricular hobbies of their wards, without which, we believe there is always a favorable environment for samostihiynyh and unmanaged pedagogical processes called pedagogical situation.

Условия проявления педагогической ситуации у подростков

S.M. Azhykulov
ЖАГУ, старший преподаватель
s_ajykulov@mail.ru

Ключевые слова: подросток, личность, педагогическая ситуация, традиционный урок, пубертат, стресс, агрессия, самооценка, эмоция, чувства, аффект, вандализм, депрессия, агрессия, релаксация.

Аннотация. В статье изложены основные идеи исследования направленные на решение проблем связанных с педагогическими ситуациями подростков.

Ведь именно, из самоутверждения личности школьника-подростка начинается «волшебное превращение из гадкого утенка в прекрасного лебедя». Именно, положительные качества начинается с того, что подросток начинает совершать и достигает определенные успехи неважно в какой либо виде участке работ. Для подростка важно, чтобы все окружающие признали Его.

Применения на уроках новые технологии образования способствующие опросить каждого ученика в каждом уроке и систематический контроль, за внешкольными увлечениями своих подопечных, без выполнения которых, как нам представляется всегда возникает благоприятные условия для самостихийных и неуправляемых педагогических процессов названных педагогической ситуацией.

Известно, что каждое поколение обычно проходит через сложный подростковый период. Однако время, когда предыдущее поколение было другое, не то, что сейчас, где все положительное и святое в семье возможно потерять без усилий взрослых, т.е. в школе - учителями, дома - родителями и

